

Бекітемін:

Мектеп директоры: *Н.А. Бирликбава*

«1» 09 2023



2023-2024 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының апталық циклограмма жоспары

«Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ

Мектепалды даярлық сынып жетекшісі: Есенкелді Қ.Е

2023-2024 оқу жылы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ**

Топ: **Мектепалды даярлық**

Топ жетекшісі: **Есенкелді Қ.Е**

Балалардың жасы: **5-6 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі **04-08қыркүйек 2023 жыл**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<p>Әнұран айту.</p> <p>Таңертеңгі жаттығу</p> <p>«Қайырлы таң қолым» - алақанды сипаймыз.</p> <p>«Оянамыз көздерім!»- шапалақтаймыз.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Шаршы құрастыр»</p> <p>Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.</p>	<p>Сюжетті ойын: «Шаштараз»</p> <p>Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету.</p> <p>Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.</p>	<p>«Тәулік бөліктері »</p> <p>Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.</p>	<p>«Оң және сол»</p> <p>Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.</p>	<p>Дидактикалық ойыны</p> <p>«Шаршы құрастыр»</p> <p>Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.</p>
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<p>Ата-аналармен әңгіме:</p> <p>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</p>	<p>Ата-анаға кеңес:</p> <p>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</p>	<p>Психологтың кеңесі:</p> <p>Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме</p>	<p>Ата –аналармен әңгіме:</p> <p>«Дұрыс тамақтануға баулу»</p>

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын «Бұл не? Кімге керек?» Мақсаты: Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.	«Мен дәрігер боламын» Мақсаты: Балалар бір - бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады.	«Әдемі үйшік» Мақсаты: Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.	«Шаштараз» Мақсаты: Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді.	Үстел –үсті ойыны: «Менің балабақшам» Мақсаты: Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру.
Таңертеңгілік жаттығу	№ 1	№ 2	№ 3	№ 4	№ 5
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Не артық» Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады.	«Тәрбиеші апайлар» тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады.	«Теңін тап» Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады.	«Дүкенші» Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді.	«Кім шапшаң» Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады
Ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Қоршаған ортамен таныстыру Ең жақын адамдар Міндеттері:Отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту. Балалар дөңгелене тұрады. «Менің анам қандай?» ойыны. Әр бала жанындағы	1.Сөйлеуді дамыту Алғашқы күн Міндеттері:сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п,г-ғ,к-қ,ж-ш,з-с,н-ң,р-л дыбыстарды дұрыс,анық айтуды үйрету.тілдің грамматикалық құрылымы.	1. Сауат ашу негіздері Ауызша және жазбаша сөйлеу Міндеттері:ересектер мен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру. Сөйлеу үшін не қажет? Сөйлеу не арқылы жүзеге асады?Ауызша	1. Сөйлеуді дамыту Білім еліне саяхат Міндеттері: сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п,г-ғ,к-қ,ж-ш,з-с,н-ң,р-л дыбыстарды дұрыс,анық айтуды	1. Көркем әдебиет Күз жомарт Міндеттері: әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету,олардың мазмұнын түсіну,себеп-салдарлық байланыстарды,жанрларды ажыратуды үйрету.

<p>балаға допты беріп тұрып, анасын сипаттайды.</p> <p>А дыбысына: ардақты, аяулы, асыл, ақжарқын, ақкөңіл, алтын</p> <p>Б дыбысына: биші, бақытты, балажан, білімді, бесаспап .</p> <p>Д дыбысына: дарынды, дана, дидарлы, досшыл</p> <p>Ж дыбысына: жақсы, жас, жомарт, жарқын, жұмыскер</p> <p>«Кім қалай жақын» ойыны.</p> <p>Атаңның саған қандай жақындығы бар?</p> <p>Әкемнің әкесі.</p> <p>Әжелеріңнің сендерге қандай жақындығы бар? Әкемнің анасы.</p> <p>Сен оларға кім боласың?</p> <p>Немере. Сіңлің (қарындасың) сенің әкеңе кім болады?</p>	<p>Б, П дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіру.</p> <p>Балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады.</p> <p>Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру</p> <p>Клуб, штаб, араб, куб; Мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп.</p> <p>«Б» ұяң – дауыссыз, ал «п» дыбысы – қатаң дауыссыз.</p> <p>Сергіту сәті. Жел Көк теңіздей тербейсің</p> <p>Дәйім соғып тұрасың. Жел теңіздей шарлайды</p> <p>Кемеге тыным бермейді. Толқынмен бірге аунайды.</p> <p>Желкендерді кернейді.</p> <p>Жаңылтпаштар</p> <p>Тебіншек ат – шегіншек.</p> <p>Шегіншек ат – тебіншек.</p> <p>2. Қазақ тілі</p> <p>Менің балабақшам</p> <p>Міндеттері: балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету.</p> <p>Қуыршақтар Сәуле мен Арман. Дидактикалық</p>	<p>сөйлеу: естиміз, тыңдаймыз, айтамыз. Жазбаша сөйлеу: жазылып берілетін хабар, көреміз. Ауызша сөйлеу: диалог пен монолог. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер</p> <p>М. Жаманбалинов</p> <p>Атам мені қуантты.</p> <p>Маған берді құлақты: Жақсы сөзді құлағың Тыңдасын деп шырағым!</p> <p>Маған берді тіл ұшын, Шешен бол! деу мұнысы.</p> <p>Сиқырлы сандық ойыны.</p> <p>Мақсаты: дыбыстарды анық, асықпай, дұрыс айта білуге үйрету.</p> <p>Сөздерде дыбыстың дұрыс айтылуына назар аударту. Ойын барысы: тәрбиеші әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі</p>	<p>үйрету. тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Армысың асыл күн, армысың жан досым.</p> <p>Жылуымы жылу қос,</p> <p>Міне, менің қолым.</p> <p>Білім еліне саяхат.</p> <p>Тапсырмалар. Дыбыстар мен әріптер, сандар жайлы мәліметтер.</p> <p>Әдебиет аялдамасы. Өлең-тақпақтар, жұмбақ жаңылтпаштар, ертегілер, қызықты әңгімелер. Әріптер әлемінде. Дұрыс айт дидактикалық ойыны. Математика әлемі. санау, геометриялық пішіндер тапсырмалары.</p> <p>2. Қазақ тілі</p> <p>Балабақша</p>	<p>Күз туралы суреттер бойынша күз мезгіліне әңгіме құрайды.</p> <p>– Қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>Балалар, күз мезгілінде күн суытып, әлсін-әлсін жаңбыр жауады. Жемістер мен көгөністер піседі. Жапырақтар сарғайып жерге түседі. Сондықтан күз мезгілін «Күз – жомарт» деп атайды.</p> <p>Біз бүгін ақын Ермек Өтетілеуұлының «Күз – жомарт» өлеңімен танысамыз.</p> <p>Өлең жанры шағын шығарма екенін естеріне түсіреміз.</p> <p>Күз – жомарт</p> <p>Тоңазып атырап, Көк жеміс піседі.</p> <p>Сарғайып жапырақ, Саудырап түседі.</p> <p>Күз жомарт дейміз біз, Жемісін жейміз біз.</p>
---	--	--	---	---

<p>Қызы. Сен әкеңе кім боласың? Баласы.</p> <p>Отбасы – өте тату, бір-біріне қамқорлық жасайтын, бақытты отбасы.</p> <p>«Бес саусақ» ойыны.</p> <p>Саусақтарын бүгіп, кезекпен атап шығады. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері</p> <p>Жазу ережелерімен таныстыру</p> <p>Міндеттері:сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау.</p> <p>Үстелде отыру ережесімен таныстыру:жазу барысында денені тік ұстап,дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз.Қарындашты 3 саусақпен-басбармақ, сұқ саусақ,жоғары</p>	<p>ойын:Танысу.Сенің атың кім?Менің атым... Дидактикалық ойын:Аудармашы.</p> <p>Жаңа сөздерді қайталау.</p> <p>Бірін-бірі сыйласты.</p> <p>Тату жүрміз бәріміз.</p> <p>Бал достықтың ұясы.</p> <p>Біздіңбалабақшамыз.</p> <p>Дидактикалық ойын</p> <p>Тыңда,көрсет,қайтала.Баланың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту,қима қағаздармен жұмыс.</p> <p>3.Математика негіздері</p> <p>Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау</p> <p>Міндеттері:балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету.</p> <p>Қайда барасың, нені табасың? дидактикалық ойыны</p>	<p>ойыншықтарды шығарады.Бота,құлын шақ,аю,мысық,мәши не.Балалар ойыншықтар арқылы сөйлемдер құрап береді.</p> <p>Сөзді керісінше ата сөздік ойыны.</p> <p>Мақсаты:тәрбиеші көлемді,кеңістіктегі бағытты немесе сандық қатынасты анықтайтын сөзді атап,допты бір балаға лақтырады.Бала осы сөзге қарсы мәндес сөзді атап,допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады.Үлкен-кішкентай,кең-тар,ұзын-қысқа,биік-аласа,қалың-жұқа,сол жақта-сол жақта, жоғары-төмен.</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Біреу-көп</p> <p>Міндеттері:Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды</p>	<p>бөлмелері</p> <p>Міндеттері:</p> <p>Сөздік ойын:Күн шуағы.Бір біріні күнді ұсынып тілектерін айтады. Дидактикалықойын</p> <p>Тыңда,көрсет, қайтала.Қайталау.Жаңа сөздермен таныстыру.Ойын:</p> <p>Біз саяхатқа жасаймыз.</p> <p>Тамаша гой бақшамыз.</p> <p>Саяхатқа шығамыз.</p> <p>Алға басыпкелеміз.</p> <p>Бәрін бәрін білеміз.</p> <p>Дыбыстық жаттығулар.Жеке жұмыс.</p> <p>Дидактикалық ойын:Аудармашы.</p> <p>Бөлмелердің атауы.</p> <p>Қазақ тілі кабинеті, музыка залы,</p>	<p>– Өлең ұнады ма?</p> <p>– Авторы кім?</p> <p>– Өлең қалай аталады?</p> <p>– Неліктен күзді жомарт дейміз?</p> <p>– Күзде ауа райы қандай болады?</p> <p>– Күзде адамдар қалай киінеді?</p> <p>– Неліктен күзді жақсы көресің? Балалар жауаптары.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері</p> <p>Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау,</p> <p>оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту</p> <p>Міндеттері: ересектер мен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Дыбыстар қайда орналасқан ойыны</p> <p>Ойын мақсаты: дауысты дыбыстарды</p>
--	--	--	--	--

<p>тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде 5-10сек ұстап тұру керек. Көрсету. Қарындаш ортаңғы саусақтың сол жағында болады.</p> <p>Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді.</p> <p>Қарындаштың жоғары ұшы иыққа бағытталады. Көрсету. Жеке жұмыс жүргізіледі.</p> <p>Саусақ жаттығуы.</p> <p>Кіп-кішкентай саусақтар. Шаршамайды тынбайды.</p> <p>Себебі бұл саусақтар, Жаттығулар жасайды.</p> <p>Түрлі-түрлі сызықтарды.</p> <p>Дәптерлерге жазады.</p> <p>Еңбексүйгіш саусақтар.</p>	<p>Ойын мақсаты:</p> <p>ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау жәнәсөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді.</p> <p>Ойын барысы.</p> <p>Тәрбиеші ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына машинені. Балалардың бірін шақырып алып, Тәрбиеші оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, қарай жүрсең, машинені табасың. Қайда</p>	<p>орнату білігін бекіту.</p> <p>Ойын жағдаяты.</p> <p>Әлия мен Сырым «Кім қай жерде тұр» ойын тапсырмасы</p> <p>Тәрбиеші үстелінде ойдан шығарылған шаршының бұрыштарында және оның ортасында орналасқан бірнеше ойыншықтар қойылған. Тәрбиеші қоянның артында және қуыршақтың алдында қандай зат тұрғанын атауды және т.с.с. ұсыну.</p> <p>«Алаңдамай жалғастыр» дидактикалық ойыны</p> <p>Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді:</p> <p>Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер аяқтаңдар, егер «бір» деп айту керек болса, алақанды соғыңдар, «бір» деп айтыңдар. Егер «көп» деп айту</p>	<p>дәрігер бөлмесі.</p> <p>3. Математика негіздері</p> <p>Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру</p> <p>Міндеттері: заттарды ортақ қасиеті бойынша топтарға біріктіру.</p> <p>Ойын жағдаяты:</p> <p>Әлия мен Сырым санау құралдары бар топқа: жемістер, көкөністер, тәттілер, қарбыз салынған себет (жазық немесе көлемді) әкеледі.</p> <p>Анамыздың базардан жеміспен көгөніс сатып әкелгенін айтады.</p> <p>Ойын жағдаяты «Анамызға дастарқан жаюға көмектесеміз»</p> <p>Практикалық тапсырмаларды орындау.</p> <p>4. Музыка</p>	<p>ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ойын шарты: үш сандықша жасалынады.</p> <p>Бірінші сандықшада дауысты дыбыс басында, екінші дауысты дыбыс ортасында, үшінші дауысты дыбыс соңында көрсетілген.</p> <p>Балаларға жазылған сөздер үлестіріліп береді. Дауысты дыбыстар сөздің қай жерінде кездеседі сол сөзді сандықшаларға салады. Ертегі кейіпкерлерінің жұбын тап ойыны</p> <p>Мақсаты: балаларды жұп ұғымымен таныстыру. Тақтаға мультфильмнің кейіпкерлері әр жерге ілінеді. Балалар бір мультфильмнің екі кейіпкерлерін тауып, оларды жұптастырып қоюлары тиіс. Содан кейін балалар неше жұп болғанын, қайсысы жұпсыз екендігін</p>
--	---	--	--	---

	<p>Бәрінен де озады.</p> <p>Графикалық жұмыс. Нүктелерді үзік сызықтарды көрсетілген бағыттар бойынша бастыр.</p> <p>3. Музыка</p> <p>Білімің – бұлағың</p> <p>Міндеттері:</p> <p>Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» Балалар шеңбер бойымен жүреді де, әр аңның музыкасы ойналғанда, сол аңның қимыл-қозғалысына лайық қимылдар жасайды.</p> <p>Музыка тыңдау: «Қосалқа» (Дәулеткерей).</p> <p>Домбырада орындалатын күй</p>	<p>барғың келеді?</p> <p>Топтық жұмыс.</p> <p>Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Тәрбиеші ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі).</p> <p>Тәрбиеші карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды.</p>  <p>«Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны</p> <p>Тәрбиеші елестетілген</p>	<p>керекболса, орындарыңнан</p> <p>тұрып «көп» деп айтыңдар.</p> <p>Аспанда</p> <p>жұлдыздар... (Көп.)</p> <p>Аспанда ай ... (Біреу.)</p> <p>Адамда ана ... (Біреу.)</p> <p>Мұхитта балық ... (Көп.)</p> <p>Егістікте бидай ... (Көп.)</p> <p>Аспанда күн ... (Біреу.)</p> <p>Топтағы практикалық жұмыс</p> <p>қарындаштармен (таяқшалармен, текшелер мен және басқада заттармен) практикалық жұмыс</p> <p>Әрбір үстелге көп қарындаштарды (таяқшалар және басқалары) қояды.</p> <p>Үстелдің үстінде қанша қарындаш бар? (Көп.)</p> <p>Қанша қызыл</p>	<p>Білімің – бұлағың</p> <p>Міндеттері:</p> <p>Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» Балалар шеңбер бойымен жүреді де, әр аңның музыкасы ойналғанда, сол аңның қимыл-қозғалысына лайық қимылдар жасайды.</p> <p>Музыка тыңдау: «Қосалқа» (Дәулеткерей).</p> <p>Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Домбыра аспабында ойналатын</p>	<p>анықтайды.</p> <p>3. Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p>Мен және менің отбасым</p> <p>Міндеттері: Әр маманның жұмысымен таныстыру</p> <p>«Сөйлеп тұрған кім?» ойыны. Тәрбиеші сөйлем оқиды, балалар сөйлемді тыңдап, мамандық иесін табады.</p> <p>Балмұздақ, балмұздақ! Тәтті, шоколад қосылған. Сатушы.</p> <p>Балалар, кітаптарыңды алып, партаға қойыңдар. Мұғалім.</p> <p>Аузыңды кең ашып, тамағыңды көрсетіп: «А-а-а!» – деп айт.</p> <p>Дәрігер.</p> <p>Қош келдіңіздер! Мына ән сіздерге арналады!</p> <p>Әнші.</p> <p>Біздің ұшақ Алматы қаласының әуежайына қонды. – Стюардесса.</p>
--	---	---	---	---	---

	<p>жанрыментаныстыру. Домбыра аспабында ойналатын шығарма түрлерімен таныстыру.</p> <p>Ән айту: «Білімің – бұлағың»</p> <p>(Т. Қоңыратбай)</p> <p>Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені). Балалар жұппен бірге әуенге ілесе отырып қимылдар жасайды.</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Айгөлек» қазақтың халық әні</p> <p>4.Дене шынықтыру</p> <p>Спортзалда ойнаймыз</p> <p>Міндеттері:Кеңіс</p> <p>тікті бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ұйымдастыру кезеңі.Спортзалда өздерін қалай ұстау керектігі туралы әңгіме.</p> <p>Негізгі кезең.Бір тізбекке тұру.Ине-жіп жүрісі бойынша бір</p>	<p>шаршының бұрыштарымен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтар</p> <p>ды жайып қояды.</p> <p>Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады.</p> <p>Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды.</p> <p>«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. Тәрбиеші партада дұрыс отыруына, қолын дұрыс орналастыруына, дәптерді және қарындаштарды қалай ұстайтынына назар аударады.</p> <p>4.Шығармашылық іс-әрекет</p>	<p>қарындаш бар? (Біреу.)</p> <p>3.Көркем әдебиет</p> <p>Алтын күз</p> <p>Міндеттері:әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету,олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды,жанрларды ажыратуды үйрету.</p> <p>Күндей жарық, айдай арайлы,судай мөлдір таза көңілмен бүгінгі күнді бастайық.</p> <p>Ойын:Табиғат мейірімді.</p> <p>Ойын шарты: -Жер-Ана мейірімді, Өйткені ол-көкеністер мен жемістерді өсіреді. -Күн мейірімді,</p>	<p>шығарма түрлерімен таныстыру.</p> <p>Ән айту: «Білімің – бұлағың»</p> <p>(Т. Қоңыратбай)</p> <p>Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені). Балалар жұппен бірге әуенге ілесе отырып қимылдар жасайды.</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Айгөлек» қазақтың халық әні</p>	<p>«Күн тәртібін ретімен орналастыр» ойыны</p> <p>Бір бала тақтаға шығып, суреттерді балаларға көрсетеді, балалардың ұсынысы арқылы, балалар ұйықтап жатқан, ұйқыдан кейінгі шынықтыру шараларын орындап жатқан, бесін ас ішіп отырған, серуенде жүрген, кешкі ас ішіп отырған, ата-анасымен үйге қайтып бара жатқан суреттерді орналастырады.</p> <p>Қандай күн тәртібі кезеңдері бейнеленген?</p> <p>Сендердің жандарыңда күні бойы кім жүреді?</p> <p>Сонымен қандай мамандықпен таныстық?</p> <p>Балалардың жауаптары тыңдалады</p> <p>«Ыстық картоп» ойыны.</p> <p>Барлығымыз бірге шеңберге тұрайық. Шеңбер бойымен картоптың суретін тез</p>
--	--	---	---	--	---

<p>тізбекпен жүру.</p> <p>Құралсыз жалпы дамыту жаттығуларын орындау.Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау.Бұрылыс жасап,бір орындарында екі аяқпен секіру.</p> <p>Допты жоғары лақтырып,екі қолмен қағып алу.Тепе-теңдік.</p> <p>Жұбыңды тап ойын-жаттығуы.</p> <p>Мұқият бол ойын-жаттығуы.Қимыл қозғалыс ойыны:</p> <p>Бос орын.</p>	<p>Құрастыру,сурет салу, мүсіндеу,жапсыру.</p> <p>Көшедегі үйлер</p> <p>Міндеттері: көп қабатты және бір қабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыра білуге, мүсіндеуге,суретін салуға үйрету.</p> <p>–Балалар, үйлерді кімдер салады?</p> <p>Көше бейнесі бейнеленген екі ақ қағазды көрсетіп, көшелерге ат қойдырады.</p> <p>Балаларды екі топқа бөліп отырғызу.</p> <p>– Қазір біз</p> <p>– құрылысшы болып әдемі үйлер тұрғызамыз. Келісесіңдер ме?</p> <p>Балақан-ау, балақан, Кәне, қайсы алақан?</p> <p>Саусақтарың әйбат,</p> <p>Былай-былай ойнат!</p> <p>Көп қабатты және бір қабатты үйдің жасалу жолы көрсетіледі.</p>	<p>өйткеніол жарығын, жылуын береді.т.б.</p> <p>Ғ.Қ.Алтын күз өлеңін жаттау.</p> <p>Жемісі мол теретін, Күз дос екен бізбенен, бәрін тауып беретін.</p> <p>Жомарт екен күз деген.</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>Қай ағаштың жемісі? Ойын шарты:алма, алмұрт,шие ағаштары және жемістері көрсетілген.</p> <p>Әр жемісті сәйкес ағаштарға тауып ілуі керек.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Денсаулықтың құпиясы</p> <p>Міндеттері:Допты ілгері бағыта оң және сол аяқ үстінің ішкі жағынан алып жүруді үйретуді жалғастыру</p> <p>Ұйымдастыру. Жаттығуларды</p>		<p>тез бір-бірімізге ұсынып, балабақшада дайындалатын тағамның атын атаймыз.</p> <p>«Қажетті құралдарды жина»ойыны</p> <p>(Үстелде әртүрлі заттар шашылып жатады, соның ішінен мейірбикеге қажетті құралдарды жинап, сөмкеге салу қажет).</p> <p>«Не үшін керек?» ойыны</p> <p>Педагог карточкаларды көрсетеді, ал балалар бұл заттардың кір жуушы апайға не үшін қажет екенін түсіндіреді. Олар: кіржуғыш мәшине, үтік, үтіктеу тақтасы, киім кептіргіш, балалар сабыны, кіржуғыш ұнтағы.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Күлкі сыйла</p> <p>Міндеттері:Қозғалыс барысында сап түзеп жүру дағдыларын</p>
---	---	--	--	--

		<p>I топ көп қабатты үйлер бойын</p> <p>II топ бір қабатты үйлер бойын</p> <p>жұмыс жасаулары тиіс</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үлкен тіктөртбұрышты қиямыз (үйдің қабырғасы). 2. Үшбұрышты қиямыз (үйдің шатыры). 3. Шаршыларды қиямыз (үйдің терезесі). <p>Жұмыс барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөлу.</p> <p>Үйлердің қиып алған бөліктерін үлгіге жапсырамыз. Жұмыс толық аяқталғанда «Ұшқыштар» және «Батырлар» көшесі бойына өз үйлерін жапсыру тапсыру.</p> <p>Балалар шығармашылығы</p>	<p>орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Негізгі кезең.</p> <p>Баяу жүгіру. Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Тепе-теңдік сақтау. Футбол. Қимыл-қозғалыс ойыны:</p> <p>Қармақ. Шеңберге тұру. Тәрбиеші ортада.</p> <p>Оң қолындағы қармақтың бір ұшынан ұстайды.</p> <p>Екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Теңгерім түймесі жаттығуы.</p> <p>Энергетикалық есінеу жаттығуы.</p>		<p>жетілдіру. Жүру, жүгіруге кіруге жаттықтыру.</p> <p>Менің денем.</p> <p>Массаж. Жалпы дамыту жаттығуларын таяқпен орындау.</p> <p>Құрсаудан құрсауға екі аяқпен секіру.</p> <p>Негізгі қимыл қозғалыстар. Ойын: Қайда жасырылғанын тап.</p>
--	--	--	---	--	--

Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	№ 1	№ 2	№ 3	№ 4	№ 5
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. «Көшедегі үйлер» Мақсаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала.Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала.Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала. «Табиғатта қандай өзгерістер болды?» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру.	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. «Күзгі орман» Мақсаты: Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру.	Достарымен ішке кіру. «Менің досым» Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Дербес ойын «Қуыршақты тамақтандыр». Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын	Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі» Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.	Суреттік боямалар «Кім,қайда өмір сүреді» Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-	Кітаппен жұмыс «Аспазшы» Мақсаты: Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады.	Дербес ойын «Мозайка» Мақсаты:Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.

тағы басқа әрекеттер)	арттыру.		жануарлардың мекендерімен таныса алады.		
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Жұлдызға қаламды дұрыс қолдануға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Зейнурге түстерді ажырата білуге үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Інжудің құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.	Жеке баламен жұмыс: Алияға қаламды дұрыс ұстауға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Аманға суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»	Психологтің кеңесі: Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру.	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Нұрияның ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару.	Кеңес: «Бала мен қоғам»

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ

Топ: Мектепалды даярлық

Топ жетекшісі: Есенкелді Қ.Е

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 18-22 қыркүйек 2023 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	18-қыркүйек	19-қыркүйек	20-қыркүйек	21-қыркүйек	22-қыркүйек
Балаларды қабылдау	Балаларды алаңда қабылдау. Әнұран айту. «Жыл мезгілдері: Жаз, күз белгілері» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдері жайлы жалпы түсінік беру. Жыл мезгілдерінің құбылыстарына сипаттама беру.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Әнұран айту Тіл ұстарту жаттығуы Дидактикалық ойын «Менің үйім» Мақсаты: Түрлі-түсті ағаштардың биік үй құрастыру.	«Күз бояуы» Мақсаты: Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру.	Балаларды алаңда қабылдау. «Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?» Мақсаты: Балаларға себет туралы түсінік беру. Саңырауқұлақтың түрлерімен таныстыру.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Мектепке не үшін барамыз? Мектеп бізге не үйретеді?
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін	Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын	«Мен дәрігер боламын»	көретініңізді сездіріңіз.	ескерту.	
	«Бұл не? Кімге керек?» Мақсаты: Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.	Мақсаты: Балалар бір - бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады.	«Әдемі үйшік» Мақсаты:Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.		«Шаштараз» Мақсаты:Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді.
Таңертеңгі жаттығу	№ 13	№ 14	№ 15	№ 16	№ 17
Ұйымдас тырылған іс-әрекетке дайындық	«Не артық» Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады.	«Тәрбиеші апайлар» тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады.	«Теңін тап» Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады.	«Дүкенші» Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді.	«Кім шапшаң» Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады

1 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Ұйымдас тырылған іс-әрекет	1.Қоршаған ортамен таныстыру Күзгі еңбек	1.Сөйлеуді дамыту Жомарт күз Тілдің грамматикалық	1. Сауат ашу негіздері Жиектерді бояу. Сауат ашудың	1. Сөйлеуді дамыту Күз бояуы Тілдің грамматикалық	1. Көркем әдебиет Қайдан келдің ,бауырсақ Балаларды қол жетімді
-----------------------------------	--	--	--	--	--

Балаларды еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу.

«ҚАЙСЫСЫ АРТЫҚ?» дидактикалық ойыны.

Мақсаттары: балалардың жылдың түрлі мезгілдеріне қатысты білімдерін нығайту, өз ойын нақты әрі еркін жеткізу қабілеттерін күшейту; есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тәрбиеші жыл мезгілінің атауын атайды: «Күз». Содан соң жылдың әртүрлі мезгілдерінің өзіне тән белгілерін атап көрсетеді (құстар оңтүстікке ұшып кетеді; бәйшешектер гүлдейді; ағаштардың жапырағы сарғаяды; үлпілдеген ақ қар жауады) Балаларға күзгі еңбек жайлы, күзде егін жинала тынын ұғындыру. Серуендеп жүрген кезде жануарларды тамақтандыру үшін жерге түскен жемістер мен тұқымдарды жинауға шақыру.

Тәрбиеші адамдардың күзгі еңбегін қысқаша

құрылымы.Сөйлемдердегі сөздерді:зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.

Күз туралы сурет бойынша әңгіме жүргізу.Тірек сұрақтар. «Ненің жапырағы» дидактикалық ойыны.

Балалар серуен кезінде жинаған жапырақтарының қандай ағаштікі екенін ажыратады.Мысалы:Мынау-қайыңның жапырағы.

Түсі сары,пішіні сопақша болып келген.Сөздік жұмыс.Элеватор.Егіс алқабы.Қырман.Жұмбақ жасыру.Шешуі:бидай.

М.Ә. Алтын күз өлеңін оқу.Дәптермен жұмыс.

алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау.

«Ойлан да аяқта» ойыны.

Мақсаты: дұрыс ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Ат шабады, ал қарға ... (ұшады)

Ит үреді, ал қарға ... (қарқылдайды)

Жылан жорғалайды, ал балық ... (жүзеді)

Қасқыр ұлиды, ал қой ... (маңырайды)

Түйе боздайды, ал жылқы ... (кісінейді)

Лимон қышқыл, ал қант ... (тәтті)

Өзен арықтан терең, ал арық ... (саяз)

Егер үстел орындықтан биік болса, онда орындық... (үстелден аласа)

Сен аяғыңмен

жүресің, ал

құрылымы.Сөйлемдердегі сөздерді:зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.

Балалар,күз мезгілі келді.

Дала мүлдем өзгеріп кеткен. Ағаштардан жапырақтар саудырап жерге түсіп жатыр. Жапырақтар әр түсті қызғылт, сары, қоңыр. Міне сендер, табиғаттың өзгеруінен күз мезгілінің ерекшелігін байқаған боларсыңдар.Демонстрациялық материалмен жұмыс.Мына суретке назар аударып, әңгіме құраңдаршы. Міне, күз мезгіліндегі табиғаттың сұлулығы, ерекшелігі.

Балалар, сендер күз мезгіліндегі тағы да қандай ерекшеліктерді білесіңдер?Ал біздің диқан ағаларымыз не істейді?

Мол өнім алғандарға сыйлық беріледі.Сондықтанда күз мезгілін «жомарт күз », «мырза күз» деп атайды.Жалпы күз

көркем шығармалар мен фольклорға,

театр әлеміне баулу,кітапқа деген қызығушылығын дамыту.

Жұмбақ жасыру.Ұзын мұртты сарылар,Қойынында дәні бар.Бидай.Бидайдан ұн жасайды,ұннан түрлі тағам,

нан,бәліш,бауырсақ пісіреді.

Ө.Т.Қайдан келдің,бауырсақ?

өлеңін оқу.Балалар бауырсақ

тың дастарханға келу жолын қимыл арқылы көрсетеді.

Дидактикалық ойын.Не жасырынғанын тап.Ойын шарты:баалаларға ұннан пісірілген нан түрлерін көрсету.Балалар көздерін жұмады,бір суретті тәрбиеші алып қояды.балалар қай сурет жоқ екенін табады.Нан-

айтып өтеді, мысалы, егін жинайды, баубақшалардағы жұмыс түрлеріне тоқталады. Демонстрациялық материал
Тәрбиеші күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды: «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр»

затты ұстағанда немен ұстайсың...

(қолыңмен)Егер Самал үйден

Айманнан бұрын шықса, ал Айман ... (кейін)

Саусақ жаттығуы.

Тапсырмаларды

орындау.

Жиектерді бояу.

мезгілін – сары күз, алтын күз, күрең күз деп үшке бөліп айтамыз.Күз – барлық өнімдердің пісіп-жетіліп, жеміс-жидектер, көгөністер дүкендерге толатын мезгіл.
Дәруменге бай жемістерді таңдап сатып алып жеп, көңілдің бір марқайатын мезгілі.

Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?» Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.

Тәрбиеші: Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Күз бояуы өлеңін оқу.

Дәптермен жұмыс:

Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады.

адам
ның
тіршілік қорегі, дастарханға
а
үлкен еңбекпен келеді. Ас атасы-нан.
Сюжетті-рөлді ойын: Дүкенші. Ойын шарты:
балалар екіге бөлінеді. Бірінші топ сатушы, екінші топ сатып алушы болады. Ойын осылай жалғасады. Қорытынды.

Дидактикалық ойын: «Даусынан таны»

Шарты: Балалар көлік түрлерін дауысына қарай ажыратып, аттарын атап карточкаларын орнына апарып салады.

Дыбыстық жаттығу

Дан-дан-дан-манадан,
Дан-дан-дан-шанадан,
Ем-ем-ем – мінгізем.
Ем-ем-ем – жүргізем.



Ойын: «Қандай белгі екенін тап?»

Мақсаты: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу.

Қолданатын көрнекіліктер: Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер.

Ойын шарты:

1-ші нұсқа. Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады.

2-ші нұсқа. Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады.

3-нұсқа. Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

2.Сауат ашу негіздері

Толқында сызықтар салу.

Сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау.

«Жыл мезгілдері» ойыны

Дидактикалық міндеті: жыл мезгілдері және айлардың кезеңдігі туралы балалардың түсініктерін бекіту;

2.Қазақ тілі

Балабақша қызметкерлері

Балабақша қызметкерлерімен таныстыру, балабақшадағы қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұраулар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету. Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар –

2. Математика негіздері

Торкөздегі үлгіні қайталап сал.

Кеңістік ұғымдарын бекіту. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдыларын қалыптастыру.

Дидактикалық ойын: «Жасырынған цифрлары бар карточканы тап».

2.Қазақ тілі

Менің ойыншықтарым

Балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша аталуын есте сақтауға

жаттықтыру, жұмбақтар жасырып шешуге үйрету. Ойыншықтар туралы қысқа мәтіндер құрауды

2. Сауат ашу негіздері

Суретті бастырып сызу.

Сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау.

«Біз суретте нені көреміз?» ойыны
Дидактикалық міндеті: сурет бойынша сөйлемдерді құрауға

<p>айларды жыл мезгілдеріне сай салыстыру біліктерін бекіту. Қажетті заттар: әр балада және тәрбиешіде төрт көрсеткіштен(ақ, жасыл, қызыл және сары парақтар, яғни қыс, көктем, жаз, күз мезгілдерінің түсін білдіретін парақтар болады. Мазмұны: тәрбиеші жыл мезгілді атағанда, балалар сәйкес түспен көрсеткішті көрсетеді. Тәрбиеші көрсеткішті көрсетеді (мысалы, сары түспен), ал балалар күз мезгілінің айларын атайды.</p> <p>Тапсырмаларды орындау.Толқынды сызықтар салу.Саусақ жаттығуы</p>	<p>Сәуле мен Арман келеді.</p> <p>Сәлеметсіздер ме?!Өткен «Біз балабақшада не істейміз?» тақырыпты қайталау үшін сұрақтар қояды.Мынау не?</p> <p>Мынау – балабақша.</p> <p>Біздің балабақша қандай?</p> <p>Біздің балабақша әдемі, кең, жарық.Біз балабақшада не істейміз?Біз балабақшада денемізді шынықтырамыз. (Тамақ ішеміз, ұйықтаймыз, билейміз, әнайтамыз, демаламыз, сурет саламыз).</p> <p>Осы балабақшада, сендерге қызмет көрсететін балабақша қызметкерлерімен танысамыз.Мынау – тәрбиеші, і-і-ші – тәрбие-ші.Мынау кім?</p> <p>Тәрбиеші кітап оқиды. Тәрбиеші не істейді?</p> <p>Тәрбиеші кітап оқиды.</p> <p>Балабақшада меңгеруші</p>	<p><i>Дидактикалық мақсаты:</i> балалардың кеңістік туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p><i>Оқыту құралы:</i> цифрлары бар карточкалар.</p> <p><i>Ойынның мазмұны.</i> Тәрбиеші:тақтаға екі баланы шақырады. Олардың бірі тақтаға теріс қарап тұрады, екіншісі бөлмедегі үстелдердің біріне бұрышы көрініп тұратындай етіп цифрлары бар карточканы жасырады. Теріс қарап тұрған бала алдына қарап, карточканың қайда жасырылғанын табуы тиіс.Бала карточкада қозғалыс бағыты көрсетілген (алға жүр, солға бұрыл, содан соң оңға, үстелді айналып өт, т.б.) цифрды шешеді. Тәрбиеші балаға қажет кезінде көмектеседі. Қалған балалар, егер бала дұрыс қозғалса, жасыл дөңгелекті, егер дұрыс қозғалмаса, қызыл дөңгелекті көрсетіп,</p>	<p>дағдыландыру,сұраққа толық жауап беруді жетілдіру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». «Қуыршақтар» қоржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып алушылар – балалар. Дидактикалық ойын «Кім тапқыр?».</p> <p>Тәрбиешінің айтқан сөздеріне сәйкес суреттердікөрсету, сөйлем құрап, қима материалдармен жұмыс жүргізу.</p>	<p>үйрету; жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету.</p> <p>Қажетті заттар: «Балабақшада», «Мектеп», «Жазғы орманда», «Дүкенде» тақырып тарындағы мазмұнды суреттер. Мазмұны: тәрбиеші балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: <i>Әсем келе жатыр.</i> Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: <i>Әсем балабақшаға келе жатыр.</i> Келесі бала тағы бір-екі сөйлемді қосады. Кім ең үлкен сөйлемді құрап айтса, сол жеңімпаз болады. Саусақ жаттығуы.</p> <p>Тапсырмаларды орындау.</p> <p>Суретті бастырып сызу.</p>
--	--	--	---	---

бар.	ойынға катысады. Содан соң тәрбиеші басқа баланы шақырады. Ойын қайталанады. Кім көрсетілген бағытта дұрыс қозғалса, сол жеңеді. «Қай цифр жоқ» Цифрларды тану, зейіндерін дамыту. Таныс сандардан сандар қатары құрастырылады. Балалар көзін жұмған кезде (түн) бір сан алынып тасталады. Содан соң балалар сандар қатарына қарап, жетпей тұрған санды айтады. Геометриялық фигуралармен, кез келген заттармен осыған ұқсас ойын ұйымдастыруға болады.
Мынау – меңгеруші, ң-ң-ң-ең- мең-ге-ру-ші Мынау кім?	
Мынау – меңгеруші.	
Балабақшада дәрігер бар.	
Мынау – дәрігер. Мынау кім?	
Мынау – дәрігер.	
Дәрігер емдейді.	
Дәрігер не істейді?	
Мынау – мейірбике. I-i-i-ір – ме-йір-би-ке. Мынау кім?	
Мынау – мейірбике.	
Мейірбике емдейді.	
Дидактикалық ойын: «Аудармашы».	Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс.
Тәрбиеші балабақша қызметкерінің атауын орыс тілінде айтады, балалар аударды.	
Воспитатель Заведующая- меңгеруші	
Повар – аспаз	
Дидактикалық ойын: Тыңда, көрсет, қайтала	

Саусақ ойындары

Ойын: « Қозылар»

Мақсаты: саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, такпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.

Тіл дамыту жаттығуы

Мына қозы күні бойы құйрығын бұлғандатты,
 Ал мына қозы арқасын қоршауға сүйкеді,
 Мә-мә-мә-мә-мә-мә-мә,
 Қозыларды мен жақсы көрем,
 Мына қозы аяқтарымен жерді қопарды,
 Қопарды да өзі сурет салды,
 Мә -мә -мә -мә -мә -мә -мә,
 Қозыларды мен жақсы көрем,
 Мына қозы ортаға тұрам деп,
 Бүкіл ағаларын итеріп тастады.



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

3.Музыка

Көңілді ырғақтар

Міндеттері: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту. *Музыкалық-ырғақтық қимылдар*

3.Математика негіздері

1 саны мен цифры

1 цифрмен таныстыру; заттарды санай алуға, сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттарды жіктеу біліктілігін бекіту, заттар тобынан 1-3 белгілер бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты ерекшелеу. Ойын жағдаяты. Демонстрациялық

3.Көркем әдебиет

Шаруа мен аю

Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Жұмбақ жасыру. Балпаң-балпаң басады, Қыр-жотадан асады.

3. Математика негіздері

Штрихпен толтыр.

Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. «Ненің қайда тұрғанын тап» Жорамалданған шаршының бұрыштарына, ортасына әртүрлі заттар орналастырылады. Бір баланы шақырып, жүргізуші қоянның артында немесе

3. Қоршаған ортамен таныстыру

Табиғатта не өзгерді? Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету. Өзіндік жұмыс. Әр баланың қолында қажетті материалдар жиынтығы бар. Мәселен, КҮЗ сөзінің төңірегіне

«Марш»(В.Дешевов)
Әуенді тыңдап, ырғақты сезіне жеңіл жүруге дағдыландыру.
Марш екпінімен тізені көтере адымдай басу, бірге қимылдауды үйрету.
1-2 такт. Шеңбер бойымен қозғалмай тұру.*3-18 такт.* Әуенінде шеңбер бойымен адымдай басып, жүру.Әуен екінші рет қайталанғанда 3-16 тактіде шеңбер ішіне бұрылып тұрып, бір орында адымдау.

Музыка тыңдау:
«Балбырауын»
(Құрманғазы).

Композитор туралы мағлұмат беру, суретін көрсету. Құрманғазының күйлеріне тоқталу. Күйдің шығу тарихын айтып беру.Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.*Ән айту:*
«Балдырғандар әні»
(Г. Жотаева).Әнді орындап, сипаты мен мазмұнына мән беріп, талдап, әңгімелеу. Әнді орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үндесіп айтуға

материалмен жұмыс
Әлия мен Сырым сиқырлы паровозбен саяхат жасауды ұсыну. Суретте неше паровоз бар?(Біреу).Вагондарға терезе санына сәйкес әртүрлі ертегілердің кейіпкерлері отырғызылады. Балалар ойынға қосылады. Әрбір вагонда 2 кейіпкерден болуы мүмкін екенін айқындайды.Тәрбиеші тақтаға бір паровоз және екі вагонды бекітеді. Балалар кейіпкерлерді таңдап отырғызады. Ойын жаттығуы: «Бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды табу». Тәрбиеші бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды топтан іздеуді ұсыну. Дәптермен жұмыс.
1-2-3-4 тапсырмаларды орындау.Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс.

Паналайды үңгірді,
Іздемейді тасаны. (Аю)

Балалар, мен сендерге аю туралы ертегі оқып берейін. Ертегі «Шаруа мен аю» деп аталады. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.

Ертегі желісі бойынша іс-әрекетті қимылмен жасау.

Шаруа бірінші не екті? Қалай екті? (Қимылмен көрсетеді.) Аю қалай жүріп келді? (Қимылмен көрсетеді.)

Келесі жылы шаруа не екті? Бидайы қалай өсті? (Қимылмен көрсетеді.)

Шаруа қызылшаны қалай жинады? (Қимылмен көрсетеді.)

қуыршақтың алдында, т.б. қандай зат тұрғанын табуды сұрайды.

«Не өзгерді?»

Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Баладан заттардың бір-біріне қатысты қалай орналасқанын есіне сақтауды сұрайды. Содан соң ол көзін жұмады, ал жүргізуші бір-екі заттың орнын ауыстырып қояды. Бала көзін ашып, ненің орны өзгергенін анықтап, заттың алдында қайда тұрғанын айтуы тиіс. Мысалы, қоян мысықтың сол жағында тұрған, енді мысықтың оң жағында тұр?

«Ұқсас затты тап»

Баладан үлкен зат бейнеленген суреттерді тауып, содан соң осы суреттерді қалай орналастыруды айтуларын сұрайды. Мысалы, бірінші сол жақта піл, оның артында қуыршақ, соңында аю тұр; ортада шәйнек, оның оң жағында көгілдір саптаяқ, сол жағында қызғылт саптаяқ

ағаш, жапырақ, шалшық су, бұлт, жел, етік, қолшатыр сынды тағы да басқа заттардың суреттері салынған немесе атауы жазылған суреттерді көруге болады. Жұптасып жұмыс істейміз. Әр бала өзінің қолындағы суреттер жиынтығын серіктесіне көрсетеді және оны: плащ, күрте, егін, комбайн деген сынды т.б. жаңа сөздермен толықтырады. Топпен бірге жұмыс істейміз. Әр жұп қолындағы заттар жиынтығын екінші балалар жұбына көрсетеді және оған: құс, аңдар, жапырақтардың түсуі сынды т.б. сөздерді қосып, толықтырады. Жалпылама жұмыс. Балалар тәрбиешімен бірге ватман қағазға салынған жиынтықты толықтырады.

көңіл аудару. Таныс «Мен өнерлі баламын» әнін (М. Омаров) қайталау, әнді үйренуді жалғастыру. Жеке және хормен айту. *Билер:* «Шабандоздар бии» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу бии» (чех халық әуені) *Музыкалық аспапта ойнау:* «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай).

түр. Кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту үшін, арнайы ойындар мен тапсырмалардан басқа серуен, қозғалыс ойындары, денешынықтыру жаттығулары, сурет салу, өз бөлмесінде, пәтерінде немесе балалар алаңында ғана емес, көшедегі, балабақшаның барлық ғимараттарындағы тұрмыстық бағдарлаудың да маңызы зор. Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс.

Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар

« Дөңгелекті лақтыру »



Тіл ұстарту жаттығуы

- 1) Ша-ша-ша
Жап жасыл шырша.
- 2) Ар-ар-ар
Қандай аппақ қар.
- 3) Ыс-ыс-ыс
Келіп қалды қыс.
- 4) Лар-лар-лар
Далада ойнайды балалар

Ойын: « Дөңгелекті лақтыру »

Мақсаты: Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге, ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

Ойынның шарты: Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады, дөңгелектің диаметрі 15-20 см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40 см. Балалар қатарға тұрып 1,5-2 метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек. Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

4. Дене шынықтыру

Бадминтон, футбол

Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамытуға жағдай жасау, күнделік

ті қимыл-қозғалыстың қажеттігін қалыптасты

ру. Балаларды бадминтон ойынымен таныстыру, қимыл-қозғалыс дұрыстығының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету, қимыл түзетуін күшейту. Табанына арналған түзету жаттығуларын орындау: аяқ басымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі қырымен, сыртқы қырымен жүру. Қысқа, алшақ аттап жүгіру.

Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Жаттығуларды алмастырып орындау.

Бадминтон. Желбіршек тің ұшу ерекшеліктерін анықтауға арналған жаттығулар орындау. Ракеткамен жаттығу. Бір орында тұрып,

4. Шығармашылық іс-әрекет

Алмұрт

«Бауда ма, әлде бақшада ма?» сұрақ-жауап ойыны.

Мақсаты: жеміс пен көгөністің өсіп-өнетін ортасы туралы білімдерін пысықтау.

Ойын шарты: тәрбиеші балаларға экраннан кез келген жеміс немесе көгөністі көрсетеді, балалар олардың бауда немесе бақшада өсетінін ажыратып айтулары керек. Балаларға «Афиша» әдіс-тәсілі арқылы жемісті жарнамалауды ұсыну. (Жемістің атауын, түр-түсін, пайдасын, дәмі мен иісі туралы айту.) Алмұрт туралы жұмбақ жасыру. Дәмі балдай тәтті, Шамға ұқсайды қатты. Айналады күзде Сарғылт қызыл түске.

Бұл қай жеміс, бізде?

(Алмұрт)

4. Дене шынықтыру

Күзгі орманда

Бөрене үстінде еңбектеу барысында қол мен аяқтарын үйлестіріп қозғауға үйрету; 2 метр арақашықтықта бір біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын) бекіту, доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп қағып алуға үйрету.

«Паровоз» тәсілімен тізбекте жүреді. Ормандағы алаңқайға келеді. Тізбекте бір-бірден тұрып, аңдардың жүрісін, жүгірісін салып жүреді, жүгіреді, түрлі тапсырмаларды орындайды. «Орман тұрғындары» ойын-жаттығуы: тізбекте бір-бірден тұрып жүреді, жүгіреді, түрлі тапсырмаларды орындайды. «Түлкілер» «Қасқырлар», «Қояндар Жалпы дамыту жаттығуларын орындау: (орман алаңқайында «жылынуға» жиналады)

4. Музыка

Көңілді ырғақтар

Міндеттері: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту. *Музыкалық-ырғақтық қимылдар* «Марш» Әуенді тыңдап, ырғақты сезіне жеңіл жүруге дағдыландыру. Марш екпінімен тізені көтере адымдай басу, бірге қимылдауды үйрету. *1-2 такт.* Шеңбер бойымен қозғалмай тұру. *3-18 такт.* Әуенінде шеңбер бойымен адымдай басып, жүру. Әуен екінші рет қайталанғанда 3-16 тактіде шеңбер ішіне бұрылып тұрып, бір орында адымдау. *Музыка тыңдау:* «Балбырауын» (Құрманғаз

4. Дене шынықтыру

Ұлттық ойындар

Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету. Бір аяқпен әртүрлі бағытта секірулерін, бүкіл табанмен жерге түспеу дағдыларын, табанның алдыңғы бөлігімен итеріп секіруді жетілдіру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу». Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. «Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру. Құрсаулардың айналасында тұрады, құрсау жанында асықтар жатады. Балалар асықтарды алып, құрсау ішіне лақтырады. «Қазанға» көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады.

желбіршекті ракеткамен мейлінше көп рет соғуға тырысу. Футбол – допты кез келген бағытта екі аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүру. Секіртпенің астынан оның қозғалыс амплитудасының ең жоғарғы нүктеде болған сәтінде, жүгірісін шұғыл шапшаңдатып жүгіріп өтеді. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аяғы жерге тимей...» Жүргізушіні сайлайды. Қалғандары шашырап қашады. Жүргізушіден қашып, ойыншылар аяқтарын жерден тартып алады. Сол мақсатта олар бірнәрсеге шығып алады немесе аяғын көтеріп отыра қалады. Аяқтары жерге тимесе, жүргізуші оларды ұстай алмайды, егер тиіп қойса, ұстап алады. Ұсталған ойыншылар ойыннан шығады. Дыбыстарды айтып, тыныс алу жаттығуларын орындау. Жылулық сақтау ойыны.

– Балалар, жемісті жақсы өсіріп-баптау – бағбанның жұмысы. Бүгін сендерден бағбан атай көмек сұрай келіпті. Себетті алмұртпен толтырып беруін өтінеді.

Ендеше, бүгін біз сендермен алмұрт жемісін дайындайтын боламыз.

«Кірпі» жаттығуы.

Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады). Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектерін жасайды). Кіріп кетсе қолыңа,

Өкпелеме, жарай ма!

Балалар жұмысқа кіріседі. Тәрбиеші жеке жұмыс жүргізеді.

«Қателесіп қалма!» ойыны.

Мақсаты: көгөністер мен жемістерді танып ажыратады және сөздегі қате айтылған сөзді табады.

«Артымнан қайтала» жаттығу-ойыны. Тыныс алу гимнастикасы: «Жел» Негізгі қимыл-қозғалыстар:

Бөрене үстінде еңбектеу барысында қол мен аяқтарын үйлестіріп қозғауға үйрету.

«Сілеусін» жаттығуы: бөренеден түсу. 2 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын) бекіту, доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп, қағып алуға үйрету. Тепе-теңдік: модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыруды жалғастыру.

Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар»

Шарты: қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. «Қасқыр» зал ортасында орналасады. Лақтар залдың қарама қарсы жағына жүгіріп, қасқыр

ы).

Композитор туралы мағлұмат беру, суретін көрсету. Құрманғазының күйлеріне тоқталу. Күйдің шығу тарихын айтып беру. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.

Ән айту: «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева). Әнді орындап, сипаты мен мазмұнына мән беріп, талдап, әңгімелеу. Әнді орындау кезінде бір-бірін тыңдап, үндесіп айтуға көңіл аудару. Таныс «Мен өнерлі баламын» әнін (М. Омаров) қайталау, әнді үйренуді жалғастыру. Жеке және хормен айту. *Билер:*

«Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех халық әуені)

Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай).

Бастапқы қалып: аяқиық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады. «Ырғып секіру» (татар халқының ойыны) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам біраяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады. «Тастар» (орыс халқының ойыны) «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру, жоғары лақтыру. Өкшемен отырып, ұсақ тастарды

Ойын шарты: Сәбіз шырынын пияздан дайындаймыз.

Шие шырынын алмадан дайындаймыз.

Алма тосабын асқабақтан дайындаймыз. Осындай бірнеше ойын түрінде тапсырмалар арқылы көгөніс пен жемістің атауын дұрыс ажыратып айту біліктерін бекіту.

Балалар шығармашылығы.

зал ішінде аяқтың ұшымен жүгіру, тізбекке, сапқа тұру. Гимнастикалық орындық үстінде ЖДЖ орындау. «Сиқырлы шумақ» тренинг-ойыны. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Мысық пен торғайлар» «Мен осындаймын, біз осындаймыз» ойын-жаттығуы. Шеңбер бойына тұрады.

Балалардың біреуі ортағы шығып: «Мен сұлумын!» – деп айтады. Қалған балаларқимылмен «Біз сұлумыз!» – деп хормен айтады. Осыдан кейін келесі бала басқа сөздерді айтады.

музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» **Музыка тыңдау:** «Қазан»

(П. Чайковский). Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.

Ән айту: «Күзгі әуен»

Үйренген «Балдырғандар әні» әнін (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.

Билер: «Шабандоздар **Ойындар, хороводтар:**

Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева).

Ойын шартын түсіндіріп, атрибуттарды пайдаланып ойнау. **Музыкалық аспапта ойнау:** «Еркемай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай).

«қасқырлар» әртүрлі бағытта еңбектеп жүреді. «Аңшылар»: «Кәне, кәне, халайық, Қасқыр қақпан құрайық. Кәне, қақпан берік бол, Қасқыр, қасқыр, келіп көр!» деген тақпақты хормен айтып, қолдарын түсіреді. Қақпан ішінде қалып қойған «қасқырлар» ойыннан шығады. Релаксация: **«Ғажайып кемпірқосақ»** Көздерін жұмып жатып, терең, бірқалыпты тыныс алады. Ғажайып кемпірқосақты көз алдарына елестетеді.

«Бірінші түс – көгілдір. Көгілдір түс су сияқты. Су түскендей сергіп қаласың. Өзімізді су түскендей сезінейік. Келесі түс – сары. Сары түс күн сияқты бізді жылытады, қуаныш сыйлайды, ол үлпілдеген балапан сияқты. Егер көңілсіз болсаң, осы түске қараңдар. Көңілдерін көтереді. Жасыл түс көгорай шалғынның түсі, жаз мезгілінің белгісі. Жасыл түс адамның көңіл күйін көтереді. Олай болса осы түстерге көбірек қараңдар. Су сияқты салмақты, күн

Серуенге дайындық

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

сияқты көңілді, жаз сияқты мейірімді болайық.
Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жапалақ»

Серуен

Тіл жаттығулары:

«Аударыспақ»

Мақсаты: -әр түрлі түстерді қайталап бекіту;

-сөздік қорын байыту;

-дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту;

-балаларды :
«Қандай?», «Не істейді?» т.б. сұрақтарға толық, сөйлеммен жауап

беруді үйрету;

-заттардың түрін, түсін, дәмін, пішінін дұрыс айтып қайталау;

-дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;



Ойын: «Жапалақ»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.

Шарты: «Жапалақ» сайланады, ол барлық ойнаушылардан алысқа тұрады. Өзінің «ұясына». Басқа ойнаушылар жан-жаққа тарап кетеді. «Жапалақ»: «Күн тұды, барлығымыз оянамыз!» дейді, сол сәтте барлығы жүгіріп, қимылдайды. «Жапалақ»: «Түн болды, барлығын қимылдамандар, жапалақ ұшады!» дегенде барлық ойнаушы балалар тыныш тұрып, қимылдамаулары керек. «Жапалақ» балалардың арасында жүріп, қимылдаған бір-екі баланы өз ұясына әкетеді. Бір бала қалғанша ойын жалғасады.

-балаларға сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастырып айтып үйрету;

-балалардың еске сақтау, есту, ойлау қабілеттерін және зейіндерін дамыту;

-қолдың ұсақ моторикасын дамыту;

Балаларды үйге қайтару

Ата –аналарға кеңес

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Ата –аналарға кеңес

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Ата –аналарға кеңес

- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.

Ата –аналарға кеңес

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Ата –аналарға кеңес

- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: **Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ**

Топ: **Мектепалды даярлық**

Топ жетекшісі: **Есенкелді Қ.Е**

Балалардың жасы: **5-6 жас**

Жоспар қай кезеңге жасалды: **09.10–13.10**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.10	Сейсенбі 10.10	Сәрсенбі 11.10	Бейсенбі 12.10	Жұма 13.10
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгіме, қарым-қатынас ойындары және балаларда жақсы көңіл-күй қалыптастыру. Достық атмосферасын құру				
	<p>Психологиялық жаттығу «Барлық бала шеңберге жиналды» Мақсаты: бір-біріне мейірімді қарым-қатынасты дамыту. Әңгіме «Күз туралы не білесіңдер?» Мақсаты: балаларды бір-бірімен қарым-қатынас жасауға шақыру; қиялын дамыту</p>	<p>Ситуациялық ойын «Таң басталды» Доппен бірге сәлемдесу. Бала допты сәлем бергісі келетін балаға оның атын айтып лақтырады. Допты ұстаған бала да онымен амандасады. Мақсаты: қарым-қатынас қиындықтарын жеңу</p>	<p>«Жүрек» жаттығу ойыны Қолды кеудеге қойыңыз. Не сезіндіңдер? Иә, бұл соғып тұрған сендердің жүректерің. Кейде адамға «Сенің жүрегің жұмсақ» деп айтылады. «Жұмсақ жүрек» нені білдіреді? «Пайда – зиян» дидактикалық ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды, объектінің функцияларын және оның қосымша ресурстарын анықтау қабілетін дамыту</p>	<p>«Ертегі кейіпкерлерінің игі істері» дидактикалық ойын Таныс ертегілерге иллюстрацияларды қарау, ертегі кейіпкерлері туралы жұмбақтар шешу. Мақсаты: аналитикалық қабілеттерін дамыту; объектінің сипаттамалық ерекшеліктерін көруге үйрету</p>	<p>«Қандай сыпайы сөздерді білесіңдер?» тренинг ойын Мақсаты: балаларда сыпайылықты дамыту. «Шегіртке» Мақсаты: бұлшықеттерді босаңсыту, жақсы көңіл-күй қалыптастыру. Табиғат бұрышындағы жұмыс: күнтізбеде ауа-райын, күнін белгілеңіз</p>

Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Баланың қыңырлығымен қалай күресуге болатындығы туралы ата-аналармен әңгімелер. Ата-аналардың сұрауы бойынша консультация (жеке)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	«Күздің түсі қандай» әңгімелесу Мақсаты: күз туралы бастапқы түсінікті маңызды белгілерге сәйкес қорытындылау. «Бақшашы» аз қимылды ойын Мақсаты: бақша өсімдіктері туралы түсінікті бекіту; көкөніс атауларын есте сақтау жұмысын жандандыру	Дидактикалық ойындар: «Лото», «Жапырақтан ою жаса» Мақсаты: күздің белгілері мен түстерін бекіту	Ағайынды Гриммдер ертегілерінен «Қоян мен кірпі» ертегісін оқу Мақсаты: мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	Музыкалық композиция тыңдау «Күзгі ән» - орыс халық әні Мақсаты: орыс халқының фольклорымен таныстыру	«Күз» жалпылама әңгіме Мақсаты: табиғаттағы күзгі өзгерістер туралы білімді бекіту (түрлі-түсті жапырақтар, суық, жиі жаңбыр жауады, жел соғады); сөйлеу есту қабілетін дамыту (жолдасты дауысынан тану); ойынды етістік рифміндегі дыбыстармен сезіну
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Бұл күз, өйткені...» дидактикалық ойыны Мақсаты: бағыныңқы сөйлемдерді құра білуге машықтану	Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: балалардың белгілі бір құбылыстар мен адам еңбегінің түрлерін жыл мезгілімен қандай дәрежеде байланыстыратынын тексеру. «Міне менің көмекшілерім» саусақ ойыны Мақсаты: саусақтардың ұсақ моторикасын, сөйлеуді дамыту	Дидактикалық ойын «Біз қайда болдық? Біз не көрдік?» Мақсаты: имитациялық қозғалыстарда жаттығу; шығармашылық қиялды дамыту Тыныс алу жаттығулары: «Сағат», «Кернейші» Мақсаты: тыныс алу гимнастикасында жаттығу. «Дыбысқа еліктеу» дидактикалық ойыны Мақсаты: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту	«Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны Мақсаты: антонимдерді таңдауда жаттығу. «Сипаттама бойынша тап» ойыны Мақсаты: сипаттамалық әңгіме құрастыру; зейінді, үйлесімді сөйлеуді дамыту	Саусақ гимнастикасы: «Үйшік» Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын және сөйлеуді дамыту. «Адам еңбегі» жұмбақ шешу Мақсаты: логикалық ойлауды, тапқырлықты, белсенділікті дамыту. «Пайда – зиян» дидактикалық ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды, объектінің функцияларын және оның қосымша ресурстарын анықтау қабілетін дамыту

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1.Қоршаған ортамен таныстыру Табиғат бұрышындағы тіршілік.Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну,өзін-өзі құрметтеу. Біздер тату баламыз. Гүл-гүл жайнап аламыз. Жаттығулар жасайық, Жақсы сергіп аламыз. Табиғат бұрышы туралы мағлұмат:табиғат бұрышы тірі хайуанаттар орналастырылған мүйіс.Мұнда өсімдіктердің түрлерін де өсіреді. Табиғат бұрышында аквариумда балықтар, үй қояндары,атжалман, кірпі,тасбақа,тотықұс тарды ұстайды.Сурет бойынша әңгіме. Табиғат бұрышында тіршілік ететін жануарлар туралы және оларға жасалына тын қамқорлық туралы айту. 2.Сауат ашу негіздері Дыбыстың сөздегі орны Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Біздің үй. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру:ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару. Өтті қызық көп күндер, Алты жасқа жеттіндер. Өсті ақыл ойларың. Өсті міне,бойларың. Иіліп сәлем береміз, Әдепті боп өсеміз. Жетекші сұрақтар. Суретпен жұмыс.Сөз тіркестері мен сөйлемдер құрату.Менің үйім тақырыбында әңгіме құрастыру. Балалар өздері тұратын үй,оның бөлмелері және үйдегі жихаздар туралы әңгімелейді. Қай бөлмеде қандай зат тұрады?дидактикалық ойыны.Шарты:бөлмелерді атап,онда тұратын заттарды атау. 2.Қазақ тілі Жемістер. Балаларды жемістердің қазақша аталуымен таныстыру.Жемістерді қазақ тілінде атай</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Сөз.Сөздердің дыбысталуы. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. -Балалар дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады? Тәрбиеші балаларға ыммен <i>«отырыңдар», «сөйлемеңдер», «тынышталыңдар»,</i> – деп белгі береді. Сөздік жұмыс: <i>Ыммен сөйлеу – сөйлемей ишарамен түсіндіру.</i> Міне, балалар, көрдіндер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз, сөз арқылы бір-бірімізді түсінеміз.Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: <i>«ағаш»,</i> енді сендер</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту Қорыққанға қос көрінеді. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру:ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару. Жұмбақтар шешу. Ақ сандығым ашылды. Ішінен жұмбақ шашылды.Күн. Алуан түсті,аңқаған иісті,Қырларда олар, жаңбырмен өсті.Гүл. Қорыққанға қос көрінер ертегісін оқу. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар. Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда» Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.Мысалы: «Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына;«Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына;«Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды. Дәптермен</p>	<p>1. Көркем әдебиет Әкесі мен балалары. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып,эмоция мен,қисынды қайталап айтып беру,диалогтік сөйлеудідамыту,кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Бүгін біз әкенің балаларына айтқан ақылы туралы «Әкесі мен балалары» әңгімесімен танысамыз. Авторы – орыс жазушысы Лев Толстой. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру.Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – оқиғаны қысқа баяндайды. Дәптермен жұмыс: Суреттер бойынша әңгімеле. Әкесі балаларына сыпыртқыны не үшін берді? Сен осы балалардың орнында болсаң, не істер едің? Әңгіме қалай аяқталады? Үзік сызықпен бастырып сыз. Боя. Мақалды жаттап ал.</p>
----------------------------------	---	--	---	---	---

	<p>сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстықталдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>«Жалпы атауын ата» ойыны. Автобус, такси, трамвай – ... (<i>көліктер</i>) Қыс, көктем, жаз, күз – ... (<i>жыл мезгілдері</i>) Кептер, қарға, сауысқан – ... (<i>құстар</i>) Қызанақ, қияр, қызылша – ... (<i>көгөністер</i>)</p> <p>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыс деген не? Дыбыстар біздің айналамызда, біз оларды көрмейміз бірақ естиміз, айтамыз. Дыбыстар қандай болып бөлінеді? Дауысты, дауыссыз. Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз? Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауызқуысында</p>	<p>білуге, шағын өлеңдерді жатқа айта білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерді байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Көгөністер мен жемістер» Қоржындағы көгөністерді бөліп алады, қайталап, сипаттайды (көлемін, түсін). Білетін жемістерді атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын» Қоржынның екінші жағын ашады. Тәрбиеші жемістерді бір-бірлеп алады, жана сөздермен таныстыру. Күз мезгілінде жемістер піседі. Дыбыстық жаттығу. (айнамен орындалады) Ө-ө-өр-өр - өрік. І-і-і-іс-әс – жеміс. Қ-қ-қ - құрма.</p> <p>«Дүкен» ойыны. Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап</p>	<p>бір сөзден айтындар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған сайын бір қарындаштан салып отырайық. Мен «ағаш» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Балалар ойлаған сөздерін айтып, бір қарындаштан салып отырады. Ең соңында қарындаштарды санап, тәрбиеші қорытынды жасайды. Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп. Сөз заттың атын (<i>үстел, кітап, доп</i>), белгілі іс-әрекетті (<i>жүгіреді, ойнайды, секіреді</i>), түр-түсті (<i>ақ, үлкен, тәтті</i>), білдіреді. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады.</p> <p>«Сөзді өлшеп көрсетейік» дидактикалық жаттығуы. Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы</p>	<p>жұмыс. Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады</p> <p>2. Қазақ тілі Жидектер. Балаларды жидектердің қазақша аталуымен таныстыру. Жидектерді қазақ тілінде атай білуге, шағын өлеңдерді жатқа айта білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерді байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту. Балалармен «Кім жылдам?» ойынын ойнау. Екі себетке көгөністер мен жемістерді бөліп салу, атап және сипаттау.</p> <p>Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?» Ойынның мақсаты: зейін қойып тыңдауға, сөйлемді дұрыс құруға жаттықтыру. Ойынның шарты: сөйлемді тыңдап, қатесін түзету. Алма, алмұрт, өрік – көгөніс. Дұрыс емес, алма, алмұрт, өрік – жеміс. т.б</p> <p>Дидактикалық ойын: «Күз сыйы» Себетте</p>	<p>Бірлік болмай, тірлік болмас. Мақалдың мағынасын «Бірлік болған жерде достық та, еңбек те, татулық та болады» түсіндіру</p> <p>Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар: Әңгіменің авторы кім? Әкесі балаларына қандай ақыл айтты? Балалары әкесінің ақылын тыңдады ма? Сыпыртқы неге сынбады? Жеке-жеке сындырғанда, шыбықтар неге оңай сынды? Әкесі балаларына «Әрдайым тату, бірге болсаңдар, сендерді ешкім де ренжіте алмайды» деген ойды қалай білдірді? Балалар, әрқашан бірлікте болсаңдар, сендерді де ешкім ренжіте алмайды.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері Сөз. Сөздің мағынасы. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық</p>
--	---	--	--	---	---

	<p>кедергіге ұшырап шығады. Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? Дауыссыз дыбыстарды ше? Сөзді буынға қалай бөлеміз? Буынды қалай белгілейміз?</p> <p>«Сөз тізбек» дидактикалық ойыны</p> <p>Тәрбиеші қандай да бір сөзді айтып, допты бір балаға береді, сөз аяқталған дыбыстан балабір сөз айтып, допты келесі балаға береді. Мысалы: <i>бақа-алма-алмұрт-темір-рауғаш-шахмат-тал-лақ т.б.</i> Сөздегі бірінші дыбыс пен соңғы дыбысты айқынырақ айтып отыру керек.</p> <p>«Дұрыс тап» дидактикалық ойыны</p> <p>Балалар, мен тақтаға сызба ілемін, сендер мен айтқан дыбыс сөздің қай жерінде тұрғанын, яғни басында, ортасында, соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар. Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер. Л дыбысын</p>	<p>әдісі арқылы диалог құру. Жемістердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. Бала дүкенге келеді.</p> <p>-Сәлеметсіз бе! -Сәлеметсіз бе! -Маған өрік беріңізші. -Алыңыз. -Рақмет. Сау болыңыз.</p> <p>Бала жемісті сипаттайды. Сатушы оның қандай жеміс екенін табады.</p> <p>3. Математика негіздері</p> <p>4 саны мен цифры. Сан және санау. Көрнекілік арқылы сандардың пайда болуымен, цифрымен таныстыру. Қанша, нешінші сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>Ойын жағдаяты.</p> <p>Әлиямен Сырыммен ойын. Дидактикалық ойын. «Артық затты тап». Демонстрациялық материал. Төрт суреттің әрқайсысынан артық затты тап. Неліктен оның артық екенін түсіндір. Балалар артық</p>	<p>сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады? Дәптермен жұмыс Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Ойыншықтарды ата. Суреттегі заттың аты ұзақ болса – ұзын таспаға, ал қысқа болса – қысқа таспаға қос.</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>4-ке дейін санаймыз. Сан және санау. Көрнекілік арқылы сандардың пайда болуымен, цифрымен таныстыру. Қанша, нешінші сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Төрт таяқша арқылы әртүрлі құрастыру жұмысы. 4-санының құрамын ажырату. Сан қатары. Тура және кері санау. 4 саны неге ұқсайды? Үзік сызықтарды бастырып 4 санын жазу. 4 пайда болуы мен оның алдындағы санға байланысты есеп шығару. 4 саны құрамын дөңгелектермен толықтыру. 4 санына ойша есептер</p>	<p>жемістер, көгөністер және жидектер бар. жемістер мен көгөністерді бір-бірлеп алып қайталау, жидектермен таныстырады. Мынау қандай жеміс? Ол – өрік. Өрік дәмді.</p> <p>Сөздік ойын: «Мен қай жидекті көрсеттім?» Тәрбиеші себеттен жидектерді алып көрсетеді, балалар атын атайды.</p> <p>3. Математика негіздері</p> <p>Нүктелерді бастыр. Сан және санау. Көрнекілік арқылы сандардың пайда болуымен, цифрымен таныстыру. Қанша, нешінші сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>Демонстрациялық материалмен жұмыс</p> <p>Тапсырма: Заттар тобына жиынтық атауын таңдау, санауды бекіту. – Суретте не бейнеленген? Қандай бір сөзбен атауға болады? Қанша автобус? Қанша трактор? Қанша жүк</p>	<p>талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>Балалар, енді «Сөз жарысы» ойыны.</p> <p>Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Ыдыс, кесе, тәрелке т.б.</p> <p>«Мен айтамын, ал сен көрсет» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Мен сендерге іс-әрекетті білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол сөздерді орындайсыңдар.</p> <p>Мысалы: жүгіру, секіру, отыру, бір аяқпен тұру, қолды көтеру, отырып-тұру, қолды алдыға сөзу, шапалақтау, бір <i>орында жүру т.б.</i></p> <p>Дәптермен жұмыс</p> <p>Суретпен жұмыс. Балалар не істеп жатыр? Іс-әрекетті</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>орнан анықтаймыз. Мысалы: (п) піл, апа, қап. Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін. «Дыбыстың сөздегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы. Балалар, піл, апа, қап сөздерінде «п» дыбысы қай жерде орналасқанын табайық. Балалар піл сөзінде «п» дыбысының бірінші тұрғанын, апа сөзінде ортасында тұрғанын, қап сөзінде соңында тұрғанын айтады.</p> <p>3. Музыка Күз жомарт. Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында аяқтың ұшымен жүгіреді де, тоқтайды. Орындарында тұрып серіппе жасап, шеңбердің ортасына жиналып, қолдарын</p>	<p>затты табады, неге артық екенін түсіндіреді. Топтардың әрқайсысында барлығы неше зат бар? Артық затты алғанда топтардың әрқайсысында неше зат қалғанын түсіндір.</p> <p>«Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны Ойын шарты: төрт балаға бірден төртке дейінгі сан беріледі. Әрқайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден төртке дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифр қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. «Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын</p>	<p>құрастыру. Төрт түлік, төрт кітап, дүниенің төрт бұрышы, жылдың төрт мезгілі, т.б. мағлұматтар беру. Ойындар: Поезд құрастыр. Доп лақтыру. Қалт етпей қағып ал. 3. Көркем әдебиет Ауылда. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоция мен қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Кіріспе әңгіме. Бүгінгі ауа-райы. Өзгерістер. Жыл мезгілдері. Апта күндері. Жазғы демалыс. Балалардың жауаптары. Н.Қ. Ауылда әңгімесін оқу. мәтін бойынша сұрақтар.</p> <p>Дидактикалық ойын. Айырмашылығын тап. Ойын шарты: қаланың және ауылдың суреттері. Балалар суреттерге қарап, қала мен ауылдың айырмашылығын</p>	<p>көлігі? Барлығы қанша? Дәптермен жұмыс . 1-2-3-4 тапсырманы жұмыс дәптерінде орындауды ұсыну. Заттың санына сәйкес цифрмен нүктелерді сызып қосады. Карточкадағы нүктелерді санайды, Нүктелер цифрды білдіреді. 1, 2, 3, 4, деген қорытындыға келеді. Суреттерден заттардың белгілі бір санын табады (1-ден 4-ке дейін).</p> <p>4. Музыка Күз жомарт Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында аяқтың ұшымен жүгіреді де, тоқтайды. Орындарында тұрып серіппе жасап, шеңбердің ортасына жиналып, қолдарын шапалақтайды да, артқа шегінгенде аяқты топылдатып қимылдар жасайды. Музыка тыңдау: «Саржайлау» (Тәттімбет). Күй өнері туралы түсінік беру. Күй – халық</p>	<p>білдіретін сөздерді ата. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата. Балалар іс-әрекетті білдіретін сөздерді атайды: ойнайды, оқиды, сурет салады. Екінші тапсырмада 1 топ жабайы жануарлардың, 2-топ ыдыстардың, 3-топ киімдердің, 4-топ жәндіктердің, 5-топ оқу құралдарының, 6-топ музыкалық аспаптардың атын айтады.</p> <p>3. Қоршаған ортамен таныстыру Заттардың адам өміріндегі маңызы. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін анықтау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше</p>
--	--	---	--	--	---

	<p>шапалақтайды да, артқа шегінгенде аяқты топылдатып қимылдар жасайды. Музыка тыңдау: «Саржайлау» (Тәттімбет). Күй өнері туралы түсінік беру. Күй – халық музыкасы. Балаларға жұмбақ жасырып, тапқырлықтарын сынайды. Ұзын мойын, екі ішек. Қатар-қатар тепкішек. Басып қалсаң бір-бірлеп, Күй шығады күмбірлеп. (<i>Домбыра</i>) Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерін көрсету. Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет). Күз көріністерін елестете отырып әнді баяу, сазды етіп орындау. Таныс «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» «Билеп үйренейік» жинағынан). Би элементтерін еске</p>	<p>қайтадан басталады. Дәптермен жұмыс .1-2-3-4 тапсырмаларды орындау. Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс. Тапсырмаларды орындау. 4. Шығармашылық іс-әрекет Қоңырау. Заттық жапсыру. Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштары қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Қоңырау біздің сиқырлы, Сыңғырлап тағы ән салды. Шақырды түріп ұйқынды, «Шеңберге тұр», деп баршаңды! «Аспапты тану» музыкалық дидактикалық ойыны. Ойын ережесі: Үнтаспа арқылы аспаптар үні беріледі (балалар қимылмен көрсетеді). Домбыра. – Домбыра аспабында қалай ойнайды? (Шертіп.) Ендеше, ол – шертпелі аспап.</p>	<p>табады. 4. Дене шынықтыру Командалық эстафеталар Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді бекіту. Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді бекіту. Жолақтардан аттап секіру ойыны. «Жүрдек пойыз» ойыны. Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып жүгіру. Әр команданың алдында 6 метр жерде конустар орналастырылған. Бірінші ойыншы жүгіріп барып, конусты айналып өтіп, орнына қайтып келеді. Оған екінші ойыншы</p>	<p>музыкасы. Балаларға жұмбақ жасырып, тапқырлықтарын сынайды. Ұзын мойын, екі ішек. Қатар-қатар тепкішек. Басып қалсаң бір-бірлеп, Күй шығады күмбірлеп. (<i>Домбыра</i>) Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерін көрсету. Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет). Күз көріністерін елестете отырып әнді баяу, сазды етіп орындау. Таныс «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» «Билеп үйренейік» жинағынан). Би элементтерін еске сақтауға, мәнерлеп орындауға дағдыландыру. Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев). Балалар шеңбер бойымен жүріп, ән мәтініне сай</p>	<p>анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Төртіншісі артық» ойыны. Ойын шарты: төрт заттың атын айтып тұрып, допты балалардың біреуіне лақтырады. Бала айтылған төрт заттың біреуі артық екенін айтуы тиіс. Мысалы: үстел, орындық, кереует, шәйнек. Шәйнек артық. Шәйнек – ыдыс, үстел, орындық, кереует – жиһаз. Шырша, қайың, емен, құлпынай. Құлпынай артық. Құлпынай – жидек. Шырша, қайың, емен – ағаштар. Қияр, сәбіз, орамжапырақ, алма. Алма артық. Алма – жеміс. Қияр, сәбіз, орамжапырақ – көгөністер. Доп, қуыршақ, зырылдауық, орындық. Орындық артық. Орындық – жиһаз. Доп,</p>
--	---	--	--	---	---

	<p>сақтауға, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев). Балалар шеңбер бойымен жүріп, ән мәтініне сай қимылдар жасайды. Ойынға белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Бірінші бол.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жакқа созу. Тізбекке бір-бірден тұрады. «Шашырап жүру» ойын-жаттығуы: Жүру, зал ішінде аяқтың ұшымен жүгіру, тізбекке, сапқа тұру. Екі-екіден тізбекке тұрады. Гимнастиалық орындық үстінде ЖДЖ орындау Әр жаттығудың бастапқы қалыптарын сақтап орындайды. Негізгі қимыл-қозғалыстарды</p>	<p>Қобыз.</p> <p>– Қобызды қалай ойнайды? (Ысып.) Ендеше, ол – ыспалы аспап.</p> <p>Жетіген.</p> <p>– Жетіген аспабында қалай ойнайды? (Шертіп.) Жетіген – шертпелі аспап.</p> <p>Сыбызғы.</p> <p>– Сыбызғы аспабында қалай ойнайды? (Үрлеп.) Үрмелі аспап.</p> <p>Үлестірмелі материалдағы қоңыраудың суретіне назар саламыз.</p> <p>Жасалу жолдары мен техникасын түсіндіреді.</p> <p>Алдымен үлгідегі бейнелерді ретімен қиып алу: қоңырауды, бірнеше рет бүктелген ромб пен дөңгелекті қиып алады.</p> <p>Дайын болған үлгілерді қоңырау таяқшасына ретімен, желімді ұқыпты жаға отырып жапсыру.</p> <p>Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де.</p> <p>Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті.</p> <p>Үш саусағым орайды, Жүгіртеді қаламды.</p> <p>Өнерлі екен онаусақ, Қала салсақ, жол салсақ.</p>	<p>жармасады.</p> <p>Өткел» ойыны. Әр командаға құрсау «қайық» беріледі. Командалар бір «жағадан» екіншісіне «қайықпен» өтуі керек. «Құрсаудан өту» ойыны.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мүсін»</p> <p>Балалар залда шашырап жүреді. «Тоқта!» деп белгі берілгенде, олар бір мүсінге ұқсап, «қатып қалады». Ең әдемі, қызықты «мүсіндерді» атап өту керек. Жарыстың нәтижесіне қорытынды жасау. Командалардан кеткен қателерді балалармен бірге талдау.</p>	<p>қимылдар жасайды. Ойынға белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету.</p>	<p>қуыршақ, зырылдауық – ойыншықтар. Торғай, ара, бүркіт, қарлығаш. Ара артық. Ара – жәндік. Торғай, бүркіт, қарлығаш – құстар.</p> <p>«Көп ойла, сөз ойла» ойыны. Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады.</p> <p>1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды.</p> <p>2-топ темірден жасалған заттарды атайды.</p> <p>Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады.</p> <p>Демонстрациялық материалмен жұмыс. «Қасиетіне қарай топтастыр» ойыны.</p> <p>Тәрбиеші бір баланы шақырады. Ол бала теріс қарап үстел үстіндегі карточканы алады. Бала карточканы алып, ондағы ненің суреті екенін айтады. (Әйнек)</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>орындату (Зрет): «Бірінші бол!» ойын- жаттығуы: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тығылмақ» Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Көзі байланған жүргізуші ортада тұрады. Педагогтің белгісі бойынша балаларды тауып ұстауға тырысады, ал балалар зал ішінде әртүрлі бағытта ақырын қозғалып жүреді.</p>				<p>Тәрбиеші тағы үш баланы шығарады. Балалар үстел үстіндегі әйнектен жасалған заттарды бос орынға қояды. Мысалы, гүлсауыт, бокал, банкі. Тағы бір бала шығып, ағаштың суреті бар карточканы алады. Үш бала шығып, ағаштан жасалған заттарды бос орынға жинайды: қарындаш, ағаш тақтай, ағаш табақ. Келесі шыққан баланың карточкасындағы сурет – темір. Темірден жасалған тәрелке, шеге, қасықты топтастырып, бір жерге қояды. «Адамға күнделікті жұмысын жеңілдететін нәрселерді тап» ойыны. Ойын ережесі: Мен сендерге әртүрлі суреттерді көрсетемін. Егер суретте адамның күнделікті өмірде жұмысын жеңілдететін зат көрсетілсе, шапалақтайсындар, ал егер ол басқа зат болса, шапалақтамай, тыныш отырасындар.</p>
--	---	--	--	--	--

					<p>4. Дене шынықтыру Ерекше сабақтар Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктерін дамыту.</p> <p>«Би сабағы» Бір-бірден тізбекке тұрып, аяқтарын айқастырып жүреді. Теріс қарап 3 м жерге дейін жүреді (музыка әуенімен). Жүру түрлерін музыка әуенімен жүреді. Қимыл-қозғалыстарды музыка әуеніне сай, яғни басталғанда және аяқталғанда бірдей бастап, бірдей аяқтайды.</p> <p>«Денсаулық сабағы» Орындықтарды өз еріктерімен таңдайды. ЖДЖ-ны гимнастикалық орындық үстінде орындайды,</p> <p>«Бағдарлау сабағы» Екпіндерін өзгертпей, бірақ бағыттарын өзгертіп жүгірту. Қол мен аяқты үйлесімді</p>
--	--	--	--	--	---

					<p>қозғауларына назар аударту: қолдарын алдыға, жоғары кеуде тұсына дейін көтереді, сонан соң шынтақтарын артқа жібереді; жерге аяқтарының басымен басып, қысқа адымдайды. Педагогтің бұйрығымен бағыттарын ауыстырады. «Әртүрлі білімдер сабағы»</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мен білемін»</p> <p>Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағып алады. Допты жоғары лақтыруға тырысады, допты қағып алар кезде саусақтарын еркін ұстайды.</p> <p>Жандарындағы балаларға кедергі келтірмейтіндей сөздерді ақырын айтады.</p>
--	--	--	--	--	---

Серуенге дайындық	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалдарын таңдау; балалармен жеке әңгімелер. Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, балалармен спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды жүйелі түрде кию (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	<p>Аула сыпырушының жұмысын бақылау Мақсаты: күзде ересектердің жұмысы туралы білімдерін кеңейту; еңбекке деген құрметке тәрбиелеу. Еңбек қызметі: гүлді өсімдіктерді учаскеден топқа ауыстыру (хризантема). Мақсаты: гүлді абайлап қазып, құмыраға отырғызуды үйрету; өсімдіктерге деген сүйіспеншілікті, еңбек дағдыларын тәрбиелеу. «Мысық пен тышқан» қимылды ойын Мақсаты: ойын ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру; қозғалыс белсенділігін арттыру. «Бұрыш» Мақсаты: ептілікті, жүгіру жылдамдығын бекіту. Жеке жұмыс: бөренемен жүру және екі аяқпен секіру Мақсаты: тепе-теңдік сезімін және биіктіктен</p>	<p>Жолжелкенді бақылау. Мақсаты: дәрілік өсімдіктер туралы ойын қалыптастыру процесінде танымдық белсенділікті дамыту, жинау, сақтау және қолдану ережелері. Еңбек қызметі: аумақты құрғақ бұтақтардан жинау Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету, тапсырманы ортақ күшпен орындауға қол жеткізу. «Мысық пен тышқан» қимылды ойындары. Мақсаты: ойын ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру; мотор белсенділігін арттыру. «Бұрыш» Мақсаты: ептілікті, жылдамдықты бекіту. Жеке жұмыс Қозғалысты дамыту Мақсаты: допты нысанаға лақтыру дағдыларын дамыту. Шығарылатын материалмен дербес</p>	<p>Жеңіл көлікті бақылау. Мақсаты: көліктің мәні мен қызметтерін түсінуге үйрету; машинаның қандай материалдан жасалғанын анықтау қабілетін бекіту. Еңбек қызметі: аумақты бұтақтардан мен тастардан тазарту Мақсаты: еңбекқорлыққа және ұжымдық жұмыс істеуге тәрбиелеу. Қимылды ойындар «Қайда жасырылғанын тап» Мақсаты: кеңістікке бейімделуді үйрету. «Жоғарырақ секір» Шығарылатын материалмен дербес ойындар</p>	<p>Өрмекшіні бақылау. Мақсаты: өрмекшінің пайда болу ерекшеліктері, олардың өмірлік көріністері туралы білім мен түсініктерін кеңейтуді жалғастыру; қоршаған әлемге қызығушылық тудыру. Қимылды ойындар: «Бір-екі», «Дыбыссыз өт» Мақсаты: балаларды нақты, ырғақты, жақсы қалыпта және қимылдарды үйлестіре жүруге үйрету; балалардың шыдамдылығын тәрбиелеу құралы ретінде серуендеуді қолдану. «Қасқыр мен ешкі» Мақсаты: ережелерді қатаң сақтай отырып, ойын әрекеттерін үйрету; Еңбек қызметі: гүлді өсімдіктерді жүйектен ыдысқа ауыстыру (қазтабан). Мақсаты: балаларға</p>	<p>Қайыңды бақылау Мақсаты: балаларды қайыңмен таныстыруды жалғастыру. Еңбек қызметі: күзгі қолөнер үшін терек, қайың жапырақтарын жинау. Қимылды ойындар: «Мысық пен тауық», «Келесі кім?» Мақсаты: бір-бірінің артынан жүгіруді, тәрбиешінің белгісін тыңдауға үйрету. Қозғалыстарды дамыту бойынша жеке жұмыс Мақсаты: бір(оң, сол) аяқпен секіруді үйрету. Шығарылатын материалмен дербес ойындар</p>

	секіру қабілетін дамыту. Шығарылатын материалмен дербес ойындар	ойындар		гүлді айнала мұқият қазуды үйретуді жалғастыру; топырақпен бірге гүлдерді ыдысына мұқият тасымалдау; табиғатқа деген қызығушылықты, өсімдіктерге қамқорлық жасауды дамыту. Қимылды дамыту бойынша жеке жұмыс: баяу қарқынмен ұзақ жүгіру. Балалардың өзіндік ойындары	
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру. Жуыну тәсілдерінде жаттығуды жалғастыру: жеңді тұру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолды жұдырықта сығымдау. Сурет қарау: «Балалар қолын жууда». Олар туралы әңгімелесу. Өзіндік ойын іс-әрекеті				
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Көкөністер мен жемістер дүкені» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: сөйлеуді жандандыру және құрдастарымен қарым-қатынас жасау; ойынның соңына дейін рөлді орындау. «Жабық сурет» дидактикалық ойыны Мақсаты: назар аудару; сөздікті белсендіру. Оқу құралын үйрену Алтын сарайда отырды-патша, уәзір, король, королевич, етікші, тігінші. Сіз кім боласыз, тез шығып	Дидактикалық ойын «Бақта, бақшада не өседі?» Мақсаты: белгі бойынша тез әрекет ету қабілетін дамыту; ойын ережелерін орындау кезінде адалдыққа тәрбиелеу. «Шырын араластырамыз» дидактикалық ойыны (күрделі сын есімдерді қалыптастыру). Алма мен шабдалыдан-алма-шабдалы шырынын аламыз. Алма мен ананастан – ... Алма мен шиеден – ...	«Суретші шеберханасы» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балаларды қиялдай білу; ермексаздан түрлі көкөніс пен жеміс-кескіндерді жасау «Кім тез жинайды» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды көкөністер мен жемістерді топтастыруға үйрету; тәрбиешінің сөзіне тез жауап беруге, шыдамдылыққа, тәртіпке тәрбиелеу. «Буын санын сана»	Ойын «Қатені түзет» (сөйлемдегі сөздерді дұрыс орналастыр) Сорпа, бұршақ, пісіру, әже. Маша, алма, одан, бұтақ, алып тастау. Картоп, әке, бақша, жинау. Миша, қияр, салат, қызанақ, және, пісіру, бастап, оған, адамдар, өріс, егін, жинау, сәбіз. «Әңгіме құрастыр» ойыны (жоспар бойынша көкөніс, жеміс, жидек сипаттамасы)	«Біздің бақшамыз күтімде» аз қозғалысты ойын Мақсаты: зейінді, өз қимылдарын басқа балалардың қимылдарымен үйлестіру қабілетін дамыту. «Бақша» қимылды ойын Мақсаты: қимылдарды үйлестіруді, команда бойынша әрекет ету қабілетін дамыту

	кетіңіз, мейірімді және адал адамдарды ұстамаңыз. «Әже бұршақ екті» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті, әрекет жылдамдығын, зейінді дамыту; ойын ережелерін орындау кезінде адалдықты тәрбиелеу	Асқабақ пен сәбізден -... Алма мен сәбізден – ... Алма мен жүзімнен – ... Құлпынай мен алмұрттан -...	Сәбіз, алма, құлпынай, қызанақ, шабдалы, қарақат, қызылша, цуккини, алмұрт, сарымсақ, қауын, қияр, бұрыш, баклажан, шие, пияз, жүзім, қырыққабат, өрік, шалқан.		
Балалармен жеке жұмыс	Танымдық және зияткерлік дағдылар «Жақсы–жаман» дидактикалық ойыны Мақсаты: табиғаттағы қайшылықтарды көру. Жеке жұмыс	Қарым-қатынас дағдылары Дидактикалық ойын «Ауа-райы қандай?» Мақсаты: «ауа-райы» сөзінің анықтамасын таңдау	Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар «Жұмбақ шеш» дидактикалық ойыны Мақсаты: күзде жансыз табиғат туралы білімді бекіту. Жеке жұмыс	Танымдық және зияткерлік дағдылар Дидактикалық ойын «10-ға дейін санау» Жеке жұмыс	Қарым-қатынас дағдылары «Жеміске қандай сөз сәйкес келеді» дидактикалық ойыны Мақсаты: үйлесімді сөйлеуді, ойлауды дамыту Жеке жұмыс (анық сөйлеуді дамыту)
Балалардың үйге қайтуы	Тез киіну және шешіну қабілетін жетілдіру. Киімге арналған шкафта тазалық пен тәртіпті өз бетінше сақтау қабілетін бекіту. Әңгіме «Киімге арналған шкафта қалай тәртіп орнатамыз». Маған көмектесудің қажеті жоқ – Күртешені өзім шеше аламын, Бәтеңкемді де өзім шешемін Суреті бар шкафқа қоямын. Мұқият тыңдаңыз: Мен енді бәрін білемін!				

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Б.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ

Топ: Мектепалды даярлық

Топ жетекшісі: Есенкелді Қ.Е

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 16.10–20.10.2023ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16-қазан	Сейсенбі 17-қазан	Сәрсенбі 18-қазан	Бейсенбі 19-қазан	Жұма 20-қазан
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				

	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды	Құрылымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады	Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Шығармашылық ойыны: Фотосуреттер қарастыру Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерің айтып беру.	Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ. 1.Бірім, екім, Алма текім. Сапар айым, Сар шымшық. Балтаңды ал да, Жүгіріп шық. 2.Біз санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балан үйрек жалғасы.	Суретті жұмбақтар ойыны : Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Мұғалім үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей,	Саусақ ойыны : «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Балалармен жәндіктер мен қосмекенділер туралы әңгімелесу.	Үстел үсті театр ойыны : «Қосмекенділер әлемі» тақырыптар бойынша сюжетті суреттер қарастыру. Балалармен құстар туралы әңгімелесу.

			ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.		
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 4				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Психомоторлық жаттығу» Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер.	«Психомоторлық жаттығу» «Күлімдеген күн» Күн күлімдеп нұр төкті, Жақсы сөздер нұр септі, Еске сақтап кеңесті, Кел,қосылып айтайық бір-бірімізге..	«Психомоторлық жаттығу» «Табиғатпен үндестік» Шеңбер бойлап жүреміз, Әр гүлге көңіл бөлеміз. Сұлулық пеп махаббатты Сезініп өмір сүреміз.	«Психомоторлық жаттығу» <i>«Біз әдепті баламыз»</i> Әдеп сақтап әманда, Әрбір адал адамға. Жасасаң бір қамқорлық, Қайтарады саған да.	«Психомоторлық жаттығу» Көңілденіп күленіп, Бақытты боп жүремін. Бәрін біліп алатын, Мен ақылды баламын.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	1.Қоршаған ортамен таныстыру Барлық мамандық қажет әрі маңызды. Әртүрлі мамандықтар, еңбектіңмазмұны,сип	1.Сөйлеуді дамыту Қасқыр,түлкі,әтеш. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру:ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын	1. Сауат ашу негіздері Біз дыбыстар мен сөздер туралы не білеміз? Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі	1. Сөйлеуді дамыту Отбасының күзгі еңбегі.Сөйлемдердегі сөздерді:зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре	1. Көркем әдебиет Мақтақыз бен мысық. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны

	<p>аты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.</p> <p>«Не бұрын?» ойыны Тәрбиеші балаларға доп лақтырады. Допты қағып алған бала сұраққа тез жауап беруі керек.</p> <p>Ауырған адамның қасында. Емделудің жөнін айтар. Жазылған адамдар расында.</p> <p>Риза болып, рақмет айтар. (Дәрігер)</p> <p>Тәп-тәтті тамағы</p> <p>Астың маманы. (Аспаз)</p> <p>Қолдағы жұмыс жарағы:</p> <p>Қайшы мен тарағы. (Шаштараз)</p> <p>Ертеден-ерте тұрады</p> <p>Қолына рульді алады.</p> <p>Олай-былай айналдырар,</p> <p>Жолға қарап отырар. (Жүргізуші)</p>	<p>ойдан шығару.</p> <p>Ертегі жанры.</p> <p>Қасықр, түлкі, әтеш ертегісін сурет арқылы түсіндіру. Сөздік жұмыс.</p> <p>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар. Балалар пікірін тыңдау. Қасқыр, түлкі,</p> <p>Әтештің жолын тап ойыны. Ертегі кейіпкерлерінің үйлеріне апаратын жолды сызып көрсету. Жұмбақ шешу.</p> <p>Әтеш, түлкі сөздерін қатыстырып, сөз тіркес тері мен сөйлемдер құрау.</p>	<p>дыбыс</p> <p>тардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>Кіріспе әңгіме. Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады. Дыбыстар сөзде қандай да бір ретпен тізбектеліп орналасады. Кез келген дыбысты бірінен соң бірін жалғап, сөз жасай алмаймыз. Мысалы, мдоп, бұл – сөз емес. Ал «доп» десек, бұл – сөз. Ол – ойын құралы.</p> <p>Артикуляциялық жаттығу жасау.</p> <p>«Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы</p>	<p>білуді жетілдіру.</p> <p>Күз туралы сурет бойынша әңгіме жүргізу. Тірек сұрақтар.</p> <p>Ненің жапырағы ойыны. Алтын күз өлеңін оқу. Бау-бақша дағы күзгі еңбек тақырыбында әңгімелеу. Суретпен жұмыс. Балалар пікірі.</p>	<p>туралы айту,</p> <p>жасырын әрекетін түсіну. Балалар, бір-біріміздің көңіл күйімізді көтеруге мына сиқырлы қоңырау көмектеседі. Осы қоңырауды жалғастыру арқылы бір-бірімізге жылы тілектерімізді айтайық. Бұл ойын «Қоңырау» деп аталады. Ендеше мен бастайын, сендер жалғастырыңдар.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Бүгінгі күніміз сәтті болсын! – Достарыңнан жақсы тілек есту ұнады ма? Көңіл күйің көтерілді ме? – Балалар, суреттен нені көріп тұрсыңдар? – Мысық қалай дыбыстайды? – Ол нені жақсы көреді? – Бүгін «Мақтаңыз бен мысық» атты қазақ халық ертегісімен танысамыз. <p>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>Өлең оқып беру. <i>Н.Айтовтың</i> «Еңбектің бәрі мамандық» өлеңін оқиды.</p> <p>Мамандық алғың келе ме? Мамандық өзі немене? Айналаң толған мамандық, Айналаң толған өнеге. Тыңдайық, кәне, ойлайық, Білімге терең бойлайық. Оқыған маман – шын маман, Мамандық алмай қоймайық.</p> <p>Қандай мамандық иесі ойыны.</p>		<p>ерінге тигізу керек.</p> <p>«Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.</p> <p>«Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алғасозу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.</p> <p>«Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.</p> <p>«Берілген дыбысқа сөз ойлап айт» дидактикалық жаттығуы Мысалы айтылатын сөздер: алма, алақан, алмұрт, ананас, алша, автобус, акула, алжапқыш, Асқар, Айжан, Асылбек, аспан, ақ, арғымақ, ақыл, алпауыт, апта,</p>		<p>түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады.</p> <p>Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Ертегі не туралы? – Мақтаңыз не тауып алды? – Мақтаңыз мысықты қалай жазалады? – Мысық қатық іздеп жүргенде нелерге кездеседі? – Мысық құйрығын қалай қайтарып алды? <p>Сергіту сәті:</p> <p>Біз балдырған баламыз, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан! Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.</p> <p>Дәптермен жұмыс: Суреттер бойынша ертегі</p>
--	---	--	---	--	--

			<p><i>асқазан, арыстан, арқан, алқап, алтын т.б.</i> Ойын соңында көп фишка жинаған жеңімпаз анықталады.</p> <p>Сөздермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма</p> <p><i>«Сөздерді өлшеуді білеміз»</i></p> <p>дидактикалық жаттығуы</p> <p>Тәрбиеші балаларға әртүрлі сөздер айтады, балалар сөздің ұзын немесе қысқа екенін анықтайды.</p> <p>Алақанды бір-біріне жақындату арқылы сөздерді өлшеуге болатынын айтады. Егер қысқа сөз болса, онда екі алақанды бір-біріне жақын, ал ұзын сөз болса, онда екі алақанды бір-бірінен алшақ ұстайды.</p> <p>Мысалға айтылатын сөздер: <i>көз, бағдаршам, лақ, жолбарыс, бақа, тасбақа, доп,</i></p>		<p>жүйесін сақтап баянда.</p> <p>Мысық не істеді?</p> <p>Мақтаңыз неге ашуланды?</p> <p>Досыңмен кейіпкерлердің диалогін құр.</p> <p>Жұмбақты шеш.</p> <p>Тонын киіп туған,</p> <p>Жалап бетін жуған. <i>(Мысық)</i></p> <p>Ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналау.</p> <p>Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге қарап, иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды.</p>
--	--	--	---	--	--

секіртпе.

2-тапсырма

*«Бір сөзбен айт»
дидактикалық
жаттығуы*

Мен сендерге заттардың атын білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол сөздердің ортақ атауын айтасыңдар. Мысалы:

Қазан, кесе, шанышқы. Бұлар нелер? Ыдыстар.

Мысалға айтылатын сөздер: керует, үстел, орындық; алма, алмұрт, шие, жүзім; сәбіз, пияз, картоп, қызанақ; көйлек, шалбар, тон; бәйшешек, қызғалдақ, раушан; нан, сүт, май, шұжық; сиыр, қой, ит, жылқы; арыстан, қасқыр, түлкі; шырша, қайың, терек.

3-тапсырма

*«Кері атауын ата»
дидактикалық*

			<p>жаттығуы</p> <p>Мен сендерге қандай да бір сөз айтамын сендер сол сөздің кері мағынасын айтасындар.</p> <p>Мысалы: ыстық-суық; кішкентай-үлкен; ақ-қара; қатты-жұмсақ; биік-аласа; ауыр- жеңіл; ұзын-қысқа; ашулы-көңілді; жас-кәрі; ашты-тәтті, мықты-әлсіз, көп-аз, жалпақ- жіңішке.</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p>		
--	--	--	--	--	--

Үзіліс : Жабық және ашық кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар

Ойын: «Тығылыспақ»

Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:

Қысқыштармен ойналатын ойын

Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.

«Жаңғақтармен ойын»

Ойын шарты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.



Ойын: «Тығылыспақ»

Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту

Жасы: 5-6 жас аралығы

Қажетті заттар:

Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады.



Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>2.Сауат ашу негіздері</p> <p>Дыбыстар мен сөздер-біздің көмекшілеріміз.</p> <p>Сөздерді дыбыстық талдау:</p> <p>сөздегі дыбыстардың ретін,</p>	<p>2.Қазақ тілі</p> <p>Ойнайық та ойлайық.</p> <p>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.</p> <p>Игерген сөздерін қолданып,сөйлем</p>	<p>2. Математика негіздері</p> <p>5-ке дейін санаймыз.</p> <p>Ойын жаттығулары</p> <p>Цифрды,санды және санның нүктелер түріндегі</p>	<p>2.Қазақ тілі</p> <p>Менің отбасым.</p> <p>Менің есімдігімен таныстыру.Отбасы мүшелерін қазақша айтуға,сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету.</p>	<p>2. Сауат ашу негіздері</p> <p>Дыбыс және сөз.</p> <p>Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыс тардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p>
--	--	---	---	---	--

<p>сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасындар. Мысалы: <i>тттиін(т), қққасқыр(қ), бббаққа(б), вввагон(в), ггарыш(г), дддоп(д), жжжалбыз(ж), зззәкір(з), ккккітап(к), лллақ(л), мммақта(м), нннан(н), сссағыз(с), пппарта(п), ррррадио(р), һһһаһ(һ), фффабрика(ф), чччуна-чччупс(ч), цциркуль(ц), шшшахмат(ш), ццицетка(ц), хххат(х), уууылдырық(у) т.б.</i></p> <p>«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны</p> <p>Тәрбиеші а, б, у, о, и, с, п, р, л, д, ф, ж дыбыстарын айтады. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса – қызыл, ал дыбыс</p>	<p>калыптастыру. Тәрбиеші алмалар салынған суретті көрсетіп есептік жағдаят нұсқасын ұсынады. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.</p> <p>4. Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру.</p> <p>Құмырадағы гүлдер Тілек шоғы» шаттық шеңбері.</p> <p>Тәрбиеші әр баланың қолына бір-бір гүлден таратады. Өз қолындағы гүлді тілек айтып, жанындағы балаға ұсынады. Жылы сөз айту жалғасады. Гүлдер көбейіп, «Тілек шоғы» болып, Тәрбиешінің өзіне оралады. Кімде-кім жақсы тілек айтса, жақсы тілек ойласа, сол үлкен жақсылыққа айналып өзіне қайтады. Тосын жағдаят.</p> <p>Балалар, біреу есік қағып тұр, кім келді екен? Әже кіреді.</p> <p>Әжей: Бүгін менің немерем Әселдің туған күні, – дейді. Балалар, туған күнге қандай сыйлық сыйлайды? Балалар талқылайды. Әже Әселге арнап құмырадағы гүлдің жапсырмасын</p>	<p>жылдам айта бастайды. Ол кенет үзіп жібереді де, балалардың біреуіне келіп, соңғы санды қайталауын сұрайды.</p> <p>Үшбұрыш құрастыр ойыны.</p> <p>Мақсаты: 8-дің көлемінде есептік санау дағдыларын дамыту. Әрбір балалар жұмыс үстеліне санақ таяқшаларын таратылып беріледі. Балалардың міндеті: 5, 6, 7, 8 таяқшадан үшбұрыш құрастыру. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.</p> <p>3. Көркем әдебиет</p> <p>Алтын балта.</p> <p>Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл-күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонация мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p> <p><i>Ғажайып жағдаят.</i> Балалар, мен сендерге сиқырлы қорапша алып келдім. Оның ішінде не бар екен, ашып көрейік. Қорапшаның ішінен бір сурет алып шығады. – Суреттен нені көріп тұрсындар? (<i>Балта</i>) – Бұл не деп ойлайсындар? Ол не үшін керек? Мұндай затты</p>	<p>санының құрамы. Тәрбиеші фигуралар салынған екі карточка көрсетеді, ал карточкаларда ғы фигуралардың жалпы саны-8. Карточкалардың бірі теріс қаратылып қойылған. Тәрбиеші екі карточкадағы барлығы 8 фигура бар. Теріс қаратылып қойылған карточкадағы фигуралар нешеу екенін табындар.</p> <p>Фигураларды бөлшектерге бөл ойыны.</p> <p>Мақсаты: Фигураларды теңдей бөлшектерге бөлу іскерлігін қалыптастыру. Әр балаға жұмыс үстеліне қағаздан жасалған бірдей 3 шаршы парақ үлестіріледі. Балалардың міндеті: әрбір шаршы парақты әртүрлі етіп теңдей 4 бөлшекке бөлу.</p> <p>4. Музыка</p> <p>Гүлдене бер, Астана.</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық шығармалардың</p>	<p><i>дыбыстан басталатын сөзді жалған айтуларың керек. Мысалы: үстел ... (биік), қоян (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ... (доп), ала ... (жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бақа), білімді ... (ғалым), жайылып жүр ... (жылқы), күмбірлеген ... (домбыра), желбірейді ... (жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б.</i></p> <p>3. Қоршаған ортамен танысу.</p> <p>Бізді не қоршап тұр? Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.</p> <p>«Тағы не істейді?» ойыны</p> <p>Ойын тәртібі бойынша балалар заттың іс-әрекеттерін немесе қасиетін атап көрсетуі тиіс. Балалардың жауаптары: Дәурен: Үйрек суда жүзе алады, тағы не істейді? Сүгір: Сүңгиді, жерде жүреді, ұшады, барылдайды. Д: Мысық</p>
--	--	---	--	---

	<p>дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.</p> <p>«Түсіп қалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны.</p> <p><i>Тәрбиеші заттың суреттерін көрсетеді.</i> Балалар, мен сендерге сурет көрсетіп, сөздердің бір дыбысын түсіріп айтамын, сендер түсіп қалған дыбысты қосып, толық сөзді айтуларың керек. <i>(Балалар суретке қарап, педагогтің қатесін түзеп, түсіп қалған дыбысты айқынырақ айтады.</i> Мысалы: ұша...(қ), қызына...(қ), бана...(н), тор...(т), апельси...(н), қоя...(н), автоб...(с), шәйне...(к), қо...(й), текш...(е), до...(п), күші...(к), сыпырғы...(ш), қамш...(ы), телефо...(н), қылы...(ш), қайы...(қ), балапа...(н),</p>	<p>жасауды ұсынады. Үлестірмелі материалдағы «Құмырадағы гүлдер» суреті Құмырадағы гүл туралы әңгімелеу. Алдымен құмыраның суреті салынған бөлігін қиып алу. Тәрбиеші балаларға қағаздан гүл бөлшектерін қиюды, содан соң гүлдерді жапсыру техникасын көрсетіп, түсіндіру. Балалар шығармашылығы.</p>	<p>көргендерін бар ма? Балалар, бүгін «Алтын балта» орыс халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі ойдан, қиялдан туады. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу. Сөздік жұмыс: <i>диірмен</i> – дәнді дақылдарды ұнға айналдыратын орын, <i>балта</i> – ағаш кесетін құрал <i>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> -Ертегі қалай аталады? – Кедей қайда барды? – Балта қайда түсіп кетті? – Балта не үшін қажет? – Диірменші қандай балталар ұсынды? – Диірменші неліктен кедейге алтын балтаны берді? – Бай не істеді? – Ертегі қалай аяқталды? <p>Сергіту сәті: Біз балдырған баламыз, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. Суретті кара. Ертегінің жүйесін сурет бойынша баянда. Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және</p>	<p>жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Музыкалық ырғақтық қимылдарды меңгеру.</p> <p>«Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құстар» (Т. Ломова)</p> <p>Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана»</p> <p>Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет)</p> <p>Билер: «Асатаяқ биі» қыздардың қатысуымен.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Мен күйшімін». Ойынға ойыншық домбыра аспабы қолданылады. Балалар шеңбер бойымен отырып, бастаушы «күйші бала» күйге ілесе домбырада «ойнайды». Күй тоқталғанда, шеңберде отырған қай бала бірінші орнынан тұрса, сол бастаушы-«күйші» болады.</p>	<p>тышқан аулайды, одан басқа тағы не істей алады?</p> <p>С: Бетін сипалайды, пысылдайды, мияулайды, серуендейді, ұйықтағанды жақсы көреді. Д: Күн жарық сәуле шашады. Тағы не жарық шашады?</p> <p>С: Қалта шам, шам, көліктің шамы...</p> <p>«Менің достарым» дидактикалық ойыны</p> <p>Тәрбиеші орындай алатын іс-әрекеттерін айтып береді. Балалар қолдарына белгілі бір заттардың суреті салынған карточкаларды алады. Содан соң тәрбиеші атаған адам немесе басқа да бір заттың атын атап, оның не істей алатынын атап айтады. Мысалы: Менің достарым – тыныстай алады. Балалар жанды табиғат бөліктері бейнеленген үлгілерді көрсетеді.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Отбасымызбен жаттығамыз.</p> <p>Негізгі қимылдар: еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастыру.</p>
--	---	---	---	---	--

<p><i>тырн...(а), тара...(қ), бақ...(а), балмұзда...(қ), қан...(т), қия...(р).</i></p> <p>3.Музыка Гүлдене бер,Астана. Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән,күй,марш,,би) үйрету.Музыкалық ырғақтыққимылдарды меңгеру. «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құстар» (Т. Ломова) Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана» Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет) Билер: «Асатаяқ биі» қыздардың қатысуымен. Ойындар, хороводтар: «Мен күйшімін». Ойынға ойыншық домбыра аспабы қолданылады. Балалар шеңбер бойымен отырып, бастаушы «күйші бала» күйге ілесе домбырада</p>		<p>эмоциясын келтір. Жұмбақты шеш. Ә дегеннен тап береді, Тап бергеннен қақ бөледі. (Балта) Ескегі бар, жүзбейді, Ұшудан үміт үзбейді. (Желдиірмен) Үзік сызықтарды бастырып сыз. Боя. Не артық? Белгіле. Тапсырма бойынша ертегіге қатысы жоқ суретті белгілеу 4. Дене шынықтыру Әкем,анам және мен. Сапта тұру,сап түзеу,сапқа қайта тұру.Сапқа бір ,екі,үш қатармен тұру,бір –бірінің жанына және бір бірінің артынан сапқа тұру,орнындаайналу,оңға,солға бұрылу,сап түзеп,бір және екі,үш қатармен қайта тұру.Саусақ гимнастикасы: «Отбасы»Бас бармағым – атам, Балалы үйрек – әжем, Ортан терек – әкем,Шылдыр шүмек – анам, Кішкене бөбек – мен.Міне – менің спорт сүйер отбасым.Бір тізбекпен табанды өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүру. Тыныс алуды қалпына келтіру.Құрсаумен орындалатын ЖДЖ (№1), құрсауды айналдыру, құрсауды тігінен қойып айналдыру, қолдың</p>	<p>«Зейіндерін жаттықтыру» Ойын жаттығуы: «Жылдам шеңберге түр!»: көрсетілген жерге: сол, оң, алдыға, артқа шеңберге жылдам тұру.</p> <p>«Ептілікті жаттықтырамыз» Құрсаумен орындалатын ЖДЖ (№2), құрсауды айналдыру, құрсауды тігінен қойып айналдыру қолдың моторикасын, шапшаңдық секілді дене сапасын дамытады.</p> <p>Қозғалыс үйлесімділігін жаттықтырамыз» Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Алма-кезек адымдап өрмелеу, тепкішектерден дұрыс ұстау, Ойын жаттығуы: «Допты қағып ал!»Допты жоғары лақтырып, қолды артқа</p>
---	--	---	---

	<p>«ойнайды». Күй тоқталғанда, шеңберде отырған қай бала бірінші орнынан тұрса, сол бастаушы-«күйші» болады.</p> <p>4.Дене шынықтыру Мерген болғым келеді.Лақтыру,қағып алу,домалату.Допты жоғары,жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен,бір қолымен қағып алу. «Көңіл күйінді көрсет» ойын-жаттығуы. Бір сызық бойында тұрып, жүргізушінің сұрағына им-ишарамен жауап береді. Тізбек бойынша жүру және жүгіру.«Жұбынды тап!» ойын-жаттығуы. Жұп болып шалқадан жатып, қолды желкеге қойып, пресс жасау (5 рет).</p> <p>Көзге арналған гимнастика: «Әдемі көбелек» «Әдемікөбелек бізге ұшып келді».«Әдемі көбелек, көзімізді тынықтырайық».</p> <p>Тепе-теңдік</p>		<p>моторикасын, шапшаңдық секілді дене сапасын дамытадыНегізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: Ойын: «Тигізбе!» (4 рет) Мақсаты: Шапшаңдық секілді дене сапасын дамыту, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін қолдана білу. Айналып тұрған секіртпенің астынан жүгіріп өту.Тыныс алу гимнастикасы: «Отбасы»Қол ұстасып тұрып, бәрімізді бір отбасы деп сезінейік. Бәріміз бірге дем аламыз, дем шығарамыз (3 рет). Өте жақсы. Жүрегіміздің қалай соққанын тыңдайық. Түк – бір адым алға, түк – бір адым артқа (3 рет)</p>		<p>жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады. Релаксация: «Сиқырлы ұйқы».</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>«Түсіріп алма» ойынжаттығы:</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қу түлкі»</p>				
Серуенге дайындық	<p>Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалын таңдау; балалармен жеке әңгімелер. Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігіне жағдай жасау, балалармен спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.</p> <p>Ауа-райына байланысты балаларды реттілікпен киіндіру, дұрыс киінуді қадағалау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, жалпы және ұсақ моториканы дамыту)</p>				
Серуен	<p>Өтіп бара жатқан адамдарды бақылау</p> <p>Мақсаты: адамдардың киіміндегі өзгерісті байқауға, себеп-салдарлық байланыс пен тәуелділікті, маусым мен ауа-райына байланысты киімнің өзгеруін түсінуге үйрету.</p> <p>Еңбек қызметі: учаскені бұтақ пен тастан тазарту</p> <p>Мақсаты: еңбекқорлық пен ұжымдық жұмыс істей білуге тәрбиелеу.</p> <p>«Қардан не жасауға болады» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: қиялды, байқауды дамыту.</p> <p>«Тұзақ» қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты: ептілікті, жол тапқыштықты, зейінділікті, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін дамыту.</p> <p>Шығарылатын материалмен ойындар</p>	<p>Күнді қарау</p> <p>Мақсаты: күн жылуының, жарықтың және қардың күйінің байланысын ажыратуға үйрету.</p> <p>Еңбек қызметі: жолдарды сыпыру</p> <p>Мақсаты: басқа адамдардың еңбегіне деген еңбекқорлық пен құрметке тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын «Дөңгелек, шаршы, сопақша шырша»</p> <p>Мақсаты: ойлауды белсендіру; қоршаған объектілердегі геометриялық пішінді ажыратуға үйрету.</p> <p>«Өзіңе жұп тап» қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты: сигнал бойынша қимылдарды</p>	<p>Ауа-райын бақылау</p> <p>Мақсаты: шеберлікті қалыптастыру</p> <p>табиғат құбылысы мен жыл мезгілінің өзгеруі арасындағы себеп-салдарлық байланыс мен тәуелділікті түсіну.</p> <p>Еңбек қызметі: кіреберісті сыпыру</p> <p>Мақсаты: еңбек міндетін мұқият орындауға үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?»</p> <p>Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы идеяларды қалыптастыру.</p> <p>«Бұлақтан секіру» қимылды ойын</p> <p>Мақсаты: ептілікті дамыту, екі аяқпен секіру, тепе-теңдікте жаттығу.</p> <p>Шығарылатын</p>	<p>Бұлтты бақылау</p> <p>Мақсаты: әлем туралы біртұтас қабылдаудың негізі ретінде жер мен аспан бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p>Еңбек қызметі: хризантема бұталарындағы сабақтарды кесу</p> <p>Мақсаты: адам өсімдіктерге қыста дайындалуға көмектесуі керек деген білімді бекіту.</p> <p>«Неге ұқсайды» дидактикалық ойын</p> <p>Мақсаты: қиялды, сөйлеуді дамыту.</p> <p>«Шаңырақ» қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты: зейінді,</p>	<p>Құстарды бақылау</p> <p>Мақсаты: күздің аяғында құстардың өмірі қалай өзгергенін байқауға үйрету.</p> <p>Еңбек қызметі: учаскені қардан тазарту</p> <p>Мақсаты: табандылыққа тәрбиелеу.</p> <p>«Алдымен не, содан кейін не болады?» дидактикалық ойын</p> <p>Мақсаты: есте сақтау, логикалық ойлауды дамыту.</p> <p>«Жүгіру» ашық ойыны</p> <p>Мақсаты: ептілікті, жүгіруді, зейінді, ережелерге сәйкес ойнау қабілетін дамыту.</p>

		орындау қабілетін дамыту, тез жұпқа салу; жүгіруде жаттығу, түстерді тану; бастаманы, тапқырлықты дамыту. Шығарылатын материалмен ойындар	материалмен ойындар	сигнал бойынша әрекет ету қабілетін дамыту. Шығарылатын материалмен ойындар	Шығарылатын материалмен ойындар
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру; жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолдағы суды түсіру. «Балалар қолын жуды» суретін қарау. Ол жайлы әңгіме. Өзіндік ойын әрекеті				
Балалардың өзіндік іс-әрекеті	«Концертте» сюжетті-рөлдік ойын Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру; дикцияны дамыту; өлеңдерді мәнерлеп оқу. «Үлгіні құрастыру» ойыны. Мақсаты: қазақ ою-өрнегінің дайын элементтерінің көмегімен шеберлікпен жаттығу; жазықтықта өрнек жасау. «Біз сыпайы сөйлейміз» жылжымалы қалтаны қарау Мақсаты: балалардың мінез-құлық ережелері туралы білімдерін бекіту	«Отбасы» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: отбасылық дәстүрлер туралы идеяларды бекіту; ойында қоршаған шындықты көрсету қабілетін дамыту. «Киіз үй» ойыны Мақсаты: сөздерді нақты айтуға және қимылды орындауға үйрету. Трафарет бойынша сурет салу (қазақ ою-өрнегінің элементтері) Мақсаты: трафарет пен қарындашпен жұмыс істеудің техникалық әдістерінде жаттығу. Жаттығу ойыны «Қоразға арналған дәндер» Мақсаты: пластилиннің кішкене бөліктерін үлкенінен үзіп алуға үйрету, оларды домалақтау	«Қауіп» тақырыбында жұмбақ шешу Проблемалық жағдайларды шешу: «Торай қиындыққа тап болды». «Тәрбиелі балаларға арналған мінез-құлық ережелері» презентациясын қарау Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениеті туралы түсініктерді қорытындылау. «Бірдейін тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: көрнекі қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту	«Отбасы» сюжетті-рөлдік ойын Мақсаты: сюжетті дамыту қабілетін бекіту; отбасы мүшелерінің міндеттерін орындау. Ш. Перроның «Қызыл телпек» ертегісін оқу (полилингвальды компонентті қолдану) Құрылыс материалымен ойнау «Өрт сөндіру машинасына арналған гараж және жол» құрылысы Мақсаты: балалардың сындарлы дағдыларын бекіту. «Сөзді ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөзді белгілі бір ретпен атауға үйрету; зейінді, есте сақтауды дамыту	«Қандай?» дидактикалық ойын Мақсаты: зейінді, ойлауды, сөйлеуді дамыту. Ертегіні драматизациялау Ш. Перро «Қызыл телпек» Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілетін, диалогтық сөйлеуді дамыту (Көп тілді компонентті қолдану). «Бағдаршам» жол қозғалысы ережелері бойынша презентацияны қарау Мақсаты: балалардың ЖҚЕ туралы білімдерін, бағдаршам түсінің атауын қазақ және ағылшын тілдерінде бекіту. «Жұдырық, қабырға, алақан» дидактикалық

					ойыны Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын, ойлауын, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту.
Балалар мен жеке жұмыс	Танымдық және зияткерлік дағдылар «Не жанады, не жанбайды?» дидактикалық ойын Мақсаты: заттардың қасиеті туралы білімді бекіту.	Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі «Қайық өзенде жүзеді» ойын жаттығуы Мақсаты: тіктөртбұрыштың бұрышын кесу арқылы заттардың бейнесін жасауға үйрету.	Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар «Әрқашан абай бол» дидактикалық ойыны (ертегілер бойынша) Мақсаты: ертегі кейіпкерінің мысалында әртүрлі өмірлік жағдайда қауіпсіз мінез-құлық ережесін қолдану қабілетін қалыптастыру; ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту.	Қозғалыс дағдылары «Лақтыр-ұста» ойын жаттығуы Мақсаты: допты бір қолмен лақтыру және екі қолмен ұстау қабілетін жетілдіру.	Қарым-қатынас дағдылары «Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойын Мақсаты: сұрақтарға толық ұсыныстармен жауап беру қабілетіне машықтану; жыл мезгілдері, тәуліктің бөліктері туралы түсініктерді нақтылау.
Балалардың үйге қайтуы	«Балабақша мамандарының ата-аналарымен өзара іс-қимылы» тақырыбында дөңгелек үстел Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларда үйлесімді сөйлеуді дамыту бойынша тәрбиешілер мен ата-аналардың бірлескен қызметі Стендтік кеңес «Балаларды қалай жазалауға болмайды? Неден аулақ болу керек?» Мақсаты: балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мәселесінде ата-аналардың құзыреттілігін арттыру				

ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: **Б.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ**

Топ: **Мектепалды даярлық**

Топ жетекшісі: **Есенкелді Қ.Е**

Балалардың жасы: **5-6 жас**

Жоспар қай кезеңге жасалды: **20.11–24.11.2023ж**

Күн тәртiбi	Дүйсенбi 20.11.2023	Сейсенбi 21.11.2023	Сәрсенбi 22.11.2023	Бейсенбi 23.11.2023	Жұма 24.11.2023
Балаларды қабылдау	Тәрбиешiнiң балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгiмелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңiл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосферасын құру.				
	<p>Аптаның өлеңi «Бала кезден спортты жақсы көремiн» С. Оладова</p> <p>Бала кезден спортты жақсы көремiн, Ол менi тәртiпке үйреттi. Таңертең ұзақ ұйықтамаймын, Мен жаттығу жасаймын. Содан кейiн жүгiру, секiру, Және еденде жаттығу. Иә, жаттығу оңай емес, Бiрақ мен сергек және көңiлдiмiн.</p>	<p>Психогимнастика</p> <p>Спортшы екенiңдi елестетiп көрiңдер. Мимикамен ауыр салмақты қалай көтерегiнiңдi, не сезiнетiнiңдi көрсетiңiз. Гимнаст екенiңдi елестетiп көр, арқанмен жүр, өз сезiмiң туралы айтып бер.</p>	<p>«Күрес» саусақ гимнастикасы</p> <p>Кiшкентай саусақты бiр – бiрiне жабыстыр және басқа жұп саусақтармен күрестiр: цы, цы, цы – балуандар күрестi деп айту.</p>		
Ата-аналармен кеңес, әңгiмелесу	Отбасы жағдайында баланың денесiн шынықтыру, ересектердегi жаман әдеттер және олардың балалардың салауатты өмiр салтына әсерi туралы әңгiме. Жеке әңгiмелер				
Балалардың дербес әрекетi (аз қимылды ойындар, үстел үстi ойындары, бейнелеу iс-әрекетi, кiтаптар қарау)	<p>«Төлдерге енесiн табуға көмектес» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: сөйлеудi белсендiру; сөздiк қорын кеңейту (сөйлеудi дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p> <p>«Қайталап көр!» ойыны</p> <p>Мақсаты: визуалды зейiн мен қозғалыстарды үйлестiрудi, жарты шар аралық байланыстарды дамыту (дене шынықтыру + математика)</p> <p>«Саусақ твистерi» үстел ойыны</p> <p>Мақсаты: саусақ қозғалысын үйлестiрудi, ұсақ моториканы, жарты шар аралық өзара әрекеттесудi, зейiндi дамыту; түстер мен олардың реңктерiн бекiту;</p>	<p>«Логикалық кесте» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: геометриялық фигураларды, түстердi, реңктердi бекiту; қабылдауды, зейiндi, логикалық ойлауды дамыту (математика + сөйлеудi дамыту)</p> <p>«Орын ауыстыру» ойыны</p> <p>Мақсаты: балалардың шығармашылық белсендiлiгiн арттыру, қиялын ояту, көңiл-күйiн көтеру, жинақылықты, зейiндi дамыту,</p>	<p>«Серуенге бару» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: әр маусымға сәйкес киiм мен аяқ киiмдi таңдау (сөйлеудi дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p> <p>«Ептi саусақтар» ойыны</p> <p>Мақсаты: мотор импровизациясының қабiлетiн, мотор тапқырлығын, мотор мәселелерiн бiрлесiп шешу кезiнде әрекеттердi үйлестiру қабiлетiн дамыту</p>	<p>«Төртiншi артық» дидактикалық ойын</p> <p>Мақсаты: логикалық ойлауды, зейiндi және өз гипотезаларын дәлелдеу және қорғау қабiлетiн дамыту (қоршаған әлеммен танысу + сөйлеудi дамыту)</p> <p>«Жаңғырық» ойыны</p> <p>Мақсаты: баланың шығармашылық белсендiлiгiн арттыру; қиялды ояту, көңiл-күйдi көтеру; жинақылықты, зейiндi, эмоция мен iс-әрекеттi басқару</p>	<p>«Не естiледi?» дидактикалық ойын</p> <p>Мақсаты: есту зейiнiн дамыту (сөйлеудi дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p> <p>«Қайталап көр!» ойын</p> <p>Мақсаты: визуалды зейiн және қозғалысты үйлестiру жартышар аралық байланыстарды дамыту (дене шынықтыру + математика)</p>

және басқалар)	кеңістіктегі бағдар: сол-оң, жоғарғы-төменгі. (математика + сөйлеуді дамыту)	эмоциялар мен іс-әрекеттерді басқару қабілеті, ұжымдық және үйлесімді іс-әрекет дағдылары (дене шынықтыру + математика) «Кір жуу» үстел ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды, логикалық ойлауды, келісу қабілетін дамыту (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	(дене шынықтыру + математика) «Күшікті тамақтандыр» үстел ойыны Мақсаты: мысалды шешуде санау дағдыларын жетілдіру; толық сөйлеммен жауап беру кезінде балалардың сөйлеуін дамытуға ықпал ету (сөйлеуді дамыту + математика)	қабілетін, ұжымдық және үйлесімді іс-әрекет дағдысын дамыту (сөйлеуді дамыту + шығармашылық) «Саусақ твистері» үстел ойыны Мақсаты: саусаққозғалысын үйлестіруді, ұсақ моториканы, жартышар аралық өзара әрекеттесуді, зейінді дамыту; түстер мен оның реңктерін бекіту; кеңістіктегі бағдар: сол-оң, жоғарғы-төменгі (математика + сөйлеуді дамыту)	«Анасының көмекшілері» үстел ойыны Мақсаты: сөздік қорын толықтыру; сөйлемдер мен әңгімелер құрастыру (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар кешені				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Жорықтағы мінез-құлық ережелері. Алғашқы медициналық көмек» әңгімелесу Мақсаты: балаларды жорықта жүріс-тұрыс ережелерін сақтауға үйрету: бұзбау, шуламау, басқалардан қалыс қалмау, алғашқы көмек көрсету.	«Өзіңді таны» әңгімелесу Мақсаты: балаларды адамдардың көңіл-күйін байқауға, олардың көңіл-күйі туралы айтуға үйрету.	«Тыныс алу гимнастикасының пайдасы туралы» әңгімелесу Мақсаты: бұлшықет босансуына және жүйке-эмоционалдық ширығуды жеңілдетуге ықпал ету; өз денесіне жағымды құндылық қатынасын дамыту; дұрыс тыныс алу дағдысын қалыптастыру.	«Гигиенаның пайдасы туралы» әңгімелесу Мақсаты: жеке гигиена дағдыларын жетілдіру; гигиена ережесін сақтаудың пайдасы туралы айта білу, талқылау.	«Дұрыс таңдау жаса» дидактикалық ойыны Мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау; өз денсаулығын сақтау үшін жеке жауапкершілікке тәрбиелеу.
Ұйымдастырылған іс-	1. Қоршаған ортамен танысу Байланыс құралдары Көлік, байланыс құралд	1. Сөйлеуді дамыту Әжесін кім жақсы көреді? Тілдің грамматикалық	1. Сауат ашу негіздері Сиқырлы дыбыс әлемі Сөздің мағынасын түсіну; сөздерге дыбыстық	1. Сөйлеуді дамыту Жыл басына таласқан жануарлар Тілдің грамматикалық	1. Көркем әдебиет Үш қыз. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде

<p>әрекет</p>	<p>ары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсізді сақтау.</p> <p>«Сымсыз телефон» ойыны. Бастаушы бір баланың құлағына бір сөз айтады, ол бала жанындағы балаға сыбырлап, басқаларға естіртпей жеткізу керек. Осылай сөзді өзгертпей келесі балаға айтады. Ең соңғы бала естіген сөзді дауыстап айтады, егер сөз өзгерген болса, кім қандай сөз естігенін қайталап айтып, сөзді кім өзгертсе, сол бала айыпты болады. Жұмбақтар шешу. Бар екен бір терезе ғажап үйде, Кино болар терезеден күнде-күнде. Айтқан</p>	<p>құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Дәрігерлер туралы М. Төрежанов ағаларың да әңгіме жазған. Ол кісінің балаларға арналған қызықты әңгімелері көп. Атап айтатын болсақ, "Ана алғысы", "Үш дос", "Адал дос", "Біз де ойнаймыз", "Шие тергенде" деген әңгімелері бар. Дәрігер туралы "Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқып беремін: Қанат пен Болат әжесінің жанында ойнап отыр. Бір кезде Қанат әжесін құшақтап: Әжем менікі, мен әжемді жақсы көремін, деді. Болат Қанаттан қалыспай әжесінің екінші жағына шығып: Әже сенікі емес, әжем менікі, мен жақсы көремін. Мен сен сияқты әжемнің басын қатырмаймын, – деп таласты. Әже немерелерінің таласына</p>	<p>талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>«Не қалай дыбыстайды?» ойыны</p> <p>Балаларға сұрақтар қойылады, балалар жауап беріп, әр құстың даусын салады.</p> <p>Әтеш қалай дыбыстайды? Қарға қалай дыбыстайды? Бұлбұл қалай дыбыстайды? Аққу қалай дыбыстайды? Торғай қалай дыбыстайды?</p> <p>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дауысты дыбыстар деген не? Дауыссыз дыбыстар деген не? Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді? Қатаң дауыссыз дыбыстар қалай жасалады? Ұяң дауыссыз дыбыстар ше? Үнді дауыссыз дыбыстар ше?</p> <p>Артикуляциялық жаттығу жасау.</p> <p>Құстардың суреттерін тақтаға іледі.</p> <p>Балалар, қандай құстарды білесіңдер? Қарға, тоқылдақ т.б. Мен</p>	<p>құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p> <p>Ойлан тап дидактикалық ойыны.</p> <p>Шарты: тәрбиеші балалардың білетін шығармаларынан үзінді оқиды. Балалар оның қай шығарма екенін тауып айтады. Біраз жүрген соң әкесінің қолынан бір шиеші жерге түседі. Ы. Алтынсариннің Әке мен бала әңгімесі. Тышқан наубайханаға келді. Мұнда көп дамнан пісіріп жатыр екен. Нан қайдан келеді? ертегісі. Тапқан екенсің дәмді тамақты. Күтірлетіп жейтін сәбізден артық ештеме жоқ, деді қоян. Не дәмді ертегісі.</p> <p>Шырылдауық шегіртке, Көгалды қуып гөлайттап. А. Құнанбаев Шегіртке мен Құмырсқа ертегісі. Жыл басына таласқан жануарлар ертегісін оқу. Ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтар қою.</p> <p>Кім зерек логикалық ойыны.</p> <p>Шарты: әр жануардың корегін</p>	<p>кейіпкердің көңіл-күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонация мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p> <p>-Өмірдегі ең жақын, аяулы жан кім? Ана сөзін естігенде, ойларыңа не келеді? Аналарың сендерді қандай сөздермен еркелетеді? Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, көмектескеніміз жөн. Бүгін біз ана туралы «Үш қыз» атты татар халық ертегісімен танысамыз. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу Сөздік жұмыс: <i>аяулы жан</i> – өмірдегі ең жақын, ең қымбат деген мағынада <i>қайырымдылық</i> – қиын кезде көмек көрсету. <i>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар</i>: Ертегі ұнады ма? Ертегі не туралы? Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды? Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін? Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін? Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін? Қай қыздың әрекеті ұнады?</p>
---------------	---	--	---	---	---

<p>сөзді сыбырлап осы жерде, Естіп алар бір құлақ алыс елде . Жазуы бар ақ парак қанат қақты, Жеткізеді әлемдегі жаңалықты.</p> <p>Жұмбақтың жауаптары:</p> <p>теледидар, телефон, газет.</p> <p>Теледидар, телефон, газет байланыс құралдарына жатады. Әлемнің алысжақын елдерінен жеткізілетін жаңалық, хабарларды тарататын құралдар ақпарат құралдары деп аталады. Балалар, қалай ойлансындар, алыс жердегі адамдар бірбірімен қалай хабарласады? Алыс жердегі адамдар бір-бір-біріне хат жазады, телеграмма жібереді, телефонмен сөйлеседі. Хатты қалай жібереді? Пошта арқылы. Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз? Теледидар, радио, газет және интернет арқылы білеміз. Теледидар, радио, газет, интернет</p>	<p>риза болып отырады. Бір кезде қарттың көзі бұлдырап, қысылып, диванға қисая кетті. Қанаттың зәресі ұшып, бақырып жылап жіберді. Болат абыржымай, үлкен кісіше телефонға барып, жедел жәрдем шақырды. Ақ халатты дәрігер келіп, әжесіне ине шаншып, дәрі берді. Әжесі басын көтеріп, дәрігерге алғыс айтты. Дәрігер Болат пен Қанаттан: Телефонмен жедел жәрдем шақырған қайсыларың? – деп сұрады. Болат: Менмін, – деді. Ақылды бала екенсің. Әженді жақсы көреді екенсің, – деді дәрігер.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды ата»</p> <p>Ойын шарты: Тәрбиеші дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды.</p>	<p>сендерге құстарға байланысты тақпақ үзінділерін оқимын. Ал сендер не туралы айтылғанын және қандай дыбыстан басталып, қай дыбыстың қайталанып тұрғанын табуларың керек. Қайталанып тұрған дыбыстың жуан дауысты ма, жіңішке дауысты ма, ұяң, үнді, қатаң дауыссыз дыбыстардың қайсысына жататынын анықтау. Өлең не туралы, қай дыбыс қайталанып тұр? [К] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. Қатаң дауыссыз дыбыс. Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз? Көк түспен. Өлең не туралы және қай дыбыс көп қайталанып тұр? Дұрыс, [а] дыбысы. [А] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта? Жуан дауысты дыбыс). Дауысты дыбысты қалай белгілейміз? Қызыл түспен. Тәрбиеші тақпақ оқиды. [Ә] дыбысының қандай дыбысқа жататынын анықта? Жіңішке дауысты дыбыс. Дауысты дыбысты</p>	<p>тауып, қоршап, қалғанын қақпақтармен жауып қою.</p> <p>Қайсысы қалай дыбыстайды? ойыны. Е. Өтетілеуұлы Жыл аттары өлеңін оқу.</p> <p>2. Қазақ тілі</p> <p>Зерде интеллектуалды ойыны Жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, тіл мәдениетін жетілдіру.</p> <p>Зерде интеллектуалды ойыны.</p> <p>I кезең: «Таныстыру».</p> <p>Балалар өздерін таныстырады. (Менің атым..... барамын).</p> <p>II кезең: «Білгенге – маржан». Бұл кезеңнің шарты сұрақтарға жылдам тез жауап беру керек. Мамандық иелерін ата? Біздің Отанымыз қалай аталады? Бөлмеде не бар? Сыпайы сөздерді ата. Таңертең не істейміз? Апта күндерін ата. т.б</p> <p>III-кезең: «Кім тапқыр?» Бұл кезеңнің шарты әр сөздің тек аудармасын айту керек. Моя Родина – Менің Отаным</p> <p>3. Математика негіздері</p> <p>9 саны мен цифры Сан және санау. 10 көлеміндегі</p>	<p>Орнымыздан тұрайық, Қарлығаш боп ұшайық. Бір отырып, бір тұрып, Жақсы сергіп қалайық. Ертегі қалай басталады? Ертегінің мазмұнын сурет бойынша баянда. Жұмбақтың жауабын суреттен тауып, сызып қос. Гүлге қонады, Гүлдің қонағы. Үйге кірсе, Бөшкелер балға толады. (Балара) Аяғы бар, басы бар, Арқалаған тасы бар. (Тасбақа) Тоқыған ауы – шыбынның жауы. (Өрмекші) Ертегіні сахналау.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері</p> <p>Мысық сөзіне талдау Сөздің мағынасын түсіну; сөздерге дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Тәрбиеші балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды түсіндіреді. -Ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек. -Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек. -Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін</p>
--	--	--	--	---

<p>– ақпараттық құралдар. Пошта, телеграф, телефон – байланыс құралдары. Демонстрациялық материалдардан соңғы заман технологиясының жаңа жетілдірілген құралдарын көрсету (компьютер, смартфон-телефон, 3D теледидарлар, электронды рама, т.б.).</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Үнді дауыссыз дыбыстар Сөздің мағынасын түсіну;сөздерге дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дауыссыз дыбыстар деген не?Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?Қатаң дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?Ұяң дауыссыз дыбыстар ше?</p>	<p>Дауыссыз дыбыс кездесе, тыныш отырады.Мақал-мәтелдерді қайталау. Тіл жаттықтыру. Жаңылтпашты қайталатады.</p> <p>2.Қазақ тілі Таңертең не істейміз? Сөздерді сөйлемдерді байланыстырып құрауды дамыту. Жаңа сөздермен таныстыру.Арман мен Сәуле диалог жүргізеді. Сәуле, сен таңертең не істейсің?Мен таңертең тұрамын.Таң-ер-тең- н тұ-ұ-ұ-ра-мын. Таңертең тұрамын (<i>айнамен жұмыс</i>).Бе-ті-і-ім-ді-і-і жуа-мын – бетімді жуамын.Ті-с-і-і-ім-ді-і-і та-за-лай-мын – тісімді тазалаймын.Шашым-ды та-рай-мын – шашымды тараймын.Жат-ты- ғу жа-сай-мын - жаттығу жасаймын.Ки-і-м-і-і-м-д-і-і-і ки-е-мі-і-і-н – киімімді киемін.Содан кейін анаммен балабақшаға барамын.</p> <p>Сөздік ойын:</p>	<p>қалай белгілейміз?Қызыл түспен. [Г] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер.Ұяң дауыссыз дыбыс.Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз?Көк түспен. Өлең туралы, қай дыбыс қайталанып тұр?[Қ] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер.Қатаң дауыссыз дыбыс.Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз?Көк түспен</p> <p>Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) Тыңда, орында.Штрихта. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.</p> <p>2. Математика негіздері Заттар тобын салыстыру және санау.10 көлемінде сандарды салыстыру.Салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.</p> <p>Ойын жағдаяты. Элия мен Сырым жұмбақтар шешуін сұрайды. Аяғы бар, жүрмейді, Аузы бар, күлмейді. Айнымайдыбөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. (Қуыршақ) Үрлесен, жеп-жеңіл,</p>	<p>сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Тәрбиеші тақтаға 1-9 сандары бар карточкаларды іледі,натурал қатарда 9 санының қалай шығатынынын және 9 санының 9 бірліктен тұратынын түсіндіру,9санының жазылуымен таныстыру.Ептілікті дамыту үшін 9таяқшадан тең 4 үшбұрыш немесе тең 3шаршы жасау.</p> <p>1-ші ойын Факс. Мақсаты: 1-8 цифрлары туралы білімдерін бекіту,9цифрынжазу, командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту.Әрбір команданың қатысушылары бір-бірінің артына тұрады,ал команда капитаны тақтаға қарап,қолына бор ұстап,бірінші тұрады.Тәрбиеші әр команданың ең соңында тұрған қатысушысына сан жазылған карточка береді.Бұл қатысушылар карточкадағы санды алдында тұрған баланың арқасына саусағымен салады.Хабарламаны алған қатысушылар оны әрі қарай жалғастырады.Капитан</p>	<p>анықтау. -Дауысты дыбыстардың жуан, немесе жіңішке екенін анықтау керек. -Дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді екенін анықтау керек. Тәрбиеші дыбыстық талдау барысында сызбада дауысты дыбыстарды қызылдөңгелекпен, дауыссыз дыбыстарды көк дөңгелекпен белгілейтінін естеріне түсіреді. Мысық сөзіне талдау жасау. Дәптермен жұмыс Суреттегілер дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызыл түспен, дауыссыз дыбыстан басталса, көк түспен бояндар.Штрихта.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.Саусақ жаттығуы</p> <p>3. Қоршаған ортамен танысу Ғаламтор жүйесі Смартфон,компьютер ғаламтор,теледидар және т.б.қолданылуын білу,оларды қолдануда қауіпсізді сақтау. Интернетт бүкіл ғаламдық</p>
---	---	--	---	--

<p>Үнді дауыссыз дыбыстармен, олардың жасалу жолдарымен таныстыру. Балалар біз бүгін дауыссыз дыбыстардың ішіндегі үнді дауыссыз дыбыстармен танысамыз және жасалу жолдарын білетін боламыз. Мен айтқан дыбыстарды айнаға қарап қайталаңдар: л, м, н, ң, р, у, й. Балалар бұл дауыссыздарды айтқанда не байқадыңдар? Бұл дыбыстарды айтқанда көтеруге, созуға, әуенді өзгертуге болады. Қатаң, ұяң дауыссыз дыбыстарға қарағанда үнді дауыссыз дыбыстар дауыс шымылдығының қатысуымен жасалады, салдырға қарағанда үн басым шығады.</p>	<p>«Жалғасын тап» Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады. <i>Таңертең ... (тұрамын). Бетімді ... (жуамын). Тісімді ... (тазалаймын).</i> Дидактикалық ойын: «Мен бес сөз білемін» Берілген тақырып бойынша 5 сөз құрайды. Суретке қара. Сұраққа жауап бер. Арман таңертең не істеді? Балалар сөйлем құрайды. Арман төсегін жинады. Арман жаттығы жасады. Арман тісін тазалады. Арман анасымен балабақшаға барады. Ойын: «Мен не істегенімді айтпаймын, көрсетемін». Тәрбиеші жаттығу жасау, тамақ ішу, ән айту, билеу, сурет салу, ұйықтау дегендерді қимылмен көрсетеді, балалар не істегенін айтады. 3. Математика негіздері Сикырлы текше Сан және санау. 10 көлеміндегі</p>	<p>Елпілдеп кетеді. Ұшырсаң, көк теңбіл, Бұлтқа да жетеді. (Шар) Құс сияқты, құс емес, Самғап ұшқан биікке. Қанаты бар қақпайды, Жүрсе де сондай биікте. (Ұшак) Төрт аяқты, екі көзді, Өзі жансыз жүреді. Отпен майдан жемібар, Құрыш болат жүрегі. (Автокөлік) Жүйіткіген дәу үйінде, Жүйрік деп ел сүйінді. Тас жолда жұртты тасып жүр. Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус) Кеудесі толған күш, Табаны толған тіс. (Трактор) Кепкен жарғақ, Шеңберге керілген, Соқсаң сарнап, Үн шығады төгілген. (Барабан) Ойыншықтар дүкеніне саяхат. Тәрбиеші тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі. Олар теңболуы үшін не</p>	<p>хабарламаны алған соң оны тақтаға бормен салады. 2-ші ойын Адамдар сандар. Мақсаты: 1-9 сандарының тура және кері реттілігі білімін қалыптестіру. Тәрбиеші 16 баланы шақырып, оларды 2 командаға бөледі. Әрбір командаға тәрбиеші 1-ден 9-ға дейін сандар жазылған карточкалар береді: әр қатысушыға бір карточкадан үлестіреді. Музыка қосылып, балалар билей бастайды. Музыка тоқтағанда команда қатысушылары 1-ден 9-ға дейін сандар ретімен өз қатарларына сапқа тұруы керек. 3-ойын Жұбынды тап. Мақсаты: 9-дың көлемінде есептік санау дағдыларын дамыту. Балалар 2 топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қарап тұрады. Біріншілеріне 1-9 ға дейін сандар жазылған карточкалар, екіншілеріне әртүрлі мөлшердегі заттар бар карточкалар үлестіріледі. Сандар берілген қатысушылардың міндеті-заттарының мөлшері өзінің санына ең келетін қатысушымен жұп құру.</p>	<p>тор. Ол бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлік желілерді бір-бірімен байланыстыратын орасан зор компьютерлік жүйе. Интернеттің пайдасы мен зиянын түсіндіру, пайдалы ақпараттар алу. Техникалық қауіпсіздік ережесін түсіндіру. 4. Дене шынықтыру Тату-тәтті баламыз. Негізгі қимылдар: еңбектеу, өрмелеу. Жүру, жүгіру Лақтыру, қағып алу, домалату Бұл – мен, бұлар – менің достарым» ойыны Шеңберге тұрады. Сұрақтарға «Бұл – мен, бұлар – менің достарым» деген жауап қайтарады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұбынды тап!», тізбекке екі-екіден тұрады. Жүру, жүгіру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына</p>
--	--	--	---	--

<p>Сондықтан да үнді дауыссыз дыбыстар деп аталады. Үнді дауыссыз дыбыстарды айтқанда сөйлеу мүшелерінің (тіл, ерін, жақ) бір-біріне жуықтауы, түрленуі, көлемін өзгертуі көмей арқылы келген ауаға пәлендей кедергі бола алмайды. Дауыссыз қатандарда мүлде үн болмаса, ұянда үннің қатысы жартылай болатынын біз білеміз, ал үнді дыбыстарда бәсең үн болады. Дауыссыздардың үн сапасында жаңғырық болмайды.</p> <p>«Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны</p> <p>Балалар, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек.</p>	<p>сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Ойын жағдаяты.</p> <p>Әлия мен Сырым, пойызбен саяхат балаларды вагондарболуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Тәрбиеші басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды. Сонымен $10 - 1 = 9, 9 - 1 = 8, 8 - 1 = 7, 7 - 1 = 6$</p> <p>Карточкамен жұмыс. Тақтада (демонстрациялық материал 1-ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады. Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады. Дәптер</p>	<p>істеу керек? Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз.</p> <div data-bbox="1025 523 1301 890" data-label="Image"> </div> <p>«Сонша жина» дидактикалық ойыны. Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар) Балалардың бірі – жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді балалар сонша заттарды</p>	<p>4. Музыка</p> <p>Жомарт өлкем Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Музыкалық ырғақтық қимылдарды меңгеру. «Жаса, Қазақстан» әнін орындау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова). Музыка тыңдау: «Туған ел» (Л. Хамиди). Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев).</p> <p>Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Ұлдардың қатысуымен бидің элементтерімен таныстыру. Батырлар мен шабандоздар қимылдарына еліктеп би элементтерін үйрету, денені жеңіл ұстап, ырғаққа ілесе қимылдар жасау. «Асатаяқ биі» қыздардың қатысуымен («Билеп үйренейік» жинағынан). Биді қайталау, еске түсіру, би қимылдарын мәнерлеп орындауға үйрену. Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Музыкалық</p>	<p>жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады. Сауықтыру массажы: «Шапалақта». Алақандарын бір-біріне үйкелейді. Алақандарымен шекелерін шапалақтап соғады. Беттерін шапалақтап соғады. Мойындарын шапалақтап соғады. Кеуделерін шапалақтап соғады.</p>
--	---	--	--	---

<p>Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Тәрбиеші балаларға көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, <i>лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй.</i> дыбысынан сөздер басталмайтынын ескертеді. Мысалы: «л»– <i>Ләззат, лақ, лаула, люк, лақтыр, лағыл, Ләйлә;</i> «м» – <i>мақта, малта, маймыл, малақай;</i> «н»– <i>нар, Нариман, Нартай, Назгүл, наз, намаз, нақышына келтір;</i> «р» – <i>рауғаш, Рауан, Раушан, риза;</i> «у» – <i>уылдырық, уақ.</i></p> <p>«Дыбыс бер» дидактикалық ойыны</p> <p>Мен сендерге сөздер айтамын, сол сөздердің ішінде</p>	<p>мен жұмыс істеу</p> <p>1-тапсырманы орындау балаларға сурет беру.</p> <p>Қандай вагондардың нөмірі жоқ?</p> <p>2-тапсырма. Сурет бойынша жұмыс.</p> <p>-Төбешікте неше бала тұр? (3). Неше бала көтерілді? (1) Барлығы нешеу болды?(4).</p> <p>Екінші сурет бойынша:Неше бала төбешіктен сырғанады?</p> <p>Төбешікте неше бала қалды? Ойын жаттығуы: Сиқырлы текше«Жазбаны шеш». Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды.</p> <p>4.Сурет салу,жапсыру, мүсіндеу,құрастыру. Бөлме өсімдігі. Түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану,түрлі материалдан жапсыру</p> <p>Ойын жағдаяты. «Гүл дүкені» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші алдын ала әртүрлі</p>	<p>орналастырады</p> <p>3.Көркем әдебиет</p> <p>Мысық ,әтеш және түлкі Көркем шығарманы рөлдерге бөліп,сахналау,рөлдерде кейіпкердің көңіл-күйі мен мінезін,бейненің қимылын, интонация мен мимикасын беру,қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p> <p>Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай. <i>(Әтеш)</i> Жолбарысқа ұқсайды, Тек тышқанды ұстайды. <i>(Мысық)</i> Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай-шу. <i>(Түлкі)</i></p> <p>– Мысық, әтеш, түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер?</p> <p>Бүгін біз «Мысық, әтеш және түлкі» деген орыс халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Ертегіні мәнерлеп оқып береді,</p> <p>Сөздік жұмыс: <i>әтеш</i> – үй құсы, «ку-ка-ре-ку!»</p>	<p>аспапта ойнау: «Илигай» к.х.ә. (өнд. Б. Дәлденбай). <i>Асатаяқ, тоқылдақ, тұяқтас</i> ұрмалы ұлттық аспаптарын қолдану.</p>	
---	--	--	---	--

<p>үнді дауыссыз дыбыстар кездесе, алақандарыңды соғып шапалақтаңдар. Үй, алма, анар, тат, оқ, ру, бау, сағат, арқан, тарақ, жаңғақ, нан, доп, тор, ми, сый, тый, аң, оң, шаш, тас, ата, әже, тәте, пысық, тышқан, ат т.б.</p> <p>«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: <i>сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды),</i></p>	<p>бөлме өсімдіктерінің суреттерін тақтаға іледі. Бір баланы дүкеннің сатушысы етіп сайлайды. Балалар кезекпен дүкенге келеді. Алыңыз, бұл – қазтамақ гүлі. Алыңыз, бұл – сиягүл деп аталатын бөлме гүлі. Сіз өте әдемі гүлді таңдадыңыз, мінеки, алыңыз. Балалар, дүкеннен қандай гүлдер сатып алдыңдар? Тәрбиеші балалардан бөлме өсімдіктері, оның түрлері, пайдасы туралы сұрайды. Топтың ішіндегі табиғат бұрышында тұрған өсімдіктерге назар аудару. Тәрбиеші әр гүлдің атауын, оның қасиеттерін, гүлдерге күтім керек екенін, оның күнді, жарықты сүйетінін, үйге көрік беріп тұратынын әңгімелейді. Неліктен бөлме гүлдерін бөлмеде өсіреміз? Оның қандай пайдасы бар? Гүлді қалай күтіп-баптау керек? Балалар, бөлме өсімдіктерінің де басқа өсімдіктер сияқты</p>	<p>деп шақырады <i>мысық</i> – үй хайуанаты, ол мияулайды <i>шап беріп ұстау</i> – тез ұстап алу <i>тәкаппар</i> – менсінбей, кеудесін көтеру</p> <p>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Ертегі қалай аталады? Ертегі ұнады ма? – Ертегіде не туралы айтылған? – Қай кейіпкер саған ұнады? – Орманда мысықпен бірге не өмір сүрді? – Мысық қайда кетеді? – Әтешті түлкі қалай алдады? – Мысық әтешті қалай құтқарды? – Түлкінің жасағаны дұрыс па? Ойын: – Мысық қалай жүреді? Қалай дыбыстайды? – Әтеш қалай секіреді? Қалай шақырады? – Түлкі қалай қуланады? Құйрығын қалай қозғалтады? <p><i>Балалар ертегі желісі бойынша қимылмен көрсетеді.</i> Ертегінің мазмұнын сурет бойынша баянда. Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі? Мысықтың, әтеш пен</p>		
---	---	--	--	--

<p><i>ақылды ... (мұғалім), үлкен(үй), әкем(риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал) т.б.</i></p> <p>3.Музыка Жомарт өлкем Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән,күй,марш,,би) үйрету.Музыкалық ырғақтық қимылдарды меңгеру. «Жаса, Қазақстан» әнін орындау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова).Музыка тыңдау: «Туған ел» (Л. Хамиди). Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев). Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Ұлдардың қатысуымен бидің элементтерімен таныстыру.Батырлар мен шабандоздар қимылдарына еліктеп</p>	<p>тамыры, сабағы, күлтелері болады. Гүлдер суғаруды, түбін қопсытуды, жапырағының шаңын сүрту сияқты үлкен қамқорлықты қажет етеді. Үлестірмелі материал Құмыраның суреті салынған бөлігін қиып алып, оны ортасында көрсетілген сызық бойынша екіге бүктеп алып, содан кейін қиямыз. Жасыл түсті гүлді де дәл осылай қиямыз. Дайындаған бөліктерді үлгіге орналастырамыз. Құмыраның сыртына сары гүлді қиып алып жапсырамыз. Балалар шығармашылығы.</p>	<p>түлкінің дауысын және жүрісін сал. Қай аң жасырынғанын тап. Есіңде сақта! Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол.</p> <p>4. Дене шынықтыру. Хоккей ойнап үйренеміз. Негізгі қимылдар: еңбектеу, өрмелеу. Жүру, жүгіру. Лақтыру, қағып алу, домалату Шайбаны түзу бағытта алып жүру. Имек ағашты екі қолымен емін-еркін, дұрыс (үстінен күштірек қолымен ұшына таман ұстап, астынан бағыт беру үшін әлсіздеу қолымен) ұстауына көңіл бөлу. Қатар-қатар тұрып, қарама-қарсы жақта тұрған серігіне шайбаны дәлдеп алып барады. Имек ағаштың басындағы қыры толық мұзда жатуын қадағалауға тырысады. Шайбаны беріп, өздері орнына жүгіріп қайтып келеді. «Мұзшалар, жел мен аяз» қимыл-қозғалыс ойыны. Алаңқайды толық пайдаланып, бір-біріне</p>		
--	--	--	--	--

<p>би элементтерін үйрету, денені жеңіл ұстап, ырғаққа ілесе қимылдар жасау.«Асатаяқ биі» қыздардың қатысуымен («Билеп үйренейік» жинағынан). Биді қайталау, еске түсіру, би қимылдарын мәнерлеп орындауға үйрену.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан).</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өнд. Б. Дәлденбай). <i>Асатаяқ, тоқылдақ, тұяқтас</i> ұрмалы ұлттық аспаптарын қолдану.</p> <p>4.Дене шынықтыру Отбасылық альбом Сапқа тұру,сап түзеу,сапқа қайта тұру.Сапқа 1-2-3 қатармен тұру,бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс</p>		<p>соғылмай қозғалу керек.Ойыншылар екі шеңбер құрып тұрады. Бір шеңбер ақ қаршаның төңірегінде, екінші шеңбер көк қаршаның төңірегіне құрылады. Балалар шеңбер бойымен жай жүреді. «Жарқырап ақша қар,Сылдырлап ұшады! Дың, дың, дың!» шеңберде жүреді. «Жел!» дегенде, шашырап жүгіре жөнеледі. «Аяз!» дегенде, қайта жүгіріп келіп өз шеңберін қайта құруы керек. Бірінші болып тұра қалған команда ұпай алады. Бірнеше қайталағаннан соң, ең көп ұпай жинаған команда жеңеді.</p>		
---	--	---	--	--

ойыны: «Өз түсінді тап!» Жұп болып екі тізбекке тұрады. Тізбекте жүру, жүгіру. Түрлі түсті қолорамалдарын алып, орамалдардың түстеріне сәйкес жұп болып тұрады. Зал ішінде педагогтің белгісі бойынша шашырап жүреді. «1, 2, 3 – Өз түсінді тап!» деген бұйрық бойынша жұп болып екі тізбекке жылдам тұрады. Жүруді жүгірумен алмастырады. Бағыт қозғалысын сақтайды. Зал ортасында екі-екіден тізбеке сап түзеп тұрады. Тізбектен екі жаққа оңға, солға жүру. Негізгі қимылқозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: **«Баскетбол»** – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. **Қимылқозғалыс ойыны: «Дәл беру»** Жұп болып, бір-біріне

	қарама-қарсы тұрады.Серіктесіне допты табанымен домалатып әкеледі.				
Серуенге дайындық	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалын таңдау; балалармен жеке әңгімелер. Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігіне жағдай жасау, балалармен спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ауа-райына байланысты балаларды реттілікпен киіндіру, дұрыс киінуді қадағалау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, жалпы және ұсақ моториканы дамыту)				
<p>дамыту. Жыл мезгілдерін еске түсіру. Әр мезгілдің үш айдан тұратынын еске түсіреді. Жыл мезгілдері туралы өлең оқу. Балалар өлең мазмұны бойынша не түсінгендерін қысқаша айтады. Жыл мезгілдерін атап береді.</p> <p>Сұрақ-жауап ойыны. Қазір жылдың қай мезгілі? Мұның алдында қандай мезгіл болды? Жаз айларын атаңдар. Маусым, шілде, тамыз. Сурет бойынша жұмыс жүргізіледі. Жаз кезінде дала, орман, саябақтар қандай болып көрінеді? Дала, орман, саябақ жап-жасыл болады. Гүлдер жайқалып өседі. Күн ыстық болады. Жазда құстар мен жануарлардың тіршілігінде қандай өзгерістер болады? Жазда құстар балапандарын ұясынан ұшырады. Жануарлар мен құстар үшін азық жеткілікті болады.</p>	<p>қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу Балалар, табиғатты сүю – парыз. Сүю үшін – қорғау парыз. Адамдардың табиғатсыз күні жоқ. Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ. Балалар, қыс мезгіліне арнап көптеген ақын жазушылар өлеңдер, тақпақтар, әңгімелер жазған. М. Жаманбалинов ағамыздың да "Суретші", "Алғашқы қар" деген өлеңдері бар. Қазір біз "Алғашқы қар" өлеңімен танысамыз. Тәрбиеші балаларға дауыссыз дыбыстардың айтылу кезіндегі ерекшеліктерін түсіндіреді. Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып үшке бөлінеді. Қатаң дауыссыздар: дауыс шымылдығы қатыспай, тек салдырдан жасалатын дауыссыз дыбыстар: к, қ, п, т, с, ф, х, ц, ч, ш, щ. Ұяң дауыссыздар: салдыр</p>	<p>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыстардың қандай түрлерін білесіңдер? Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? Дауысты дыбыстар деген қандай дыбыстар? Дауыссыз дыбыстар деген қандай дыбыстар? Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады? Буында неше дауысты дыбыс болады?</p> <p>«Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы</p> <p>Тәрбиеші дыбыстарды айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.</p> <p>«Тиісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Тәрбиеші жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.</p>	<p>қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу Балалар, біз бір-бірімізді түсіну үшін не істейміз? Әрине сөйлесеміз, тілдесеміз. Сөйлемдердің үш түрі болады. Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан. Ал енді сендер хабарлы сөйлемге мысал келтіріңдер. Сөйлем соңына не қойылады? Сөйлемнің екінші түрі – лепті сөйлем. Адамның түрлі көңіл күйін – қуану, ренжу, өкіну, таңдану т.б. білдіреді. Мысалы: <i>Жасай бер, Қазақстан! Желбіре, желбіре, көк туым!</i> Лепті сөйлем ерекше сезіммен айтылады. Ал енді сендер мысал келтіріңдер. Үшінші сөйлемнің түрін сұраулы сөйлем дейміз. Сұраулы сөйлемдер бір нәрсені сұрап білуді білдіреді.</p>	<p>дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу</p> <p>Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер. Отан – ана, Отан – үлкен Туған ел! – Біз қай республикада тұрамыз? – Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? – Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты, егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – Туы, Елтанбасы, Гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. Бүгін ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Тәрбиеші «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқиды.</p> <p>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:</p> <p>– Өлең қалай аталады? – Авторы кім? – Сендерге өлең ұнады ма?</p>
--	---	--	---	---

<p>Қандай жәндіктерді бақыладыңдар? Шегірткелер шырылдап, аралар гүлден-гүлге ұшып-қонады. Көбелектер гүлден айнымайды. Күн мен түннің ұзақтығы туралы не айтасыңдар? Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Адамдар қандай еңбек түрлерін атқарады? Үй жануарларына қысқа шөп дайындайды, орманнан жидектерді, жемістерді жинайды. Егін жинау қайсы айда басталады? Тамыз айынан бастап егін жинай бастайды. Балалар, сендер жазда егістікке, шабындыққа, баққа, бақшаға бардыңдар ма? «Не қайда өседі?» ойыны. Балалар өсімдіктер бейнеленген карточкаларды тез алып, орман, шабындық, егістік, бақ, бақша бейнеленген үлкен картадағы бос торкөздерді толтырып жарысады. Ал өсімдіктер өсу үшін қандай жағдай</p>	<p>мен үннің қатысы арқылы жасалған, бірақ үннен салдыры басым дауыссыз дыбыстарды ұяң дауыссыздар дейміз. ұяң дауыссыз дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з, һ. үнді дауыссыздар: үн мен салдырдың қатынасынан жасалып, бірақ салдырдан үн басым болатын дауыссыз дыбыстарды үнді дыбыстар деп атаймыз. Үнді дауыссыздар мыналар: р, л, и, у, м, н, ң. Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық». А-а-а, ә-ә-ә. Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды тапқызу: б, в, г т.б. Ойын шарты: балалар дәптер дегі суреттер қандай дауыссыз дыбыстан басталып тұрғанын айтады. 2. Қазақ тілі Менің Отаным. Балаларға Отан туралы түсінік беру. Тіл мәдениетін жетілдіру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, Отан туралы тақпақ</p>	<p>«Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны Н дыбысынан басталатын сөздер ойландар. 2. Математика негіздері Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру. Шарты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Ойын жағдаяты: Әлия мен Сырыммен ойын ойнау. «Керісінше айт» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші допты лақтырып, сөзді атайды. Бала допты қайта лақтырып, антонимін айтады. Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, жуан – жіңішке, ауыр – жеңіл. Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр» «Түрлі-түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыру. Эксперименттік іс-әрекет</p>	<p>Соңынан сұрақ белгісі қойылады. Мысалы: Сен Астанаға бардың ба? Рәміздерді білесің бе? Ал енді сендер сұраулы сөйлемге мысал келтіріңдер. "Туған өлкем " тақырыбында әңгіме құрау. Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой». Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою. 2. Қазақ тілі Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік ту. Мемлекеттік рәміздер, Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету. «Менің Отаным». Өткен тақырыпты қайталау. Біздің Отанымыз қалай аталады? Біздің Отанымыз – Қазақстан. Біздің Отанымыз – қандай мемлекет? Біздің Отанымыз – тәуелсіз мемлекет. Жаңа</p>	<p>– Өлеңде не туралы айтылған? – Еліміздің қандай рәміздері бар? «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің? Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін ата. Суретте не бейнеленген? Сен Нұр-Сұлтан қаласында болдың ба? Сурет бойынша саяхат жасайық. Мақалдың мағынасын түсініп ал. Туған жерге туыңды тік. 2. Сауат ашу негіздері Алма сөзіне дыбыстық талдау Сөздің мағынасын түсіну; сөздерге дыбыстық талдау, сөздерді буынға бөлу. «Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынынайтасыңдар. Мысалы: <i>ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын, дәп...тер, қа...лам, қай...шы,</i></p>
--	--	--	---	--

	<p>керек?Жылу, су, жарық.Бүгін біз өсімдіктердің тіршілігі үшін судың қажет екеніне көзімізді жеткізіп көрейік. Балалар тәжірибежасайды. Бір шоқ гүлдің бір данасын алып, сусыз қалдырамыз. Біраз уақыттан соң сусыз қалған және судың ішіндегі гүлдерді салыстырамыз. Қандай айырмашылықтары бар? Балалар өз қорытындыларын айтады.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Ойнай отырып оқимыз. Сөздің мағынасын түсіну; сөздерге дыбыстық талдау, сөздерді буынға бөлу.</p> <p>«Бөлшектерінен тап» ойыны.Тәрбиеші бір заттың бөлшектерін тізіп айтады. Балалар ненің бөлшегі екенін тез табу керек.Терезе, шатыр, қабырға – ...<i>(үй)</i> Жапырақ, діңгек, бұтақ – ...<i>(ағаш)</i>Дөңгелек, кузов, кабина, руль –</p>	<p>үйрету.</p> <p>Ойын «Кім көп біледі?» қойылған сұраққа толық жауап беру.Сенің бөлмеңде не бар? Мысалы, Менің бөлмеңде ойыншықтар, ертегі кітап, кереует, үстел,орындық бар. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.«Менің Отаным». Жаңа сөздермен таныстыру: менің Отаным, тәуелсіз, мемлекет.Менің Отаным - ме-нің О-та-ным. Тәуелсіз - ә-ә -ә – тә-уел-сіз – тәуелсізМемлекет – мем-ле-кет, мемлекет.Балалармен суреттер арқылы сөздерден сөйлем, шағын мәтін құрау.<i>Біздің Отанымыз Қазақстан.Отанымыздың бас қаласы-Астана. Қазақстан –тәуелсіз мемлекет. Қазақстан мемлекетініңПрезиденті бар. Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.</i></p> <p>Дидактикалық ойын: «Аудармашы».</p>	<p>Балаларға үстелдің ұзындығын алақанымен өлшеуді ұсынады. Балалар алақанмен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейміз.Балалар үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейді. Ойын бұрышындағы кілемнің ұзындығын қадамдармен өлшеу. Проблемалық сұрақ:заттардың ұзындығын қалай анықтауға болады?Балаларға ата-аналар үйдегі заттарды қалай өлшейтінін еске түсіру.Логикаға арналған ойын-жаттығулары.</p> <p>1-тапсырма.Жолақтардың ұзындығын өлшеу үшін «Лего» конструкторының бөлшектерін пайдалану. Өлшеуіштердің саны нешеу? Ең қысқа жолақ қайсысы, ата. Ұзындығы бірдей ше?Өлшеуді санайды, салыстырады.Ең қысқасы 1-нөмірде. 2 мен 3-тің және 4пен 5-тің ұзындықтары тең.</p>	<p>сөздермен танысу. Мемлекеттіккөзіміздер, гимн, ту, қыран, ою, күн шуақтары.Постермен жұмыс. Мынау – Мемлекеттік Ту. Тудың шетінде ою-өрнек, ортасында күн, күннің астында қыран құс бейнеленген. Түсі көгілдір. Мемлекеттік Туда не бейнеленген?Мемлекетті к Туда қыран, күн, ою-өрнек бейнеленген.Тудың түсі қандай?Түсі көгілдір. Мемлекеттік Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков. Мемлекеттік Тудың авторы кім?Мемлекеттің Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Аудармашы».Тәрбиеші сөздерді орыс тілінде айтады, балалар аударайды.Мемлекеттік Рәміздер – Государственные Символы.Ту – Флаг қыран – орел,ою – орнамент,күн шуақтары – лучи солнца.«Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Туды</p>	<p><i>жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май...мыл, бал..та, бал..ға, пар..та, қызғал..дақ, түйме..дақ, ке..рует, кәм..пит, ке..се, ке..ме, құыр..шақ т.б.</i></p> <p>«Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Балалар мен сендерге сөздер айтамын, мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер.</p> <p>-р- <i>(ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рахат, раугаш, ару, Ардақ, көзілдірік, көрік, көмір, күрес, күрек, рухани, қару, қарыз, қорық, қар, қарақат, қора, сиыр, сырмақ, қоңыр, қарға, қарлығыш, қарт, қырғыз, қырыққабат т.б.);</i></p> <p>ә- <i>(әтеш, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, күнә, Күләш, бәтеңке, бәліш,</i></p>
--	---	--	--	---	---

<p>...(көлік)Бас, аяқ, ауыз, өркеш – ...(түйе) «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыс деген не? Дыбыстар біздің айналамызда, біз оларды көрмейміз бірақ естиміз, айтамыз. Дыбыстар қандай болып бөлінеді. Дауысты, дауыссыз. Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз? Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауызқуысында кедергіге ұшырап шығады. Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз. Дауыссыз дыбыстарды ше? Сөзді буынға қалай бөлеміз? Буынды қалай белгілейміз? Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт» Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суреттегі заттың атын атап, бірінші дыбысын анықтап айтасындар.</p>	<p>Моя Родина – Менің Отаным. Независимый – тәуелсіз. Государство – мемлекет. Тақпақ жаттау Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап» Сенің Отаның қалай аталады? Менің Отаным – Қазақстан. Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады). Отанымыздың бас қаласын ата? Қазақстан қандай мемлекет? Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. 3. Математика негіздері Заттарды өлшемі бойынша салыстыру. Заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Ойын жағдаяты. Әлия мен Сырым «Өткел» ойыны. 1-ден 9-ға дейінгі сандар еденде шашыраңқы болып жатады, бірақ бір-бірінен онша алыс емес. Көрсетілген цифр ретімен, аяқтарын «суламай» «тастардың» үстімен жүреді. Тосын</p>	<p>2-тапсырма. Суретке қарайды, заттардың ең биігінен, ең аласасына қарай сызып қосады. Ең аласа заттарды бояйды. Ең биігін – қоршайды. Орташасының астын сызады. 3-тапсырма ойын. Ойын жағдаятын құрады «Әр гномға өлшеміне қарай өз заттарын табуға көмектес»</p> <p>3. Көркем әдебиет Менің Қазақстаным. Айналасындағы болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Отан деген-атамекен, Отан деген-туған жер. Отан – ана, Отан-үлкен, Қазақстан-туған ел! Отан-біздің сүйікті отбасымызбен бірге тұратын үйіміз, туған жеріміз, ауылымыз, қаламыз, айналаны қоршағантабиғатымыз. Біздің Отанымыз-Қазақстан. Т.М. Қазақстан картасы өлеңін оқу. Дидактикалық</p>	<p>сипатта, сөйлем құра. Мемлекеттік Туда күн бейнеленген. Күннің түсі сары. Мемлекеттік Туда қыран құс бейнеленген. Мемлекеттік Туда ою-өрнек бейнеленген. Мемлекеттік Тудың түсі көгілдір. Тақпақ жаттау. 3. Математика негіздері Заттар тобын салыстыру және санау. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материал, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі. Ойыншық тарға қарайды, Сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады. Олар теңболуы үшін не істеу керек? Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-</p>	<p><i>әріп, Мәлік, Әлімжан, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке т.б.);</i> -м- (<i>мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр, тамыз, көмір, комбайн, мата, мысық, том, әмір, темір, жемір т.б.</i>) Дидактикалық ойын: «Сықырлы сандық» Тәрбиеші әдемі сықырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (<i>бота, құлыншақ, аю, мысық, машина</i>). Балалар ойыншықтар арқылы бір-бірімен байланысқан сөйлемдер құрап береді. Дәптермен жұмыс Суреттерді ата. Бірінші дыбысты анықта. Жуан дауысты дыбыстан басталса сары шарға, ал жіңішке дауысты дыбыстан басталса, қызыл шарға сызықпен қос. Алма сөзіне дыбыстық талдау жаса. Тәрбиеші тақтаға «алма» сөзінің дыбыстық сызбасын іліп, балаларға өз орындарында дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Алма сөзіне дыбыстық талдау</p>
---	--	---	--	---

<p>Тәрбиеші балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен соданкейін екінші командамен ойнайды. Мысалы: <i>апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), өшіргіш (ө), етік(е), экскаватор (э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү)</i> т.б. Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: <i>пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетка (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ)</i> т.б. Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттындар. «Берілген дыбысқа сөз ойла» ойын-жаттығуы.</p>	<p>сый сәті. «Гномдар бізге қонаққа келді. Проблемалық сұрақ. Барлық гномдар бірдей ме? «Олармен жақынырақ танысайық». Тәрбиеші балаларға «үлкен – кішкентай», «түс», «алдында – артында», «алды», «арасында», «жанында» деген сөздерді пайдалана отырып, суретте бейнеленген әр гномды сипаттауға көмектеседі. Гномдар бейнеленген суреттерді қарайды, олардың өлшемін, түсін, кеңістікте орналасуын анықтайды. Гномдарды өсу ретімен орналастыру. Дәптермен жұмыс 1-тапсырма. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады. Барлық заттардың көлемі бірдейме? Үлкен заттарды – көк, кішкентай заттарды – қызыл түспен қоршап сызады. 2-тапсырма. Заттарды қарайды, оларды белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады.</p>	<p>ойын: Қай қала екенін тап. Ойынның шарты: Ойын үшін Қазақстан картасын пайдалану. Балаларға Қазақстандағы бірнеше қалалардың аты беріледі. Картадан сол қалаларды тауып, жанына белгілерін іледі. Астана-бәйтерек, Алматы-Қазақстан қонақүйі, т.б. Қазақстан Республикасы-біздің сүйікті Отанымыз! Қазақстан-өте үлкен, бай республика. Жері байдың-елі бай. 4. Дене шынықтыру Керуен. Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. «Терек» (Қырғыз халқының ойыны). Жүргізуші сайлайды. Ол – «терек». Жүргізуші шеңбер ортасында тұрады. Ойыншылар шеңбер бойында тұрып, түрлі қимыл-қозғалыстар жасайды. «Терек!» дегенде, жылдам орындарын ауыстырады.</p>	<p>жоғын білу үшін ойыншық тарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз. Тенестіруге немесе артығын білу үшін, ойыншықтарды бір-бірінің астына қояды, немесе жұптарын сызық арқылы қосады. Балалар ойыншық тарға саусақ тигізіп санайды. цифр жазылған карточкаларды алады. Осы карточкаларды ойыншық тардың астына қояды. 1- тапсырма. Қай топтағы заттардың арасына «=» белгісін қоюға болады? Бір алмадан себетке салады. Алмаларды әрсебетпен сызып қосады. -Не артық? Не кем? Алмұртты тәрелкіге салады. Алмұртты әр тәрелкемен сызып қосады. Не артық? Не кем? Қорытынды жасайды. «Сонша жина» дидактикалық ойыны Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар</p>	<p>жасайды. 3. Қоршаған ортамен таныстыру Күз және қыс мезгілдеріндегі жабайы жануарлардың тіршілігі Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту. Мен сендерге әңгіме оқып беремін. Әңгімеде не туралы және қай мезгіл туралы айтылғанын табындар: «Ол ағаштан-ағашқа секіріп, бір нәрсені ағаштың қуысына жинап, тыным таппай жүр. Жақында үстіндегі тонын да «ауыстырады». Ал төменде қорбандаған бір нәрсе жидектерді, жаңғақтарды, ағаштың тамырын жеп жүр. Өзі әбден семіріп алыпты, денесін көтере алмай, маймаң-маймаң етеді». Әңгімеде тиін мен аю туралы айтылады. Ол күзде қысқадайындалады, ағаш қуысына қорек жинайды. Ал аю жеміс-жидектерді жеп, денесіне май жинайды.</p>
---	--	--	--	---

<p>Мен сендерге қандай да бір дыбысты айтамын, сендер сол дыбыс кездесетін сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: -ы- дыбысы сөз басында: <i>ыдыс, ымырт, ынта, Ықылас, ыстық, ырыс, ылғи, ырылдады т.б.</i></p> <p>-ы- сөз ортасында: <i>маймыл, мамық, жастық, қатық, қымыз, қылыш, қытық, қырғыз, қылқалам, қалжын, қақтығыс, құдық, құйрық, мың, жылқы, жалбыз, қарбыз, қауын, қоңыз т.б.</i></p> <p>-у- дыбысы кездесетін сөз: <i>тауық, қауын, жауын, бау, тау, уық, уыз, бу, қу, сау т.б.)</i></p> <p>-ү- дыбысы кездесетін сөз: <i>үтік, үміт, күл, күшік, түтік, күнделік, күн, күш, күнбағыс, күміс, үміт, үзеңгі, күз, түз, түс, үзінді т.б.</i></p> <p>«Сөзді өлшейміз» дидактикалық жаттығуы.</p> <p>Алақандарыңды үстелге қойыңдар. Сөз айта бастағанда</p>	<p>Заттардың орналасуын сипаттайды. Демонстрациялық материал. Практикалық жұмыс. Кесілген парақтарды балаларға жұппен немесе топпен таратады. Парақты жіктеуге арналған тапсырма: көлемі бойынша үлкен және кіші; түсі бойынша – сары, қызыл, жасыл. 3-тапсырма. Үлкен заттарды қызыл, кішкентай заттарды сары түспен бояйды. Әр зат қайда орналасқанын айтады, жеке жұмыс жүргізеді.</p> <p>4. Шығармашылық іс-әрекет</p> <p>Қыран құс.</p> <p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану. Ою-өрнекпен безендіру.</p> <p>«Сен білесің бе, балақай?» айдары бойынша экраннан қыран құстың мекені, түрі, даусы туралы көрсете отырып түсіндіру. Балалардан қыран құстың бейнесі</p>	<p>Жүргізуші бос орынның біреуіне жылдам тұруға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Ойында бірде-бір рет орнын бермеген бала жеңімпаз атанады. «Ырғып секіру» (Татар халқының ойыны) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады. «Тастар» (Орыс халқының ойыны) «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру, жоғары лақтыру. Өкшемен отырып, ұсақ тастарды жоғары лақтырып, оны алақандарымен қағып алады. Ал келесі лақтырғанда алақандарын теріс қойып, тастарды қағып алуға тырысады. Қимылы аз ойын: «Үндемес» ойыны</p>	<p>жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар).</p> <p>4. Музыка</p> <p>Егеменді елім.</p> <p>Музыка тыңдау. Ән айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені. Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету.</p> <p>«Туған елдің ұлымын» Қуат алған өзіңнен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген, Отанымның гүлімін.</p> <p>Музыка тыңдау:</p> <p>«Алатау» Н. Тілендиев</p> <p>Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова).</p> <p>Үйренген «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p>Билер: «Еркебұлан» биі</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны.</p>	<p>Жұмбақ. Үстінен тоны түспеген. Сонда да араз қыспенен. Жұмбақтың шешуі: аю. Аю бізге жалғыз келмепті, қасына аңдарды ертіп келіпті. Қандай аңдар екенін айтыңдар. Балалар аңдардың атын атайды. Аңдардың түрі, көлемі әртүрлі. Бірақ бәріне ортақ бір белгіні атаңдар. Аңдардың денесін түк басқан.</p> <p>Демонстрациялық материалдармен жұмыс.</p> <p>Аңдардың күзгі тіршілігі бейнеленген сурет көрсетіледі. Сурет бойынша аңдардың күзде қысқа қалай дайындалатыны туралы түсінік беріледі. «Аю күні бойы орман кезіп жүріп, жеміс-жидектер мен еменжаңғақтарды жеп, денесіне май жинайды, апанының ішін дайындайды. Тиін мен қоян түлейді, яғни жұқа жүндері қалыңдайды және түстері өзгереді. Тиін ағаш қуысына азық қорын жинайды. Тышқан мен көртышқан ініне егістіктен масақ дәндерін жинайды. Борсық інінің</p>
---	---	---	--	--

	<p>алақанды бір-бірінен алшақтата беріндер. Егер алақандардың арасы жақын болса, онда сөздің қысқа болғаны, егералыс болса, онда сөз ұзын болғаны. Мына сөздерді өлшейік: <i>дос, бейбітшілік.</i></p> <p>3.Музыка Егеменді елім. Музыка тыңдау.Ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені.Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. «Туған елдің ұлымын» Қуат алған өзіңнен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген, Отанымның гүлімін. Музыка тыңдау: «Алатау» Н. Тілендиев.Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова).Үйренген «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға</p>	<p>еліміздің рәміздерінің қайсысында бейнеленгендігін сұрау. Қыран құс көкте қалықтап ұшады. Қазақ халқының таным-түсінігінде қыран бүркіт батылдықтың, батырлықтың, мықтылықтың, қайсарлықтың, еркіндіктің символы ретінде танылады. Қазақ халқы тіпті, бүркіт мекен ететін тауларды: «Бүркіттау», «Бүркітшың» деп, бүркіт ұя салатын жерлерді «Бүркітұя», «Бүркітас» деп те атаған. Өздерінің ұлттық ою-өрнек, әшекейлерінде «құстұмсық», «бүркіттұмсық», «бүркітаяқ» деген де кескіндерді бейнелеп, «Бүркіт биін» билеген екен. Ертегілер мен аңыздарда қыран құсты «құс патшасы», «қанаттылар ханы», «көк тәңірі» деп айтқан. Бүгін біз сендермен осы қыран құсты бейнелейтін боламыз. Балалардың назарын үлестірмелі материалдағы қыран</p>	<p>(Тәжік халқының ойыны)Ойыншылар шеңбер бойында отырады. Жүргізуші өзінің оң немесе сол жағында отырған балаға бір қимыл түрін көрсетеді. Ол өзінен екінші жағында тұрған балаға көрсетеді. Ойын шарты: көршісін сөйлету немесе күлдіру. Күлмеген немесе сөйлемеген бала жеңімпаз атанады.</p>	<p>Балалар шеңбер бойымен музыка әуеніне ілесе қимылдар жасап жүреді.Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып, киіз үйдің «шаңырағын» жасайды. <i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Илигай»</p>	<p>ішін тазалап, қысқадайындап, ағаш тамырын, саңырауқұлақ жинайды. Қасқыр мен түлкі қысқа азық жинамайды».Қаз қанатын жайды, Аққу мойнын созды, Үйрек көлге келіп қонды. Жануарлардың қысқы тіршілігін бейнелейтін суретпен жұмыс.«Аңдар қысқы суықтан қорықпайды. Оларды суықтан жылы, жұмсақ терілері сақтайды.Қоян мен тиін жауларынан қорғану үшін, терілерінің түсін ақ түске өзгертеді. Тиін өзінің жазда, күзде жинаған азығын іздеп табады. Ал аю болса, қыс бойы апанында ұйықтайды. Борсық та інінде ұйықтайды. Олардың денесіне жиып алған майы олардың аш болмауына көмектеседі. Ал қоян, қасқыр, түлкі, бұлан қысқа азық жинамайды. Қоян ағаштың қабығын кеміреді. Бұлан да ағаш бұтақтарыменқоректенеді Түлкі үнемі қар бетін иіскелеп жүреді. Ол қар астынан тышқанның інін</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>баулу. Билер: «Еркебұлан» би Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны. Балалар шеңбер бойымен музыка әуеніне ілесе қимылдар жасап жүреді. Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып, киіз үйдің «шаңырағын» жасайды. Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» 4. Дене шынықтыру Хоккей ойнаймыз. Негізгі қимылдар: Кеудеге арналған жаттығулар. Қимылды ойындар Денсаулықты сүйеміз, Шынығамыз күнде біз. Бір-екі-үш! Бір-екі-үш! Бұлшық етте, міне, күш!» Имек ағашпен зейін мен бұлшық еттерге арналған жаттығу түрлерін орындау. Имек ағашпен жаттығулар орындау: бір қолынан екінші қолына ауыстыру, айналдыру, ұстап тұрып қолын сермеу, имек ағашты өзін айналдырып</p>	<p>құстың бейнесіне аудару. Қыран құстың бейнесін үлгіде көрсетілген түрлі түсті жолақшалармен үлгі сызықтар бойымен геометриялық элементтерден құрастырып жапсыру. Балалардың назарын үлестірмелі материалдағы қыран құстың бейнесіне аудару. Қыран құстың бейнесін үлгіде көрсетілген түрлі түсті жолақшалармен үлгі сызықтар бойымен геометриялық элементтерден құрастырып жапсыру</p>			<p>іздейді. Бірақ қыста жануарлар үшін азық азайып кетеді. Сондықтан қыста оларға қосымша азық берген дұрыс. Орманға жем-шөп, орамжапырақ, жанғақ, еменжанғақ апарып төгу керек».</p> <p>4. Дене шынықтыру Наурызым қорығы. Қимылды ойындар. Кеудеге арналған жаттығулар. Қимылды ойындар. ЖДЖ ойын түрінде («орман алаңқайында жылынамыз») «Артымнан қайтала». Тыныс алу гимнастикасы: «Жел». Қолды төмен түсіріп, аяқты алшақ қойып, мұрынмен дем алу. Басты солға бұрып, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу. Басты түзу ұстап, дем алу, басты оңға бұрып, демді шығару. Басты түзу ұстап, мұрын арқылы дем алу, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу. Басты төмен түсіріп, иекті кеудеге тигізу, дем шығару (қол білезіктерін айналдыру). Негізгі</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>қозғалту, екі қолмен ұстап айналдыру. Жолмен ұзақ кім сырғиды? Ең жақсы нәтиже көрсеткен бала жеңеді. Тепе-теңдік сақтап, бастарын түзу ұстап, еңкеймеуге тырысады. «Түсіріп алма!» Жұпта сүйем қадамдар аттап, алаңның бір жағынан екінші жағына заттарды жеткізу ұсынылады. «Мерген имек ағаш». Алаңқайдыңортасында текше тұр. Оны имек ағашпен бір ойыншы қорғайды. Қалған ойыншылар текшеге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады.</p>				<p>қимыл-қозғалыстарды орындау: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар». Ойын шартын естеріне түсіреді. Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін ғана жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында «қасқыр» тұрады. «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп». Белгіден кейін залдың екінші шетіне «лақтар» жүгіреді, «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады. Релаксация: «Орман»</p>
Серуендеуге дайындық	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалдарын таңдау; балалармен жеке әңгімелер. Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Балаларды жүйелі түрде кию (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	<p>Өрмекшіні бақылау Мақсаты: өрмекшінің пайда болуының сипаттамалық белгілері туралы білімді кеңейту және бекіту. Көркем сөз Жіңішке жіп, Шөптен шөпке дейін,</p>	<p>Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: тірі және жансыз табиғаттың өзара байланысы туралы білімді бекіту. Көркем сөз Таңертең біз аулаға барамыз, жаңбырмен жапырақ түседі, Аяқ астында қытырлап...</p>	<p>Қайыңды бақылау Мақсаты: қайыңның басқа ағаштардан ерекшеленуі мүмкін ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөз Алена тұр — Жасыл орамалды, Жұқа маталы,</p>	<p>Торғайды бақылау Мақсаты: торғайдың, өмірдің ерекшеліктері туралы білімді тереңдету балалардың назарын және жадын белсендіру. Көркем сөз</p>	<p>Бақшадағы жұмыстарды бақылау Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімді бекіту. Көркем сөз Қатты жел соғып тұр, Қап-қара бұлт басты, Көрмейсің</p>

<p>Мұнда оралған Барлық айналасында, Қара кішкене өрмекші. Еңбек қызметі Тұқым жинау Мақсаты: гүлдердің тұқымын мұқият жинап, оларды дұрыс сақтау қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалысты ойын: «Қуып жет, секір», «Секіргіштер» Мақсаты: қозғалыс белсенділігін, ұзындыққа секіру қабілетін дамыту. Жеке жұмыс Қозғалыстардың дамуы</p>	<p>Түсіп жатыр, төгіліп... (Күз) Еңбек қызметі Балабақша учаскесін түскен жапырақтардан тазарту Мақсаты: өзіңізде және басқа балаларыңызда орындалған жұмыстан қуанышты көңіл- күй қалыптастыруға үйрету. «Үшінші артық» қимыл- қозғалысты ойын Мақсаты: ойын ережелерін сақтауға үйрету; ептілік пен жүгіру жылдамдығын дамыту. «Үкі» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды үйрену. Жеке жұмыс Мақсаты: алға қарай секіруді жетілдіру. Сыртқы материалмен тәуелсіз ойындар</p>	<p>жасыл сарафан. (Қайың) - Қандай ағаш туралы айтады? Балаларды қайыңның сұлулығына таңдануға шақырыңыз. Сіз оны құшақтап, сипап, «Өсе бер, сүйкімді қайың, жақсы адамдарды қуанта бер» деп айта аласыз. Еңбек қызметі Көкөністерді жинау. Мақсаты: сайтта ұжымдық жұмыс істеуге үйрету; ұжымдық еңбек дағдыларын қалыптастыру. «Қоян мен қасқыр» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: балалардың қозғалыс белсенділігін дамытуды жалғастыру; ережелерді өз бетінше орындауға үйрету. Жеке жұмыс «Ең жылдам» Мақсаты: кеңістікте бағдарлау қабілетін жетілдіруге арналған тапсырмаларды орындай отырып, жүгіру жаттығулары</p>	<p>Торғай - кішкентай тірі құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, бойлық қара жолақтары бар. Құйрығы мен қанаттары қара қоңыр, қызғылт түспен көмкерілген, иек пен жемсауы қара, бірақ басы сұр. Торғай-епті құс, қорықпай адамның аяғына секіреді, ит ыдысынан тістейді, үгінділер, тұқымдар, дәндер жинайды (Воробей-торғай, Птицы-құстар). Еңбек қызметі Сәбіз жинау Мақсаты: еңбекке дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге шақырыңыз. «Өз жұбынды тап» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: сигнал бойынша жылдам қозғалуды үйрену, қозғалыс бағытын өзгерту. «Допты ұста» қимыл- қозғалысты ойын Мақсаты: допты</p>	<p>Түнерсе жарықты - Ауа райы, табиғат қалай өзгерді? - Бақшада не өзгерді? - Суық келгенде, сіз қалай киінесіз? - Суық ауа райының басталуымен құлпынаймен не болады деп ойлайсыз? Ол үсіп қалады ма? Құлпынай үсіп қана қоймай, үсіп қалмауы үшін және жазда бізді піскен жидектермен қуанту үшін құлпынайды үгінділермен жауып, топырағын мөлдір пленкамен жабу керек. (бақша – огород, овощи – көкөністер, фрукты – жемістер, полезный – пайдалы). Еңбек қызметі Топырақты үгіндімен толтыру. Мақсаты: жұптасып жұмыс істеуге үйрету; достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. «Қайда жасырынғанын тап» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды үйрену. «Жүгіріс-жаман емес». Мақсаты: жүгіру</p>
---	---	---	--	--

				лақтыру және ұстау дағдыларын екі қолмен бекітуді жалғастыру. Жеке жұмыс Қозғалыстардың дамуы Мақсаты: көлбеу тақтамен жүруді үйрену	техникасын, жақсы дене бітімін, қолдың табиғи жұмысын жақсарту. Жеке жұмыс Қозғалыс дамуы Мақсаты: жүру, жүгіру техникасын жақсарту
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру. Жуыну тәсілдерінде жаттығуды жалғастыру: жеңдерді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолды жұдырыққа қысу. «Балалар қолдарын жуады» суреттерін қарау. Олар бойынша әңгіме. Өзіндік ойын қызметі				
Балалардың өзіндік іс-әрекеті	«Көңілді оркестр» сюжеттік-рөлдік ойын Біздің оркестр жұмыла ойнайды, ол музыка туралы бәрін біледі, скрипка ақырын ойнайды ол өзіне шақырады... Мақсаты: музыкалық есту қиялын дамыту, бейнелеу дағдылары, пантомимикалық мәнерлілік, импровизациялау қабілеті. «Кімнің дауысы» дөңгелек би ойыны Мақсаты: есту қабілетін дамыту, құрдастарының дауыстарын ажырата білу; ойындарға белсенді қатысуға деген ынтаны тәрбиелеу. Көркем шығармаларды тыңдау Үстел театры	«Біз таяқтардан құрастырамыз» құрылыс ойыны Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту, балалардың логикалық ойлауын дамыту. Ауамен тәжірибе (картотека, № 1 тәжірибе) Кітап бұрышындағы кітаптарды қарау (Оқу). «Гүлзарлардағы гүлдер» дамыту ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. «Гүлшек-жетішешек» ертегісін тыңдау	«Отбасы. Қарлығаштың туған күні» Мақсаты: жақындарына қамқорлық жасау ниетін тәрбиелеу; өз отбасына деген мақтаныш сезімін дамыту; өз отбасы туралы білімді тереңдету негізінде балалардың сөздік қорын жандандыру; сөйлеу арқылы ойын барысында біріге білу; өтініштер білдіру, сұрақтар қою, өз іс-әрекеттерін түсіндіру. Тыныш классикалық музыкамен «Достарға арналған ем» мүсіндеу. Мақсаты: таныс заттардың пішіндерін мүсіндеу, алақандардың арасына дөңгелек қимылмен саз кесектерін илеу, алынған пішінді	Қағаздың әртүрлі түрлерімен тәжірибе жасау. Қайшымен жұмыс Мақсаты: балаларға қағаздың қаттылығы, түсі, пайдалану мақсаты бойынша әр түрлі болуы мүмкін екенін көрсету. Кітап бұрышындағы кітаптарды қарау(Оқу)	Ойын-драматизация «Серуендеу» Мақсаты: әр түрлі эмоциялардың көбеюін бекіту: қуану, ләззат алу, таңдану. «Санау және салу» құрылыс ойыны Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауын дамыту. Көркем шығармаларды тыңдау. Дене шынықтыру бұрышындағы ойын-жаттығулар

			сақина түрінде бүктеу қабілетін дамыту		
Балалармен жеке жұмыс	Танымдық және зияткерлік дағдылар Математикадан 5 шегінде санау дағдысын қалыптастыру	Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі Қайшыны дұрыс ұстау және оларды пайдалану қабілеттерін қалыптастыру	Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар Гүлді өсімдіктер туралы білімді бекіту	Танымдық және зияткерлік дағдылар Құрылыс материалдарының бөлшектерін дұрыс атай білу қабілетін дамыту	Қарым-қатынас дағдылары жеке жұмыс: «С», «З» дыбыстары
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен әңгіме «Бәр апта ішінде біз не білдік». Баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар. Ата-аналармен балалардың дербестігін тәрбиелеу туралы әңгіме. Балалардың жетістіктері туралы әңгіме. Проблемалық жағдайларды шешу. Кеңес «Балалар шкафында не болуы керек және болмауы керек». «Мектепке дейінгі балаларға арналған күн тәртібі» консультациясы. Мақсаты: ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымдағы ережелер туралы еске салу				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **Б.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ**

Топ: **Мектепалды даярлық**

Топ жетекшісі: **Есенкелді Қ.Е**

Балалардың жасы: **5-6 жас**

Жоспар қай кезеңге жасалды: **19.12–22.12**

Күн тәртібі	Сейсенбі 19.12	Сәрсенбі 20.12	Бейсенбі 21.12	Жұма 22.12
Балаларды	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосферасын құру.			

<p>қабылдау</p>	<p>«Иә-жоқ» ойыны (ТРИЗ) Мақсаты: пайдалы нәрселерді көруге және қарама-қайшылықты белгілеу, өз жауабын негіздеуге үйрету; сөздік қорын байыту; байланысты сөйлеуді дамыту. «Кішкентай адамдар» ойыны Мақсаты: табиғи әлемдегі қатты, сұйық және газ тәрізді заттарды ажырата білуге, табиғи объектілердің тіршілік ету ортасын табуға үйрету (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p>		<p>Динамикалық ойын Бүгін бізде көңілді күн, Біз қорықта серуендедік (бір-бірінің соңынан шеңбер бойымен жүреді), Шөпті қолдарымен ұстайды (тізе бүгіп отырып, шөпті «сипайды»), Бұлттарға сүйсіне қарайды. (Тұрып, жоғары қарайды.) Бізге ағаштар ән салды, Жел жапырақтарды шулатты (Қолды жоғары көтеріп, екі жаққа тербеледі.) Құстар жиі ұшып келді, Төбеде айналып жүрді («Қанаттарын қағып», айналады.) Көлде балық ойнайды, Құйрығын бұлғайды. (Саусақты жұдырыққа түйіп, қолды алдыға созып, толқын тәрізді қимыл жасайды.) Аңдар шусыз жүреді. (Аяқ ұшымен бірінен соң бірі шеңбер бойымен жүреді). Және ордан секірді. (Шеңбер бойымен бір-бірінің соңынан екі аяқпен секіру.) Біз жүгірдік, ойнадық, Аяқтарымыз шаршады. (Олар бір-бірінің соңынан шеңбер бойымен жүреді, тоқтайды және аяқтарын сипайды.) Таңертеңнен серуендеміз – Бізге қайтатын уақыт келді. (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>		
<p>Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу</p>	<p>Ата-аналармен балалардың құрдастарымен қарым-қатынасының ерекшеліктері, баланың көтермелеуі мен жазалары туралы әңгімелесулер. Ата-аналардың сұрауы бойынша кеңес (жеке)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз</p>	<p>Дидактикалық ойын «Фигура қайда?» Мақсаты: фигураларды дұрыс атау қабілетін және олардың кеңістіктік орналасуын дамыту:</p>	<p>«Таяқшаны бір қатарға қой» дидактикалық ойыны Мақсаты: көлемі бойынша реттілікпен қатар құру және атау қабілетін бекіту</p>	<p>«Тақтаны жина» дидактикалық ойыны Мақсаты: ені бойынша сериялық қатарды құру және атау, қатарды екі бағытта ретке</p>	<p>«Көрпе жөндеу» дидактикалық ойыны Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту; келісімді сөйлеуді</p>	

<p>кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелену іс-әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)</p>	<p>ортасында, жоғарыда, төменде, сол жақта, оң жақта; фигуралардың орналасуын есте сақтау (математика + сөйлеуді дамыту) «Әуесқой Варвара» қимылды ойыны Мақсаты: сөздік қорын дамыту және қозғалыстарды үйлестіру (дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту) Ауызша сөздер бойынша құрастыру Мақсаты: геометриялық қиялды, кеңістіктік бейнелерді, есте сақтау бейнелеріне сүйене отырып, идея бойынша құрастыру қабілетін дамыту (құрастыру + математика)</p>	<p>(математика + сөйлеуді дамыту) «Бұлай болады, ал бұлай болмайды» қимылды ойын Мақсаты: балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру, қиялын ояту, көңіл-күйін көтеру; жинақылықты, зейінді, эмоциялар мен іс-әрекеттерді басқару қабілетін, ұжымдық және үйлесімді іс-әрекет дағдыларын дамыту (дене шынықтыру + қоршаған ортамен танысу) Ой-қиял бойынша құрастыру Мақсаты: алдын ала жоспарға сәйкес құрылысты өз бетінше құру қабілетін дамыту; іс-әрекетті жоспарлау дағдыларын бекіту (құрастыру + математика)</p>	<p>келтіру қабілетін дамыту: кему және өсу (математика + сөйлеуді дамыту) «Көңілді қар қшқыны» қимылды ойыны Мақсаты: балалардың бір-бірімен жақындасуына ықпал ету; қимылдарды мәнерлі, бейнелі түрде орындау қабілетін дамыту (дене шынықтыру + қоршаған ортамен танысу) «Үш бояу» жаттығуы Мақсаты: шығармашылық қиялды, бейнелі ойлауды, көркемдік қабылдауды дамыту (сурет + көркем әдебиет)</p>	<p>дамыту (математика + сөйлеуді дамыту) «Жиналындар, балалар!» қимылды ойын Мақсаты: кеңістікті шарлау қабілетін жетілдіру, аулақ болу соқтығысу; жалпы ойын жағдайында қозғалу (дене шынықтыру + қоршаған ортамен танысу) «Бірнеше қолмен сурет салу» ойыны Мақсаты: өз бетінше шығармашылық көріністі, ұжымда жұмыс істей білуді дамыту (сурет салу + қоршаған ортамен танысу)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Ертеңгілік кешенді жаттығу</p>			
<p>ҮІӘ дайындық</p>	<p>«Қазақстан Қызыл кітабына енген жануарлар» альбомын қарау Мақсаты: Қызыл кітапқа енгізілген жануарлармен таныстыруды жалғастыру; табиғатты қорғау (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>«Тірі табиғат» дидактикалық ойыны Мақсаты: қазақ тіліндегі сөздерді қолдана отырып, тірі табиғат объектілерін жіктей білу (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>«Қазақстан Республикасының қорықтары» әңгімелесу Мақсаты: балаларды табиғатқа ұқыпты қарауға, оны сүйеге, қорғауға тәрбиелеу. Қарастыру Қазақстанда сирек кездесетін жануарлардың суреттерінен иллюстрация (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>«Тату халықтар отбасы» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды Қазақстанда тұратын түрлі халықтармен таныстыруды жалғастыру. Олардың дәстүрлері, ұлттық киімдері, ойындары (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p>
<p>Ұйымдас тырылған іс-</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тәуелсіздік төрімде Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Қияр сөзіне дыбыстық талдау.Қонақта Маша мен аю. Сөздің мағынасын түсіну:</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Қыс. Алуан түрлі заттарды сипаттауға,қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және</p>	<p>1.Көркем әдебиет Ормандағы шырша тойы Балалардың түрлі дереккөзден алған</p>

<p>әрекет</p>	<p>қолдануға көмектесу. Қазақстан Республикасының картасын көрсету. Картадан біздің республикамыздың ұлан асыр жері бар екенін байқауға болады. Осы кең байтақ қазақ жері-бүгін Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталады. 16-желтоқсан-еліміздің ең үлкен, ең басты мерекесі. 1991 жылы қазақ елі егемендікке қол жеткізіп, өз алдына тәуелсіз мемлекет атандық. Ө. Ақыпбекұлы. Қазақстан картасы өлеңін жаттау. Мақалдың мағынасын ашу. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.</p> <p>2. Қазақ тілі</p> <p>Әсем қала – Алматы. Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын молайту.</p> <p>«Алматы – гүл қала» әнін тыңдау. Бұл ән не туралы? (Алматы қала туралы).</p> <p>Қуыршақ Сәуле: Біз сендерге Алматының көрікті орындарын</p>	<p>сөздерге дыбыстық талдау, сөздегі дыбыстар ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>Телефон дидактикалық ойыны.</p> <p>Ойын шарты: балалар, бір-бірінің құлағына сыбырлау арқылы айтылған сөзді басқа балаға жеткізеді. Егер ойын барысында сөзді кімде-кім дұрыс естімей қате естіп, сөзді шатастырып алса, «айыбын» төлейді. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Қандай дыбыстар болады?</p> <p>Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? Дауыссыз дыбыстар қаншаға бөлінеді? Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? Сөздерді буынға қалай бөлеміз? Буынды қалай белгілейміз?</p> <p>Дыбыстармен жұмыс. «Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы.</p> <p>Балалар мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіндер.</p> <p>Мысалы: <i>тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сүт, үкі, би, қи, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай</i> т.б.</p> <p>«Кім алғыр» дидактикалық ойыны.</p> <p>Балалар, алдарыңда көк түсті төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш</p>	<p>түсіну.</p> <p>Балалар, мен бүгін Аязды көрдім. Ол: «Қыс мезгілі келгеніне балалар қуанды ма?» – деп сұрады. Мен: «Әрине, қуанды», – дедім. Сендер қуандыңдар ма? Ендеше мына күміс қоңырауды ал да, балаларға бер, қоңырауды сылдырлатып, қыс келгеніне қалай қуанғандарын білдірсін. Қысқы мерекелерді, ойын түрлерін айтып, қоңырауды сылдырлатсын. Мен терезеден қарап тұрамын, әйтпесе қатты боран соғып, аяз қысады, – деді. Кәне, балалар, Аяздың айтқанын орындаймыз ба?</p> <p>Орындамасак, Аязды ашуландырып алармыз. Өте жақсы, балалар. Қыс мезгілінің келгеніне қатты қуанғандарыңды Аязда көріп, риза болып қалған шығар. Балалар, бүгін А. Құнанбаевтың шығармаларының бірімен танысамыз. Ол кісі қазақтың ұлы тұлғасы, ақын жазушысы, аудармашы. Шетел жазушыларының көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударған ақын. Жылдың төрт мезгіліне де арнап өлең жазған. "Жазғытұрым", "Жаз", "Күз", "Қыс". Біз бүгін қыс мезгіліне арналған "Қыс" өлеңімен танысамыз.</p> <p>Демонстрациялық материалмен</p>	<p>ақпарат, әсерлерімен бөлісуге мүмкіндік беру.</p> <p>Жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі неше айдан тұрады? Қыста қандай мерекені атап өтеміз? Жаңа жылда нені безендіреміз? Ормандағы шырша тойы әңгімесін оқу. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар. Тербеледі шыршалар. Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай шыршалар, Үп-үлкен боп өседі.</p> <p>Дидактикалық ойын. Аңдарды құрастыр.</p> <p>Ойынның шарты: балалар екі топқа бөлінеді. Алдын ала қиып дайындалған аң денелерін құрастыру керек. Қай топ тез құраса, сол топтың жеңіске жеткені.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері</p> <p>Аулада қандай мереке? Берілген буынға сөз құрастыру, сөздегі буындардың санын анықтау, үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау.</p> <p>«Ертегі кейіпкерлерінің жұбын тап» ойыны.</p> <p>Мақсаты: балаларды</p>
---------------	--	--	--	---

<p>көрсете аламыз. Алматымен таныстыру. Мынау – Алматы қаласы. Мынау – метро. Баратын жерімізге жылдам апарды. Мынау – саябақ. Алматыда саябақ бар. Саябақ көп. Саябақтар әдемі. Мынау – Медеу мұзайдыны. Мынау – Көктөбе. Медеу, Көктөбе туралы қысқаша айтып өту. Алматы қандай қала екен? Алматы – әдемі, әсем қала. Әдемі, әсем. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ө-ө-ө – көөөк-төбе-көктөбе Ә-ә-ә-ә – әсем-әсем. Күннің шыққаны жақсы ма? Жақсы! (Күнді бейнелейді). Желдің соққаны жақсы ма? Жақсы! (Қолдарын көтеріп тербеледі). Достарыңмен жүрген жақсы ма? Жақсы! (Алға қарай адымдайды). Туған өлкеде жақсы ма? Жақсы! (Құшақтарын жаяды). (Басбармақтарын көрсетіп, қол соғады). Ойын: «Жалғастыр» Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа...(қала)</p>	<p>бар. Мен сендерге дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дыбыс қатаң болса, көк төртбұрышты, ұяң болса, көк дөңгелекті, үнді болса, көк үшбұрышты көтересіңдер. Мысалы: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, һ, ф, х, ц, ч, ш, у. Дәптермен жұмыс. Суретке қара. Үш дыбыстан тұратын сөздерді ата. (Мая, тай, лак, құс, шөп, әже, тал, нар, ала.) Қияр сөзіне дыбыстық талдау жаса. Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) Үзік сызықтарды бастыр. Бастыр. 2. Математика негіздері Үстінде-астында, ішінде-сыртында, алдында-артында, солға-оңға. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыра білуге үйрету. Өз үйінді тап ойыны. Балалар екі топқа бөлінеді, әр топтың ойнайтын орны немесе үйін тағайындау. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де, 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы деп белгілейді. қай топ өз үйлеріне тез барады. «Суретті тап» дидактикалық ойыны. Карточкалармен жұмыс ұсынады: Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы</p>	<p>жұмыс. Қыс өлеңін оқу. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды. Бүгін "н" "м" дыбыстарымен танысамыз. Бұл екі дыбыстар үнді дауыссыз дыбыстар. «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады. «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады. Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр» Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта 2. Қазақ тілі Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ ойыны. Қазақ тіліне тән дыбыстарды, жаңа</p>	<p>«жүп» ұғымымен таныстыру. Тақтаға мультфильмнің кейіпкерлері әр жерге ілінеді. Балалар бір мультфильмнің екі кейіпкерлерін тауып, оларды жұптастырып қоюлары тиіс. Содан кейін балалар неше жүп болғанын, қайсысы жүпсіз екендігін анықтайды. «Сықырлы сандық» ойыны Мақсаты: балалардың сөздік қорын, фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілік пен тез әрекет етуге үйрету. Шарты: сықырлы сандықтың ішінен дөңгелекшелерді алып, онда бейнеленген суретті атап, ондағы басқы және соңғы дыбысты атап, соңғы дыбыстан басталатындай етіп сөздерді ретімен орналастырып, дөңгелектерді ретімен бір-біріне байлау. «Кім тапқыр?» ойыны Мақсаты: берілген дыбыстың орныны таба білуге машықтандыру. Ойын барысында балалары зейінді болуға дағдыландыру. Түстерді тез айырып, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. Достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Көрнекілігі: берілген</p>
--	--	--	---

<p>Кө... (көше) Сая.. (саябақ) Алматы... (Алматы – әдемі, әсем қала).</p> <p>3.Математика негіздері Математикалық ойындар. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.</p> <p>Дидактикалық ойын:Кім алғыр.Қолданылатын көрнекіліктер:10көлеміндегі сандар,таңбалар.Ойынның барысы:балалардың қолдарына сандар мен таңбалар үлестіріледі.Ойын мазмұнын түсіндіргендер кез келген түпкі нәтижемен таңбаны ескере отырып,өрнектер құрастыру.</p> <p>Ойын барысында таңбалар арасындағы байланысты жете түсінуіне,сан құрамын анықтай білуге,жазбаша есептеуге дағдыландыру.Дүкен ойыны.</p> <p>Балық ұстау ойыны. Қолданылатын көрнекілік: Аквариум ішінде жүзіп жүрген балықтар</p>	<p>жоғарғы бұрышта орналасқан суреттікөрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады.Жаттығу бірнеше рет қайталаанады.Мүқият тындап,заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды.</p> <p>«Сол жақ – оң жақ» <i>Өзіне қатысты бағдарлай алу.</i> Балалар өлең сөзі бойынша дене мүшелерін көрсетеді. «Суретті жұмбақта» ойынын ұйымдастыру.Сөздерді жұмбақтап бастауға ұсынады: ол парақтың төменгі сол жағында. Балалар карточкаларды қарайды, заттарды ойластырады, орналасуын сипаттайды.</p> <p>3.Көркем әдебиет Қысқы баспана. Балалардың түрлі дереккөзден алған ақпарат,әсерлерімен бөлісуге мүмкіндік беру. Жұмбақ жасыру.Еріксе күйрығымен ойнайды,зеріксе,ұйқыға бір тоймайды.</p> <p>Мысық.Қызыл бұжыр айдары бар, қоқиланған айбары бар,Ауық-ауық азан салып,өңеш керген айқайы бар.Өтеш.</p> <p>Дидактикалық ойын:Қайсысы қалай дыбыстайды?Ойын шарты:тәрбиеші үй жануарларының суреттерін көрсетеді. Балалар олардың атауын</p>	<p>сөздермен дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау.Қуыршақтар: Бүгін сендермен «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» ойын ойнаймыз. Өрбір жауапқа асық беріледі, көп асық жинаған бала жеңімпаз аталады.</p> <p>I айналым: Тәрбиешінің мақалын жалғастырады.Отан – оттан да ... (ыстық,Жақсы – ... (өнеге)Отан ... т.б</p> <p>II айналым: Тәрбиеші жұмбақ жасырады.Өскен жері бау-бақша, Күрең қызыл шіркін-ай, Жидектің аты – ... (құлпынай) Би: «Қуыр-қуыр Қуырмаш»</p> <p>III айналым: Жаңылтпаштарды қайталап айту арқылы жарысу. Тәрбиеші жаңылтпаштарды айтады, балалар жай, жылдам қайталайды.</p> <p>3.Математика негіздері Көп,аз,артық, кем,сонша.Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын,енін,биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Сана» Тәрбиеші цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер</p>	<p>дыбысқа арналып салынған түрлі түсті суреттер, ойыншықтар, жалаулар.</p> <p>Ойын шарты: берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетіндігін айтады. Балалар зейін қойып тындап, егер өтілген дыбыс сөздің басында болса, көк жалаушаны, соңында болса, қызыл түсті жалаушаны жоғары көтереді.</p> <p>3.Қоршаған ортамен танысу Қазақстан Республикамыздың мемлекеттік рәміздері.Менің туған өлкем.Туған өлке,ел,Отан, Мемлекеттік мерекелер,Қазақстан Республикасының рәміздерін оның маңыздылығын түсіну. Балаларды екі топқа бөліп, 1-топ бірінші шумақты бәсең дауыспен қайталайды, 2топ екінші шумақты көтеріңкі дауыспен қайталайды. Екі топ жарысып, өлең жолдарын талдайды. Қай топ көп сөз айтса, жұлдызшалар алады. Өңгіме өткізу. Мемлекеттік рәміздерге не жатады? Мемлекеттік Елтаңба. Мемлекеттік Ту. Мемлекеттік Гимн. <i>Демонстрациялық</i></p>
--	--	--	--

<p>суреті.Ойынның барысы:аквариум ішін,ондағы жүзіп жүрген балықтар көрінісі. Екі түрлі түске боялған балықтардың келесі бетіне толық ондықтарды,1,2...9-ды қосып,азайтуға 8-ді өрнектер жазулы тұруы керек.Ойын нәтижесінде толық ондықтарды қосу және азайтуды жаттығады.</p> <p>4.Шығармашылық іс-әрекет Менің сүйікті ойыншығым. -Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру. -Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қодану. -Заттарды қалауы бойынша қиып жапсыру. -Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Е. Өтетілеуұлының «Менің сүйікті ойыншығым» өлеңін оқу. Балғын бөбек – қуыршақ, Бота, қозы, құлыншақ, Ойыншықтар, кітаптар, Орман, көлдер, қыраттар, – деп, «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбына әңгімелеседі. Ең сүйікті ойыншығың</p>	<p>тауып,қалай дыбыстайтынын айтуы тиіс.Қысқы баспана ертегісімен таныстыру.Ертегі желісі бойынша сұрақтар.Мақал жаттау.</p> <p>4.Дене шынықтыру Біздің айналамыздағы әлем.Африкаға саяхат.Ынта мен шығармашылық таныта отырып,таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. «Континентті зерттейміз»Аяқтың ұшымен қолды жоғары көтеріп жүру; қолды екі жаққа созып, өкшемен жүру; қолды белге қойып, табанның екі шетімен жүру. Қарқынды өзгертіп тізбекпен жүгіру. Тыныс алуды қалпына келтіру.«Ыстық елдің жануарлары»:Қол-қол – мынау – қолтырауын. (Балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады). Мот-мот-мот – пайда болды бегемот. (Ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді.) Ке-ке-ке – мойны ұзын керік. (Керік сияқты аспанға созылады).Пі-пі-пі – су шашады піл. (Піл сияқты су шашады: ұрттарын толтырып, су бүркіген сияқты қимылдайды.)Май-май-май – маймылды қара, пай-пай! (Секіріп жүрген маймылды салады).Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау (5 рет): «Кокостармен ойнаймыз»Отырған</p>	<p>бейнеленген карточкаларды таратады.Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды.Осы карточкалар туралы не айтуға болады?Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салындар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады. Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады.«=» белгісін қоюға болады.Көп-аз,бір ойыны. Ойынның барысы:әр балада он-оннан карточкалар және түрлі заттар.Үлестірмелі заттарды пайдалана отырып тәрбиеші көп десе балалар заттардың көбін,аз десе азын,ал бір десе тек қана бір затты көрсетулері керек.</p> <p>4.Музыка Орманда серуендейміз. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов). Сағаттың қимылымен балалар</p>	<p><i>материалдармен жұмыс.</i> Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі. Қазақстан Туының авторы – Шәкен Ниязбеков. Елтаңба – Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Елтаңбаның негізі бөлігі – шаңырақ. Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізі – отбасының бейнесі. Қанатты тұлпар – ұшқыр арманның, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың көрінісі. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын паш етеді. Әрбір адамға жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Елтаңбаның авторлары: Жандарбек Мәлібеков, Шота</p>
--	---	--	--

<p>не? Неге ең сүйікті? Сипаттап бер? Балалардың сүйікті ойыншықтарымен түскен суреттерін қарастыру. Ойыншықты қалай ұстайсыңдар? Жапсыру әдісімен сүйікті ойыншығын жасауды ұсынады. Ең алдымен, өзіңе ұнаған ойыншықты таңдайсың. Саусаққа арналған жаттығу. Қуыр-қуыр, қуырмаш, Бидай салам, қолыңды аш. Төгіп алма, күлем деп, Балапанға барып шаш Балалар шығармашылығы.</p>	<p>күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін қалыптастыру. Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.«Қи қоңыз» ойын-жаттығуы. Арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүруге жаттықтыру.</p>	<p>иіледі, шапалақтайды, қол ұстасып, аяқтарымен топылдатады. Жеңіл әуенге ілесіп би қимылдарының элементтерін жасау. Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев). Әннің сипаты мен екпіні және мазмұны туралы әңгімелеу. Балалардың музыка тыңдай отырып алған әсерлерімен бөлісу. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Ақша қар» (Е. Өміров). Тәрбиеші әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Әнді көңілді, ырғақты сақтай отырып табиғи дауыспен айтуға көңіл бөлу. Үйренген ән «Шырша әні» (К. Қуатбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту. Билер. «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, Қимылды орындағанда аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қолдағы «ұлпақар»-таяқша атрибуттарымен музыка әуеніне ілесе, ырғақты сақтай отырып билеу. Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко).</p>	<p>Уәлиханов. Еліміздің гимні – «Менің Қазақстаным» әні. Авторлары: Нұрсұлтан Назарбаев, Жұмеке Нәжімеденов, Шәмші Қалдаяқов. Мемлекеттік Гимнді орындарынан тұрып, оң қолдарын жүректерінің тұсына қойып орындайды. Рәміздерді қандай жерлерге іледі? Балалар қай жерлерде Қазақстанның Мемлекеттік Туының ілініп тұрғанын көргенін айтады. Елбасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік рәміздер туралы жаңа қаулысы шықты. Қаулы бойынша қазақстандықтардың Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында, тек мемлекеттік зәулім ғимараттарда ғана емес, сонымен қатар балкон мен терезелерге де Мемлекеттік Туды ілуге болады. Рәміздер – сол елді айқындайтын белгілер. Мысалы, үлкен теңіз, мұхиттарда көп кемелер жүзіп барады. Олар өздерінің қай елден екенін білдіру үшін, Мемлекеттік Туын іледі. Әртүрлі спорттық жарыстарда, олимпиадаларда спортшылар елінің туымен шығады. Барлық елдерде</p>
---	---	--	---

				<p>біздің елшілігіміз бар. Сол елшіліктердің төбесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы ілінеді. Спортшылар жеңіске жеткенде сол елдің туы желбіреп, гимні орындалады.</p> <p>4.Дене шынықтыру Құрлықтар бойынша саяхат Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Еуропаға саяхат «Пойыз» ойын-жаттығуы. Ирелеңдеп жүгіру: жүгіру қарқынын және бағытын өзгертіп жүгіреді.</p> <p>«Ұшақтар» ойын-жаттығуы: Африка. Африка, Африка, ғажайып ел! Африка, Африка, ыстық ел! Негізгі қимыл қозғалыстарды орындау: Арктика. Арктикада аяз. Жиі қарлы боран соғады. Аппақ аю мекендейді. Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. (2</p>
--	--	--	--	--

				<p>рет)Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып, алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.Азия (Эверестке шығу)Эверест – дүниежүзінің ең биік шыңы.Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өту, өрмелеуді бекіту. Антарктида.Антарктидада жыл бойы қыс болады. Пингвин – оның мекені.«Пингвиндер» ойын-жаттығуы.Екі тіземен допты қысып алып жүру. Екі топқа бөлінеді. Екі топ екі тізбек болып тұрады. Бастаушы балалар екі тізе ортасына допты қысып, белгіленген жерге екі аяқпен секіріп барып, кері жүгіріп келіп, тізбектің соңына тұрады.</p> <p>«Қайықта» ойын-жаттығуы АустралияҮнді мұхитын жүзіп өтіп, Аустралияға жеттік.Ғажайып материк Кел, досым, көрелік. Қалталы аңдар –Тиін, егеуқұйрық, кенгуру Коала деген аю және бар.«Кенгуру» ойын жаттығуы. Екі тізенің ортасына допты қысып секіруге жаттықтыру, өзін-өзі</p>
--	--	--	--	---

				қадағалай білу шеберліктерін қалыптастыру. Бірінші сапта тұрған ойыншылар екінші саптағыларға допты тізелерінің ортасына қысып секіріп барады. Допты түсіріп алмауға тырысады.
Серуенге дайындалу	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге қызығушылықты ояту. Балалармен жеке әңгімелесулер: «Біздің балабақша қалай аталады?», «Ол қай көшеде орналасқан?» Біз өмір сүріп жатқан еліміз қалай аталады?» және т. б. Енді серуендеуге барайық. Біз балалармен ойнаймыз. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)			
Серуен	<p>Аспанды бақылау Мақсаты: қиялды дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу. «Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың қыста жансыз табиғат туралы білімдерін бекіту. Еңбек қызметі: ғимараттарды қардан тазарту «Көкпар» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті, шапшаңдықты дамыту; ойын ережелерін сақтау қабілетін жетілдіру. Шығарылатын материалмен жеке ойындар (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)</p>	<p>Ауа-райын бақылау Мақсаты: зейін мен байқауды дамыту. Еңбек қызметі: қар үйіндісін жасау Мақсаты: еңбекқорлық пен ұжымдық жұмыс істей білуге тәрбиелеу. «Қардан не жасауға болады» дидактикалық ойыны Мақсаты: қиялды, байқауды дамыту. «Күрес» қимылды ойыны Мақсаты: реакция жылдамдығын, ептілігін дамыту. Шығарылатын материалмен ойындар (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)</p>	<p>Құстарды бақылау Мақсаты: қыста құстардың өмірі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек қызметі: балабақша аумағында жемсалғыштар ілу Мақсаты: біздің кішкентай бауырларымызға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. «Жанды табиғат» дидактикалық ойыны Мақсаты: жабайы табиғат объектілерін жіктеуге үйрету. «Үкі» қимылды ойыны Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды, ептілікті, зейінді дамыту. Шығарылатын материалмен ойындар (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)</p>	<p>Кіші топтағы балаларды бақылау Мақсаты: байқауды дамыту; кішілерге қамқорлық көрсетуге үйрету. Еңбек қызметі: учаскені қардан тазарту Мақсаты: еңбек тапсырмаларын ұқыпты және мұқият орындауға үйрету «Сипаттама бойынша тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: байқауды, зейінді, есте сақтауды дамыту. «Шанамен сырғанау» спорттық жаттығуы Мақсаты: шанаға дұрыс отыруға үйрету Шығарылатын материалмен ойындар (сөйлеуді дамыту +</p>

				қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру; жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолдағы суды түсіру. «Балалар қолын жуды» суретін қарау. Ол жайлы әңгіме. Өзіндік ойын әрекеті			
Балалардың өзіндік іс-әрекеті	Үстел театры «Пых» ертегісі Көркем әдебиетті оқу: Қазақстан туралы жазушылар мен ақындар (көркем әдебиет + сөйлеуді дамыту) «Елордамыз Астананың басты көшесі» құрылыс материалынан құрылыс салу Мақсаты: алған білімдерін бекіту, елорданың бірнеше көшелерінің аттарын білу; ірі құрылыс материалдарымен жұмыс істеу дағдыларын, шығармашылық қиялын, ұжымда жұмыс істеу қабілетін дамытуды жалғастыру (құрастыру + қоршаған ортамен танысу)	«Хайуанаттар бағы» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: жабайы жануарлардың атауын, олардың тұтқында өмір сүру ортасын, хайуанаттар бағының қызметкерлеріне қамқорлық пен күтімді көрсету. «Жануарлар» дидактикалық ойыны Мақсаты: жабайы табиғат туралы түсініктерді кеңейту; Қызыл кітапқа енгізілген жануарлармен таныстыру (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	«Экологтар» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың экологтар жұмысының адамгершілік бағыты, оның табиғатты сақтау қажеттілігі, әлеуметтік маңызы туралы түсініктерін кеңейту. «Жер бетінде жануарлар неге жойылады?» ситуациялық әңгіме Мақсаты: табиғаттың әртүрлілігі туралы түсінік беру, кейбір жануарлардың жойылуының негізгі себептерін тізімдеу, қорғалатындарды атау, жануарлар мен өсімдіктер әлемін неге қорғау керектігін түсіндіру; балалардың сөздік қорын байыту (динозавр, мамонт, теңіз сиырлары, кара ләйлек, қорықтар) (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	«Ветеринар» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: медицина қызметкерлерінің еңбегіне құрмет көрсетуге тәрбиелеу; қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін бекіту (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) «Ойыншық-ат» тақырыбында сурет салу (халық шығармашылығы) Мақсаты: заттарды табиғаттан және олардың сипаттамалық ерекшеліктерін жеткізе отырып, сурет салу дағдыларын қалыптастыру (сурет салу + қоршаған ортамен танысу)
Балалар мен жеке жұмыс	Танымдық және зияткерлік дағдылар Дидактикалық ойын «Нүктелерді қос та, не шыққанын біл» Мақсаты: параққа бағдарлау, зейін қою, ойлау қабілетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар «Мерекеге қонаққа бару» дидактикалық ойыны Мақсаты: қоғамдық орындарда мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру	Қарым-қатынас дағдылары Жаңылтпашты қайталау Мақсаты: дыбыстың дұрыс айтылуын дамыту	Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі «Үлкен және кішкентай сәбіз» жаттығуы Мақсаты: конус тәрізді пішіндерді айналдыруға жаттығу
Балалардың үйге	«Сиқырлы фантастикалық жаңа жыл әлемі» суреттер мен қолөнер көрмесі Мақсаты: ата-аналардың шығармашылығын дамыту; ата-аналар мен балалардың бірге уақыт өткізуіне ықпал ету. «Жаңа жылдық карнавал» мерекесі			

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**Білім беру ұйымы: Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ****Топ: Мектепалды даярлық****Топ жетекшісі: Есенкелді Қ.Е****Балалардың жасы: 5-6 жас****Жоспар қай кезеңге жасалды: 25.12–28.12**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.12	Сейсенбі 26.12	Сәрсенбі 27.12	Бейсенбі 28.12	Жұма 29.12 демалыс
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосферасын құру.				
	<p>Апта өлеңі. Бұл оқиға желтоқсан айында болған еді, Тау басында шырша тұрды, Шырша жанында ашулы қасқырлар жүрді. Бір рет түн ішінде, Орманда тыныш болған кезде, Қасқырға тау жотасында Кездесіп қалды Қоян мен Көжек. Жаңа жылда кімге ұнасын Қасқыр тырнағына түсу? Қояндар алға ұмтылды Шыршаға секіріп мінді. Құлақтары қысылып Ойыншық сияқты ілініп қалды. 10 кішкентай қоян шыршада ілініп Үнсіз тұрып, қасқырды алдады. Бұл қаңтарда болып еді – деп ойлады қасқыр,</p>		<p>Психожаттығу «Қысқы қызықтар» Бізге қыс, қыс келді, Барлығы аппақ қар: жер, үйлер. (Адымдап жүреді.) Қараңдаршы: қар жауады, О, қар бізге ұшады! (Қолды жайып, айналады.) Ағаштарда, көліктер де, Аппақ қарға оранды! Үйдің жанында-Аққала, Сәбіз мұрны көрінеді (Қолмен мұрынды ұстау) Оны кім жасады? - Балалар: Қыздар мен ұлдар. (Қолдар бүйірде)</p>		<p>Саусақ гимнастикасы «Жаңа жыл» Жаңа жыл келе жатыр! (Қол шапалақтау.) Балалар дөңгеленіп билейді. (Қол ұстасқан, қолдар созылған, шынтақты бұғу.) Шыршада шарлар ілініп тұр (саусақтарды екі қолға кезекпен қосып, шар жасау), Шамдар да жанып тұр. Міне, мұз жарқырайды (жұдырықты қысу және тез ашу), Қар ұшқындайды. (қолды жеңіл және баяу қозғалту.) Аяз Ата қонаққа келеді (саусақтар тізе немесе еден бойымен жүреді), Ол бәрімізге сыйлық әкеледі. (Алақан ысқылау.) Сыйлықтарды санау үшін, Саусақтарымызды бүгеміз:</p>

	Тауда – безенген шырша. (Сөйлеуді дамыту + Көркем әдебиет)	Ал қыста бізде қар, шана, шаңғы және коньки бар! (Қимылмен көрсету) (сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру)	1,2,3,4,5,6,7,8,9,10. (Әр саусақты кезекпен уқалау.) (сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру)	
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Ересектердің баланың мінезін қалыптастыруға әсері туралы ата-аналармен әңгімелесулер. Ата-аналардың сұрауы бойынша кеңес (жеке)			
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	«Жаңа жылдық шырша» дидактикалық ойыны Мақсаты: биіктікті (биіктік параметрлерінің бірі) анықтау үшін өлшегішті қолдану, қала бойынша сапарды ойнау және шыршаларды орындарға жеткізу қабілетін дамыту (математика + қоршаған ортамен танысу) «Қалай өмір сүресің?» қимылды ойын Мақсаты: балалардың қимылдарды дұрыс сипаттау және бір уақытта сөйлеу қабілеттерін, ойлау дағдыларын, қозғалысты үйлестіруді (дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту) дамыту «Сурет салу» тапсырмасы	«Қайсысы көп?» дидактикалық ойын Мақсаты: әр түрлі заттың тең санын көру және сөйлеуде көрсету қабілетін дамыту: 5, 6 және т. б. (математика + сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын «Не жоқ?» Мақсаты: зейінді, тапқырлықты, жетіспейтінді тез табу қабілетін дамыту (дене шынықтыру + математика) «Ертегілер патшалығы» ойыны Мақсаты: ертегі кейіпкерінің бейнелі мазмұнын көру қабілетін дамыту, оның мінезін ұжымдық рөлдік ойында көрсету (сөйлеуді дамыту + Көркем әдебиет)	«Сынған баспалдақ» дидактикалық ойыны Мақсаты: шамалардың біркелкі өсуіндегі бұзылуды байқау және атау қабілетін дамыту (математика + сөйлеуді дамыту) «Суық-ыстық» қимылды ойыны Мақсаты: есту қабілеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту (дене шынықтыру + математика) «Қиялы ұшқырлар» ойыны Мақсаты: қиялды, бейнелі ойлауды дамыту (сөйлеуді дамыту + Көркем әдебиет)	«Суретті кім дұрыс таңдайды» дидактикалық ойыны Мақсаты: «жиһаз», «киім», «аяқ киім», «жеміс» жалпы ұғымдарын біріктіре отырып, суреттердің көрсетілген санын таңдау қабілетін дамыту (математика + сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) «Айырмасын тап» қимылды ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін дамыту (дене шынықтыру + математика) Өз ойы бойынша мүсіндеу Мақсаты: балалардың қиялын, өз жұмысының мазмұнын ойлап табу қабілетін дамыту; алған білімдерін өз бетінше қолдануға машықтану (сөйлеуді дамыту + мүсіндеу)

	Мақсаты: бұрын бар дағдыларға сүйене отырып, жаңа бейнені өз бетінше жасау қабілетін дамыту (сурет салу + қоршаған ортамен танысу)				
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгі жаттығулар жиынтығы				
ҮІӨ дайындық	«Қыс белгілерін ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздікті жандандыру, себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету, қазақ тіліндегі сөздерді атау (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	«Қандай қыс, қандай қар?» дидактикалық ойын Мақсаты: сөйлеуді сын есімдермен байыту «Мерекедегі мінез-құлық ережелері» ойын-жаттығу Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениеті туралы білімді жандандыру (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	Жаңа жылдық ертеңгілікке арналған әндер мен өлеңдер үйрену Мақсаты: жаңа жылдық ертеңгілік сценарийіне сөздерді қайталау (сөйлеуді дамыту + музыка) «Шырша салу» жаттығуы Мақсаты: әр түрлі үшбұрыштардың көмегімен шырша салуды үйрену (математика + сурет салу)	«Мереке туралы әңгімеле» ойын жаттығуы Мақсаты: болған оқиғалар туралы айту қабілетін қалыптастыру; сөйлеу белсенділігін, есте сақтау қабілетін дамыту, қазақ тіліндегі сөздерді қолдану (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	1. Қоршаған ортамен танысу Қазақстан ортақ үйіміз. Адамгершілікке баулу. Қай ұлт дидактикалық ойыны. Шарты: тәрбиеші әр ұлт өкілдері бейнеленген сурет, балалар оның қай ұлт өкілі, оны қалай білгенін айтады. Қазақстанда жүзден астам ұлт бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай тату-	1. Сөйлеуді дамыту Ажарлы қыс. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Демонстрациялық материал. Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. Суретте қарап, көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер. Суретке мұқият қарап, тақырып қойындар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки	1. Сауат ашу негіздері Біз нені үйрендік, нені білдік? Сөйлем сөздерден тұратынын білу, берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастыру. Қаламды дұрыс ұстай алу. «Саңырау телефон» ойыны. Балалар шеңберге отырады, бастаушы қасындағы баланың құлағына бір сөзді сыбырлап айтады. Ол шеңберде отырған қасындағы балаға айтады. Ойын жалғасын табады. Ойын соңында кім шатасады, сол айыбын төлейді. «Сұрақ-	1. Сөйлеуді дамыту Қош келдің, жаңа жыл! Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Жұмбақ жасыру. Шашуы көп, дәмі мол, тастамайды қабын ол. Жаһан кезіп баланың қуантпақшы бәрін ол. Шешуі Аяз Ата. Жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелесу. Балалардың пікірлерін тыңдау. С. Қалиұлының Шырша өлеңін жаттау. Шырша суретін салу.	

	<p>тәтті өмір сүріп жатыр.Қазақстанның мемлекеттік тілі-қазақ тілі.</p> <p>С.Оспановтың Тілейміз-бейбіт күн деген өлеңін мәнерлеп оқу.Мазмұнын түсіндіру.Өлеңдегі Дос құшағын елге ашқан деген жолдың мағынасын түсіндіру.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері</p> <p>Біз нені үйрендік? Жазу парағында бағдарлай білу,қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындау.</p> <p>«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны</p> <p>Тәрбиеші балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаңдыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай</p>	<p>теуіп жүрген баланы көріп отырсындар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құраңдар. «Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер?»</p> <p>«Бұл суреттің тақырыбын "Ажарлы қыс " деп атасақ қайтеді, Балалар "ажарлы " – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Балалар, сендер құраған әңгімелерің сөйлемнен тұрады, ал сөйлем сөзден құралады.Балалар, сөз дегеніміз айтылатын бір ой. Егер сен «қыс», «қар», «шаңғы» деген сөздерді ойлап айтсаң, сол сөзді өрбітіп сөйлем құрауға болады. Сөйлем дегеніміз – тиянақты жинақталған бір ой. Сөйлемдер сұраулы сөйлем, хабарлы сөйлем болып бөлінеді. Өр сөйлемнің өзінің тыныс белгілері бар. Хабарлы сөйлемнен соң нүкте қойылады. Қуанышты, көңіл күйді білдіретін сөздерге леп белгісі қойылады, сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі қойылады.</p> <p>«Айырмашылығын тап»</p> <p>Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек.</p> <p>2.Қазақ тілі</p>	<p>жауап» әдісі арқылы қайталау.Дыбыстар нешеге бөлінеді?Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?Буында неше дауысты дыбыс болады?</p> <p>«Жалауша» дидактикалық ойыны.Тәрбиеші қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.</p> <p>«Тиісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Тәрбиеші жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары дөңгелекті көтереді.</p> <p>«Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны.</p> <p><i>Н</i> дыбысынан басталатын сөздер ойландар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер, қанша буын атасындар.<i>Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен.</i></p> <p><i>Р</i> дыбысынан басталатын сөз ойландар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп</p>	<p>Сөз ойла,көп ойла дидактикалық ойыны.</p> <p>2.Қазақ тілі</p> <p>Менің бөлмем</p> <p>Сөздік қорларын молайту.Қазақ тіліне тән дыбыстарды,жана сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Ойын: «Қандай сөз артық?». Балалар мұқият тыңдап қандай сөз артық екенін табады. Мысалы: кереует, үстел, нан, кілем. Балалар әр дұрыс жауап үшінфишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Сен қайда тұрасың?».</p> <p>Мнемо кесте арқылы әр бала қайда тұратынын айтады. Қай көшеде, қандай үйде тұрасың?</p> <p>Мен ... (көшенің аты) көшесінде, 2 қабатты (көпқабатты) үйде тұрамын. Сенің пәтерінде (үйінде) неше бөлме?</p> <p>Сенің пәтерінде (үйінде) қандай бөлме бар?</p> <p>Суретпен жұмыс.</p> <p>Мынау – балалар бөлмесі. Мынау қандай бөлме?</p> <p>Мынау – балалар бөлмесі. Бөлмеде нелер бар?</p> <p>Бөлмедегі заттарды атап, көрсетеді. Бөлмеде кілем,</p>
--	--	---	--	--

	<p>дауыссыз дыбыс екенін атап береді.</p> <p>«Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасындар. Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-го, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, на-ла, ца-на, чо-ро, ше-уе, хо-йо.</p> <p>«Белгі бер» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Тәрбиеші балаларға ұяң (б) дыбысын басқа дыбыстар мен араластырып айтады, балалар (б) дыбысын естігенде, қол шапалақтап дыбыс береулері керек. Сол сияқты басқа ұяң в, г, ғ, д, ж, з дыбыстарымен ойнатылады.</p> <p>Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) Суретті бастыр.</p> <p>3. Музыка</p> <p>Қысқы әуен</p>	<p>Менің үйім.</p> <p>Сөздік қорларын молайту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Ойын: «Ғажайып сөздер».</p> <p>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.</p> <p>Ойын «Сұрақ-жауап»</p> <p>Сен қай Республикада тұрасың? (Қазақстан Республикасында тұрамын.)</p> <p>Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады)</p> <p>Қай көшеде тұрасың? (Өз көшелерін айтады).</p> <p>Қандай үйде тұрасың? (Үлкен, кішкентай үйде тұрамын).</p> <p>Үйдің нөмірі қандай?</p> <p>Мынау қандай үй?</p> <p>Мынау – көпқабатты үй.</p> <p>Мынау бірқабатты үй.</p> <p>Кім көпқабатты үйде тұрады?</p> <p>Сен нешінші қабатта тұрасың?</p> <p>Көпқабатты үйде пәтерлер бар.</p> <p>Сурет бойынша жұмыс.</p> <p>Мынау – пәтер. Мынау не?</p> <p>Мынау – пәтер Пәтерде (үйде) бөлмелер бар. Мынау – бөлме. Сенің пәтерінде (үйінде) неше бөлме бар?</p> <p>Бөлмелерді санайды.</p> <p>Суреттер арқылы әр бөлме</p>	<p>отырады. <i>Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең.</i></p> <p>Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.</p> <p>«Сөздерді буынға бөл» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер. Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б.</p> <p>Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)</p> <p>Үзік сызықтарды бастыр.</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Өткенді қайталау.</p> <p>Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p>Тәрбиеші үстелге екі бірдей балалар арқақоржынын қойып, балаларға сұрақ қояды: Мына арқақоржындар туралы не айта аласындар? Олар бірдей ме, немесе әртүрлі ме? Масса туралы не айтуға болады? Олар</p>	<p>кереует, үстел, орындық бар.</p> <p>Бөлмеде ойыншықтар бар.</p> <p>Бөлме қандай? (әдемі, жарық)</p> <p>Терезеде перде бар. Перде әдемі.</p> <p>Мынау не? (Перде сөзін жеке, хормен қайталайды). Бөлмеде шам бар. Мынау шам. Шам үстелдің үстінде тұр. Шам қайда тұр?</p> <p>Бөлмеде кітаптар бар. Кі-тап-тар.</p> <p>Сенің бөлмең бар ма?</p> <p>Бөлмеңде не бар? Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды, жеке-жеке жауап береді. Сәуле өзінің бөлмесі туралы айтады: <i>Менің бөлmem үлкен, жарық, таза. Бөлmemде кереует, үстел, орындық бар. Ойыншықтар бар. Мен бөлmemде ойнаймын. Ойыншықты жинаймын.</i></p> <p>Балалар үлгі бойынша мәтін құрайды.</p> <p>3. Математика негіздері</p> <p>Біз не үйрендік? Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Тағы да құртақандар келді» деген ойын жағдаяты.</p>
--	--	--	--	---

	<p>сыңғырлайды Эртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше жәнешығармашы лықпен орындауға баулу. Музыкаға сәйкес орында латын би қимылдарын білу. Музыкалық- ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында – шырша айналасында би қимылдарын орындау. Балалар, сендер қыс туралы не білесіңдер? Қыс несімен ұнайды? Қандай мерекені тойладыңдар және оған кімдер, қандай кейіпкерлер келді? Музыка тыңдау: «Қыс» (А. Вивальди, үнтаспа). Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев). Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» ойыны, музыка аяқталғанша бөлшектерден</p>	<p>(балалар бөлмесі, дәліз, асүй) қалай аталатынын айтады. Мынау – дәліз. Дә-ліз. Дәліз үлкен. Дәлізде шкаф тұр. Шкафта нелер болады? (Киім). Мынау – балалар бөлмесі. Балалар бөлмесінде нелер бар? (Ойыншықтар, кітаптар). Мынау қандай бөлме? Мынау – асүй. Мынау – ... Асүйде нелер бар? (Орындықтар, үстел, ыдыс ...)</p> <p>3.Математика негіздері Ауыр-жеңіл.Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. Үлкен арқақоржынды (рюкзак) кіргізіп, көтеруге өте ауыр деген кейіп танытады. Одан кейін шағын арқақоржынды оңай және көңілді кіргізеді. Балаларға сұрақ қояды: осы арқақоржындар туралы не айта аласыңдар?Тәрбиешінің іс-қимылын бақылайды. Салмақ туралы болжам дар айтады.Мына арқақоржын үлкен, ауыр; екіншісі шағын, жеңіл.Бүгін біз заттарды салмағы (массасы) бойынша салыстырамыз. Ол үшін қандай сөздерді қолданамыз?</p>	<p>бірдей ме, немесе әртүрлі ме?Мұны түсіну үшін не істеу керек?Балалар арқақоржындардың пішіні, өлшемі, түсі, материалы бойынша бірдей екенін айтады. Салмақ туралы болжамдар айтады. Балалар салмақты көзбен анықтау мүмкін емес, қолға алып, салыстыру керек деген қорытындыға келеді.Қорытындылап, массаның өлшемге байланысты емес екендігі туралы қорытынды жасайды. 1-тапсырма. Суреттерге қараңдар. Жағдаяттың сипаты бойынша ауыр және жеңіл арқақоржынды анықтап, белгіле.Сергіту сәті.Орман алаңына жеңіл адымдап, ешқандай жүксіз шыққанымызды елестетіндер. <i>Бұталар мен төмпешіктен Аттан өтіп жеңілдікпен, Бұтақтар мен томарлардан Секіріп өтіп оңайлықпен Ұзақ-ұзақ жүріп келдік, Шаршадық деп берілмедік. Енді жеттік, тоқтадық, Кел, достарым, жайғасып, Отырайық демалып. Тынығамыз, күш жинаймыз, Одан кейін сапарға Аттанамыз қайтадан.</i> 1-тапсырма Балалармен бірге қарбызды теңестіру үшін неше</p>	<p>«Олармен жақынырақ танысайық». Олардың киімінің өлшемі мен түстерін, кеңістікте орналасуын сипаттауды ұсынады.Ойын жағдаятына қосылады. Құртақандар бейнеленген суреттерді қарап, олардың өлшемін, түсін, кеңістікте орналасуын анықтайды.Балаларға «үлкен-кішкентай», «түс», «алдында-артында», «алды», «арасында»,«жанында» деген сөздерді пайдалана отырып, суреттерде бейнеленген құртақандардың әрқайсысын сипаттауға көмектеседі. 1-тапсырма. Ол үшіналдымен жаңа – түс және өлшем белгілерімен таныстырады.Тапсырманы ауызша орындауды немесе сызық өткізуді – үлкен құртақанға қандай шелекті беру керектігін, ол шелектің түсінің қандай болатынын және т.б. анықтауды ұсынады. Тәрбиеші бірнеше балаға (5 бала) шығып, бір-бірінің артына тұруын сұрайды. Қалған балалар оларға сипаттама береді: үлкен – кіші, киімінің түсі, бір- бірінің артындағы орны. Балалар тапсырманы</p>
--	--	---	---	---

	<p>суреттерді құрастыру. Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко). <i>Бубен, маракас, барабан, қоңырау</i> аспаптарын қолданып, ырғақты сезіне кезекпен және қосыла ойнауға үйрету.</p> <p>4.Дене шынықтыру Байқоңыр Негізгі қимылдар.Қимылды ойындар.Ынта мен шығармашылық таныта отырып,таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Бір, екі тізбекпен жүру; кең және қысқа адыммен, қолдарын сермеп, бір бүйірмен жүру. У-шу кешені бойынша тыныс алуларын қалпына келтіру.Сапқа тұрып, бірінші-екінші санағы бойынша санайды. Тізбекпен жүреді, залдың ортасында екі тізбек құрып жүредіҚолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Баяу қарқынмен жүгіру.</p>	<p>(Ауыр және жеңіл).Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуды сұрайды, сол арқылы балалардың салмақ туралы ұғымдарын анықтайды. 1-тапсырма. Суреттерді қарап, жағдаяттарды сипаттаңдар. Спорттың пайдасы және үлкендерге көмек көрсету туралы қысқа сұхбат жүргізуге болады.Жеңіл және ауыр заттарды 2- тапсырманың кестесіне жапсырыңдар. Сол жақта қандай заттар? Неліктен? Оң жақта қандай? Сергіту сәті.Ауыр арқақоржынды қалай көтеретіндеріңді, жеңілімен сокпақ жол үстінде секіріп келе жатқандарыңды көрсетіндер. Салмақты қандай құралдардың көмегімен өлшеуге болатынын кім біледі? (Таразы). Ең қарапайым таразымен танысуды ұсынады.Ең қарапайым таразыны немесе плакатты көрсетеді.Таразының қай табақшасы төмен түседі? Жеңіл зат па немесе ауыр зат салынғаны ма? Таразы арқылы кімнің (ненің) ауыр екенін анықтаңдар. Суреттерді көрсетеді немесе таразыға салмағы әртүрлі заттарды қояды. 3- тапсырманы «Жүк көлігі не</p>	<p>алма салу керектігін анықтайды. Ал енді арқақоржынға саңырауқұлақтар мен жеміс-жидектерді толтырып алғанымызды елестетіндер. Қалай қимылдаймыз? «Ауыр – жеңіл», «бірдей» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші балаларға сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып білуді ұсынады: кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, шеге және дән және т.с.с. Сондай- ақ салмағы бірдей жұптарды анықтауды ұсынады. Балалар тапсырманы орындайды. Балалар «жүксіз» және «тола» арқақоржынмен қимылдар жасайды.Алманың суретін салады.«Өлшеу» бойынша жұптық жұмыс.Тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз жауабын түсіндіреді. Таразының үлгілерімен таныстырады Балалар таразыдағы әр жұптан ауыр затты қоршап сызады. Заттарды массасы бойынша қалай салыстыруға болатынын түсіндіреді.</p>	<p>орындап, 5 және одан да көп заттардың өлшемін анықтайды және олардың қасиеттерін үлкен, кіші, орташа, негізгі түстер сөзін қолдана отырып дауыстап айтады. Сергіту сәті. Қолдарымызды көтереміз, Кейін төмен түсіреміз. Екі жаққа қолды созып Алақанды беттестіріп Қолымызды шапалақтап, Көңіл күйді көтереміз. Одан кейін жылдамдатып қол соғамыз. 2-тапсырманы «оқуға», тапсырма бойынша түсін, өлшемін және дәптерде орналасқан жерін көрсете отырып жапсырмаларды кесте шаршыларына жапсыруға көмектеседі. 3-тапсырманы орындауды ұсынады. Үлкен заттарды қызыл түспен, ал кішкентай заттарды сары түспен бояу қажет. Одан кейін олардың қағаз бетінде орналасуы сипатталады. Көрсетілген қасиеттер бойынша заттарды сипаттайды. Шығып, бірінің артынан бірі тұрады. Топ балаларының осы қасиеттерін анықтайды.</p>
--	--	--	--	---

	<p>«Қатып қал!» ойын жаттығуы. Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады.</p> <p>«Ержүректілікке жаттықтыру» «Бұлтқа қол жеткізу» Тепе-теңдік: Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Орындықтан түскенде жерге аяқтарының ұшымен түседі. Зейіндерін жаттықтыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім шапшаң?»</p>	<p>алып келе жатыр?» деген жұптық ойын. Суреттерді қарап, заттарды атауды ұсынады. Бір топ (жұп) жүк көлігіне жеңіл заттарды, екінші топ (жұп) ауыр заттарды тиейді. Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды тауып, атайды. Суреттерді қарайды. Суреттерде ненің бейнеленгені туралы айтады. Қажетті заттарды анықтап, белгіленген жерге жапсырады. Сұрақтарға жауап береді: салмақты салыстыру үшін затты көтеріп көруге, немесе екі қолға салып салыстыруға немесе таразыға салып өлшеуге болады. Төмен түскен табақшада ауыр зат жатыр. 2-тапсырманы орындайды. Тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз таңдауын түсіндіреді.</p> <p>4. Шығармашылық іс-әрекет Домбыра -Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру. -Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану. -Заттарды қалауы бойынша қиып жапсыру. -Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Домбыраны көрсетіп, №1, 2 слайдтан атақты күйшілерді</p>	<p>3. Көркем әдебиет Жаңа жыл келді. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту. Үстелге шыршаны, қуыршақ Аязата мен Ақшақарды қояды. Жақында қандай мерекені қарсы аламыз? Қандай мереке шыршасыз өтпейді? Шырша қайда өседі? Қазір жылдың қай мезгілі? Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Жаңа жыл келді. Жаңа жыл да келеді Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!</p> <p>Сөздік жұмыс: <i>жылыстап</i> – ақырындап, біртіндеп <i>әзір</i> – дайын</p> <p>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: Өлең ұнады ма? Өлең қалай аталады? Авторы кім? Суретте балалар не істеп жатыр? Әр балаға ат қой, олардың немен айналысқанын әңгімеле. Жаңа жыл мерекесі қалай тойланады? Жұмбақты шеш. Жасыл ине</p>	<p>Заттардың түсі мен өлшемін анықтай отырып тапсырманы орындайды – қажетті заттарды көрсетілген белгілері бойынша жапсырады және оның кеңістікте орналасуын сипаттайды: алдында – артында, алды, арасында. Заттарды бояп, орналасуын сипаттайды.</p> <p>4. Музыка Қысқы әуен сыңғырлайды Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында – шырша айналасында би қимылдарын орындау. Балалар, сендер қыс туралы не білесіңдер? Қыс несімен ұнайды? Қандай мерекені тойладыңдар және оған кімдер, қандай кейіпкерлер келді? Музыка тыңдау: «Қыс» (А. Вивальди, үнтаспа). Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев).</p>
--	--	--	---	---

		<p>және домбыраның түрлерін көрсете отырып, домбыра ата-бабамыздан келе жатқан мұра екендігін, негізінен күй шертуге арналғанын, ағаштан жасалатынын, оны күтіп, қастерлеп ұстау керектігін әңгімелеу. Домбыра құрылысымен таныстырады: шанағы; мойны, құлағы; пернелері; тиегі; - ішегі. Балалардың назарын үлестірмелі материалдағы домбыраның суретіне аудару. Әдемі ме? Қалай, немен безендіріліп сәнделген? Ою қалай аталады? (Қошқармүйіз.) Жапсырудың жолдары мен техникасын түсіндіреді. Алдымен домбыраның бөліктерін қиып дайындап аламыз. Домбыраның шанағын және басқа да ұсақ бөліктерін қиямыз. Екіге бүктелген қағаздан домбыраның шанағын қию. Енді оюларды қиямыз. Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше «Қошқармүйіз» оюын қиямыз. Қиылған оюды домбыра шанағының үстіңгі және төменгі жағына жапсырамыз.</p>	<p>киімім, Жайлаймын тау биігін. Жаңа жылды тойласаң, Төріндемін үйіңнің. <i>(Шырша)</i> Жаңа жылды қарсы алу үшін қажетті заттарды шыршаға сызып қос. Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» Ойын шарты: екі шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Шыршаны өздері жасаған ойыншықтармен, қағаз қолшаммен (фонарик) безендіру. Жылдам безендірген топ жеңімпаз атанады. 4.Дене шынықтыру Жыл мезгілдеріне саяхат Негізгі қимылдар.Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. «Күзгі орман» Бір-бірден тізбекке тұру.Жай жүріс. Тізені жоғары көтеріп жүгіру. Өкшемен, аяқтың басымен жүру.Кедергілерден – томарлардың арасымен өтіп жүгіру. Жай жүріс пен жартылай тізені бүгіп жүруді кезек алмастырып жүру. Екі тізбекке қайта сапқа тұру. «Көктемге саяхат» Жылы жаңбыр» (жерді сулап, ағаш жапырақтары мен ауаны тазартып, жауын</p>	<p>Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» ойыны, музыка аяқталғанша бөлшектерден суреттерді құрастыру. Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко). <i>Бубен, маракас, барабан, қоңырау</i> аспаптарын қолданып, ырғақты сезіне кезекпен және қосыла ойнауға үйрету.</p>
--	--	---	--	---

		<p>Ішектің суретін фломастермен салуға болады. «Қаражорға» биін билеу.</p>	<p>тамшыларымен ойнаймыз). Жауыннан кейін ауа тап-таза. Балаларға осы таза ауамен дем алу ұсынылады.«Түрлі түсті кемпірқосақ» (түрлі түске боялып, өлкемізге сән берді). «Жан біткен жасыл желек» (ағаштар, гүлдер, күн көзіне ұмтылады). «Құстар-құстар» (әдемі құстар сиқырлы қанаттарын жайып, аспанға көтеріліп, қалқиды).«Аңдар оянды» (оянып бой жазып, керіледі). «Көбелектер» (гүлдің үстінде қалбалақтап, қалқиды да, қонады. Гүл шырынын татқан соң қайта ұшып, басқа гүлге кетеді).«Шөпте жатып демалайық!» (Жасыл шөпте жатып, айналамыздағы кереметтерді тамашалаймыз).Залдың қарама-қарсы жағына қатарға тұру. Негізгі жаттығуларды топпен орындау. «Жаз»«Секіртпе» Қысқа секіртпеден секіру.«Қыс»Төрт тізбекке сап түзеу.</p>		
Серуенге дайындық	<p>Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалын таңдау; балалармен жеке әңгімелер. Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігіне жағдай жасау, балалармен спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ауа-райына байланысты балаларды реттілікпен киіндіру, дұрыс киінуді қадағалау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, жалпы және ұсақ моториканы дамыту)</p>				

Серуен	<p>Ауаны бақылау Мақсаты: белгілерді көруге және атауға, себептерін түсіндіруге үйрету. Еңбек қызметі: кіреберістегі қарды тазарту «Міне, суық, міне, аяз» қимылды ойыны Мақсаты: сөздерді нақты айтуға және әрекеттерді орындауға үйрету. Шығарылатын материалмен ойындар (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)</p>	<p>Көлікті бақылау Мақсаты: көлік түрлері туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: жолдардан қарды сыпыру «Қояндар мен қасқыр» қимылды ойыны Мақсаты: балаларда сигнал бойынша қимылдарды орындау қабілетін дамыту; жүгіру, екі аяқпен секіру, отырып-тұруда, қағып алуда жаттығулары. Шығарылатын материалмен ойындар (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)</p>	<p>Аумақтағы іздерді қарау Мақсаты: байқауды дамыту; әртүрлілікті байқауға үйрету. Еңбек қызметі: ғимараттарды қардан тазарту «Екі аяз» қимылды ойыны Мақсаты: реакция жылдамдығын, ептілікті дамыту; ойын әрекеттерін сөздермен үйлестіру қабілетін бекіту. Шығарылатын материалмен ойындар (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)</p>	<p>Құстарды бақылау Мақсаты: құстарға сүйіспеншілік пен назар аударуға тәрбиелеу (ұя жасау, қоректендіру). Еңбек қызметі: учаскені қардан тазарту Мақсаты: табандылыққа тәрбиелеу. «Ормандағы аю» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті, жүгіруді, зейінді, ережелерге сәйкес ойнау қабілетін дамыту. Шығарылатын материалмен ойындар (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)</p>		
Серуеннен оралу	<p>Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру; жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолдағы суды түсіру. «Балалар қолын жуады» суретін қарау. Ол жайлы әңгіме. Өзіндік ойын әрекеті (сөйлеуді дамыту+қоршаған ортамен танысу)</p>					
Балалардың өзіндік іс-әрекеті	<p>«Жақында мереке» шығармашылық қызметі. Мақсаты: сөздердің нақты айтылуын, өлең оқуды, жаңа жылдық әндерді айтуды пысықтау (сурет салу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Жаңа жылды бейнелейміз» Шығармашылық қызмет Мақсаты: қиялды дамыту; көргендерін бейнелеуде жаттығу (сурет салу + сөйлеуді дамыту) Мозаика Мақсаты: моториканы, жазықтықта бағдарлауды, үлгі бойынша қою қабілетін дамыту (құрылыс + математика)</p>	<p>«Көңілді пойыз» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін үйрету, бір-біріне көмек көрсетуге деген ұмтылысты ынталандыру (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) Трафаретпен жұмыс Мақсаты: қарындашпен сурет салудың техникалық дағдыларын, трафарет бойынша шеңбер жасай</p>	<p>«Шаштараз» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балаларды шаштараз мамандығымен таныстыруды жалғастыру; қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу; балалардың сөздік қорын кеңейту (сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p>		

			білуді дамыту (сурет + математика)		
Балалармен жеке жұмыс	Қарым-қатынас дағдылары «Кім мұқият» дидактикалық ойыны Мақсаты: дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту	Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі «Санды құрастыр» (лего-конструкция) Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; сандарды құрастыруды үйрету	Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар «Қуыршақ ауырып қалды» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: науқасқа қамқор болуға үйрету, мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу	Танымдық және зияткерлік дағдылар «Бір сөзбен айт» дидактикалық ойыны Мақсаты: жалпылама сөздерді таңдауда жаттығу	
Балалардың үйге қайтуы	Стендтік консультациялар: «Балаларға арналған Жаңа жыл: мерекені қалай ұйымдастыруға болады», «Жаңа жылдық мерекелерді қалай тиімді өткізуге болады» Мақсаты: ата-аналар арасында балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогикалық білімді тарату. «Біз баланы қысқы серуенге дайындаймыз» ата-аналармен әңгімелесулер				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ

Топ: Мектепалды даярлық

Топ жетекшісі: Есенкелді Қ.Е

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 08.01–12.01

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.01	Сейсенбі 9.01	Сәрсенбі 10.01	Бейсенбі 11.01	Жұма 12.01
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалар мен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосферасын құру.				
	«Қайырлы таң!» Біреу ойлап тапты Қарапайым ақылды Кездесу кезінде «Қайырлы таң!» деп Сәлемдесу. Қайырлы таң Күн мен құстарға. Қайырлы таң Күлімсіреген жүзбен. Және бәрі болады Мейірімді, сенімді. Қайырлы таң болсын Кешке дейін! «Достық» саусақ гимнастикасы (Сөйлеуді дамыту)	«Міне, біз қандай үлкенбіз» әңгімелесу Мақсаты: өзіне деген сенімділікті тәрбиелеу. «Құстың ұшуы» этюд Мақсаты: психоземионалды шиеленісті жеңілдету. «Қар ұшқыны секілді айналдық, ұштық» еліктеу ойыны (Сөйлеуді дамыту)	Психогимнастика «Батыл қоян» Мақсаты: эмоционалды әлемді дамыту, көңіл-күйді білдіре білу. «Штанга» бұлшық еттерін босансытуға арналған ойын жаттығуы (Сөйлеуді дамыту + математика)	Таңертеңгі айналым «Сен менің досымсың, мен сенің досыңмын» Мақсаты: бір-біріне қатысты жағымды эмоцияларды білдіру. Еңбек: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасау. «Алаңғасар суретші» дидактикалық ойыны Мақсаты: суреттегі қатені табу. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)	Таңертеңгі айналым «Күн шеңбері» Мақсаты: қарым-қатынас қиындығын жеңу. «Ашушаң» психогимнастикасы Мақсаты: балалардың эмоционалды әлемін дамыту. «Суретші» саусақ ойыны Мақсаты: ұсақ моториканы дамыту. (Сөйлеуді дамыту)
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	«Жаман мінез-құлық артында не жатыр» тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты: ата-анадан баланың үйдегі мінез-құлқы туралы білу. «Бұзақылық пен еркелік» тақырыбындағы жеке әңгімелесулер. Мақсаты: ата-аналардың бұзақылық пен еркелік арасындағы айырмашылық туралы түсінігін қалыптастыру				
---	--	--	--	--

<p>торғай. Ай-ай-ай, Жайылып жүр тай. Ға-ға-ға, Ұшып кетті қарға. «Кім зерек» дидактикалық ойыны. Балалар, көк түсті тұртбұрышты, дөңгелекті, үшбұрышты алдыларыңа алыңдар. Мен сендерге қатаң дыбысты айтсам, төртбұрышты, ұяң дыбысты айтсам, дөңгелекті, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, үшбұрышты көтересіңдер. Мысалы: қатаң дыбыстар: <i>п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч, щ.</i> Ұяң дыбыстар: <i>б, в, г, ғ, д, ж, з.</i> Үнді дыбыстар: <i>й, л, м, н, ң, р, у.</i> «Жалауша» дидактикалық ойыны. Балалар, мен сендерге дыбыс айтып, сол дыбысы бар сөздерді айтамын. Егер дыбыс сөз басында болса, қызыл жалаушаны, сөз соңында болса, көк жалаушаны, сөз ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер. Мысалы: (Е) <i>етік, керік, себет, серке, Берік, ет, ер, елік, текемет, ел, тер,</i></p>	<p>жылқы. Үй жануарларының пайдасы қандай? Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады. Адамдар үй жануарларын қалай күтеді? Адамдар қойға, түйеге, сиырға, ешкіге, жылқыға шөп, субереді. Үй жануарларының төлдері бар. Демонстрациялық материалдар және қима материалмен жұмыс. Мынау не? Мынау – құлын. Құлын қандай? Құлын кішкентай. Мынау не? Мынау – бұзау. Бұзау қандай? Бұзау кішкентай. Мынау не? Мынау – қошақан. Қошақан қандай? Қошақан кішкентай. Мынау не? Мынау – бота. Мынау не? Мынау – лақ. Лақ қандай? Лақ кішкентай. Қойды «пұшайт-пұшайт», – деп шақырады. Жылқы – құрау-құрау Сиыр – аухау-</p>	<p>... (биік), қоян (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ... (доп), ала ... (жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бақа), білімді ... (ғалым), жайылып жүр ... (жылқы), күмбірлеген ... (домбыра), желбіреді ... (жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б. 2. Математика негіздері Бүтінді тең екіге және төртке бөлу. Заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Балаларға шаршылар, дөңгелектер, сопақшалар, тіктөртбұрыштар тарату. Одан кейін тақтаға геометриялық пішіндердің бөлшектерінен құрастырылған жапсырманы іледі. Сендер жапсырмадан не көріп тұрсыңдар? Саңырауқұлақтың қалпағы жасалған пішінді қалай атауға</p>	<p>таныстыру. Мынау не? Мынау – арыстан. Арыстан қандай? Арыстан үлкен. Мынау не? Мынау – жолбарыс. Жолбарыс қандай? Жолбарыс үлкен. Мынау не? Мынау – піл. Піл қандай жануар? Піл ең үлкен жануар. Мынау не? Мынау – керік. Керіктің мойны қандай? Керіктің мойны ұзын. Мынау не? Мынау – маймыл. Дыбыстық жаттығу (айнаменорындалады). I-i-i-i- піл-піл- піл. I-i-i-i – керік – керік – керік. Дидактикалық ойын: «Аудармашы»: Тәрбиеші орыс тілінде жануарларды атайды, балалар қазақ тіліне аударады: лев, тигр, обезьяна, слон, жираф, медведь, дикие животные. Ойын: «Дауысынан таны»: үнтаспадан жабайы жануарлардың дауысын тыңдап, ажырату. 3. Математика негіздері Бүтінді бөліктерге бөлуді қайталау. Заттарды салыстыру,</p>	<p>ойынын ұйымдастыру. 1. Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю. (аю) 2. Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. (сауысқан) 3. Мысық, түлкі, аю, қасқыр. (мысық) 4. Колғап, көйлек, шалбар, етік. (көйлек) 5. Май, шай, нан, қант, қасық. (қасық) Балалар сөздердің лексикалық мағынасына қарай артық сөзді табады. «Сөз айт, дұрыс айт» дидактикалық ойыны Тәрбиеші балаларға көк түсті төртбұрышты көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. Мысалы: (пима, фабрика, кілт, қант, тұз, шана, сабын, хат, қайық, циркуль, щетка т.б.). Қызыл түсті домалақты көрсетіп, жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Әтеш, өшіргіш, өмір, елгезек, ірімшік, элеватор, ін, иық, үтік</p>
--	--	--	--	---

<p><i>Ерлан, тәрелке, ешкі, құлтеше, жүрек, тірек, бәтеңке, есікт.б.</i> <i>(Ә) әтеш, бәтеңке, бәсіре, бәліш, әтір, аңгелек, әміре, Кәмила, Кәмишат, әйнек, мәсі.</i> <i>(Ұ) ұршық, ұлу, ұшақ, ұзын, құмыра, ұн, құндыз, құлып, Ұлжан, ұлпа, құс, ұрыс, ұрық, ұмыт, ұқыпты, құм т.б.</i> Дәптермен жұмыс. Зат атауларындағы н дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя. Дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін қызыл сандыққа, дауыссыздыбыстан басталатын заттың суретін көк сандыққа сал. Тәрбиеші балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. Дыбыстық талдау жасау. <i>Тәрбиеші «шар»</i> сөзінің сызбасын тақтаға іледі. «Шар» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. Ш – қатаң дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен</p>	<p>аушау. Ешкі – шөре-шөре Түйе – көс-көс. Дидактикалық ойын: «Нені шақырдым?» тәрбиеші үй жануарларын шақырады, балалар оны атап, ойыншықтарды көрсетеді. Жұмыс дәптермен жұмыс. Суретке қара. Аулада не бар? Енесі мен төлдерін жұптастыр. Суретке қара. Ата. Атауында «Ұ» дыбысы бар төлдердің суреттерін қызыл қарындашпен қорша. Доппен ойын: «Мен 5 үй жануарын білемін». Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, ойлауға дағдыландыру. Шарты: допты жерге ұрған сайын бір сөз айтады. 3. Математика негіздері Бүтін және бөлік. Заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Ойын жағдаяты. Бізге кірпі келді. Ол қысқа азық жинамақшы – алма және саңырауқұлақтар. Кірпі</p>	<p>болады? Дөңгелек бөліктерге бөлінген. Мына бөлік – жартысы. Пішіндерді ортасынан бөлуді үйренеміз. Ол үшін дөңгелектің жиектерін сәйкестендіріп мұқият бүктейміз. (Үлкен көрнекі құралда көрсетеді). Неше жарты дөңгелек пайда болды? Егер жарты дөңгелектердің әрқайсысын тағы да бүктесек, дөңгелектің төрттен бір бөлігі пайда болады. Уақыт беріп, дөңгелектің төрттен бір бөлігін жасауға көмектеседі. Одан кейін жасалған төрттен бір бөліктерді санауды сұрайды. Тыңдаңдар, төрттен бір бөлік. «Дөңгелекті құрастыр» ойыны. Шаршының жартысын, шаршының төрттен бір бөлігін жасап көріндер. Оларды қалай жасауға болатынын айтыңдар. Жапсырманы талдайды. Дөңгелек, шаршы атауларын қайталайды. Практикалық жұмыс жүргізеді –</p>	<p>заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Практикалық жұмыс. Жеміс-жидек, көкөністерді теңдей 2-ге бөлу жұмыстарын жүргізу. Ортасынан қақ бөлгенде бүтін заттың 2-ге бөлінетінін түсіндіру. Геометриялық фигуралар шаршы, үшбұрыш, дөңгелек, тіктөртбұрыштарды ортасынан теңдей бөлу, жартысын бояу жұмыстарын орындау, бөлікке бөлу. Тік төртбұрышты теңдей төрт бөлікке бөліп, бір бөлігін бояу. Төрттен бір бөлігі-ширек деп аталады. Қарындаштапсырмасы. Бірдей төрт текшені, төрт түрлі жағдайда, теңдей төрт бөлікке бөлу. Геометриялық фигураларды бояу. 4. Музыка Бұл қай кезде болады? Лирикалық, вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би</p>	<p>т.б.) Енді үнді дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Лақ, мысық, нағашы, радио, уық). <i>Тәрбиеші «шар»</i> сөзінің сызбасын тақтаға іледі. «Шай» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. Ш – қатаң дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл дөңгелекпен белгіленеді. Й – үнді дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді. Графикалық жұмыс. 3. Қоршаған ортамен танысу Қызыл кітап құпиясы. Балалардың Қызыл Кітап туралы түсініктерін нығайту. Балаларды Қазақстанның физикалық картасымен таныстыру. Елімізде өсімдіктер мен жануарлардың алуан түрі бар. Қазақстанды қандай жануарлар мекендейді?</p>
---	---	--	--	---

<p>белгіленеді. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл дөңгелекпен белгіленеді. Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді. 3.Музыка Бұл қай кезде болады? Лирикалық, вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу. Әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Музыка тыңдау: «Қыс» (Б. Ерзакович). Тәрбиеші балаларға жұмбақ өлеңді оқып, қыс туралы, ондағы құбылыстар туралы сұхбат жүргізу. Тақтада қыс көріністерін бейнелейтін суреттерін көрсету. Бұл жұмбақ өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып отыр? Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс сендерге несімен ұнайды? Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев)</p>	<p>жинаған азығын санап беруімізді сұрайды. Оған көмектесе аламыз ба? Полотнода кірпі мен екі дорба берілген. Бірінші дорбаға 2 алма, екінші дорбаға 3 саңырауқұлақ салыңдар. Бірінші дорбада не жатқанын тексеріңдер. Екінші дорбада не жатқанын тексеріңдер. Барлығын бір үлкен дорбаға біріктіріп салыңдар. Заттармен не істедіңдер? (<i>Жинадық, салдық, бір үлкен дорбаға біріктірдік.</i>) Тағы бір рет қайталаймыз: Бірінші дорбада не жатты? (<i>2 алма.</i>) Бұл – бірінші бөлік. Екінші дорбада не жатты? (<i>3 саңырауқұлақ.</i>) Бұл – екінші бөлік. Біз не істедік? (<i>Барлығын біртұтас етіп біріктірдік.</i>) Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? (<i>Біріктіру арқылы.</i>) Қорытынды: бөліктерден бүтінді алу үшін бөліктерді біріктіру немесе қосу қажет.</p>	<p>пішіндерді ортасынан бөледі. 2 жарты дөңгелек. Одан кейін 4-тен бір бөлік. Кеседі. Тәрбиеші үш бөлікке бөлінген дөңгелекті таратып береді. Балалар жұппен де жұмыс істей алады. Балалар дөңгелек шығатындай бөліктерді біріктіреді. Бұл бөліктерді қалай атауға болады? (Үштен бір бөлік). Балалар тапсырманы жұптасып орындауларына болады. Олар бөліктерді дөңгелек шығатындай етіп біріктіреді. Бұл бөліктерді қалай атауға болады? (үштен бір, үштің бір бөлігі) төрттен бір бөлік, төрт бөлік. Оның бөліктерінен бүтін пішін құрастырады. Пішінді бөліктерге бөлуге және бөліктерден құрастыруға болады деген қорытынды жасайды. 3.Көркем әдебиет Орман емшілері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешуге баулу.</p>	<p>қимылдарын орындай білу. Әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Музыка тыңдау: «Қыс» (Б. Ерзакович). Тәрбиеші балаларға жұмбақ өлеңді оқып, қыс туралы, ондағы құбылыстар туралы сұхбат жүргізу. Тақтада қыс көріністерін бейнелейтін суреттерін көрсету. Бұл жұмбақ өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып отыр? Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс сендерге несімен ұнайды? Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев) Үйренген «Қыс қызығы» әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Би қимылдарын үйренуді жалғастыру. Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық</p>	<p>Біз де қандай құстар тіршілік етеді? Қандай жәндіктер бар? Қазақстанның өзен-көлдерін нелер мекендейді? Қандай өсімдіктердің атауларын атап бере аласыңдар? «Жануарлар несімен ерекшеленеді?» атты дидактикалық ойыны. Тәрбиеші жануарлардың өздеріне тән белгілерін (айырмашылықтарын) атайды. Балалар соған қарап, оның қандай жануар екенін табады. Көлеміне қарай: Өте ұсақ: жәндіктер Орташалар: қалтауыз, тышқан, көртышқан. Ірілері: кит, піл. Ұзын: жылан, кесіртке, қолтырауындар. Шар тәріздестер: кірпі. Бояуына қарай: Қара: қарға, ұзақ, бүркіт. Ақ: қоян (қыста), ақ аю ақ түлкі. Сұр: қасқыр, қоян (жазда), қабылан. Мекендейтін жеріне қарай: Суда: балық, шаян. Жердің астында: құрттар, көртышқан. Орманда: қоян, тиін,</p>
--	--	---	---	---

<p>Үйренген «Қыс қызығы» әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p>Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Би қимылдарын үйренуді жалғастыру.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). 1-4 такт. Балалар әр бағытта жүгіреді. 5-6 такт. Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды. 7-8 такт. Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді. Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко). Бубен, маракас, барабан, қоңырау аспаптарында ойнауды үйретуді жалғастыру.</p> <p>4.Дене шынықтыру Батырлар. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. Қол жаттығуларын шеңбер бойымен жүріп келе жатып орындау.2</p>	<p>Практикалық жұмыс жүргізеді, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Топтық жұмыс.</p> <p>1-тапсырманы ауызша орындайды.</p> <p>2-тапсырмада бөліктерді санайды және атайды.</p> <p>Саусақтарымен үстінен жүргізеді. Тәрелкеде барлығы неше алма? (Үш.) Бұл – бүтін.</p> <p>Табакшадағы алмалар неше бөлікке бөлінген? (Бір және екі.) Бүтіннен бір алманы алып тастаса, қандай бөлік қалады? (Екі бөлік қалады). Егер бүтіннен екі алманы алып тастаса, қандай бөлік қалады? (Үлкен бір алма қалады.)</p> <p>4.Шығармашылық іс-әрекет Ақшақардың сәнді көйлегі Жапсыру: сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау.</p> <p>Мүсіндеу: қосымша заттармен безендіру, жұмыс барысында әртүрлі кескіштерді қолдану.</p> <p>Сурет салу: қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту.</p>	<p>Балалар, ненің даусын естіп тұрсыңдар? Құстар қандай болады? Қандай құстарды білесіңдер? Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар? Орманда қандай құстар өмір сүреді? Тоқылдақ не істеп жатыр? Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны «орман дәрігері» деп атайды.</p> <p>Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы жазушы Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз. Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып беру.</p> <p><i>Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар:</i> Әңгіме ұнады ма? Авторы кім? Әңгіме не туралы? Тоқылдақ ағашта не істеді? Ағаштың қабығынан не төгілді? Ойынды ортаға сал.</p> <p>Орман шымшықтары не</p>	<p>әуені (өңдеген М. Раухвергер). 1-4 такт. Балалар әр бағытта жүгіреді. 5-6 такт. Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды. 7-8 такт. Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко). Бубен, маракас, барабан, қоңырау аспаптарында ойнауды үйретуді жалғастыру.</p>	<p>аю.</p> <p>Балаларға өзінің Қызыл кітабын жасауды ұсыну. «Коллаж» техникасы бойынша орындайды.</p> <p>Суретпен жұмыс. Қауіп төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктер жайлы мәлімет береді. Оларды зерттеуге шақырады.</p> <p>Олардың жойылып бара жатқанын ескертеді. Сирек кездесетін осындай жануарлар мен өсімдіктерді қалай сақтап қалуға болатыны жөнінде кеңес береді. Біз өсімдік термен, жануарлармен тығыз байланыста тіршілік етеміз.</p> <p>Құстарды жойып жіберсек – жәндіктер жасыл желекті жеп бітіреді – адамдар ағаштардың жемістері мен көгөністерді жей алмай қалады.</p> <p>Табиғаттағы байланыс осындай: біреуі жойылса – екіншісі ауырады – үшіншісі өледі. Сирек жануарлар мен өсімдіктер біздің</p>
---	---	---	--	--

<p>мин баяу қарқынмен, аяқты өкшеден бастап басына қарай қойып, қолды еркін ұстап, жүгіру. Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Тыныс алу жаттығулары. Бастапқы қалып – еденге аяқты айқастырып отыру. Арқаны тік ұстап, қолдарын жоғары көтергенде терең тыныс алып, иіліп, алға қарай қолдарын түсіргенде дем шығару. Бастапқы қалып – сол қалып. Қолдарын жоғары созып, терең тыныс алады. Төмен түсіргенде маңдайы мен қолдарын еденге тигізіп, дем шығарады. Бастапқы қалып – сол қалып. Қолдарын иық деңгейінде алдыға немесе екі жаққа түзу созып, алақанын төменге қарату. Тыныс алғанда сол қолдың басын жоғары көтеріп, оң қолдың басын төмен түсіру. Дем шығарғанда керісінше сол қолдың басын төмен, оң қолдың басын жоғары қозғалту. Бастапқы қалып – сол қалыпта балалар екі қолын екі жаққа</p>	<p>Құрастыру:шығармашылық қиялды дамыту. Жаңа жыл, Жаңа жыл, Жаңа жылда жаңа жыр. Жасыл шырша жанында, Ойнап барлық бала жүр. Тікен-тікен тік пісте, Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) Аяз қысып, өрнек сызып, Өрнек сызып. Терезені торлайды, Бет домбығып, Сырғанап балалар ойнайды. (Қыс мезгілі) Суретпен жұмыс: «Суретші кімді бейнелеген?» тақырыбында кейіпкер туралы әңгіме жүргізу. Суреттен кімнің бейнесін көріп тұрсындар? Не себепті Ақшақар деп айтады? Ақшақар – Жаңа жыл мерекесінің басты кейіпкерінің бірі. Ол Аязтаның сенімді серігі және көмекшісі екенін ұмытпаңдар. Балалар Аязата мен Ақшақарды асыға күтуде. Бірақ Ақшақар көңілсіз. Сендер қалай ойлайсындар, ол неге жабырқаулы екен?</p>	<p>істеді? Шымшықтар тоқылдаққа қандай көмек көрсетті? Орманды зиянды жәндіктерден не қорғайды? – Әңгіменің мазмұны атауына сай келе ме? Авторы кім? Әңгіме не туралы? Тоқылдақ ағашта не істеді? Ағаштың қабығынан не төгілді? Ойынды ортаға сал. Орман шымшықтары не істеді? Шымшықтар тоқылдаққа қандай көмек көрсетті? Орманды зиянды жәндіктерден не қорғайды? – Әңгіменің мазмұны атауына сай келе ме? Дәптермен жұмыс: Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Орман дәрігері деп қай құсты айтады? Құстар қалай тіршілік етеді? Жұмбақты шеш. Тоқылдатып, мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ) Суретте қай құс жасырынған? Боя.</p>		<p>елімізде де, өзге мемлекеттерде де заңмен қорғалады. Бірақ қайырымсыз адамдар заңды жиі-жиі бұзады. Адамдар көбіне өсімдіктер мен жануарларға қатыгездік танытады. Оларды аямайды, өз мақсатына жету үшін құртып, жояды. Жануарлардың бірі әдемі терісінен, екіншісі – дәмді етінен зардап шегеді. Үшіншілерін адамдар қорыққандықтан өлтіреді. Жануарлар мен өсімдіктер біртіндеп азайып барады. Содан соң адамдар: «Осы бассыздықты қалай тоқтатамыз, жанды табиғатты қайткенде сақтап қаламыз», – деп ойлана бастады. Ғалымдар «жойылып бара жатқан жануарлар өсімдіктерді білсін» деген мақсатта Қызыл кітапты ойлап тапты. Неліктен кітап басқа түспен емес, қызыл түспен аталады?</p>
--	--	--	--	--

	<p>жұдырығын түйіп, басбармағын шошайтып созады. Тыныс алғанда бас бармақты баяу жоғары, дем шығарғанда төмен қаратады. Жұпта орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау Негізгі жаттығуларды орындау. Биіктікке секіру. Жүгіріп келіп, биіктікке (20 см) секіреді.</p> <p>Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу. Қиғаш қозғала отырып өрмелеп, арқаннан ұстап салбырап тұрады.</p> <p>«Аламан» қимыл-қозғалыс ойыны. Бір-бірден тізбекке тұрып, әр ойыншы алдыңғы ойыншының белінен ұстайды. Бастаушы тізбектің ең басындағы ойыншыға қарап тұрып, оңға, солға ұмтылып, ең соңғы ойыншыны ұстап алуға тырысады.</p>	<p>Тәрбиеші балаларға Ақшақардың көйлегін Мыстан кемпір ұрлап Жаңа жыл мерекесіне киіп кеткенін айтады. Ал Аязата мен Ақшақарды балалар дауыстап мерекелеріне шақырады. Балалар, біз Ақшақарға қалай көмектессек екен? Біз Ақшақарға әдемі көйлек сыйға тартсақ қайтеді? Кәне, бізге көйлекті дайындау үшін қандай құралдар керек болатынын біліп алайық. Қайшы, желім, түрлі түсті қағаз және Ақшақардың көйлегінің сызбасы керек. «Су өрнек» ұлттық ою-өрнегімен таныстыру. Әр оюдың өзінің шығу тарихы, ерекшелігі болады және әр оюдың қолдану реті де болатынын айтып түсіндіру. Бүгін Ақшақардың көйлегінің етегін ұлттық ою-өрнек түрінің бірі «су өрнек» оюымен безендіріп, сәндеп үйренетіндерін айтып түсінік беру. Үлестірмелі материалға назарларын аудару. Берілген оюдың үлгісін бірнеше қабатқа бүктеп,</p>	<p>Ұйқасын тап. Тұмсығымен шымшып, Құрт тереді (Шымшық)</p> <p>Ойын-жаттығу: «Қыстап қалатын және ұшып келетін құстар».</p> <p>Мақсаты: балаларды қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын айыра білуге үйрету. Балалардың сөйлеу тілін белсендіру.</p> <p>Материал: қыстап қалатын құстар мен жыл құстары бейнеленген иллюстрациялар.</p> <p>Сипаты: балалар екі топқа бөлінеді, бірінші топ жыл құстары бейнеленген суреттерді, ал екінші топ қыстап қалатын құстар бейнеленген суреттерді жинайды. Ойыннан кейін жыл құстары панно түрінде орналастырылады.</p> <p>4. Дене шынықтыру Мерген. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. Бір-бірден тізбекпен жүру, ирек жолмен жүру, тізені жоғары көтеріп</p>		<p>Өйткені, қызыл түс – қауіп- қатердің түсі! Назар аударыңыз! Ол бағдаршамның қызыл түсі сияқты «Абайлаңыз! Қауіп төніп тұр!» – деп белгі беріп тұрады. Қазақстанның Қызыл кітабымен танысады.</p> <p>4. Дене шынықтыру Аңшылар. Кеудеге арналған жаттығулар. «Аңшылар із кеседі» – жерге жорғалау мен таяқты әртүрлі қалыпта ұстап жүру, жүгірумен алмастыру. 3 тізбекке қайта сап түзеу. Аң ізімен келе жатқан аңшының қимылдарын жасайды. Дала кезіп жүгіреді. Тынысын қалыпқа келтіреді де, әртүрлі қимылдарды Қысқа найзаларын (таяқтарды) алып, жаттығулар жасайды. Сапта арақашықтықты сақтап, таяқпен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындайды. Екі тізбекке, бір қатарға сап түзеп</p>
--	---	--	---	--	---

		<p>үлгіні бастыра отырып қайшымен қиып алу; Дайын болған оюды әдемілеп көйлектің етегіне желімді ұқыптап жаға отырып жапсыру. Балалар шығармашылығы.</p>	<p>жүру, көзді жұмып 4 м жүру, жіңішке жол, жуан жолмен жүру, жануарлардың ізімен жүру. 2 мин. үздіксіз баяу жүгіру. Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Мұрынмен дем алып, ауызбен шығару; Қысқа шұғыл дем алып – демін созып өте баяу шығару; Баяу, созылмалы тыныс алу – қысқа, шұғыл дем шығару; Ауа жіңішке ағыспен шығатындай етіп, баяу созылмалы дем шығару; Жұлқып дем шығару; Мұрын арқылы баяу тартып, терең тыныс алу, демін кідірте отырып, шығарғанда ауа санап болғанша жететіндей етіп, 1–10 дейін санау. Арақашықтықты сақтай отырып, таяқтармен жалпы дамыту жаттығуларын орындау. Негізгі қимылдар айналмалы жаттығуларын жасау. «Ептілікке жаттығамыз!» Ұзын орындықпен жүру</p>		<p>тұру. Таяқшалардан жол салып келесі жаттығуларды жасауға дайындалады. Негізгі қимыл жаттығуларын ойын тапсырмалар түрінде орындайды. (Екі команда бір мезетте бастайды). Біріншіде таяқшалардан аяқты жоғары көтеріп аттап өтеді. Қолдарын белге қояды. Екіншіде көзді жұмып өтіп көреді. Таяқшаларды баспауға тырысады. «Ең епті аңшы кім екен?» Аяқтарын саннан 90°-қа жоғары көтеріп таяқшалардан тепе-теңдікті сақтап жүріп өтеді. Таяқшаларды оңынан-солынан айналып жүгіріп өтеді. Таяқшаларды баспай, бірақ жақын жүгіруге тырысады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар» Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал</p>
--	--	--	--	--	--

			<p>(ені – 25 см, биіктігі – 30 см), жүріп келіп орта тұсында айналада ғылардан өтіп кету. Тепеңдік сақтап ұзын орындық пен жүріп, жаттығулар орындау. Орта тұсында құрсаудан-құрсауға өтіп, модульден айналып, жүгіріп қайтып келеді. Құрсаудан өткенде басы мен аяғын тигізбей жұмыр жиналуға тырысады. «Тепеңдікті сақтауға жаттығамыз!» «Мергендер», «Таяқ тастау» (нысанаға дәл тигіз). 2метр қашықтықтан тік нысанаға дорбаларды ату. Бастапқы қалыпқа келу. Кішкентай дорбаларды қолды жоғары алға сермеп лақтырады. Нысананың дәл ортасына тигізуге тырысады. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындайды. Релаксация: «Мерген»</p>		<p>«қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады.</p>
Серуенге дайындалу	Өз бетінше киіну және белгілі бір ретпен шешіну, заттарыңызды шкафқа дұрыс орналастыру және ұқыпты бүктеу, сондай-ақ әр түрлі бекіткіштерді қолдану қабілетін бекіту				

Серуен	<p>Ауа-райын бақылау Мақсаты: зейін мен байқауды дамыту. Еңбек қызметі: қар төбешігін салу Мақсаты: еңбекқорлық пен ұжымдық жұмыс істей білуге тәрбиелеу. «Ауа-райын сипатта» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөйлеуді, байқауды дамыту. «Өзіңе жұп тап» қимылды ойыны Мақсаты: сигнал бойынша қозғалыстарды орындау қабілетін дамыту, тез жұппен тұру. Шығарылатын материалмен ойындар. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Қар мен тәжірбиелік іс-әрекет Мақсаты: сыртқы түрі мен сезімі бойынша қардың қасиеттерін анықтауға үйрету. Еңбек қызметі: кіре берісті қардан сыпыру. «Жануарды тамақтандыр» дидактикалық ойыны Мақсаты: аталған жануарлардың не жейтіні туралы білімді бекіту; сұрақтарға тез жауап беру қабілетін дамыту. «Күрес» қимылды ойыны Мақсаты: реакция жылдамдығын, ептілігін дамыту. Шығарылатын материалмен ойындар. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Кіші топтағы балаларды бақылау Мақсаты: байқампаздықты дамыту, кішілерге қамқорлық көрсетуге үйрету. Еңбекқызметі: ғимараттарды қардан тазарту. «Сипаты бойынша тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: байқауды, зейінді, есте сақтауды дамыту. «Шанамен сырғанау» спорттық жаттығуы Мақсаты: шанаға дұрыс отыруға үйрету. Шығарылатын материалмен ойындар. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Жол қиылысын бақылау Мақсаты: Жол қозғалысы ережесі туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: қар ғимараттарынан қарды түсіру. Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: жыл мезгілін белгілерге сәйкес анықтау қабілетін қалыптастыру. «Үкі» қимылды ойыны Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды, ептілікті, зейінді дамыту. Шығарылатын материалмен ойындар. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Құстарды бақылау Мақсаты: қыста құстардың өмірі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек қызметі: аумақты қардан тазарту. Мақсаты: еңбек тапсырмаларын ұқыпты және мұқият орындауға үйрету. «Тірі табиғат» дидактикалық ойыны Мақсаты: жабайы табиғат объектілерін жіктеуге үйрету. «Құстар мен мысық» қимылды ойыны Мақсаты: секіруді, зейінді, ептілікті дамыту. Шығарылатын материалмен ойындар. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру; жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді тұру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолдағы суды түсіру. Өзіндік ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)				
Балалардың өзіндік әрекеті	<p>«Дүкен» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: заттарды жіктеу; сюжетті дамыту; ойын ережелерін орындау. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Ветеринарлық клиника» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балалар арасындағы бірлескен ойын әрекетінде мінез-құлық мәдениетін</p>	<p>«Суретті жина» дидактикалық ойыны (бөлінген суреттер) Мақсаты: зейінді, ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (Математика)</p>	<p>«Хайуанаттар бағы» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: жабайы табиғат, олардың өмір сүру жағдайлары туралы білімдерін кеңейту; ойын ережелерін орындау.</p>	<p>Дидактикалық ойын «Кімнің енесі?» Мақсаты: жабайы жануарлар мен олардың күшіктері туралы білімді бекіту. (Қоршаған ортамен</p>

	<p>К. И. Чуковскийдің «Ұрланған күн» ертегісін оқу Мақсаты: ертегіде айтылған жануарларды атау. (Көркем әдебиет) «Ойыншықтардүкені» дидактикалық ойыны Мақсаты: ойыншықты сын есімдерді қолдана отырып, қандай да- бір белгілері бойынша сипаттау. (Сөйлеуді дамыту)</p>	<p>тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын «Жануарлар қайда тұрады?» Мақсаты: жануарлардың үйлері туралы білімді бекіту, оларды дұрыс атау (ұя, ін, апан). (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Түрлі-түсті қарындаш» жаттығуы Мақсаты: қарындашты дұрыс ұстау, суретті көлеңкелеу қабілетін бекіту. (Сауат ашу негіздері + сурет салу)</p>	<p>Құрылыс материалдары бар ойындар Мақсаты: өз іс-әрекетін жолдастың іс-әрекетімен үйлестіру. (Жобалау) «Санау» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды санау кезінде жаттығу. (Математика)</p>	<p>(Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Солтүстік және Африка жануарлары» дидактикалық ойыны Мақсаты: жануарларды тіршілік ету ортасы бойынша жіктеу дағдыларын дамыту. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Мен сияқты жаса» дидактикалық ойыны Мақсаты: Имитациялық қозғалыстарды орындауға үйрету. (Дене шынықтыру) «Lego» ойыны (робототехника сабақтарына дайындау үшін) «Піл және керік» Мақсаты: хайуанаттар бағының тұрғындары туралы білімді бекіту; Лего конструкторынан жануарларды (піл мен керікті) салуға үйрету. (Құрастыру+сөйлеуді дамыту)</p>	<p>танысу + сөйлеуді дамыту) Солтүстік пен Африканың жабайы табиғаты туралы жұмбақтарды шешу Мақсаты: Солтүстік және Африка жануарларының аттарын бекіту. (Сөйлеуді дамыту + Көркем әдебиет) «Суреттерді өз жабықхатына сал» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды әртүрлі қасиеттерге топтастыру: пішіні, түсі, мөлшері. (Математика)</p>
<p>Балалар мен жеке жұмыс</p>	<p>Қарым-қатынас дағдылары Дидактикалық ойын «Дыбыстық сағат?» Мақсаты: берілген дыбысы бар сөздерді анықтауға және атауға үйрету</p>	<p>Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі «Үлкен және кіші сәбіз» жаттығуы Мақсаты: конус тәрізді</p>	<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар «Мерекеге қонаққа бару» дидактикалық ойыны Мақсаты: қоғамдық орындарда мінез-құлық</p>	<p>Танымдық және зияткерлік дағдылар «Допты лақтыру» дидактикалық ойыны. Африканың, Солтүстіктің</p>	<p>Қозғалыс қызметі «Қай жерде шырылдайды?» қимылды ойын Мақсаты: кеңістікті бағдарлау дағдысын</p>

		пішіндерді айналдыруға машықтану	мәдениетін қалыптастыру	аңдарын(құстарын) анық ата» Мақсаты: жануарлардың атын бекіту	дамыту
Балалардың үйге қайтуы	Айболит кеңестері: «Балалар жарақатының алдын алу». Мақсаты: денсаулықты нығайту мәселелерінде ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру. «Баланы қысқы серуенге дайындаймыз», «Қысқы ойындар мен ойын-сауық» кеңестері				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ**

Топ: **Мектепалды даярлық**

Топ жетекшісі: **Есенкелді Қ.Е**

Балалардың жасы: **5-6 жас**

Жоспар қай кезеңге жасалды: **22.01–26.01**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.01	Сейсенбі 23.01	Сәрсенбі 24.01	Бейсенбі 25.01	Жұма 26.01
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосферасын құру.				
	Психогимнастика «Қысқы көңіл-күй» Мақсаты: эмоционалды әлемді дамыту, көңіл-күйінді білдіре алу. «Аралар» саусақтармен ойнау.	Таңғы айналым. «Сен менің досымсың, мен сенің досыңмын» Мақсаты: бір-біріне қатысты жағымды эмоцияларды білдіру. Еңбек тапсырмасы:	Таңғы айналым. «Міне, біз қандай үлкенбіз» Мақсаты: өзіне деген сенімділікті дамыту. Этюд «Мысық». Мақсаты: эмоциялар мен	«Суретшілер» психогимнастикасы (отбасылық портретті салу) Мақсаты: балалардың эмоционалды әлемін дамыту.	Таңғы айналым. «Күн күлімдеді» мақсаты: қарым-қатынас қиындықтарын жеңуді дамыту. «Үш аю» дидактикалық ойыны

	Ара тәттіні жақсы көреді. Олар тәттіге қарай ұшады. Егер олар қаласа, аралар шағып алады.	табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасау. «Қар тапсырмасы» Ойынға қатысушылар шеңберге тұрып, шеңбер бойымен береді.	жеке қасиеттерді білдіру. «Қар ұшқыны сияқты ұштық, айналдық» еліктеу ойыны	«Отбасы» саусақ ойыны 1,2,3,4 – бізде пәтерде кім тұрады?	Мақсаты: балаларды кеңістіктегі шындықты байланыстыруға үйрету
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Баланың агрессивтілігі және онымен қалай күресу керектігі туралы ата-аналармен әңгімелер. Сауал бойынша жеке кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеуіс-әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	«Оқиғалар тізбегі» дидактикалық ойыны Мақсаты: ерікті зейін дағдыларын жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту + сыртқы әлеммен танысу) «Жаңа орындар бойынша» аз қимылды ойын. Мақсаты: моторлы-қозғалыс зейінін бекіту; қозғалыс жылдамдығын дамыту. (Дене шынықтыру) «Жұп сурет» ойыны Мақсаты: суреттерде бейнеленген заттарды ұқсастықтарды табуда және бірдей суреттерді таңдауда салыстыру қабілетін жетілдіру; ойын ережелерін орындау қабілетіне тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + математика)	«Жеуге жарамды-жеуге жарамсыз» дидактикалық ойыны (доппен) Мақсаты: зейінді қалыптастыру; заттардың негізгі, маңызды белгілерін бөліп көрсету қабілетін дамыту. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Ұқсастықтар» ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Математика + сөйлеуді дамыту) «Ертегіде қонақта» үстел үсті ойындары Мақсаты: талқылау және шешім табу кезінде басқа балалармен қарым-қатынас жасау.	«Қорап» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды түсіне қарай көзбен байланыстыру қабілетін жетілдіру. (Математика + шығармашылық) «Тап және айналып өт» аз қимылды ойыны Мақсаты: есту арқылы жадында көлемді немесе жазық заттарды анықтау және қалпына келтіру қабілетін жетілдіру. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Іздеу және табу» үстел үсті ойындары Мақсаты: жылдың жекелеген уақыттарына тән белгілерді ажырата білуге машықтану.	«Мен істей аламын – істей алмаймын» дидактикалық ойын Мақсаты: өз денесінің дағдылары мен физикалық мүмкіндіктерін дамыту; өзін-өзі бағалауға тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру) «Суық – ыстық» аз қимылды ойыны Мақсаты: есту қабілеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. (Сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру) Құрылыс материалымен «Таяқшалардан құрастыру» ойыны Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы	«Кім көп сөз ойлап табады» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздікті белсендіру; ой-өрісін кеңейту. (Қоршаған ортамен танысу + математика) «Кім кетті?» аз қимылды ойын Мақсаты: зейінді, тапқырлықты, жетіспейтінді тез таба білу қабілетін жетілдіру. (Дене шынықтыру + математика) Таңдау бойынша үстел үсті-баспа ойындарымен өз бетінше іс-әрекет

		(Математика + сөйлеуді дамыту)	(Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)	білімді бекіту; балалардың логикалық ойлауын дамыту. (Құрастыру)	
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені				
ҮІӨ дайындық	Дидактикалық ойын «Сөздерді таңда» Мақсаты: «Боран» сөзіне әрекеттерді таңдау. (Сөйлеуді дамыту)	«Оң, сол» ойын жаттығуы Мақсаты: «қар» жентегін ажырата білуге машықтану. (Математика)	«Мен анама қалай көмектесемін» әңгімесі Мақсаты: өз отбасың туралы сөйлесуге деген ұмтылысты ояту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	Дидактикалық ойын «Суретші нені ұмытып кетті?» Мақсаты: портреттерге тән ерекшеліктерді ауызша аяқтауға үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	«Жұмбақтар сайысы» Мақсаты: логикалық ойлауды, бейнені және оның сипаттамасын салыстыру қабілетін дамыту. «Қар» ойын жаттығуы Мақсаты: қиялды дамыту, жағдайды ойнауға үйрету. (Сөйлеуді дамыту)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	1. Қоршаған ортамен танысу Менің елімнің салт-дәстүрлері Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу. «Үй сыртында қолағаш» ойыны. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп, былай дейді: Үй сыртында қолағаш. Желбау тартам, есік аш. Қол ұстасып тұрған балалар қолдарын	1. Сөйлеуді дамыту Көшедегі көліктер. Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Қандай көлік түрлерін білесіңдер? Сурет бойынша көшедегі көлік түрлерін атап шығады. Көліктердің пайдасы туралы әңгімелеу. Сөздік жұмысын жүргізу. Жедел жәрдем, өрт сөндіргіш, сусепкіш. Осы	1. Сауат ашу негіздері Үнді дауыссыз дыбыстар. Сөздің мағынасын түсіну: сөздерге дыбыстық талдау жасау, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дауыссыз дыбыстар деген не? Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді? Қатаң дауыссыз дыбыстар қалай жасалады? Ұяң дауыссыз дыбыстар ше?	1. Сөйлеуді дамыту Жеті қазынаның бірі. Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Тәрбиеші жеті санын неліктен қасиетті екенін мысалдар келтіре отырып, түсіндіреді. Мысалы: жеті ата, жеті шелпек, жеті қазына. Жеті қазынаның бірі ертегіні мәнерлеп оқу. Ертегі мазмұны бойынша	1. Көркем әдебиет Аққала. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Кәзір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі неше айдан тұрады? Қыста қардан не жасауға болады? Ғ. Орманов Аққала өлеңін жаттау Ауыл алды ақша қар, Ақша қарда балалар. Соғып жатыр аққала. Қыста жерде не жатады? Қардан не жасауға болады? Аққала соғып көрдің бе?

<p>ажыратпайды. Бұл – есікті ашпағанның белгісі.</p> <p><i>Ойын бастаушы:</i> Үй сыртында қолағаш.Озамдесең, ала қаш, – деп, өзі таңдаған баланың арқасынан орамал мен соғып қалып, орамалды тастай сала жүгіре жөнеледі. Орамал алған бала карама-қарсы жақпен жүгіреді. Екі баланың бұрын жеткені бос орынға келіп тұра қалады. Ойын осылай жалғаса береді. Атадан бала туар, ата жолын куар. Бабалар өмірі – ұрпаққа өнеге. Ұрпақ – тұқым, нәсіл, келешек ұрпақ. Ата-баба – бұрынғы өткен әкелер. Қазақ халқында ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне көп мән берген. Кішкентай балалар өнегелі, тәрбиелі болып өсуі үшін, ұлттық салт-дәстүрді қалыптастырып, мұра ретінде келешек ұрпаққа қалдырып отырған.Салт-дәстүр дегеніміз – белгілі бір рәсім, әртүрлі</p>	<p>сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру.</p> <p>Төртіншісі артық дидактикалық ойыны.</p> <p>Көлік түрлерін суреттен көрсетіп, олардың аттарын атайды, артығын тауып айтады және неге артық екенін дәлелдейді. Мысалы: камаз, тайота, жигули, мерседе с. Жұмбақ тар шешу. Шешулері: пойыз, автобус. Көлік түрлері және не үшін пайдаланылатынын айту. Троллейбус-электр қуатымен жүреді. Ол жолаушы таситын көлік. Трамвай-электр қуаты арқылы рельспен қозғалады. Ол- қалада жолаушы таситын моторлы вагон көлік.</p> <p>Толықтыр дидактикалық ойыны.</p> <p>Мысалы: Егер жермен жүрсе-бұл... (жер)көлігі. Олар: жеңіл машина, автобус, троллейбус.</p> <p>Егер сумен жүрсе... (су)көлігі. олар: қайық, кеме, теплоход.</p> <p>Суретті жина</p>	<p>Үнді дауыссыз дыбыстармен, олардың жасалу жолдарымен таныстыру. Балалар біз бүгін дауыссыз дыбыстардың ішіндегі үнді дауыссыз дыбыстармен танысамыз және жасалу жолдарын білетін боламыз. Мен айтқан дыбыстарды айнаға қарап қайталаңдар: л, м, н, ң, р, у, й. Балалар бұл дауыссыздарды айтқанда не байқадыңдар? Бұл дыбыстарды айтқанда көтеруге, созуға, әуенді өзгертуге болады. Қатаң, ұяң дауыссыз дыбыстарға қарағанда үнді дауыссыз дыбыстар дауыс шымылдығының қатысуымен жасалады, салдырға қарағанда үн басым шығады. Сондықтан да үнді дауыссыз дыбыстар деп аталады. Үнді дауыссыз дыбыстарды айтқанда сөйлеу мүшелерінің (тіл, ерін, жақ) бір-біріне жуықтауы, түрленуі, көлемін өзгертуі көмей арқылы келген ауаға пәлендей кедергі бола</p>	<p>салынған сурет арқылы мазмұнын түсіндіру.</p> <p>Сөздік жұмыс.</p> <p>Мадақтау-біреудің жақсы қасиетін мақтап, көкке көтеру, дәріптеу.</p> <p>Аластау-біреуді ығыстыру, қуып тастау.</p> <p>Жағымпаздана жағыну, жарамсақтану, жалбақтау.</p> <p>Сұрақ-жауап әдісі арқылы ертегінің мазмұнын ашу.</p> <p>-Аң патшасы-Арыстан ормандағы аңдарға қандай сұрақтар қойды?</p> <p>-Аңдар қалай жауап берді?</p> <p>-Арыстан неге ашуланды?</p> <p>-Иттің жауабын кім айтады?</p> <p>Дүниеде қайратты әрі ақылды да тек –адамзат деп жауап берді Ит. Жеті қазына туралы мағлұмат беру. Қазақ халқы жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырып, олар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүйрік ат-қанаты. 2. Қыран бүркіт-қуаты. 3. Құмай тазы-абыройын асырар сенімді серігі. 4. Берен мылтық-қаһарлы оты. 5. Қақпан-серті. 6. Майланғыш ау-әдіс- 	<p>Аула сырты, баққа да, Тұрғызамыз аққала. Аққаланы айналып, Би билейміз шаттана.</p> <p>Дидактикалық ойын: Аққала құрастыр.</p> <p>Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Әртүрлі қиып дайындалған геометриялық қиындылардан аққала құрастыру.</p> <p>Өздері соққан аққаланың суретін салады. Жұмбақты шеш.</p> <p>Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші сен оны. Аққала.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері</p> <p>Дыбыстық талдау. Сөздің мағынасын түсіну: сөздерге дыбыстық талдау жасау, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау.</p> <p>«Артығын тап» ойыны.</p> <p>Бас, қол, көз, қас, тас. (<i>тас</i>) Алма, алмұрт, шие, бие. (<i>бие</i>) Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (<i>фокус</i>)</p>
--	---	--	---	--

<p>жағдайларға арналған ұлттық мағынадағы елеулі кезеңдер. «Бесікке бөлеу» ойыны. Тәрбиеші алдын ала дайындаған қуыршақ пен бесікті алып шығады. Бір қызды қасына шақырады. Тәрбиеші бесікке қуыршақты жатқызып, бөлейді, тербетеді. Бесік жырын айтады: «Бесікке бөлеу» кішкентай бала үшін өте маңызды. Баланың сымбатты, денесі түзу болып өсуі үшін, ата-бабаларымыз баланы бесікке бөлеген. Келесі суретте не бейнеленген? «Тұсаукесер» дәстүрі бейнеленген. Ұлттық киімдегі кішкентай бала, апа оның тұсауын кесіп жатыр. Жасы үлкен әжей «шашу» шашып жатыр. Балалар хормен Е. Өтетілеуұлының «Тәйтәй» өлеңін айтады. Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды. «Ашамай». Жаңағы кішкентай бала өсіп, 5–6 жасқа келді. Үлкендер оған жеке тай атап, ашамай (тайға арналған</p>	<p>дидактикалық ойыны. Шарты: балалар екі топқа бөлінеді. Көліктердің суреттері салынған парақ бірнеше бөлікке бөлініп, екі хатқалтаның ішінде болады. Әр топ балалары қағаз қиықтарын біріктіріп, көлік құрастырады да, сол көлікке байланысты жұмбақ ойластырады. Жұмбақты келесі топтың балалары шешеді. Мысалы: 1. Бұл көлік қалада жүреді. Электр күшімен қозғалады. 2. Ол вагон көлік. Рельспен жүреді. 2. Қазақ тілі Екі лақ ертегісі. Үй жануарлары мен төлдерін қазақша тауларымен таныстыру. Сөздік қорларын молайту. Дидактикалық ойын: «Төлдерін ата және көрсет» Балалар үй жануарларын атап, ойыншықтарды көрсетеді, төлдерін атайды және көрсетеді. Балалар әр дұрыс жауап үшін</p>	<p>алмайды. Дауыссыз қатандар да мүлде үн болмаса, ұянда үннің қатысы жартылай болатынын біз білеміз, ал үнді дыбыстарда бәсең үн болады. Дауыссыздардың үн сапасында жаңғырық болмайды. «Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны Балалар, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Тәрбиеші балаларға көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, <i>лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй.</i> н дыбысынан сөздер басталмайтынын ескертеді. Мысалы: <i>«л»– Ләззат, лақ, лаула, люк, лақтыр, лағыл, Ләйлә;</i> <i>«м» – мақта, малта, маймыл, малақай;</i> <i>«н»– нар, Нариман, Нартай, Назгүл, наз,</i></p>	<p>айласы. 7. Өткір кездік-сұсы. Жеті қазына-жеті ырыс. 1. Адамның ақылы, ой-санасы 2. Денсаулық. 3. Ақ жаулық 4. Бала. 5. Көңіл. 6. Жер. 7. Ит. Мақал-мәтел мағынасын түсіндіру. Ақылды адам айтқызбай біледі. Қыран қаққызбай іледі. 2. Қазақ тілі Қысқы киім. Киімінің қазақша атауларымен таныстыру: оларды топтай алуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, айыра білу. Дидактикалық ойын: «Бұл кім?» Аталған киімдері (көйлек, шалбар, жейде) бойынша баланы табады. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: Қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс). Қыс қандай? (Қыс суық). Адамдар қыста жылы киім киеді. Жылы, жылы. Жылы киім. Қысқы киім</p>	<p>Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (<i>жүзім</i>) Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (<i>терезе</i>) Дыбыстармен жұмыс. «Тізбекті жалғастыр» дидактикалық жаттығуы. Балалар, мен бір сөз айтып, допты біреуіңе беремін, мен айтқан сөз қандай дыбыспен аяқталса, ол сол дыбыстан басталатын сөз ойлап айтады да, келесі балаға допты береді. Мысалы: <i>қала – алмұрт – тарақ – қымыз – зәкір – рауғаш – шопан – нан – нақыл – лақ қала – алма – алтын – нар нәзік – кәмпит – табақ – қант – тоқ – қоңыз т.б.</i> «Берілген дыбысқа сөз ойла» дидактикалық жаттығуы. Тәрбиеші сөз ойлап айтқан балаларға жұлдызша беріп отырады, кімде көп жұлдызша болса, сол жеңімпаз атанады. 1-тапсырма Тәрбиеші балаларға «и» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мен білемін бұндай сөздерді: <i>ине, инелік, ирек, иық, Иманали т.б.</i> 2-тапсырма:</p>
--	---	---	--	--

<p>кішкентай ер-тоқым) істегіп, қамшы өріп, «Сен азамат болдың» деген сенім ұялатып, үйретілген жуас тайға әсем ашамай ерттеп, баланы тайға мінгізіп, жүргізеді. Осы қуанышта атасы бата береді. Дәптермен жұмыс. Суретте халқымыздың қандай дәстүрі бейнеленген? Бұл дәстүр қай кезде орындалады? Әңгімеле. Суреттерге қара. «Тұсаукесер» дәстүріне қажетті заттарды қорша. Ер баланы алғаш рет атқа мінгізу дәстүрі қалай аталады? Ол туралы үлкендерден сұрастыр, әңгімеле. Атты ерттеуге қажетті заттарды белгіле.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Біз дыбыстық талдау жасай аламыз. Сөздің мағынасын түсіну:сөздерге дыбыстық талдау жасау,сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды</p>	<p>фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Балалар, ертегіні тыңдап қана қоймаймыз, ертегі кейіпкерлерінің рөлінде өзіміз сахналап көреміз. <i>Үнтаспадан ертегіні тыңдаймыз.</i></p> <p>Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап». Ертегі не туралы? Ертегіде неше лақ? Ертегідегі лақтарды сипатта. (Ақ лақ және Қара лақ). Ақ лақ пен қара лақ нелерге жолығады? (Түлкіге, қасқырға)Түлкіден екі лақ қалай құтылады? (Қырдың астында қасқыр күтіп отыр). Қасқырдан екі лақ қалай құтылады? (Арыстан күтіп отыр).Қойшы ата Ақ лаққа не деді?Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-қ-қ-қ – лақ-лақ-лақ, Ақ лақ. Қ-қ-қ- қ – лақ-лақ-лақ-Қара лақ. Балалар ертегіні сахналайды.Санамақ</p>	<p><i>намаз, нақышына келтір;</i> <i>«р» – рауғаш, Рауан, Раушан, риза;</i> <i>«у» – уылдырық, уақ.</i></p> <p>«Дыбыс бер» дидактикалық ойыны Мен сендерге сөздер айтамын, сол сөздердің ішінде үнді дауыссыз дыбыстар кездесе, алақандарыңды соғып шапалақтаңдар.Үй, алма, анар, тат, оқ, ру, бау, сағат, арқан, тарак, жаңғақ, нан, доп, тор, ми, сый, тый, аң, оң, шаш, тас, ата, әже, тәте, пысық, тышқан, ат т.б.</p> <p>«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: <i>сүйкімді ... (мысық), жүйірік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ...</i></p>	<p>жылы. Қысқы киім...(жылы). Балалар сөйлемді жеке-жеке, хормен аяқтайды.Интербелсенді тақтада компьютерлік ойын: «Қуыршақты киіндіру» Қуыршақ не киді?<i>Балалар жаңа сөздерді жеке, хормен айтып жаттығады.</i> Қуыршақ не киді? Қуыршақ күрте киді. Тон, күрте, қолғап, құрақшын, етік – қысқы киім.Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады) Ғ-ғ-ғ-ғап-қолғап-қолғап Ұ-ұ-ұ-ұл-құл-құ-лақ-шын. Тақпақ жаттау: Мен естияр баламын, Өзім кие аламын. Көйлегімді, күртемді, Аяқкиім, пәлтемді. Інімді де үйретем, Жөн жобамды көрсетем. Тонса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт-сарт-сарт Шапалақты соғамыз. Тонса біздің аяғымыз, Етік киіп аламыз. Топ-топ-топ Топылдатып билейміз. Тонса біздің денеміз, Тонды киіп аламыз.</p>	<p>Тәрбиеші балаларға «о» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мен бұндай сөздерді білемін: <i>орындық, ожау, омыртқа, оқыс, оқы, ойна, ойын т.б.</i> 3-тапсырма: Тәрбиеші балаларға «д» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мен бұндай сөздерді білемін: <i>доп, дақ, домалақ, дорба, дән, диқан, дарын, дария, даң, Дидар, дырылдақ т.б.</i></p> <p>«Сөз жина» дидактикалық жаттығуы. Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар. Мысалы: - «а.л.м.а.», – «а.ғ.а.ш.», - «к.ү.н.», - «қ.ұ.с.», «қ.о.я.н.», - «с.и.ы.р.» , - «а.с.ы.қ.» , - «е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «ж.е.р.».</p> <p>Балалар, сендер қандай тағамдарды ұнатасыңдар? Балалар, денсаулыққа</p>
--	--	---	---	--

<p>анықтау. Үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыстар нешеге бөлінеді? Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай? Жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолын түсіндір. Жіңішке дауысты дыбыстар жасалу жолын түсіндір? Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады? Буында неше дауысты дыбыс болады? Дыбыстармен жаттығулар.</p> <p>«Соңғы дыбыстан баста» дидактикалық ойыны.</p> <p>Тәрбиеші балаларға сөз айтады да бір баланы көрсетеді, бала сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтады, келесі бала жалғастырады.</p> <p>Мысалы: <i>маймыл - лақ -</i></p>	<p>арқылы қасқыр, түлкі және лақтардың рөлдері бөлінеді. Балалар қалпақтарды киеді. Автордың сөзін тәрбиеші айтады.</p> <p>Тәрбиеші : <i>Ақ лақ пен қара лақ әрі жүгіреді, бері жүгіреді.</i></p> <p>Қара лақ:</p> <p>Сен Ақ Лақсың, түк білмейтін ақымақсың. Мені әрлі-берлі сүйреп жүріп, ақыры адастырдың.</p> <p>Тәрбиеші : <i>Ақ лақ әрі ойланып, бері ойланып, жүрген жерлерін еске түсіреді де жүгіре жөнеледі, алдарынан түлкі шыға келеді.</i></p> <p>Түлкі:</p> <p>Әдемі лақтар, менің үйіме қонақ болып кетіндер.</p> <p>Ақ лақ:</p> <p>Түлкі, бізді Қасқыр қонаққа шақырды. Бізбен бірге жүр.</p> <p>Тәрбиеші : <i>Түлкі лақтарға еріп жүреді, алдарынан ақырып Қасқыр шыға келгенде Түлкі қашып кетеді.</i></p> <p>Қасқыр:</p> <p>Р-р-р, менің қарным аш, сендерді жеп қоям!</p>	<p>(<i>мұғалім</i>), <i>үлкен(үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал) т.б.</i> Дәптермен жұмыс (<i>графикалық жұмыс</i>)</p> <p>Штрихта. Бастыр.</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Геометриялық денелер: шар, текше, цилиндр.</p> <p>Шеңбермен және тіктөрт бұрышты салыстыру арқылы геометриялық пішінмен таныстыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Мақсат қою (проблемалық жағдаят). Жұптық жұмыс.</p> <p>Үстелдерде пішіндердің дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш жинақтары салынған конверттер жатыр. Тапсырманы түсіндіреді. Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып, оны атайды, ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай</p>	<p>Шанаменен зулаймыз. Шынығамыз жалықпай, Коньки, шаңғы тебеміз. Қима суреттермен жұмыс.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет».</p> <p>Тәрбиеші киімдерді атайды, балалар сөзді қайталап суретін көрсетеді. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Киімдерді ата. Қыста қандай киім киеді? Кім не киеді? Дөңгелектерді сәйкес тендіріп боя. Арманның киімі мен Сәуленің киімін сәйкес түспен бояйды. Суреттегі киімдерді айтқызу.</p> <p><i>Қыз көйлек киеді. Ұл шалбар киеді.</i></p> <p>3. Математика негіздері</p> <p>Конус, текше, көпбұрыш. Шеңбермен және тіктөрт бұрышты салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p>	<p>пайдалы тағамдармен тамақтану қажет. Ал А, В, С, Д, Е – осы адам ағзасына қажетті дәрумендердің атаулары. Біз оларды тағамдардан аламыз. А дәрумені өсу мен көру дәрумені деп атауға болады, себебі ол арқылы сен жақсы өлесің, ал көзің тамаша көреді. В тобының дәрумендері мидың дамуына әсер етеді. С дәруменін «күшті имунитет дәрумені» деп атауға болады, себебі ол арқылы сен аурулардан қорғанасың. Е дәрумені сені күшті, әрі төзімді етеді. Д дәрумені сенің сүйегіңді мықты етеді.</p> <p>Дәптермен жұмыс. Суреттерді ата. Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді көк түсті сандықпен, дауысты дыбыстан басталатын сөзді қызыл түсті сандықпен сызып қос. Дыбыстық талдау жаса. Суреттерді штрихта. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.</p> <p>3. Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Киіз үйдің</p>
--	---	--	--	---

<p><i>қарбыз - зәкір - радио - от - тауық - қарлығаш - шапалақ – қайық- қасық - қылыш - шаш - шахмат - тамыз - зырылдауық -қант - ту - уық - қу - уәде - емізік т.б.</i></p> <p>«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны Сөздермен жаттығулар.</p> <p>«Бірінші дыбысты анықта» дидактикалық ойыны Балалар, мен суреттерді көрсетемін, сендер суретте бейнеленгендердің атындағы бірінші дыбысты айтасындар.</p> <p>Мысалы: <i>ана(а), әке(ә), етік(е), нан(н), гүл(г), ыдыс(ы), алма(а), есек(е), ұшақ(ұ), аң(а), омыртқа(о), ине(и), алмұрт(а), от(о), орындық(о), елгезек(е), ешкі(е), өмір, (ө), ұлу(ұ), ұршық(ұ), ірімшік(і), ін(і).</i></p> <p>Қандай дыбыстан басталатын сөздерді айттындар? (Дауысты дыбыстан басталатын). Оны қайдан білдік? Өкпеден шыққан</p>	<p>Ақ лақ: Қасеке, әнеки, ана төбенің басында, қара тастың қасында, бізді Арыстан күтіп отыр.</p> <p>Қара лақ: Бәәә, Арыстанды қара. Тәрбиеші : Қасқыр қатты саскалақтайды, әрі-бері алақтап тұрады. Қасқыр: Бәлесінен аулақ. Бар жандарыңның барында кетіндер, түге!</p> <p>Тәрбиеші: <i>Қасқыр қаша жөнеледі.</i> Ақ лақ, Қара лақ: Алақай!!!</p> <p>Тәрбиеші: <i>осылайша қорықпаған екі лақ, қырды асып өз үйірлерін табады.</i></p> <p>Жұмыс дәптермен жұмыс</p> <p>Суреттер бойынша ертегіні ретімен әңгімеле.</p> <p>Суретке қарап, ата. Атауында «Қ» дыбысы бар жануарларды қорша.</p> <p>3. Математика негіздері Геометриялық фигуралар: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш.</p> <p>Шеңбермен және тіктөрт бұрышты салыстыру арқылы сопақша</p>	<p>пішіндегі затты атайды. Одан кейін рөлдерімен ауысады. Геометриялық пішіндермен топтық жұмыс. Балалар, қолдарыңа текше мен шаршыларды алындар. Осы фигураларды салыстырындар. Цилиндр мен дөңгелекті салыстырындар.</p> <p>Цилиндр мен дөңгелектің қандай ортақ қасиеттері бар екенін кім түсіндіре алады? Одан кейін практикалық жұмыс. Цилиндрдің негізінде саусақпен, қарындашпен қағазда жүргізіңіз. Қандай пішін пайда болды?</p> <p>1-тапсырманы дәптерде өздігінен орындау.</p> <p>Практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>2-тапсырманы өздігінен дәптерде орындайды.</p> <p>3. Көркем әдебиет</p>	<p>Бүгін біз геометриялық пішіндер еліне саяхат жасаймыз. Геометриялық елде барлық жерде геометриялық пішіндер бар. Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсындар. Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды.</p> <p>Балалар, мына бұйымдарға қараңдар. Олар қандай пішіндерден жасалған? Өз бұйымдарыңды құрастырындар.</p> <p>Бүгінгі сабақта қандай пішін дермен жұмыс істейміз?</p> <p>«Затты тап» ойыны. Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрау.</p> <p>1-тапсырманы қарап, оны өздігінен орындау.</p> <p>Тапсырманы түсіндіру: пішіндерді екі белгі – пішін мен түс бойынша бөліңдер. Топтардың әрқайсысына пішін мен</p>	<p>жабдықтары. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Сурет арқылы киіз үй жабдықтарын таныстыру. Киіз ауа райының қандай жағдайын да пайдалануға өте ыңғайлы.</p> <p>Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақсықырлауық (жарма есігі).</p> <p>Кереге-киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық-кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік-сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарғақ терден жасалады. Үй жиһаздары: Абажа-тамақ пен ыдыс-аяқ</p>
--	--	--	---	---

<p>ауа еш кедергісіз шықты. Бұлай дауысты дыбыстар жасалады. Балалар, мен тағы суреттер көрсетем айтып, бірінші дыбысына мән беріңдер. Мысалы: <i>пияз(n), ферма(ф), пима(n), түн(m), күй(к), хат(x), щетка(щ), күрек(к), шана(ш), сырмақ(с), таға(m), халық(x)</i>. Дәптермен жұмыс</p> <p>Суреттерді ата. Жуан дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін сары түсті қарындаш пен қорша, жіңішке дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін қызыл қарындашпен қорша. Бағдаршамның қай түстерінің атауында л дыбысы бар? Сөздерді буынға бөл.</p> <p>Дыбыстық талдау жаса.</p> <p>3. Музыка</p> <p>Қыс келді. Лирикалық, вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің</p>	<p>пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>«Мені таны» ойыны.</p> <p>Жұмбақ оқиды, балалар оның шешімін тауып, пішіндер бейнеленген карточкаларды көрсетеді.</p> <p><i>Сен маған мұқият қара, Менің үш қабырғам, Үш бұрышым, үш ұшым бар. (Үшбұрыш.)</i></p> <p>Жинақтан пішіндерді іздеп, оларды көрсетеді.</p> <p>Үшбұрыш</p> <p><i>Сопақша да емеспін, Үшбұрышқа дос емеспін, Тікбұрышқа аға болам, Шаршы деген мен болам. (Шаршы.) Денемнен бұрыштар табылмайды, Бірақ көп нәрсе бір маған ұқсайды.</i></p> <p><i>Әртүрлі табақтар, Легендер, медальдар. Олар адамдарға өте керек, Атым менің (дөңгелек).</i></p> <p><i>Менен де бұрыштар</i></p>	<p>Шынықсын денеміз. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.</p> <p>-Денсаулығың мықты болсын!</p> <p>-Шымыр болып өс! Жұмбақ жасыру. Қыста ғана болады, ұстасаң, қолың тонады. Қар.</p> <p>Қимылды ойын. Кім жылдам?</p> <p>Ойын шарты:</p> <p>Балалар екі топқа бөлінеді.</p> <p>Ортада белгі көрсетілген.</p> <p>Балалар көрсетілген белгіге сырғанап жетіп, өз орындарына сырғанап келуі керек.</p> <p>Б. Соқпақбаев Шынықсын денеміз өлеңін жаттау.</p> <p>Жүріңдер, балалар, Сырғанақ тебеміз. Құрыспай, құрыштай, Шынықсын денеміз. Қыста ауырмас үшін не істеу керек? Сырғанақ</p>	<p>түс көрсетілген карточка таратылады. Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады.</p> <p>Бұйымдарды қарап, пішіндерді атайды. Өз бұйымдарын құрастырады. Балалар топтарға бөлініп, топтарда талқылап, заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады. Топтардың әрқайсысы өз белгілері бойынша пішіндерді тандап, жинастырады. Фигураларды талдап, өзара салыстырады.</p> <p>4. Музыка</p> <p>Қыс келді. Лирикалық, вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов). Балалар марш музыкасымен шеңберде жүріп, аяқты нық басып, бойды тік ұстап, тізені жоғары көтеріп, қолды сермеп, ырғақпен жүреді.</p>	<p>сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған. Кебеже-сүр ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап өрнектеген үй жиһазы. Әбдіре-зат сақтайтын үлкен сандық. Сырты қаңылтыр мен әшекейленіп қапталады.</p> <p>Ағаш төсек-жату үшін пайдаланатын үй жиһазы. Асадал-тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеже. Жастықағаш-ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ. Адалбақан-киім ілуге арналған үй жиһазы. Жұқаяқ-үйде жүк астына қоятын ағаш зат.</p> <p>Сандық-киім-кешек, т.б. зат салуға арналған үй жиһазы.</p> <p>Төсеніштер: алаша, киіз, сырмақ.</p> <p>Тұскиіз-сәндік үшін төсектің тұсына тұтатын үй бұйымы.</p> <p>Қоржын-екі жағын тең етіп, тоқыған, не құрап тіккен зат салатын дорба. Аяққапыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін ою-өрнек салып</p>
---	--	--	---	--

<p>сипатына сәйкес би кимылдарын орындай білу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов). Балалар марш музыкасымен шеңберде жүріп, аяқты нық басып, бойды тік ұстап, тізені жоғары көтеріп, қолды сермеп, ырғақпен жүреді. Балалармен қыс туралы және қыста ойнайтын ойындар туралы әңгіме өткізу.</p> <p>Музыка тыңдау: «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай). Композитор Б. Дәлденбайдың суретін көрсету. Балалардан әннің не туралы айтылып отырғанын сұрау. Әннің көңіл күйін сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Қыс келді» (Б. Жұмабекова). Ән айтар алдында балаларға ән айту ережелерін еске түсіру. Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев). Үйренген «Зырлайды шанамыз» әнін (М. Маңғытаев) еске түсіру, сөздерін анық</p>	<p><i>таппайсың, Дөңгелекке аз гана ұқсаймын, Екі жағымнан қысыңқырап, Екі жағымнан сәл созыңқырап. (Сопақша.) Мына шелекке қара – Қақпағы мен түбі бар, Екі дөңгелекті қосқан – Бір фигураны алған. (Цилиндр.) Бұл дене доп болып секіреді, Қарбыз болып домалайды, Толықсыған ай болып күлімдейді, Күн болып жарқырайды. Ол қалай аталады? (Шар.)</i></p> <p>Балалар, біз қандай геометриялық пішіндерді білеміз? (Пішіндерді тактада көрсету). Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар. Тәрбиеші дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттар бейнеленген суреттерді көрсетеді. Практикалық жұмыс.</p>	<p>теуіп ойнасақ, қандай бала боламыз?</p> <p>Жас ұланмын шыныққан, Жасқанбаймын суықтан. Қардан жасап аққала, Сырғанамаймын шаттана. Жұмбақтарды шеш. Қайқы тұмсық, қос табан, қос таяқпен ұштаған. Шаңғы. Қыста үйге кірмейді, шойын жолдан аумайды. Шана.</p> <p>Дидактикалық ойын.</p> <p>Кім тез шананы құрайды?</p> <p>Ойын шарты: Бірнеше қиып алынған шана бөліктері. Берілген белгі бойынша балаларшананы құрастырады.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Желді қуып жет. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар; екі бала жұптасып жасайды; бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады, гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып</p>	<p>Балалармен қыс туралы және қыста ойнайтын ойындар туралы әңгіме өткізу.</p> <p>Музыка тыңдау: «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай). Композитор Б. Дәлденбайдың суретін көрсету. Балалардан әннің не туралы айтылып отырғанын сұрау. Әннің көңіл күйін сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Қыс келді» (Б. Жұмабекова). Ән айтар алдында балаларға ән айту ережелерін еске түсіру.</p> <p>Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев). Үйренген «Зырлайды шанамыз» әнін (М. Маңғытаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту. Балалар музыкаға ілесіп қоянның «шөп жұлу», «үрку», «айбат көрсету» секілді қимылдарын үйренеді.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені (өндеген М. Раухвергер).</p> <p><i>1-4 такт.</i> Балалар әр</p>	<p>не кестелеп әшекейлейді.</p> <p>Дидактикалық ойын: Киіз үйді құрастыр.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Жайлаудағы ойындар. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</p> <p>Сезімдік ойын:</p> <p>«Табиғаттың төрт күдіреті»</p> <p>Жайлаудағы ойындар мен шопандардың, жылқышылардың шаруасы жайлы әңгімелерді жалғастыру. Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» десе, қолдарын төмен түсіреді, егер «су» десе, қолдарын алға созып, суда малтаған сыңай көрсетеді, «ауа» десе, құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе, қолдарын созып алай-дүлей айналдыра бастайды. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» - десе қолдарын төмен түсіреді, егер «су» - десе қолдарын алға созып, суда малтаған сыңай көрсетеді, «ауа» - десе құстай ұшып бара жатқандай болады, «от»</p>
--	---	---	---	---

<p>айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту. Балалар музыкаға ілесіп қоянның «шөп жұлу», «үрку», «айбат көрсету» секілді қимылдарын үйренеді.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені (өндеген М.Раухвергер).</p> <p><i>1-4 такт.</i> Балалар әр бағытта жүгіреді.</p> <p><i>5-6 такт.</i> Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды.</p> <p><i>7-8 такт.</i> Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні</p> <p>4.Дене шынықтыру Қыстаудағы ойындар. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумн, спортпен айналысуға баулу.</p> <p>Сырықтар жерде жатыр. Қол жаттығуларын орындай отырып,</p>	<p>Балалар, қызыл сопақшаны алып, саусақпен жиегін сипап өтіндер. Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары бар ма? Сопақша қандай пішінге ұқсайды? Қызыл сопақшаның үстіне жасыл дөңгелекті салыңдар. (Пішіндердің өлшемі бірдей болуы тиіс). Атауларды қайталайды. Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады, неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. Таратуға арналған материалмен жұмыс істейді, геометриялық пішіндерді – сопақша мен дөңгелекті тексереді.</p> <p>4.Шығармашылық іс-әрекет Ормандағы қоян. Жапсыру: Сюжеттік композициялар жасау, жеке және топпен бірлесіп жасау. Мүсіндеу: қалауы бойынша мүсіндеу және қосымша заттармен</p>	<p>тұрып, аяқтарын көтереді. Сапқа және тізбекке бір-бірден тұрады, тізбекпен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру; тоқтамастан баяу қарқынмен жүгіру (1,5 минут). Тыныс алу жаттығуы. «Біз спортпен айналысамыз, сондықтан жылдам өсеміз» – қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру – тыныс алу. «Күннен-күнге бойымыз өсіп барады» – қолды төмен түсіріп, барлық табанмен еденге түсу дем шығару. Сап түзеп залдың бір шегінен қарама-қарсы жаққа жүру. Екі-екіден тізбекке, сапқа тұрады, қарама-қарсы жаққа жүреді, адымдарын байқап басады, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. Жаттығуды орындағанда әуеде бейнелеуге саусақпен жүргізіп, сурет салып көмектесу. Координацияны дамыту жаттығулары: «Көз-қол» «Көздерімен атыс» оңға – солға, жоғары – төмен (6</p>	<p>бағытта жүгіреді.</p> <p><i>5-6 такт.</i> Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды.</p> <p><i>7-8 такт.</i> Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні</p>	<p>десе қолдарын созып, алға, артқа айналдыра бастайды. Фитболмен орындалатын арқа омыртқасын түзету жалпы жаттығуларын орындау. Фитболды түрлі бағыттарға сырғанату. Музыка әуенімен фитболды, басқаларды қағып кетпей, түрлі бағытта алып жүреді. Музыка тоқтағанда барлығы орнында тоқтап, қатып қалады. Түрлі биіктіктегі арқандардан секіру. Әр арқанға сай екпін алу, аяқпен тірелу және қолдарын уақытылы сермеп секіру. 40-30-20 см биіктіктегі арқанның астынан өту. Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілі таңдалады. Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілін таңдай отырып, барлық білім-біліктерін қолдануға тырысады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарсыласыңды көтер» Балалар бір-біріне қарама-қарсы отырады. Түзу қолдарына гимнастикалық таяқшаны ұстап, табанымен тіреледі. Белгі бойынша, әр ойыншы таяқты өзіне тартып,</p>
---	---	--	---	---

	<p>шеңбер бойымен «кұрықтарды» аттап жүру.3-4 баладан жүруге болады.Аяқты саннан 90° көтеріп, аяқты алдымен ұшына, сосын өкшеге түсіріп қою. Ырғақпен, қолды еркін ұстап, кідіріспен тыныс алып жүгіру.Негізгі жаттығуларды орындау үшін 4 тізбекке сапқа тұру. Ұзын ағашпен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары.Өз қимылын басқа балалармен үйлестіреді. Қолдарын шынтақтан бүгіп, жаттығулар кешені біткенше арқаны тік ұстауға тырысады.Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдарды орындау.</p> <p>Секірулер: сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына қайта түсу.</p> <p>«Ең сақ кім екен?» Текшелерге көтеріп қойылған сырықтардың астынан түрлі</p>	<p>безендіру.</p> <p>Сурет салу:түсті таңдау,жаңа түстер және реңктерді бояуды араластыру арқылы шығару.</p> <p>Құрастыру:табиғи,қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Көңілді тренинг: «Менің көңіл күйім тамаша».</p> <p>Мақсаты: жағымды көңіл күй тудыру. Балалар оң және сол жақтағы достарына «Менің көңіл күйім тамаша» деп қолдарын кезекпен бұлғау керек.Балалар, бүгін бізді қоян қысқы орманға саяхат жасауға шақырды. Ал кәне, көзімізді жұмып орманның бейнесін көз алдымызға елестетіп көрейік. Диалогті оқу арқылы ашық сұрақтар қоя отырып қыс мезгілі туралы білімдерін мнемокесте сызбасы арқылы нақтылау. Қазір жылдың қай мезгілі? Қыста айнала қандай түске боялады? Қыста аспаннан не жауады? Қардың түсі қандай?</p>	<p>рет).көздерімен сағат тілімен 6 шеңбер, сағат тіліне қарсы 6 шеңбер салу.1–9 сандарын көздерімен жазу.Көздерімен көлденең 6 сегізді жазу. Көздерімен сағат тілімен 6 үшбұрыш, сағат тіліне қарсы 6 үшбұрыш салу.Сағат тілімен көздерімен үшбұрыш,шаршы, шеңбер салу, сағат тіліне қарсы сол фигуралардысалы. «Желпуіш саламыз» Шаңғының ұшын 180°айнала қозғалып,бұрылады. «Тоннель».Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып қою.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ақшақарлар мен тентек жел» (тыныс алу гимнастикасын орындау) Балалар екі топқа бөлінеді. «Ақшақарлар» аяғының ұшымен билеп, айнала ұшып жүреді. «Тентек желдер» дем алады.Тәрбиеші:«Желтұ</p>		<p>қарсыласын орнынан жұлып алуға тырысады. Қарсыласын жұлып тұрғызған бала женеді.Таяқты жоғары көтеріп, жан-жаққа сермеуге болмайды.</p>
--	--	--	---	--	--

	<p>әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өту.Түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өтеді.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал». (10 рет) Допты лақтырып, қалаған тәсілмен қайта қағып алады.Допты кеудесіне қыспай, екі қолдап қағуға тырысады. Допты жерге құлатпаған жеңіске жетеді.</p>	<p>Қыс мезгілінде қандай ойындар ойналады? Орманда қандай аңдарды кездестіруге болады?</p> <p>«Фотоаппарат» ойыны. Аңдарды суретке түсіру кезінде сыртқы ерекшелігіне қарай сипаттау.. Жан-жағына алақ-жұлақ етіп келе жатқан аң? Апаныңда ұйықтап жатқан аң? Ағаштың басында жаңғағын кеміріп отырған сүйкімді аң? Аяғының ұшымен, білдірмей жүріп, қулығын асырып жүретін аң? Үлестірмелі материал.</p> <p>«Ормандағы қоян» тақырыбындағы сюжетті сурет.Балаларға қоянның дене бөліктерін, азығын, айналасындағы ағашты, жауып тұрған қарды қандай геометриялық пішіндердің элементтерінен дайындауға болатынын түсіндіру. Сюжеттегі бейнелердің қандай геометриялық пішіндерден дайындалғаны туралы талдау жұмысын жүргізу. Қоянның дене</p>	<p>рды!»</p> <p>–дегенде «тентек желдер» шығып, «ш-ш-ш-ш-ш» деп оларды ұшыра бастайды. «Ақшақарлар» қашып, жата қалады, тығылады.</p>		
--	---	--	---	--	--

		<p>бөліктерін үлгіден қиып дайындап алу. Басын, денесін шаршылардың бұрышын қию арқылы дөңгелек пішінге айналдыру арқылы дайындау. Алдыңғы және артқы аяқтарын, ұзын құлақтарын дөңгелек пішінді екіге бүктеп симметриялы кесінді арқылы кесіп дайындау. Ормандағы қар омбыларында дөңгелектерді екіге бүктеп қию арқылы дайындау. Шыршаның бейнесін шаршының бұрыштарын екіге бүктеп үшбұрыш пішінге келтіріп қию. Қоянның сәбізін пішіннің бұрыштарын қию арқылы дайындау, сабағын қалдық қағаздардан дайындау. Қалдық қағаз бөлшектерінен қар түйіршіктерін жырту тәсілі арқылы дайындау және қоянның көзін, аузын, мұрнын қажетті түстерді қолдана отырып дайындау. Дайын кесілген пішіндерді қағаз бетіндегі кеңістікті бағдарлай отырып</p>			
--	--	---	--	--	--

		орналастырып жапсыру. Балалар шығармашылығы.			
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну және белгілі бір ретпен шешіну, заттарыңызды шкафқа дұрыс орналастыру және ұқыпты бүктеу, сондай-ақ әр түрлі бекіткіштерді қолдану қабілетін бекіту				
Серуен	<p>Боранды бақылау Мақсаты: қыстың белгілері туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: кіре берісті қардан тазарту. «Қарға сурет салу» ойын жаттығуы. «Дауыстан тану» дидактикалық ойыны Мақсаты: есту қабілетін дамыту «Оқтау тартыс (арқан тартыс)» қимылды ойыны Мақсаты: күшті дамыту. «Нысананы көзде» қимылды ойыны Мақсаты: лақтыру дағдыларын, көзбен өлшеуді дамыту. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Қарлы боранды бақылау Мақсаты: қыстың белгілері туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: қар үйіндісін салу. «Тұзақ» қимылды ойыны Мақсаты: жүгіруді, қимылды үйлестіруді дамыту; басқалар мен соқтығыспай жүгіруді үйлестіру. «Көкпар» қимылды ойыны Мақсаты: Затты берудегі жылдамдықты, ептілікті жетілдіру. «Кім алысқа лақтырады» ойын жаттығуы Мақсаты: алысқа қар лақтыру дағдысын дамыту. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Ұшқан қар ұшқынын бақылау Мақсаты: байқағыштықты дамыту; табиғаттағы өзгерістерді байқауға үйрету. Еңбек қызметі: ғимараттарды қардан тазарту. «Орман алаңқайы» қимылды ойын Мақсаты: екі аяқпен секіруді дамыту. Балалармен қозғалыстарды дамыту бойынша жеке жұмыс – лақтыру. «Таны да, ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: аумаққа ұшып келген құстар туралы білімді бекіту. Шығарылатын материалмен ойындар: мұзшана, күректер. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Әртүрлі ауа-райында қардың жай-күйін бақылау Мақсаты: сөздікті белсендіру; себептері мен салдарын түсіндіру қабілетін дамыту. Еңбек қызметі: қардан мүсіншелер жасау. «Қар үймегімен жүру» ойын жаттығуы Мақсаты: қозғалыстарды үйлестіруді жетілдіру. «Қармен жүр және оның аяқ астында сықырын тыңда» ойын тапсырмасы «Теңіз толқиды» қимылды ойыны Мақсаты: қиялды, фантазияны дамыту. Қашықтағы материал ойындары: күректер. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Терезедегі қар өрнектерінің пайда болуын бақылау Мақсаты: байқағыштықты дамыту. «Қаңтар – ең суық ай» әңгімелесу Мақсаты: қыс айлары туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: аулаға ұшып келген құстарды тамақтандырамыз. «Қояндар мен қасқыр» қимылды ойыны Мақсаты: қозғалыс белсенділігін дамыту. «Қысқы қызықтар» қимылды ойыны Мақсаты: сөйлеуді қозғалыспен үйлестіруді, жалпы сөйлеу дағдысын дамыту. Шығарылатын материалмен ойындар «Мұз жолымен сырғанау». (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру; жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолдағы суды түсіру. Өзіндік ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)				

<p>Балалардың өзіндік жұмысы</p>	<p>«Үй салу» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың техниканың рөлі мен құрылыстың әртүрлі кезеңдері, сондай-ақ құрылысшы мамандығы туралы білімдерін бекіту және кеңейту. (Қоршаған ортамен танысу + құрастыру + сөйлеуді дамыту) «Кім әрекетті көбірек атайды?» дидактикалық ойын Мақсаты: адамдардың іс-әрекеттерін мамандықпен байланыстыра білу, сөздікті белсендіру. (Сөйлеуді дамыту) «Ұшады-ұшпайды» қимылды ойыны Мақсаты: ойлауды, реакцияны дамыту. (Сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Біз кемеде жүземіз» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың су көлігі және оның мақсаты туралы білімдерін кеңейту және нақтылау, ойын тәжірибесі мен сөздігін байыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) «Ұқсайды - ұқсамайды» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды салыстыру, түсі, пішіні, мөлшері, материалы бойынша ұқсастық белгілерін байқау. (Математика + сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын «Мен өзім не жасай аламын?» Мақсаты: балалардың еңбек дағдылары, өзіне-өзі қызмет көрсету және өзара көмек туралы түсініктерін дамыту. (Қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Театр қызметі: Цирк қойылымы Мақсаты: цирк әртістерінің мамандықтарымен таныстыру; цирк нөмірлерін ойлап табу процесінде балалардың қиялын дамыту. (Көркем әдебиет + музыка) «Тест» - сұрақтар, жауаптар дидактикалық ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды, сөйлеуді, есте сақтауды дамыту. (Математика + сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша үстел ойындары. Таңдау бойынша сурет бұрышындағы жұмыс (баяулар, қарындаштар, қарындаштар, киізден жасалған қаламдар, ермексаз) Мақсаты: шығармашылық қабілеттерін дамыту. (Сурет салу)</p>	<p>«Аурухана» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың дәрігерлік кәсіптер, жұмыс орны, еңбек әрекеттері, еңбек құралдары, еңбектің қоғамдық маңызы туралы білімдерін бекіту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) «Менің кім екенімді тап?» дидактикалық ойын Мақсаты: балалардың пантомималық шығаруын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + Көркем әдебиет) «Бұйрықты орында» ойын жаттығуы (Дене шынықтыру) «Карусель» балалар арнасын қарау (ертегілер мен сүйікті мультфильмдер)</p>	<p>«Бұл бола ма?» дидактикалық ойын Мақсаты: өмірдегі дұрыс құбылыстар туралы түсінікті қалыптастыру. (Қоршаған ортамен танысу) «Керісінше айт» ойын жаттығуы Мақсаты: сөздерді таңдау. (Сөйлеуді дамыту) «Түтікшеге қара» жаттығуы Мақсаты: танымдық-зерттеушілік мінез-құлықты дамыту, заттың қарама-қарсы қасиеттерін игеру. (Қоршаған ортамен танысу) «Жұмбақтар мен жауаптар» дидактикалық ойыны Мақсаты: талдау және салыстыру. (Сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Қарым-қатынас дағдылары «Бір сөзбен ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: жалпылама сөздерді таңдауда жаттығу</p>	<p>Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі «Қызыл бүйір бауырсақ» жаттығуы Мақсаты: танымдық</p>	<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар «Қуыршақ ауырып қалды» рөлдік ойыны Мақсаты: науқасқа қамқорлық көрсетуге</p>	<p>Танымдық және зияткерлік дағдылар «Санды құрастыру» (лего-конструкция) Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту;</p>	<p>Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі «Бұл қандай дақ!» дидактикалық ойын Мақсаты: қиялды,</p>

		қиялды, шығармашылық ойлауды, үйлесімді сөйлеуді дамыту	үйрету; мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу	сандарды құрастыруды үйрету	шығармашылықты, қиялды дамыту. «Моншақтар» ермексазбен жұмыс Мақсаты: ермексаздан геометриялық фигураны мүсіндеу қабілеті
Балалардың үйге қайтуы	«Абайлаңыз, көктайғақ», «Аязды ауа-райы туралы ата-аналардың алты қате түсінігі» стендтік кеңестер Мақсаты: ата-аналар арасында балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогикалық білімді тарату. «Экран алдындағы бала», «Тыйымдар мен шектеулер» жеке кеңестер. Мақсаты: ата-аналарды балалардың телехабарларды көру ережелерімен таныстыру; балалардың бос уақытын ұйымдастыру үшін ата-аналардың жауапкершілігін дамыту				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ**

Топ: **Мектепалды даярлық**

Топ жетекшісі: **Есенкелді Қ.Е**

Балалардың жасы: **5-6 жас**

Жоспар қай кезеңге жасалды: **29.01–02.02.**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.01	Сейсенбі 30.01	Сәрсенбі 31.01	Бейсенбі 01.02	Жұма 02.02.
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосферасын құру.				
	«Менің отбасым» әңгімелесу Мақсаты: жақындарына деген мейірімділік пен сүйіспеншілікті, жанашырлық пен көмек көрсету қабілетін тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу)	«Мейірімді сөз айт» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды сөз тіркестерін қолдана отырып, сыпайы сөздерді қолдануға үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	Күн, аспан және жер! Мен сенімен біргемін! Мен бүкіл әлемге айтамын: «Өз отбасымды жақсы көремін». «Менің отбасым» дидактикалық ойыны Мақсаты: барлық жақынына сүйіспеншілікті тәрбиелеу. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	Апта өлеңі Отбасы – бақыт, махаббат, сәттілік, Отбасы – жазда саяжайға сапар, Отбасы – бұл мереке, отбасы күні, Сыйлықтар, жағымды шығындар. (Көркем әдебиет)	«Отбасылық дәстүр» әңгімелесу Мақсаты: отбасылық құндылықты дамыту, назар аудару. «Отбасы мүшелерінің аты кім?» дидактикалық ойын Мақсаты: барлық отбасы мүшелерін атымен атау. (Қоршаған әлеммен танысу)

Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Ересек жастағы балалардағы сөйлеу дамуының ерекшеліктері мен мәселелері туралы әңгімелесу. «Ұялшақтықты қалай жеңуге болады» тақырыбындағы жеке әңгімелер				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	«Заттар не үшін қажет?» дидактикалық ойын Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін, белсенділігін және дербестігін дамыту; балалардың тұрмыстық заттарды, құралдарды, жабдықтарды мақсаты туралы білімдерін бекіту; оларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Суық – ыстық» аз қимылды ойыны Мақсаты: есту қабілеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту) «Іздесең табасың» үстел үсті ойындары Мақсаты: жылдың жекелеген уақыттарына тән белгілерді ажырата білу қабілетін бекіту. (Қоршаған ортамен танысу + математика)	«Әрекетті бағалау» дидактикалық ойыны (сюжеттік суреттер) Мақсаты: балалардың жақсы және жаман істер туралы түсініктерін бекіту; іс-әрекеттерді сипаттау және бағалау; сезімталдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Кегльді құлат» аз қимылды ойыны Мақсаты: қимылдарды үйлестіру дағдысын бекіту: дәлдікті, зейінді, лақтыруға күш беру қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Жұп сурет» үстел үсті-баспа ойындары Мақсаты: суреттерде бейнеленген заттарды салыстыруда, ұқсастықтарды табуда және бірдей суреттерді таңдауда шеберлікті бекіту; ойын ережелерін орындау қабілетіне тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + математика)	«Өз көшеңді картадан тап» дидактикалық ойын Мақсаты: кеңістіктегі бағдарды жетілдіру. (Математика + қоршаған әлеммен танысу) «Қармақ» қимылды ойыны Мақсаты: орнында секіру жаттығулары; ептілікті, қимылдарды үйлестіруді, зейінді дамыту. (Дене шынықтыру + математика) Баспа ойындары «Орманда не өседі?» Мақсаты: орман және бақша өсімдіктері туралы білімді бекіту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	«Бөлшектерден үй құра» дидактикалық ойын Мақсаты: үй мен автобус бөліктерін табу қабілетін дамыту; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту; зейінді, көзді, табандылықты дамыту. (Математика + қоршаған әлеммен танысу) «Кім кетті?» қимылды ойын Мақсаты: зейінді, тапқырлықты, жетіспейтінді тез таба білу қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Телефон» театрландырылған ойыны Мақсаты: қиялды, диалогтық сөйлеуді дамыту. (Шығармашылық + сөйлеуді дамыту)	«Әрекетті таңда» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалар сөздігінде етістіктерді белсендіруді жалғастыру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Айырмашылықты тап» қимылды ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Арқан» театрландырылған ойын Мақсаты: өз денесін меңгеру дағдысын жетілдіру, қол мен аяқтың қимылын еркін және қысылмай пайдалану; қарапайым бейнелі-экспрессивті дағдыды бекіту (Музыка + сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	Кешенді жаттығу				
ҮІӨ дайындық	«Жақсы деген не, жаман деген не?» Мақсаты: балаларда басқалармен қарым-қатынастың моральдық нормалары туралы идеяларды қалыптастыру; ұжымда достық, достық	Әңгіме «Анам, әкем және мен – тату отбасымыз!» Мақсаты: «Отбасы», «махаббат», «туысқан» ұғымдарын білуді бекіту. (Қоршаған ортамен танысу) Дидактикалық ойын	«Мені еркелетіп айт» этюд Мақсаты: балаларды әртүрлі мейірімді есім түрімен таныстыру; бір-біріне оң көзқарас қалыптастыру (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	«Ойлан, тап» ойын жаттығуы Мақсаты: балаларды белгілері мен сипаттамалары бойынша тануға үйрету. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	«Смайлик» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды әртүрлі эмоция көрінісімен таныстыру; оларға адамның бет әлпеті бойынша негізгі эмоцияны ажырата білуге

	қатынастарды дамыту. (Қоршаған ортамен танысу)	«Мейірімді сөздердің тізбегі» Мақсаты: сөздікті байыту (сөйлеуді дамыту)			үйрету. (Қоршаған әлеммен танысу)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>1.Қоршаған ортамен танысу Тірі және өлі табиғат.Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Тәрбиеші балаларға жанды және жансыз заттар туралы не білетіндерін сұрап, сол туралы әңгімелеулерін ұсыныс жасайды.Аудиоматериалды (жанды және жансыз табиғаттағы дыбыстар) тыңдатады. Табиғат – адамның көмегінсіз тіршілік етеді. Ал адамның қолымен жасалған заттардың бәрі табиғат нысаны болып табылмайды. Табиғатты: Жанды табиғат әлемі және жансыз табиғат әлемі деп екі үлкен бөлікке бөлуге болады. Күрделі сұрақ: Қолдан адам қолымен жасалған әлемге қандай заттар жатады деп ойлайсындар?Балалартерезеден не көріп тұрғандарын атап береді. Табиғатқа – ағаштар да, аспан да, шөп те, ауа да, адам да жатады деген ұйғарымға келеді.Топтағы жанды заттарды атап көрсетеді. Үстелдің неліктен жансыз затқа жататынын дәлелдейді. Тірі ағзаның қандай әрекеттер жасайтынын, мәселен, тыныстайтынын,тамақтанатынын, өсетінін, көбейетінін айтып береді.Қолдан жасалған (жансыз) әлемге киім, аяккиім, ыдыс-аяқ, жиһаз т.б. жататынын түсіндіру. «Тағы не істейді?» деген</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Біз де ойнаймыз.Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді үйлестіре білуді жетілдіру. -Бүгін қай күн? -Кеше қандай күн болды? -Ертең қандай күн болады? -Бүгін ауа райы қандай? Табиғат өзгерістерін атайық. Ағашқа байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру. Мақал-мәтелдер: Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты. Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш. Қарағайға қарап – тал өсер, Қатарына қарап – бала өсер. Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді. Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін тәрбиешінің соңынан қайталап отыруды ұсыну. М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып беру. Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата».Ойын шарты: Ойынды тәрбиеші бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс.</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Біз нені үйрендік,нені білдік? Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағына сына қызығушылыққа баулу. Жалпы атауын айт» дидактикалық ойыны. Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... (<i>ыдыстар</i>) Карамель, ирис, шоколад – ... (<i>кәмпиттер</i>) Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... (<i>саусақтар</i>) Күрте, пальто, тон, плащ – ... (<i>киім</i>) Тымақ, қалпақ – ...(<i>баскиім</i>) Дыбыстармен жаттығулар. Дидактикалық жаттығу «Тиісті белгіні көтер» Тәрбиеші жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары дөңгелекті көтереді. Буындармен жаттығулар. Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен) Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ас+паз, кі+тап,</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту Мамандықтың бәрі жақсы. Тілдің грамматикалық құрылымы.Сөйлемдегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап тұрады. Тәрбиеші «Бақытты бала» деп жазылған бойтұмарды қасындағыбаланың мойнына тағып: «Сен бақытты баласың, өйткені сеніңдостарың көп», – дейді.Осы кезде есік қағылып, топқа аспазшы апай кіреді. Аспаз:Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендердің денсаулықтарың жақсы болсын деп, дәрумендер әкелдім. (Дәрумендерді балаларға таратады.)Енді аспаз апайдан тамақты дәмдеу үшін қандай көгөністер қосатынын сұрайық. Аспазшы тағамға сәбіз, картоп, жуа, асқабақ қосатынынаытады. Балалар, аспаз бізге дәмді тағам дар пісіреді екен, ол бізге өте қажет адам. Сендер басқақандай мамандықтарды білесіңдер? Көптеген мамандық иелерін біледі екенсіңдер, бұлмамандық тардың бәрі адам баласына қажет.Өз ата-аналарың қандай жұмыс жасайды? Қандай мамандық иесі? Білесіңдер ме? Балаларға М.Хакімжанованың «Кім немен ойнайды?» өлеңін мәнерлеп оқып беру. Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»Ойын шарты: Әртүрлі</p>	<p>1. Көркем әдебиет Қарлығаш пен дәуіт. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу. Жұмбақтар шешу. Қонып алып жарға, қарқылдайды.(қарға) Өзі жасыл әрі батыр,ол не? (дәуіт) Өзі қара,бауыры ақ,ол не? (қарлығаш)Қарлығаш пен Дәуір ертегісін таныстыру. -Қарлығаштың ұясы қайда орналасқан? -Жылан не үшін келді? -Қарлығаш көмекке кімді шақырды? -Көкек не деді? -Қарға ше? Дәуіт не істеді? Қарлығашқа кім көмектесті? Ертегіні рөлге бөліп ойнату. Тыйым сөздер:сурет бойынша сызбамен жаттау. Құстың ұясын бұзба! Құстың балапанына тиіспе!Құсқа тас лақтырма! Кәне қанат қағайық, қарлығаш боп ұшайық, Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық. Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық, сауысқан боп секіріп, тоқылдақ боп шоқиық. Дидактикалық ойын: Ұшты-ұшты. Ойын шарты: Ұшты-ұшты қарлығаш деген кезде балалар қолдарын көтереді. Ұшпайтын затты айтқанда,қолдарын</p>

<p>ойыны. Ойын тәртібі бойынша балалар заттың іс-әрекеттерін немесе қасиетін атап көрсетуі тиіс. Балалардың жауаптары: Дәурен: Үйрек суда жүзе алады, тағы не істейді? Сүгір: Сүнгиді, жерде жүреді, ұшады, барылдайды.</p> <p>Д: Мысық тышқан аулайды, одан басқа тағы не істей алады?</p> <p>С: Бетін сипалайды, пысылдайды, мияулайды, серуендейді, ұйықтағанды жақсы көреді.</p> <p>Д: Күн жарық сәуле шашады. Тағы не жарық шашады?</p> <p>С: Қалта шам, шам, көліктің шамы...</p> <p>«Менің достарым» дидактикалық ойыны.</p> <p>Балалар қолдарына белгілі бір заттардың суреті салынған карточкаларды алады. Содан соң тәрбиеші атаған адам немесе басқа да бір заттың атын атап, оның не істей алатынын атап айтады. Мысалы: Менің достарым – тыныстай алады. Балалар жанды табиғат бөліктері бейнеленген үлгілерді көрсетеді.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері</p> <p>Біз нені үйрендік? Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.</p> <p>«Кім не істейді?» ойыны.</p> <p>Шофер не істейді? Ұшқыш не істейді? Етікші не істейді? Бағбан не істейді? Ұста не істейді?</p> <p>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»</p>	<p>2. Қазақ тілі</p> <p>Менің киімдерім. Киімінің қазақша атауларымен таныстыру: оларды топтай алуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, айыра білу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері).</p> <p>Көйлек неге артық? Көйлек – киім. Сендерде қандай киім бар? Қуыршақ киімдері арқылы <i>жейде, шалбар</i> сөздерін естеріне түсіру. Көйлек, шалбар, жейде – нелер? Көйлек – киім. Шалбар – киім. Көйлек, жейде, шалбар киімдер. Мынау – ұзын жең жейде. Мынау қандай жейде? Мынау – ұзын жең жейде. Мынау – қысқа жең көйлек. Мынау қандай көйлек? Мынау – қысқа жең көйлек. Сөйлемдерді айтып жаттығады.</p> <p><i>Жең, ұзын</i> сөздерін дұрыс айтып жаттығу. Ең-ең-жең. Ұұұзын жең. Қа-қа-қысқа – қысқа жең.</p> <p>Суреттермен жұмыс. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ұ-ұ-ұ- шұу-лық – шұлық І-і-і-і- жем-жем-піір-жемпір. Қима материалдар арқылы меншіктеп айтып жаттығу. <i>Менің жейдем ақ. Менің</i></p>	<p>ба+лық, ба+ла).</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз». Тәрбиеші балаларды екі топқа бөледі. Тәрбиеші бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызша беріліп отырады.</p> <p>Мысалы: (те-) те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік), көр -(пе), (ор-) ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ), (өр-) өр -(мек), өр -(кеш), өр, -(ле), өр -(мек-ші), өр(т), (да-) да(мылда), да(был), да(кыл), да(уыс), Да (риға), Да (рия).</p> <p>Ойын: «Кәне, тауып көр»</p> <p>Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыс айтамын, сендер алдарындағы сызбадан мен не айтсам, соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап, сызбасын көтересіңдер. Тәрбиеші алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді.</p> <p>Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, ос-, қа-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жана, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-, ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, блезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-, іс-, діз-, ік-.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Эстафета».</p> <p>Тәрбиеші сөйлемді айтады, оны қайталайды. Бір баланың алдына текше немесе кішкене</p>	<p>мамандық иелеріне қандай құрал қажет, жапсырмалар орнын тауып жабыстырады. Дәптермен жұмыс: Дәптердегі тапсырма орындалады. Балалар «Кім болам?» деген тақырыпта шағын әңгіме құрайды.</p> <p>2. Қазақ тілі</p> <p>Ұлттық киім. Ұлттық киім қазақша атауларымен таныстыру. Сөздерді қолданып сөйлем құрауға жаттықтыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бұл кім?». Аталған киімдері (көйлек, шалбар, жейде) бойынша баланы табады.</p> <p>Бүгін біз ата мен әжеге қонаққа барамыз. Киіз үйдің макеті, ұлттық киімдер (немесе суреттер) қолданылады.</p> <p>Ата және әже қуыршақтары. Сәлемдеседі. Ата не киген? (Тәрбиеші ұлттық киімдер атауымен таныстырады. (ұлттық киімдер немесе суреттер). Шапан, қамзол, қалпақ, бөрік, тақия, мәсі – қазақ халқының ұлттық киімдері.</p> <p>Сөздерді бекітуге арналған ойын: «Ата, көрсет, қайтала»</p> <p>Өткенді қайталауға, сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...».</p> <p>Балалар алдарындағы суреттегі киімді атайды, көршісінде қандай киім екенін сұрайды. Мысалы: Менде шапан бар. Сенде не бар? Тақпақты жаттау.</p> <p>Киім-бұйым</p> <p>Бір дегенім – бөрік, Кисең береді көрік. Екі дегенім – етік, Киер сәнді етіп. Үш дегенім – ішік, Теріден тігер пішіп. Төрт дегенім – тымақ,</p>	<p>көтермеуі керек.</p> <p>Қарлығаш-адамға дос. Дәуіт-адал, достарыңа көмектеседі. Қиындықта достарыңа көмектесу керек.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері</p> <p>Буын. Сөздерді буынға бөлеміз. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру. Сөздерді буынға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Суретпен жұмыс. Ал енді осы сөздерді сендерден алыста тұрған сияқты созып, айғайлап айтып көріңдер.</p> <p><i>Балалар сөздерді айғайлап, созып айтады: лақ, қас-қыр, бағ-дар-шам.</i> Сөздерді қайталап қызады және буынға бөліптіп айтқызады. Дауысты дыбыстар буын құрайды. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Сөздерді созып, дауыстап айтқанда, сөздің қанша буыннан тұратынын білуге болады. Буын – сөйлеу мүшелерінің тұтастай қимылынан пайда болған бір немесе бірнеше дыбыстың тіркесі. Дауысты дыбыс өз алдына тұрып та, төңірегіне дауыссыз дыбыстарды алып та буын құрайды. Сөзде қанша буын бар екенін білу үшін, алақандарымызбен шапалақтаймыз. Тәрбиеші қолын шапалақтау арқылы <i>лақ сөзін буынға бөледі, «лақ» деп бір рет шапалақтап, «лақ» сөзі бір буыннан тұратындығын түсіндіру.</i> Тәрбиеші балаларға <i>«қасқыр»</i> сөзін буынға бөліреді. <i>«Қас-қыр»</i> сөзін екі рет</p>
--	--	--	---	--

<p>Тәрбиеші дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Дұрыс таңда»</p> <p>Сөздегі дыбыстарды анықтандар Қай сөзге қандай дыбыстық сызба тиісті? Балалар дыбыстық талдау жүргізеді. Суреттерді тиісті сызбамен салыстырады</p> <p>Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап»</p> <p>Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы суретті атайсындар. Сол сөз дауысты дыбыстан басталса, тақтада тұрған қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласындар.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кері сөзді ата»(доппен)</p> <p>Балалар мен сендерге допты лақтырып сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасындар да, допты кері лақтырасындар.</p> <p>Мысалы: <i>жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз, қайырымсыз, биік-аласа, жылады-күлді, отырды-тұрды, ашты-тәтті, жапты-ашты, кір-шық, таза-лас, ыстық-суық, көрікті-көріксіз, жұмды-ашты, қатты-жұмсақ, ұзын-қысқа, жалпақ-жіңішке т.б.</i></p> <p>Дидактикалық ойын: «Буынға бөл»</p> <p>Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атуын шапалақпен буынға</p>	<p><i>жемпірім көк. т.с.с.</i> Қима суреттермен жұмыс.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет».</p> <p>Тәрбиеші киімдердің атауларын жекеше, көпше түрде және олардың түр-түстерін атайды. Балалар сөздерді қайталап, сөзге сәйкес суретті көрсетеді.</p> <p>Мысалы: көйлек, көйлектер, сары көйлек, қысқа жең жейде. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Киімдерді ата. Атауында қазақ тіліне тән Ұ дыбысы бар киімдерді қызыл, І дыбысы бар киімдерді көк қарындаштармен белгіле. Киімдерді өз киіміне сәйкес боя. Сенің киіміңнің түсі қандай? <i>Менің жемпірім сары. Менің шалбарым көк.</i></p> <p>3. Математика негіздері</p> <p>Бөлшектерден фигура құрастыру және фигура ларды бөлшектерге бөлу.</p> <p>Геометриялық фигуралар мен денелерді дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Шеңбер, доғал, тікбұрыш, шаршы, үшбұрыш, төртбұрыш, шар, текше, цилиндр геометриялық фигураларды ажырату.</p> <p>8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. Сурет бойынша жұмыс. Суретте берілген заттарды ата. Кемеге қарап, онда неше үшбұрыш, неше шаршы, неше шеңбер, неше тіктөртбұрыш барын ата. Пойыз, ұшақ, жүк көлігі. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Тапсырма: геометрия</p>	<p>зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады. Тәрбиеші келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек т.б.</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Біз нені білдік? Геометриялық фигуралар мен денелерді дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>«Қай цифр жоқ»</p> <p><i>Цифрларды тану, зейіндерін дамыту.</i></p> <p>Таныс сандардан сандар қатары құрастырылады. Балалар көзін жұмған кезде (түн) бір сан алынып тасталады. Содан соң балалар сандар қатарына қарап, жетпей тұрған санды айтады. Геометриялық фигуралармен, кез келген заттармен осыған ұқсас ойын ұйымдастыруға болады.</p> <p>«Жұбын тап» Жіктеу.</p> <p>Қандай да бір белгі бойынша айырмашылығы бар ұқсас заттар жұбы таңдап алынады, бір заттың жұбы болмайды. Мысалы: жасыл текше және қызыл текше, ағаш қасық және темір қасық, т.б. Заттар үстел үстіне орналастырылады. Балалар кезекпен келіп, өз таңдауын түсіндіре отырып, заттар жұбын табады.</p> <p>«Не өзгерді?»</p> <p><i>Геометриялық пішіндер атауын, сөздерді дұрыс қолдану дағдыларын қайталау.</i></p> <p>Ойын үшін, кішірек себет, балаларға белгілі геометриялық пішіндер керек. Балаларға берілетін тапсырма: Пішіндерді ата. Үшбұрыш қайда жатыр? «Түн» (Балалар басын партаға қояды). Не өзгерді, үшбұрыш</p>	<p>Қыста кесең, жылы-ақ. Бес дегенім – байпақ, Іші жылы, жайпақ. Алты дегенім – алқа, Мойнына тақ, қалқа. Жеті дегенім – жейде, Көйлек деп жүр кейде. Сегіз дегенім сеңсен, Жылысы тонның сенсен. Тоғыз дегенім – телпек, Болма, бала, тентек. Он дегенім – оймақ, Жүрме босқа ойнап.</p> <p>-Қандай таныс сөздер бар? (Балалар таныс сөздерді атайды: бөрік, етік, жейде, тон).</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс. Ұлттық киімді ата. Кім не киеді? Сызықпен қос. Сөйлем құра. Үлгі: <i>Ата шапан киеді.</i></p> <p>3. Математика негіздері</p> <p>Геометриялық фигуралар. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алды на қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Затты ата дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімдерін қалыптастыру. Балалар команда лағабөлініп, капитан сайлайды. Әрбір команда капитаны геометриялық фигура салынған карточканы суырады. Қоршаған ортаның таңдап алған фигураға ұқсас заттарын еске түсіру үшін командаларға бірнеше минут беріледі. Әрбір дұрыс жауап үшін тәрбиеші фишкалар береді. Фишкаларды басқаларға қарағанда көп жинаған команда</p>	<p>шапалақтап айтады.</p> <p>«Қасқыр» сөзі неше буыннан тұрады? Екі буыннан тұрады. Иә, екі буыннан тұрады екен, өйткені «қасқыр» сөзінде созылып айтылатын екі дауысты дыбыс бар. Тәрбиеші балаларға «бағ-дар-шам» сөзін буынға бөліреді. Осы сөзде үш дауысты дыбыс бар екенін анықтатып, сондықтан бұл сөз үш буыннан тұратындығын түсіндіреді.</p> <p>Буынға тән негізгі белгілері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дауыссыз дыбыс буын болмайды. 2. Дауысты дыбыстың өзі де буын болады (а-та, а-па) 3. Бір буында бір ғана дауысты дыбыс болады. Сөздің құрамында қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Буынды қол шапалақтау арқылы көрсетуге үйрету. Балалар, мен сендерге бір, екі, үш буынды сөздерді айтамын, сендер менімен бірге шапалақтау арқылы буынға бөліп, қайталап отырындар. <p>Бір буынды сөздер: ақ, ат, бақ, бас, доп, тас, топ т.б.</p> <p>Екі буынды сөздер: ал-ғыс, а-дал, а-дым, а-зат, ай-бын, ай-на, жа-зық, жаң-быр т.б.</p> <p>Үш буынды сөздер: а-за-мат, бал-мұз-дақ, бас-пал-дақ, көгіл-дір, сыр-ға-нақ т.б.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз біледі?»</p> <p>Шарты: әр балаға түрлі түсті қаламдары немесе санамақтар, бос стакан беріледі. Сөз айтқан бала,</p>
--	---	---	---	--

<p>бөліндер. Мысалы: <i>жа-пы-рақ, жү-зім, ке-ру-ет, тү-іе, та-бақ, ке-рік, пи-яз, ө-рік, жыл-қы, ши-е, мы-сық, а-ғаш, ал-ша, қа-ла, үс-тел, шал- ма, тек-ше, те-ре-зе, са-ғат, са-ғыз, қой, қо-ян, түл-кі, піл, ке-се, ша-ныш-қы, ти-ін, и-не, пи-ма, ли-мон, ал-мұрт, қар-быз, қа-лам, ше-лек, қы-за-нақ, а-рыс-тан, жол-ба-рыс, тас-ба-қа, ба-қа, қай-мақ, кө-бе-лек</i> т.б.</p> <p>3.Музыка Айнала ақша қар. Балалар шығаршылығын дамыту:оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т.Ломова). Балалар шеңберде жүріп, музыкаға ілесіп қимылдар жасайды. Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев). Балаларға Қ. Шілдебаевтың суретін көрсетіп, оның өмірі туралы қысқаша мәлімет беру.«Вальс» –би музыкасы, көбіне ол музыкаға жұптасып билейді.Балалар қыс көріністерінің бейнелейтін суреттерге көз салындаршы, қандайқұбылыстыбайқадыңдар Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс сендерге несімен ұнайды? Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов).Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп, денені тік ұстап, ережені еске түсіру. Әуенді дұрыс айтуына көңіл аудару.«Қыс келді» әнін (Б. Жұмбаекова) сөздерін анық</p>	<p>лық фигуралардан зат құрастыру керек. Негіздеу:Затты құрастыру кезіндеқандай геометриялық фигуралар қолданылады? Сурет қандай фигуралардан құрастырылған?Бұл заттарды барлығын бір сөзбен қалай атауға болады?Көлік. №2тапсырма.Тапсырманың мақсаты:сызба бойынша жұмыс істеу дағдыларын бекіту:қызыл,кішкене шеңбер:көк,үлкен квадрат: жасыл,кішкене үшбұрыш; сары,үлкен шеңбер.Қай зат қандай геометриялық фигураға ұқсас келеді? Үлкен шеңбер-үлкен түймеге,кіші шеңбер-кішкентай түймеге ұқсайды. Сиқырлы суреттер ойыны. Қағаз бетінде шеңбер, квадрат,тіктөртбұрыш,үшбұрыш берілген.Осы фигура ларды толықтырып бір заттың суретін салу. 4.Шығармашылық іс-әрекет Сандық. Құрастыру:көрнекілікке сүйене отырып,елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. Сурет салу:түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру. Мүсіндеу:түрлі бедерлер жасау. Жапсыру:сюжеттік композициялар жасау. Ойын жағдаяты. Балалар:</p>	<p>енді қайда жатыр? (Себетте, себеттің оң жағында, себеттің астында, т.б.) 3.Көркем әдебиет Киіз үй.Сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. Кең даланың ежелгі, Қазақ дейтін халқымыз. Өзге ұлттай біздің де, Бар дәстүр мен салтымыз. Киіз үйді, киіз үй ішіндегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін көрсету. Суреттен не көріп тұрсыңдар? Бүгін қазақ халқының ежелгі баспанасы – киіз үй туралы әңгімелейміз. Киіз үй – ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы. Киіз үй тегіс, су баспайтын құрғақ жерге тігіледі. Қыста жылы, жазда салқын. Үйдің жабулары киізден жасалғандықтан, «киіз үй» деп атаған. Үлкен шеңбер құрамыз, Дөңгелене тұрамыз. Керегені кереміз, уықтарды ілеміз, Айналамыз, ойнаймыз, Киіз үйді құрамыз. Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңімен танысамыз. <i>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:</i> – Өлең саған ұнады ма? – Авторы кім? – Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – Киіз үйдің пішіні қандай? Киіз үйдің суретін сал. Жұмбақты шеш.</p>	<p>жеңіске жетеді. Практикалық жұмыс.Әрбір геометриялық фигураға токталу,қасиеттерін атау, айырмашылықтарын ажырату, қайсысында неше бұрыш бар?Неше қабырғасы бар?Қай геометриялық фигура өз орнында тұрған жоқ?Адасқан геометриялық фигураны табу.Бос орынға тиісті көпбұрышты салу үшін алдымен бар геометриялық фигуралардың бұрыштарын санап ал.Бұрыштар санының өсу ретіне қарай табасың? Торкөздегі нүктеге қарындаштың ұшын қойып,қарындашпен сызып шығу.Қандай геометриялық фигура шықты?Қандай қасиеттерін білесің?Көлемін қалай анықтайсың? «Ғажайып қапшық» ойыны Мақсаты:заттардың геометриялық пішінін зерттеуге көмектеседі,балалар пішіндерді ажыратуға жаттығады. Қапшықта геометриялық пішіндердің үлгілері бар. Бала оларды зерттеп көреді, қолымен сипайды, содан соң көрсеткісі келіп тұрған пішіннің атын атайды. Ол үшін жүргізуші «ғажайып қапшықтың» ішінен белгілі бір пішінді табу жөнінде тапсырма береді. Балаға тиісті пішінді тапқанша бірнеше үлгіні зерттеп көруге мүмкіндік беріледі. «Геометриялық пішіндерден құрастыр» дидактикалық ойыны. Балалардың әрқайсысына 3 геометриялық пішіннен таратып,әртүрлі пішіндерді құрастыруды ұсыну.Дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар,</p>	<p>сөзді буынға бөліп, айтқан әр сөзіне бір қаламнан стаканға салып отыруы керек. Бір сөз екі рет қайталауға болмайды. «Сөз жарыс» дидактикалық ойыны Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады. 3. Қоршаған ортамен танысу Табиғат тіршілік нәрі. Табиғатпен таныстыру. Сүйейік, табиғатты аялайық, Біз одан жақсылықты аямайық. Анадай табиғаттың аясында Жадырап, аунап-қунап демалайық. «ЖАҚСЫ – ЖАМАН» дидактикалық ойыны. Мақсаттары: Балалардың табиғатта өзін-өзі ұстау тәртібі туралы білімін нығайту. Тәрбиеші балаларға табиғат аясындағы мінез-құлықтың сызбалық ережелерін көрсетеді. Балалар суреттерге қарап, онда не бейнеленгенін жан-жақты баяндап береді. Нені істеуге болатынын, неніболмайтынын айтады. Себебін түсіндіріп береді.Ойын:</p>
--	--	--	---	--

<p>айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Қоян биі» (В.Питерцев). Балалар музыкаға ілесіп қоянның қимылдарын үйренеді, «шөп жұлу», «үрку», «айбат көрсету» секілді қимылдарды үйренеді. Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев). Балалар шеңбер бойымен тұрады. Тәрбиеші топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді. Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді. <i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Тамшылар» румын халық әні</p> <p>4. Дене шынықтыру Арқанмен ойнаушынықтырады. Негізгі қимылдар. Кеудеге арналған жатығулар. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. «Үлкен шеңбер бойына, Жиналыпты достарым. Алдымен солға жүреміз, Сосын оңға жүреміз. Ортасына жиналып, Шырқөбелек айналып, Жымиямыз, күлеміз, Ойын құрып жүреміз!» Бір тізбекпен жүру, шашырап жүгіру. Алдымен тізбекке белгі бойынша сап құрады; «ине- жіп» ойыны, арқаны алға қаратып 4 м жүру. Секіру, секектеу, бір орында тұрып секіріп айналу. Оң аяқ пен сол</p>	<p>Сәлеметсіз бе, әже? Тәрбиеші: Әже, сіз балаларды өткенде киіз үйдің жабдықтарымен таныстырдыңыз, бүгін біз осы үйдегі үй жиһаздары туралы мағлұмат алғымыз келіп сізге қонаққа келдік. Әже: Дұрыс, балалар, «білгенге маржан» деп жатады ғой халқымыз. Тәрбиеші: Балалар, әженің үйінде ұлттық бұйымдар жетерлік екен. Әже: Иә, балалар, мынау – тұскиіз, текемет, көрпе, сандық. Сандықты «әбдіре» деп те атайды. Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық. Оны темірден, ағаштан жасап, бетін сәндеу үшін ою-өрнектер қолданылады. «Оюлар» бүктемесінен «Тұмар», «Қошқармүйіз», «Ботакөз», «Қызғалдақ» ою түрлерін еске түсіру. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Дайын үлгідегі геометриялық пішінді қиып алу, ұзын жолақты қағазды үшке бүктеп геометриялық пішін бастыру, жоғары жағына кеңістікті бағдарлай отырып арақашықтығын сақтап жапсыру. «Қошқармүйіз» оюын бастырып қиып, қағазды бүктеу әдісі арқылы (ою санына қарай) ұзын жолақты қағазды бастыра отырып қиып алу, кеңістікті</p>	<p>Ұқсайтын шеңберге Қабырғасы жиылып, керіледі. Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (<i>Киіз үй</i>) Киіз үй өлеңін жаттау. 4. Дене шынықтыру Өз бетімізше жаттығамыз. Негізгі қимылдар. Арқаға арналған қимылдар: отырып алға, артқа еңкею, жаттығуларды орындау. Ойын жаттығулары «Тыңда, орында» Бастаушы 1-2 қимылды көрсетеді, Бір-бірден тізбекке тұру. Қолдарды ауыстырып, жартылай отырып, тапсырмаларды орындау. Бір тізбекке сап құрып жүру. Қолдарын еркін ұстап, ырғақпен қимылдауға тырысады. Үш-үштен тізбекке қайта тұру. Остеопатиялық жаттығулар. Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тепе-теңдікті сақтап жаттығулар орындау. Себетке доп лақтыру. Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу. Қол мен аяқтың қимылын үйлестіру. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу. Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын сатыларға қояды. Қолды дұрыс қойып ұстау. Төрт саусақты үстінен, бас бармақты астынан қойып ұстайды. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұсталып қалма!» Ойыншылар еденге шеңбер жасап қойылған жіп бойымен</p>	<p>үшбұрыштарды топтан бөледі. Әр топта әртүрлі нұсқалар болуы мүмкін. Біреулер түстер бойынша орналастыруы мүмкін. Басқалары өлшемі бойынша бөледі. Сұрақтарға жауап береді: әр топ өз пішіндерін атайды: дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштар. Суреттен дөңгелек, тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табады. Пішіні бірдей заттарды сызып қосады. 4. Музыка Айнала ақша қар. Балалар шығаршылығын дамыту: оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өндеген Т. Ломова). Балалар шеңберде жүріп, музыкаға ілесіп қимылдар жасайды. Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев). Балаларға Қ. Шілдебаевтың суретін көрсетіп, оның өмірі туралы қысқаша мәлімет беру. «Вальс» – би музыкасы, көбіне ол музыкаға жұптасып билейді. Балалар қыс көріністерінің бейнелейтін суреттерге көз салыңдаршы, қандай құбылысты байқадыңдар? Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс сендерге несімен ұнайды? Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамаков). Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп, денені тік ұстап, ережені еске түсіру. Әуенді дұрыс айтуына көңіл аудару. «Қыс келді» әнін (Б. Жұмабекова) сөздерін анық</p>	<p>«Болады – болмайды» (Болады дегенде қол шапалақтаймыз, болмайды дегенде аяғымызбен дүрсілдетеміз) Орманға саңырауқұлақ пен жидек теру үшін жалғыз баруға бола ма? Орманға ата-аналарымызбен баруға бола ма? Тауға, далаға жалғыз шығып кетуге бола ма? Ата-анаңнан қашып, көрші көгалға кетіп қалуға бола ма? Ылғи ата-анаңмен бірге бол.</p> <p>4. Дене шынықтыру Жан-жағыңа жылулық сыйла. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. «Балалар, бір-біріңнің көздеріңе жылулықпен қарасандар, сол жылулықты жүректеріңмен, алақанда рыңмен сезінесіңдер. Кәне, сезесіңдер ме? Енді әрқайсы сымыз қасымыздағыларға жылы лебіз білдіріп, ізгі ниеттер айтайық. Айтқан сөздерден жүрек жылуы бойымызға тарап, алақандарымыз ысып бара жатыр» Жай жүріс пен аяқтың басымен қолдарын жоғары көтеріп жүруді, өкшемен қолдарын екі жаққа созып жүруді, аяғын бүгіп қолдарын беліне қойып жүруді, аяқта рын қолымен артқа сілкіп қағып жүруді кезектестіру. Тізбекпен жылдамдықты өзгерте отырып жүгіру. Тыныс алуды қалыпқа</p>
---	--	--	---	---

<p>аяқты алмастырып секіреді. Сандарынан аяқты 90°-қа көтереді. Өртүрлі екпінде үзіліссіз жүгіру. (1,5 минут) Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Остеопатиялық жаттығулар Жаттығуларды баяу үйлестіріп қажетті екпінде жасайды.</p> <p>«Жаңылысқан ұтылады» «Доп» тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тақтайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады. Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау.</p> <p>Арқанмен айналмалы жаттығулар</p> <p>«Қайтпас қайсарлар» Арқандармен қырындап жүру. Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру. Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының басын жерге қойып, дұрыс жүруін қадағалау.</p> <p>«Ең шапшаң» – айналдырып тұрған арқаннан жүгіріп өту. Айналдырып тұрған арқаннан арқанның ең биік нүктеден өтер шағында жүгіріп өтіп үлгеруі керек. Айналып жүгіріп келіп, тізбекке тұра қалады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Арқаннан секіру» Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады. Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады. Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге</p>	<p>бағдарлап, сандықтың екі бұрышына, бұрыштарын сәйкестендіріп, ортасына оюды желімдеу.</p> <p>Геометриялық ромб пішінді осы жолдар арқылы санына қарай, сандықтың төменгі жағына, оң және сол жағына желімдеу. Өсімдік пішінді өрнекті қиып, бастырып ромб пішін өрнегінің ортасына кеңістікті бағдарлай отырып, желімдеу.</p> <p>Саусақ жаттығуы: Бес саусаққа бұйрық. Бас бармағым – батырым, бар ғой сенің ақылың. Сұқ саусағым батылым, барлық саусақ жақының! Ортан қолым – алыбым, ағасысың бәрінің! Аты жоқ қол – көкешім, қалай бөлек кетесің? Шынашағым – бөпешім, қашан сен ер жетесің? Барлығына бұйрығым: жиналмапты үй бүгін, Босқа ойнап жүрмеңдер, кәне, жұмыс істеңдер! Балалар шығармашылығы.</p>	<p>тұрады. Шеңбер ортасында екі бастаушы тұрады. Тәрбиешінің белгісімен балалар алдымен екі аяқтап шеңберге, сосын шеңберден сыртқа секіреді. Бастаушылар оларды тек шеңбердің ортасында ғана ұстай алады. «Ұсталған» ойыншы ойыннан шығады.</p>	<p>айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p>Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев). Балалар музыкаға ілесіп қоянның қимылдарын үйренеді, «шөп жұлу», «үрку», «айбат көрсету» секілді қимылдарды үйренеді.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев). Балалар шеңбер бойымен тұрады. Тәрбиеші топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді. Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні</p>	<p>келтіру. Төрт-төрттен тізбекке қайта тұру. Текшелермен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары. Топтарға бөлініп негізгі қимылдарды жасау. Баскетбол себетіне доп лақтыру. Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақ тарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды.</p> <p>Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады. Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу. Гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаш қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түсу. Қолдарымен сатыдан мықтап ұстап, алма-кезек адымдап қозғалады. Сатыдан ұстағанда төрт саусағын сатының үстінен, басбармағын астынан келтіріп, дұрыс ұстайды.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ» Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі</p>
--	---	--	--	--

	<p>тырысады. Ойыншылар аяғының дәл астына келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді.</p> <p>Сезімдік ойын: «Тыныста, ойлан»Әрқашан, тіпті қобалжысаң да терең, бірқалыпты тыныс алуға тырыс.Көзінді жұм. Терең тыныс ал, іштей қайтала: дем алу мен дем шығаруды дұрыс алмастыруға тырыс.</p> <p>«Мен құспын» – дем шығару, дем алу.</p> <p>«Мен тастаймын» – дем шығару, дем алу.</p> <p>«Мен гүлмін» – дем шығару, дем алу.</p> <p>«Мен сабырлымын» – дем шығару, дем алу. Сен шынымен сабырлысың!</p> <p>Дем алу, дем шығаруды алмастырып орындайды.</p>				<p>шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды. Сыртқы шеңбердегі балалар «қақпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер«қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді.</p> <p>Өзін-өзі уқалау: «Балақан, қандай жақсы алақан!»</p>
Серуенге дайындық	<p>Өз бетінше киіну және белгілі бір ретпен шешіну, заттарды шкафқа дұрыс орналастыру және ұқыпты бүктеу, сондай-ақ әр түрлі бекіткіштерді пайдалану қабілетін бекіту.</p> <p style="text-align: center;">Бекіткіштерді бекітеміз Сенің киіміңізде: Түйме мен түймешені Әртүрлі тойтарма бар. (Сөйлеуді дамыту)</p>				
Серуен	<p>Желді бақылау Мақсаты: балалардың табиғи құбылыстар туралы білімдерін жүйелеу. Сөздік қорын байыту: тікенді, солтүстік.</p> <p>Еңбек қызметі: ғимараттардан қарды тазалау. «Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойын Қимылды ойын «Шай-шай, көмектес!» Мақсаты: балаларды «мұқтаж» ойыншыны</p>	<p>Ағаштар мен бұталарды бақылау Мақсаты: өсімдік туралы білімді кеңейту және тереңдету. Еңбек қызметі: қарды ағаштарға тырмалау Мақсаты: еңбек құралын мақсатына сай пайдалану қабілетін дамыту. «Бұл кім екенін тап?» қимылды ойын Мақсаты: балаларды жүгіруге үйрету; негізгі қозғалыстарды жетілдіру. Шығарылатын материалмен</p>	<p>Көк шымшықты бақылау Мақсаты: құстар туралы түсінігін кеңейту; талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамыту. Еңбек қызметі: қысқы құстарды тамақтандыру Мақсаты: балаларды қауырсынды достарына қамқорлық жасауға тәрбиелеу. «Қаздар-аккулар» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті дамыту, қызығушылықты қалыптастыру. Серуендеудегі дербес әрекет</p>	<p>Ауа температурасының өзгеруін бақылау Мақсаты: күннің биіктігі мен ауа температурасы арасында байланыс орнату. Еңбек қызметі: жолдарды қардан тазарту. «Қар ұлпасы» ойын жаттығуы Мақсаты: қозғалысты үйлестіруді дамыту. «Екі аяз» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалардың дербес ойындары (Қоршаған әлеммен танысу +</p>	<p>Аула сыпырушының жұмысын бақылау Мақсаты: қызығушылықты дамыту. Көркем сөз Қыс бекер ашуланбайды, Оның уақыты өтті – Көктем терезені қағады Оны ауладан қуады. Мақсаты: табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. «Лентамен ұстау» қимылды ойыны Мақсаты: қимылды үйлестіруді дамыту.</p>

	көруге және оған көмек беруге үйрету. Балалардың еркін ойындары. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)	дербес ойындар: күрек. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)	(Қоршаған әлеммен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)	дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)	Шығарылған материалмен дербес ойындар – күрек (Қоршаған әлеммен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру; жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолдағы суды түсіру. Өзіндік ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)				
Балалардың өзіндік іс-әрекеті	Дидактикалық ойын «Қалай істеу керек?» Мақсаты: балаларды мұқтаж адамға көмек көрсетудің дұрыс нұсқасын таңдауға үйрету. (Сыртқы әлеммен танысу) Этюд «Мені еркелетіп ата» Мақсаты: балаларды әртүрлі мейірімді есім түрлерімен таныстыру; бір-біріне оң көзқарас қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	«Ханзадалар мен ханшайымдар» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: үйде және қоғамдық орындарда қарым-қатынас пен мінез-құлық нормалары мен ережелерін қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) «Қоян үйшігі» орыс халық ертегісінің драматизациясы Мақсаты: қарым-қатынас мәдениетін, сезімталдықты, жауаптылықты, эмпатияны тәрбиелеу. (Көркем әдебиет)	Апликация жасау «Бақыт құсы» (жақсы көңіл-күйді барлығымен бөлісу) (жапсыру) «Жақсы және жаман істер» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалар ұжымында достық қарым-қатынасты қалыптастыруды жалғастыру. (Қоршаған әлеммен танысу)	Көркем әдебиет оқу К. В. Лукашевич «Ана құс» Мақсаты: әңгімелерге деген қызығушылықты, кейіпкерлерді тыңдауға және оларға жанашырлық танытуға деген ұмтылысты, мұғалімнің сұрақтарына сюжет бойынша жауап беру қабілетін дамыту; балаларда шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бағалау қабілетін дамыту. (Көркем әдебиет + қоршаған әлеммен танысу)	Отбасы және достық туралы мультфильм көру «Жақсы әдеттер» сурет қарау Мақсаты: балалар арасындағы мәдениетті арттыру. (Қоршаған әлеммен танысу)
Балалармен жеке жұмыс	Қарым-қатынас дағдылары «Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны Мақсаты: [з], [с] дыбыстарын дұрыс айтуға машықтану. Есту зейінін дамыту	Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі «Бояулар» дидактикалық ойыны (Қазақ ұлттық ою-өрнегі) Мақсаты: контурдан шықпай сурет салуға үйрету	Әлеуметтік-эмоционалды дағды «Әрқашан сыпайы бол» дидактикалық ойыны Мақсаты: кездесу және қоштасу кезінде сыпайылықтың ауызша көрінісін бекіту	Танымдық және зияткерлік дағды «Менің бөлмеде» ойын жаттығуы Мақсаты: кеңістіктік көріністерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру: солға, оңға, жоғарғы, төменгі; қозғалысты бағыттау: солдан оңға, оңнан солға, жоғарыдан төмен, алға, артқа, сол бағытта.	Қарым-қатынас дағдысы «Сурет бойынша айт» ойын жаттығуы Мақсаты: өзара байланысты дәйекті сюжет құру; сөйлеуде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану
Балалардың үйге қайтуы	Айболит кеңестері «Балабақшада қалай ауырмауға болады», «Дене қызуын түсірудің 5 әдісі» Мақсаты: денсаулықты нығайту мәселелерінде ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру. «Балаларды гендерлік тәрбиелеу», «Ұлдар мен қыздар – екі түрлі әлем» жеке кеңестер.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ

Топ: Мектепалды даярлық

Топ жетекшісі: Есенкелді Қ.Е

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 12.02–16.02

Күн тәртібі	Дүйсенбі 12.02	Сейсенбі 13.02	Сәрсенбі 14.02	Бейсенбі 15.02	Жұма 16.02
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосфера құру				
	<p>«Адами құндылық деген не?» әңгімелесу Мақсаты: өмірге деген тұтас көзқарасты қалыптастыру. «Кім көп жақсы сөз айтады!» ойын Мақсаты: бір-біріне деген мейірімді қарым-қатынасты тәрбиелеу. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>«Мейірімді болу пайдалы» әңгімелесу Мақсаты: балалардың мейірімділік туралы түсінігін жалпылау; жақсы істер жасауға деген ұмтылысты ояту. «Кім көп жақсы сөз айтады» сөз ойыны А. Бартоның «Вовка – мейірімді бала» өлеңін оқу Мақсаты: бір-біріне деген жақсы қарым-қатынасты тәрбиелеу. «Егер сен мейірімді болсаң» («Леопольд мысық» мультфильмінен) (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>«Менің көңіл-күйім» әңгімелесу Мақсаты: балаларда жағымды эмоционалды жағдай туғызуға ықпал ету; сезім және эмоциямен таныстыру. «Ойлан және айт» жаттығуы Мақсаты: балалардың осы тұжырымдамаға сәйкес келетін мейірімділік пен эмоционалды күй туралы түсінігін жалпылау; жақсы істер жасауға деген ұмтылысты ояту. Ойын «Бұл менмін, бұлар менің достарым!» Мақсаты: қуанышты көңіл-күй қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту +</p>	<p>«Күлімсіреуден...» Біз шеңберге тұрып, «Күлімсірегеннен бәрі жақсы болады» әнін айту (В. Шаинский) «Күлімсіресен әлем әдемі» әңгімелесу Мақсаты: әдептілікке үйрету. «Көршінді күлдір» ойыны Мақсаты: көңілді көңіл-күй қалыптастыру. (Музыка + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>«Жақсы көру деген қалай?» әңгімелесу Мақсаты: сүйіспеншілік туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру. «Сүйіспеншілік пирамидасы» ойыны Мақсаты: әлемге және адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеу. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>

			коршаған әлеммен танысу)		
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың сұрақтары және оларға қалай жауап беру және жауап беру туралы әңгіме. «Денені таза ұстау әдетін қалай тәрбиелеу керек» тақырыбындағы жеке әңгімелер				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және т. б.)	«Зат не үшін қажет?» дидактикалық ойын Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін, белсенділігін және дербестігін жетілдіру; балалардың тұрмыстық заттың, құралдың, оның мақсаты туралы білімдерін бекіту; оларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Суық – ыстық» қимылды ойыны Мақсаты: есту қасиетін, физикалық қасиетін бекіту. (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту) «Ізде де, тап» үстел үсті ойындары Мақсаты: жылдың жекелеген уақыттарына тән белгілерді ажырата білуге машықтану (Қоршаған әлеммен танысу + математика)	«Әрекетті бағала» дидактикалық ойыны Мақсаты: жақсы және жаман әрекет туралы түсінікті дамыту; іс-әрекетті сипаттау және бағалау. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Кегльді құлат» қимылды ойыны Мақсаты: қимылды үйлестіру дағдысын бекіту: дәлдікті, зейінді, лақтыруға күш беру қабілетін жетілдіру. (Дене шынықтыру + математика) «Жұп суреттер» үстел үсті-баспа ойындары Мақсаты: суреттерде бейнеленген заттарды салыстыруда, ұқсастықты табу және бірдей суреттерді таңдау шеберлігін жетілдіру; ойын ережелерін орындау қабілетіне тәрбиелеу. (Қоршаған әлеммен танысу + математика)	«Өз көшеңді картадан тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: кеңістіктегі бағдарды жетілдіру. (Математика + қоршаған әлеммен танысу) «Қармақ» қимылды ойыны Мақсаты: орнында секіру жаттығулары; ептілікті, қимылды үйлестіруді, зейінді дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Орманда не өседі?» үстел үсті ойыны Мақсаты: орман және бақша өсімдіктері туралы білімді жетілдіру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын «Бөлшектен үй тұрғыз» Мақсаты: үй мен автобустың бөліктерін табу дағдысын дамыту; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімін бекіту; зейінін, көзін, табандылығын дамыту. (Математика + қоршаған әлеммен танысу) «Кім кетті?» қимылды ойын Мақсаты: зейінді, тапқырлықты, жетіспейтінді тез табу қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Телефон» театрландырылған ойын Мақсаты: қиялды, диалогтық сөйлеуді дамыту. (Шығармашылық + сөйлеуді дамыту)	«Әрекетті таңда» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалар сөздігінде етістіктерді белсендіру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Айырмашылықты тап» қимылды ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Арқан» театрландырылған ойын Мақсаты: балалардың денесін игеру, кол мен аяқтың қимылын еркін және ширақ пайдалану дағдысын дамыту. (Музыка + сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Дидактикалық ойын «Әрекетті бағала» Мақсаты: балаларда басқалармен қарым-қатынастың мораль нормасы туралы түсінік қалыптастыру; достық, достық қарым-қатынасты дамыту	«Сиқырлы сөздер шумағы» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздікті байыту	«Көңіл-күй» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды әртүрлі эмоция көрінісімен таныстыру; оларға адамның бет әлпеті бойынша негізгі эмоцияны ажырата білуге үйрету	«Кішкентай Жанат және тоғанда отырушы» мультфильмін көру	«Мейірімділік сабақтары» Мақсаты: балалардың бір-біріне деген достық қарым-қатынасын тәрбиелеу
Ұйымдасты	1.Қоршаған ортамен танысу	1.Сөйлеуді дамыту	1. Сауат ашу негіздері	1.Сөйлеуді дамыту	1.Көркем әдебиет

<p>рылған іс-әрекет</p>	<p>Су-тіршілік көзі.Өлі табиғат ұғымымен таныстыру. (Су,жаңбыр,мұзсүңгілері,қар, бұлт)Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Балалар, адам, өсімдік, жануарлар тіршілік ету үшін не керек?Тіршілік үшін ең алдымен су, жарық, ауа керек. Біз бүгін судың тіршілік үшін қандай маңызы бар екенін білетін боламыз. Глобусты көрсету. Глобуста қандай түс көп?Глобуста көк түс көп. Глобуста суды қандай түспен белгілейді?Глобуста су көк түспен белгіленеді.Осы арқылы не айтуға болады? Бұл табиғатта құрлыққа карағанда судың көп екенін көрсетеді.«Су кімдерге немесе нелерге қажет?» дидактикалық ойыны. Үстел үстінде әртүрлі заттардың суреттері бейнеленген карточкалардың ішінен суды қажет ететін заттардың суретін таңдап алады. «Жылға және көл» сергіту жаттығуы. Балалар «жылға» дегенде топ ішінде тарап кетеді,«көл» дегенде қол ұстасып шеңбер құрады. Өзен-көлдің, теңіздің суын адамдар қалай пайдаланады? (Дұрыс жауаптарға фишкалар таратылады).Суда ыстық күндері шомылады, кемелер жүзеді, балық аулайды, тұщы суды адам тамақ дайындауға пайдаланады, сумен кір жуады, ыдыс жуады, үй тазалайды т.б.Адамдар ежелден-ақ суқоймалары бар</p>	<p>Ақсақ құлан.Түбірлессөздерді жасау және қолдана білу. Суретпен жұмыс. Балалар, құлан – жылқы тектес жануар.Сендер жылқыны білесіңдер ме? Құланның да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар. Ертеде аң сияқты, құланды да аулап етін жеген. Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз. Қазір мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын мәнерлеп оқып беремін. Сендерге «Ақсақ құлан» аңызы ұнады ма?Аңызда не туралы айтылған?Ашуына тиген құлан әңгісі балаға не істеді?Міне, балалар, аң екеш аңға да зәбір көрсетіп, қорлауға болмайды екен. Әңгі – үйірді басқаратын, бастап жүретін айғыры. Балалар, «Л» – «Р» дыбыстарымен танысайық. «Л» – «Р» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін, тіл сәл ашылып, тілдің ұшы үстінгі тістің түбіне тиеді. «Л» дыбысын айтқанда тілдің ұшы жоғары көтеріліп, тістің түбіне тиеді. Ал тілдің артқы жағы көтеріңкі, ортасы ашық болып, екі жағы тіске тимей, дем осы тілдің ортасынан шығады. «Л» – дауыссыз дыбыс."Л" дыбысының буын арасында кездесуі.</p> <p>2.Қазақ тілі</p>	<p>Қонақта Буратина достарымен. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Қонақта Буратина достарымен. «Бөлшектерінен тап» ойыны. Көз, ауыз, желбезек – ... (<i>балық</i>) Бас, канат, аяқ – ... (<i>құс</i>) Құлақ, көз, жал – ... (<i>жылқы</i>) Бас, мүйіз, сақал – ... (<i>ешкі</i>) «Жоғалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны. Мен сендерге суреттерді көрсетіп бір дыбысы жоғалған сөз айтамын, сендер сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтасыңдар. Мысалы: <i>көгерші... (н), балмұзда... (қ), домбыр... (а), қасқы... (р), шыри... (а), банк... (а), шеле... (қ), арб... (а), сегі... (з), уылдыры... (қ), күнбағы... (с), монш... (а), кіта... (н), журна... (л), үсте... (л), орынды... (қ) баспалда... (қ), мекте... (н), қолға... (н); (а)...лқа, (м)...оншақ, (т)...ауық, (а)...лжапқыш, (б)...ою, (ж)...олбарыс, (а)...рыстан, (ж)...ылқы, (б)...алық, (т)...өсбелгі т.б.</i></p> <p>«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны Балалар, мен сендерге қандайда бір дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында кездесе тініне мысал келтіремін. Егер дыбыс сөздің басында тұрса, қызыл жалаушаны, соңында тұрса, көк жалаушаны, орта сында тұрса, екі жалаушаны да көтересіңдер.Мысалы: -қ дыбысы: (<i>қасқыр, қамыс, асқабақ, бақ, мақта, қымбат, ақылды, барлық, бақа, балық, қаймақ, қант, лақ, қылыш,</i></p>	<p>Су торғайы.Сөйлеу әдебін қалыптастыру. «Торғайлар мен мысық» ойыны.Тәрбиеші –«мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады.Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз үяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. Жазушы М.Зверевтің «Су торғайы» атты әңгімесін мәнерлеп оқып беремін. «Су торғайы» Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады. Екі жағаға көкпеңбек жалтыр мұз қатады. Өзеннің тек ортасы ғана мұзсыз.Осындай кезде шыр-шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол – қайқы құйрық, кішкентай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбіндежорғалап, тастардың ара-арасын шұқылап жүргенін анық көруге болады.Әне, ол пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты.Тырнақтарының ұшына мұз қатып қалған.Оныдаелеңкылмастан зыр-зыржорғалап,баяғы сынша әндетумен болады. Бұл қандай ғажап құс!Бұл құсты су торғайы дейді. Ол қысы-жазы бірдей жемін су түбінен табады. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды.Әңгімеде жылдың қай мезгілі? Әңгімеде нетуралы?</p>	<p>Түлкі мен қоян. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу,онда рөлді таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. <i>Ғажайып жағдаят.</i> Балалар, бұл сиқырлы қорапша екен. Оның ішінде не бар екен, ашып көрейік. Тәрбиеші сиқырлы қорапшаның ішінен екі аңды алып, көрсетеді. Бұларды қалай атаймыз?(<i>Түлкі, қоян</i>) Түлкі мен қоян туралы қандай ертегі білесіңдер? Түлкі – қу, айлакер аң. Орманды, даланы кезіп жүреді. Қоян керемет сакқұлақ, сужүрек аң. Бүгін «Түлкі мен қоян» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі.Ертегіде кейіпкердің мінез-құлқын салыстыра сипаттайды. Ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады. Тәрбиеші ертегіні оқып, мазмұнын ашады Сөздік жұмыс: қу – зымиян, әккі <i>айлакер</i> – амал тапқыш.<i>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:</i> -Ертегі ұнады ма? -Ертегі не туралы? -Ертегі қалай аталады? -Түлкі қоянды көргенде не істеді? -Қоян түлкіге не деді? -Түлкі қоянға не туралы айтты? -Ертегі қалай аяқталды? Дәптермен жұмыс:</p>
-------------------------	--	--	---	--	---

<p>жерге қоныстанған. Сендер тұратын жерде қандай өзен, көлдер бар. Ал су туралы қандай мақалдар, өлеңдер білесіңдер? Жер бетінде су көп болса да, барлығы бірдей ішуге жарамды бола бермейді.</p> <p>Су тұщы және тұзды (ащы) болады. Біз ішу үшін қандай суды пайдаланамыз? Біз ішу үшін тұщы суды пайдаланамыз. Судың қасиеттерін еске түсірейік.</p> <p>Су мөлдір. Судың дәмі жоқ. Судың иісі жоқ. Судың пішіні жоқ. Су еріткіш.</p> <p>№1 тәжірибе. «Бу – бұл су». Тәрбиеші ыстық су құйылған шәйнекті ашып, балалардың назарын бұға аударады. Оның үстіне әйнек ұстайды, әйнекте тамшылар пайда болады. Бұдың су екендігіне көздерін жеткізеді.</p> <p>№2 тәжірибе. «Су сұйық». Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құяды. Су қандай? Су – сұйық, сондықтан ағады.</p> <p>№3 тәжірибе. Мөлдір ыдыстағы суға 2–3 түйір тасты салады. Тас көріне ме? Судың түсі қандай? Су мөлдір.</p> <p>№4 тәжірибе. Қатты суықта су неге айналады? Су мұз болып қатады.</p> <p>№5 тәжірибе. Суға қант салып көрейік. Қант еріп кетті. Су еріткіш.</p> <p>№6 тәжірибе. Суды ішіп көріңдер. Дәмі бар ма? Судың дәмі жоқ.</p> <p><i>Дәптермен жұмыс.</i> Жеке</p>	<p>Азық түлік. Азық түліктің қазақша атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын тағам атауларымен молайту.</p> <p>Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға талпындыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сикырлы дорба», ішінде азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар. Сикырлы дорбада не бар? Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды. Сикырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сикырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар: Балалар сөздерді, сөйлемдерді жеке, хормен айтып жаттығады. Сөздік ойын «Тыңда, қайтала».</p> <p>- Мен шырын іштім. - Сен не іштің? - Мен шырын іштім. - Мен алма шырынын іштім. - Сен қандай шырын іштің? - Мен алма шырынын іштім.</p> <p>Үлгі бойынша балалар сөйлем құрайды: Мен нан, ірімшік жедім. Ірімшік дәмді. Шырын іштім. Шырын дәмді. Тағам дардың барлығы қадірлі, оларды ысырап етуге болмайтынын түсіндіріп, тыйым сөзді жаттату.</p> <p>Нанды баспа, ақты төкпе. Қазақ халқы «ақ», – деп сүт, айран, қымыз, шұбатты айтқан. Нан, сүт және етті қайдан аламыз? Азық-түлік дүкеннен аламыз.</p> <p>Сюжеттік ойын: «Дүкен». Тәрбиеші – сатушы.</p>	<p><i>қоңыз, қораз, дақ, аңқау, қанат, қарлығаш, сауысқан, аққу, таңқурай, домалақ, кемпір қосақ, қаз, жастық, батпақ, қымыз, қаңылтыр, құймақ, қоңыр, қол, қорап, тоқ т.б.)</i></p> <p>-т дыбысы: (тор, тоқылдақ, отыр, теп, кет, жат, тамақ, қақпа, қатық, торсық, от, тотықұс, кептер, трактор, темір, терең, кактус, шахмат, тау, тазы, трамвай, троллейбус, автобус, тарақ, тон т.б.)</p> <p>Сызбамен жұмыс.</p> <p>Сөйлемдегі сөздерді тіктөртбұрыштармен белгілейміз. Әр сөздің арасына арақашықтық қалдырамыз. Сөйлемнің сызбасының басындағы тіктөртбұрыштың бірінші сызығы биігірек болады. Тәрбиеші тақтаға сызып көрсетеді. Сөйлемде қанша сөз болса, сонша тіктөртбұрыштың арасына бірдей арақашықтық қалдырылады. Соңынан нүкте қойылады. Сөз неден жасалады? Сөздің сызбасы немен белгіленеді? Сөйлем сызбасы қалай сызылады? Дыбыс сызбасы немен белгіленеді?</p> <p>«Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны.</p> <p>Ойын шарты: балалар тәрбиешінің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық). Тышқанның жауы – (мысық). Әжем иірді – (ұршық). Шәуілдеп үрді – (күшік). Ең қу аң – (түлкі). Үсті ине – (кірпі). Қол жуғышта ілулі – (сүлгі). Дәптермен</p>	<p>Су торғайын кім сипаттап береді? Су торғайы жемін қайдан табады? Су торғайын не үшін ғажап құсқа теңейді? Балалар, құстар үй құстары және жабайы құстар болып екіге бөлінеді. Әңгімедегі су торғай қандай құсқа жатады деп ойлайсыңдар? Қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшып кететін құстар және жыртқыш құстар болып бөлінеді. Жыртқыш құстарға қандай құстар жатады? Суретпен жұмыс.</p> <p>Жемсауытта отырған құстарды – торғай, қарға, көгершін, сауысқан. Балалар, қазір аулаларыңнан қай құсты көріп жүрсіңдер? Оларға ерекше қамқорлық көрсетіп, жем, нан үгінділерін сеуіп жүру керектігін ұмытпаңдар. Мына жерден өздерің білетін құстарды атаңдаршы, қандай құсты білесіңдер? Балалар, құстардың қандай пайдасы бар? Тоқылдақты алатын болсақ, ол ағаштың арасынан құрттарды теріп жейді, сондықтан оны ағаш дәрігері деп те атайды екен. Ал қарлығаш болса, ол – адамға дос. Қарлығаш ұясын қандай жерлерге салады? Торғайдың ұясын бұзған баланы қандай бала дейміз?</p> <p>«Ж» – «Ш» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы: «Ш» – «Ж» дыбыстарын айтқанда ерін дөңгеленеді де алға қарай жиырылады. Тіл ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ</p>	<p>Суретте не бейнеленген? Досыңмен кейіпкерлердің диалогін құр. Жақсы көретін тағамдарымен сызып қос. Ұйқасын тап. Кезіп жүріп өзекті, Ұстап алдым ... (көжекті) Суретті аяқтап сал. Боя.</p> <p>Ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналау.</p> <p>– Мен сендерге режиссер боламын. Кімнің қандай қимыл-әрекет жасайтынын бақылаймын. Сикырлы қоржыннан шыққан ертегі кейіпкерлерінің қуыршақтары бойынша рөлдерге бөліп, сахналайды. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң көрермендерге қарап, бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері</p> <p>Сөз сызбасы. Дыбыстың сөздегі орны. Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.</p> <p>«Қайсысы қалай дыбыстайды?» ойыны.</p> <p>Жылқы ... (кісінейді) Сыр ... (мөңірейді) Ит ... (үреді) Қой ... (маңырайды) Мысық ... (мияулайды)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Пішініне қара»</p> <p>Тәрбиеші балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.</p> <p>Мысалы: <i>парта, фабрика,</i></p>
--	---	--	---	---

<p>жұмыс жүргізу. Тапсырмаларды орындайды. Балалар, суды не үшін қорғауымыз керек? Жер бетінен су жоғалып кетсе, не болар еді? Біз суды қорғау үшін қандай көмек көрсете аламыз? Су – тіршілік көзі. Біріншіден, суды үнемді қолдану керек. Кранды дұрыстап жабу керек. Суды ластауға болмайды. Оған қоқыс, қалдықтар лақтыруға болмайды.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері</p> <p>Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу. Буындардан сөздер құрастыруға үйрету.</p> <p>«Кері іс-әрекетті айт» ойыны.</p> <p>Әкем киімін киді, інім ... <i>(шеешті)</i></p> <p>Анам отырды, әкем ... <i>(тұрды)</i></p> <p>Анар отырды, Ажар ... <i>(тұрды)</i></p> <p>Асан кірді, Қасан ... <i>(шықты)</i></p> <p>«Сөздерді буынға бөл» дидактикалық жаттығуы.</p> <p>Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер.</p> <p>Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б.</p> <p>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы.</p>	<p>-Сәлеметсіз бе! -Сәлеметсіз бе! -Нан беріңізші. -Қандай нан? -Ақ нан. -Міне, нан, алыңыз. -Рақмет. Сау болыңыз.</p> <p>Балалар үлгі бойынша диалог құрайды. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Тағамдарды ата. Сұраққа жауап бер. Сен не жедің? Не іштің? Сөйлем құра. <i>Мен нан жедім. Мен дәмді шырын іштім.</i></p> <p>3. Математика негіздері</p> <p>Дөңгелек, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шаршы. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>«Мені таны» ойыны. Жұмбақ оқиды, балалар оның шешімін тауып, пішіндер бейнеленген карточкаларды көрсетеді.</p> <p><i>Сен маған мұқият қара, Менің үш қабырғам, Үш бұрышым, үш ұшым бар. (Үшбұрыш.)</i></p> <p>Балалар ойын жағдаятына тартылады. Жинақтан пішіндерді іздеп, оларды көрсетеді. <i>Үшбұрыш Сопақша да емеспін, Үшбұрышқа дос емеспін, Тікбұрышқа аға болам, Шаршы деген мен болам. (Шаршы.) Денемнен бұрыштар табылмайды, Бірақ көп нәрсе бір маған ұқсайды:</i></p>	<p>жұмыс. Сызбаны сурет бойынша түсіндір. Сөйлем мен сөздің сызбасын анықта. Сызбаға байланысты сөйлем құра. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата. Заттардың жалпы атын қатыстырып, сөйлем құра. Сызбасын сыз. Дыбыстық талдау жаса.</p> <p>2. Математика</p> <p>Дөңгелек және сопақша. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту. Пішіндер әлеміне саяхат. Жұптық жұмыс. Үстелдерде пішіндердің дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөрт бұрыш жинақтары салынған конверттер жатыр. Тапсырманы түсіндіреді. Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып, оны атайды, ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды. Одан кейін рөлдерімен ауысады. Геометриялық пішіндермен топтық жұмыс. Балалар, қолдарыңа текше мен шаршы ларды алыңдар. Осы фигура ларды салыстырыңдар. Цилиндрмен дөңгелекті салыстырыңдар. Цилиндр мен дөңгелектің қандай ортақ қасиеттері бар екенін кім түсіндіре алады? Одан кейін Практикалық жұмыс. Цилиндрдің негізінде саусақпен, қарындашпен қағазда жүргізіңіз. Қандай пішін пайда болды? 1-тапсырманы дәптерде өздігінен орындауды ұсынады. Тәрбиешінің нұсқауларын тындап,</p>	<p>тимейді. «Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар: Аш-аш-аш – ашық. Ұш-ұш-ұш – ұшқыш. Ыш-ыш-ыш – қыш.</p> <p>2. Қазақ тілі</p> <p>Әжемнің базарлығы. Ұлттық тағамдармен таныстыру. Сөздік қорларын молайту. Балалар, әже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен? Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. Мынау – бауырсақ. Мынау не? Мынау – бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады).</p> <p>Бауырсақтың дәмі қандай? Дыбыстық жаттығу.</p> <p>Қ-к-к-к – қққымыз - қымыз Қ-қ-к-к – қкұрт – құрт.</p> <p>«Сиқырлы қаламмен» жұмыс: Тағамдар Ойын: «Дұрыс ата». Тағамдарды атайды, қаламмен тексереді. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Ұлттық тағамдарды ата. Суреттен ұлттық тағамдарды тап. Оларды үстел үстіне сызып көрсет. Сен не жедің? Не іштің? Балалар сөйлем құрайды. <i>Мен бауырсақ жедім. Мен қымыз іштім.</i></p> <p>3. Математика негіздері</p> <p>Шар, текше, цилиндр. Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Бүгін біз геометриялық пішіндер</p>	<p><i>көйлек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақашегіртке, сүт, халық, цирк, шабадан, чек т.б.</i></p> <p>Тәрбиеші балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>балық, вагон, гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, ғарыш, дос, жалбыз, зырылдауық, баспалдақ, вагон, гүл, ғарышкер, дөңгелек, жер, зауза, балта.б.</i></p> <p>Тәрбиеші балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>мысық, лақ, нан, радио, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, машина, нарын, рауғаш, лала гүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.</i></p> <p>Тәрбиеші балаларға алдарындағы дыбыстық сызбасы бар карточкаларды алуларын сұрайды. Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр» Балалар, мен айтқан сөйлемді сендер мағынасына қарай жалғастыруларың керек. Ойын шарты: Тәрбиеші сөйлемнің басын айтады,</p>
---	---	--	---	--

<p>тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.</p> <p>балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байгазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балишық т.б.</p> <p>сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.</p> <p>Дәптермен жұмыс.Суретте бейнеленген заттарды ата. Буынға бөл. Сәйкес сызбамен сәйкестендір.Суреттен л дыбысы бар сөздерді ата. Буынға бөл.Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)</p> <p>Боя.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.</p> <p>3.Музыка</p> <p>Бесік жыры.Музыка тыңдау.</p> <p>Би шығармашылығы.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Балалар шеңбер бойында тұрып, қосаяқтап қоянша секіреді де, музыка өзгергенде аюдың жүрісін салып, қорбаңдап жүреді.</p> <p>Балаларға интерактивті тақтадан «бесікке салу» рәсімдерімен таныстыру. Бесікке салудың қандай пайдасы бар екенімен таныстыру.Бесікті не үшін аластайтынын айта кету.</p> <p>Бала ұйықтар алдында айтылатын әнді «Бесік жыры» дейміз.</p> <p>Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов).</p>	<p>Әртүрлі табақтар, Легендер, медальдар.</p> <p>Олар адамдарға өте керек, Атым менің (дөңселек).</p> <p>Менен де бұрыштар таппайсың, Дөңселекке аз ғана ұқсаймын,</p> <p>Екі жағымнан қысыңқырап, Екі жағымнан сәл созыңқырап. (Сопақша.)</p> <p>Мына шелекке қара –Қақпағы мен түбі бар, Екі дөңселекті қосқан –Бір фигураны алған. (Цилиндр.) Бұл дене дөп болып секіреді, Қарбыз болып домалайды,</p> <p>Толықсыған ай болып күлімдейді, Күн болып жарқырайды.</p> <p>Ол қалай аталады? (Шар.)</p> <p>Балалар, біз қандай геометриялық пішіндерді білеміз? (Пішіндерді тақтада көрсету).Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.</p> <p>Тәрбиеші дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттар бейнеленген суреттерді көрсетеді.</p> <p>Практикалық жұмыс.</p> <p>Балалар, қызыл сопақшаны алып, саусақпен жиегін сипап өтіндер. Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары бар ма? Сопақша қандай пішінге ұқсайды? Қызыл сопақшаның үстіне жасыл дөңселекті салыңдар. (Пішіндердің өлшемі бірдей болуы тиіс).</p> <p>Атауларды қайталайды. Оларды қоршаған ортадағы</p>	<p>практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>«Аяқпен жерді бір тебінеміз, Бір рет шыр айналамыз. ол ұстасып: «ах» дейміз, Фигураларға қонаққа барамыз. Біз геометриялық пішіндерге қонаққа келдік.</p> <p>«Бұл неге ұқсайды?» ойыны.</p> <p>Тәрбиеші алдымен фигура ларды және оларға ұқсайтын заттарды көрсетеді, ал одан кейін балаларға фигуралардың немесе фигуралардың топтары неге ұқсайтынын табуды ұсынады.</p> <p>3. Көркем әдебиет</p> <p>Көкек ертегісі. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу.</p> <p>Жұмбақ:тал басында тамаша үй Шешуі:Құстардың ұясы.Ұяны құстар мекендейді.Құстар адамға дос.Олар ағаштардан құрт-құмырсқаларданқорғайды.</p> <p>Көкек-бұл атын шақыратын құс.Бұл құстың жаман қасиеті жұмыртқа баспайды.Өзінің жұмыртқасын басқа құстардың ұясына салып кетеді.Балапанын басқа құстар басып шығарады.</p> <p>Көкек тек улы құрттарды жейді.Көктемде алғаш ұшып келетін құс.Бұл құсты көктем жаршысы дейміз.</p> <p>Ұшты-ұшты ойыны.Не қайда тұрады,Не қайда өмір сүреді? Ойыны.Сауысқан мен көкек</p>	<p>еліне саяхат жасаймыз. Геометриялық елде барлық жерде геометриялық пішіндер бар.Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсындар? Шаттық шеңберіне тұрып, өздері білетін өленді бәрі қосылып айтады, мәтінге сәйкес қимылдар жасайды. Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды. – Балалар, мына бұйымдарға қараңдар. Олар қандай пішіндерден жасалған? Өз бұйымдарыңды құрастырыңдар. Бүгінгі қандай пішіндермен жұмыс істейміз?</p> <p>«Затты тап» ойыны.</p> <p>Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Тапсырманы түсіндіреді: пішіндерді екі белгі – пішін мен түс бойынша бөліңдер. Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратылады.</p> <p>Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады.</p> <p>2-тапсырманы орындау ұсынылады.Балалармен бірге тапсырманың орындалуы талқыланады.</p> <p>3-тапсырманы орындауды ұсынады.Бұйымдарды қарап, пішіндерді атайды. Өз бұйымдарын құрастырады. Балалар топтарға бөлініп, топтарда талқылап, заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап</p>	<p>сөйлемді балалар аяқтау керек.Дәптермен жұмыс Суреттерді ата. Дауыссыз дыбыстардан жасалатын сөздерді көк киіз үймен, дауысты дыбыстан басталатын сөздерді қызыл киіз үймен сәйкестендір.Дыбыстық сызба дұрыс па? Тексер.</p> <p>3.Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Күн мен ауа.Өлі табиғат ұғымымен таныстыру. (Күн,ауа.)Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.</p> <p>Қүдіретті күн,мен сені жақсы көремін,Қүдіретті күн,мен сенен өтінемін.</p> <p>Қүдіретті күн,маған тыныштық пен қайырымдылық бере гөр, Қүдіретті күн,маған денсаулық пен жылулық сыйла.Жұмбақ жасыру:</p> <p>Үлкен алтын табақтан, Өлемге нұр таратқан.(Күн)</p> <p>Күннің жарығы көрінетін және көрінбейтін шуақтар дан тұрады.Көрінбейтін шуағына ультра күлгін шуағыжатады.Міне,солар дың әсерінен біздің тері мізде адам ағазасы үшін маңызды Д дәрумені бар.</p> <p>Қауіпсіздік мектебі:Күнге ұзақ күнге болмайды.</p> <p>Релаксацияға арналған</p>
--	---	---	---	--

	<p>Бесік жыры қалай орындалады? Бесік жыры күннің қай мезгілінде орындалады? Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев). «Айнала ақша қар» әнін (И. Мамақов) сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.</p> <p>Билер: «Полька» хорват халық әуені. Балалармен полька музыкасына жеңіл, аяқты жеңіл көтеріп секіру (подскоки) биін үйрену.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев). Ойын шартын түсіндіру. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Тәрбиеші топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді. Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Кұлыншақ» (С. Урбах). Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p> <p>4. Дене шынықтыру Мұздағы ойын. Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.</p> <p>Тренинг-ойын: «Өзіңді тыңда» «Өзіңе қалай ыңғайлы, солай</p>	<p>заттармен салыстырады, неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. Таратуға арналған материалмен жұмыс істейді, геометриялық пішіндерді – сопақша мен дөңгелекті тексереді.</p> <p>4. Шығармашылық іс-әрекет Әжеме арналған камзол. Құрастыру: қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған заттарымен таныстыру, Сурет салу: қазақ ою-өрнектерінің түрлері туралы түсінігін кеңейту, қазақ ою элементтерін салу. Мүсіндеу: сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Жапсыру: жапсырудың түрлі әдістерін мен тәсілдерін қолдану. Қазақ әйелдерінің ұлттық киім үлгілерін көрсетіп, балаларға сұрақтар қояды. -Бұл қандай киімдер? -Қалай аталады? -Сендерге ұнай ма? Қамзол жайында әңгімелеп, оның пішініне, көлеміне, ою-өрнектермен әшекейленуіне назар аудару. Қамзол – әйелдерге арналған ұлттық киімнің бір түрі, оны көйлек сыртынан киеді. Ол барқыт, мақпал сияқты сапалы маталардан тігіледі. Қамзолда жең, жаға болмайды. Қамзол өте сәнді болады. «Оюлар» бүктемесінен «Тұмар», «Қошқармүйіз», «Ромб»,</p>	<p>ертегісін оқу. Ертегіні сахналау.</p> <p>4. Дене шынықтыру Спорт түрлері. Спорт түрлері мен таныстыруды жалғастыру. Спортзалда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Тізбекпен жай жүрісті және қолды жоғары көтеріп аяқ басымен жүру, қолды екі жаққа созып өкшемен жүру, аяқтың тізесін көтеріп қолдарын белге қойып жүру, қолдарын артқа созып, аяқты қырынан қағып жүруді алмастыра отырып шеңбер бойымен жүру. Жылдамдықты өзгерте отырып, бір тізбекпен жүгіру. Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Төрттен тізбекке тұру. Гимнастикалық таспа мен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары. Негізгі қимылдарды орындау. Үлкен қадамдар аттап жүгіру. Үлкен қадамдар аттап, бірінен кейін бірі қойылған заттардан секіріп жүгіреді. Жерден көтерілуге дайындалып, уақытылы қолдарын сермеп көмектеседі.</p> <p>«Баскетбол» Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру.</p> <p>«Гимнастика» Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүру. Жоғары көтерілген нысанада тұрып тепе-теңдік сақтау жаттығулары</p> <p>«Қалашық» Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру: «Қалашық» –</p>	<p>үшін фишка алады. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады. Топтардың әрқайсысы өз белгілері бойынша пішіндерді таңдап, жинастырады. Фигураларды талдап, өзара салыстырады.</p> <p>4. Музыка Бесік жыры. Музыка тыңдау. Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару. Балалардың музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді үйрету. Балалар шеңбер бойында тұрып, қосаяқтап қоянша секіреді де, музыка өзгергенде аюдың жүрісін салып, қорбаңдап жүреді. Балаларға интерактивті тақтадан «бесікке салу» рәсімдерімен таныстыру. Бесікке салудың қандай пайдасы бар екенімен таныстыру. Бесікті не үшін аластайтынын айта кету. Бала ұйықтар алдында айтылатын әнді «Бесік жыры» дейміз. Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов). Бесік жыры қалай орындалады? Бесік жыры күннің қай мезгілінде орындалады? Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев). «Айнала ақша қар» әнін (И. Мамақов) сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және</p>	<p>жаттығулар. Тәжірибе: Әр балаға бір-бір шар беріледі. Олар оны үрлеп суға салып және ақырындап ауасын шығарады. Тәрбиеші балаларға адамның оттегімен демалып, көмірқышқыл газын шығаратынын айтады. Таза ауа-табиғат байлығы, оны қорғауың керек. Гүлдермен ағаштарды көп отырғызыңдар. Күн мен ауа-табиғат сыйы. Оларсыз адам баласы тіршілік етуі мүмкін емес. Өсімдіктерді күтіп бапта. Олар ауаны тазартады.</p> <p>4. Дене шынықтыру Жаттығу-жеңіс кепілі! Айналмалы жаттығулар. Дербес қимыл белсенділігі. Спорттық жаттығулар.</p> <p>Ойын жаттығулары: «Шашырау» Шеңбер құрып тұру. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрады. Бастаушының белгісімен хормен айқайлап айтады: <i>«Ау, балалар, санайық, Санап болсақ, қашайық!»</i> Балалар бірінші-екіншіге саналады. Саналу нұсқаушы көрсеткен ойыншыдан басталады. Саналу біткен соң барлығы жан-жаққа қаша жөнеледі. Бастаушының мақсаты – ойыншылардың біреуін ұстап қалу.</p>
--	---	---	---	---	---

	<p>тұр. Көздерінді жұмындар. Не естідіңдер? Сендерге не кедергі жасайды? Қандай дыбыстар кедергі жасайды? Сендерге шыныққан, дені сау болуға не кедергі болуы мүмкін?» Балалар қоршаған ортадағы денсаулыққа зиянды, жағымсыз факторларды атап айтады.</p> <p>«Ине-жіп» Бір-бірден тізбекпен бұраландап жүру. Жүріп келе жатып, бағытты өзгертуге назар аударту – геометриялық фигуралар түрінде көрсету: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, сопақ.</p> <p>«Түсіріп алма!» Бір затты алаң бойымен жұпта, сүйем қадам аттай отырып алып жүруді ұсыну. Балалар екі-екіден бір-біріне қарап тұрады. Имек ағашта рына екеуіне ортақ бір затты қойып, алаңның екінші жағына бірігіп жеткізеді. Әрекеттерін үйлестіріп, затты түсіріп алмауға тырысады.</p> <p>«Мұздағы кегельдер». Алаңқайдың ортасында кегельдер тұр. Ойыншылар кегельге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады. Имек ағашты дұрыс ұстауларын еске салу керек: бір қолымен (күші басымдау) имек ағаштың ұшынан, екінші қолымен (күші аздау) имек ағаштың ортасына таман ұстап, шайбаны осы қолымен бағыттау. Шайбаны соққанда имек ағаштың астыңғы қыры толық мұз бетінде жататын дай етіп ұстауға тырысады.</p>	<p>«Қызғалдақ» ою түрлерін көрсету.</p> <p>Ғажайып жағдаят. Телефон қоңырауының даусы естілді. Әсел атты қуыршақ телефон шалып тұр. Әсел әжесіне қонаққа бара жатыр. Әжесіне әдемі қамзол сыйлағысы келеді. Балалардан әженің қамзолын әшекейлеуді сұрайды. Үлестірмелі материал: «Әженің қамзолы» суреті. Қызыл, жасыл жолақтарды бүктеу әдісімен киюді түсіндіреді. Қызыл түсті қағаздан 4 қиықшаны бүктеу әдісімен кию. Жасыл түсті қағазды бүктеп, «Қошқармүйіз» оюын кию. Бүктеу әдісімен қиып алған бөліктерді әжеміздің қамзолына жапсырамыз. Балалар шығармашылығы. Ақ әжем әнін орындау.</p>	<p>ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқ шадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады. Ойыншылар 3 метр қашықтықтан фигураны таңдайды. Ойын жаттығуы: «Қарама-қарсы қозғалыс» Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Бірінші қатар не істесе де, екінші қатар соған қарама-қарсы қимылдар жасайды. Бұлшық ет релаксациясына арналған зат бейнесін елестетіп орындалатын жаттығулар.</p> <p>Ұшатын шар. Мұрынмен терең дем алу. «Сендердің іштерің – ұшатын шар. Терең тыныс алған сайын, шарларың үлкейе береді. Енді ауызбен демімізді баяу шығарамыз, шардағы ауа ұшып кеткенін келтіреміз. Аздап үзліс жасап барып, 5-ке дейін санап, қайталаймыз».</p>	<p>хормен айту.</p> <p>Билер: «Полька» хорват халық әуені. Балалармен полька музыкасына жеңіл, аяқты жеңіл көтеріп секіру (подскоки) биін үйрену.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев). Ойын шартын түсіндіру. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Тәрбиеші топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді. Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах). Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p>	<p>Қайталанба жаттығулар түрінде негізгі қимылдарды орындау. Допты бір қолымен еденге соғып, екінші қолымен қағып алу. Аяғын иық еніндей, қолдарын белге қойып, бастапқы қалыпқа келіп тұрады. Допты оң қолына алып, еденге соғып, сол қолымен қайта қағып алады. Доп кеуде деңгейінен аспай ұшатындай етіп лақтыру үшін күшін бөлуге тырысады. Ұзын орындықтың жіңішке қырымен жүру. Шектеулі жазық бетімен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп қою. Секіртпеден бір орында тұрып секіру. Бастапқы қалыпқа тұрады. Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады. Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді. Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді.</p> <p>«Денсаулық» дискісімен жаттығу. Дискімен нұсқаулық бойынша жаттығулар орындау. Орындау барысында тепе-теңдік</p>
--	--	---	---	---	--

	<p>Жаттығуды орындағанда бұрын білгендерін пайдаланады.</p> <p>«Шарларды қуалау».</p> <p>Баумен жасалған жіңішке дәліз бойымен имек ағаштарды пайдаланып, целлулоид шарларды алаңқайдың қарама-қарсы шетіне жеткізу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жердің төрт күші».</p> <p>Ойыншылар шеңбер бойында тұрады. Жүргізушінің нұсқауларын орындайды. Егер «жер» десе, қолдарын төмен түсіреді, «су» десе, қолдарын алға созып, жүзу қимылдарын жасайды, «ауа» десе, құстай ұшады, «от» десе, қолдарын айналдырады. Қателескен бала ойыннан шығады. Кезге арналған жаптығулар</p>				<p>сақтап, қажет жағдайда дисктен түсіп кетеді.</p> <p>Қозғалыс ойындары:</p> <p>«Қимылды есте сақта»</p> <p>Жүргізушінің белгісімен қол мен аяқ қимылдарын қайталайды. Қимылдардың ретін сақтап алған соң, белгі бойынша ойыншылар оларды кері ретпен орындайды.</p>
Серуенге дайындық	<p>Өз бегінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс орналастыру және ұқыпты бүктеу, әр түрлі бекіткіштерді қолдану қабілетін бекіту.</p> <p>Бекіткішті бекітеміз</p> <p>Сенің киіміңде:</p> <p>Түймелер мен қалталар,</p> <p>Әр түрлі тойтармалар.</p> <p>(Сөйлеуді дамыту)</p>				
Серуен	<p>Желді бақылау</p> <p>Мақсаты: балалардың табиғи құбылыстар туралы білімдерін жүйелеу; сөздік қорын байыту: «тікенді», «солтүстік».</p> <p>Еңбек қызметі:</p> <p>ғимараттардан қар тазалау.</p> <p>Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?».</p> <p>«Шай-шай, көмектес!»</p> <p>Мақсаты: балаларға «мұқтаж» ойыншыны көруге және оларға көмек көрсетуге үйрету (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту +</p>	<p>Ағаштар мен бұталарды бақылау</p> <p>Мақсаты: өсімдіктер туралы білімді кеңейту және тереңдету.</p> <p>Еңбек қызметі: ағаштардан қарды түсіру</p> <p>Мақсаты: еңбек құралын мақсатына сай пайдалану қабілетін дамыту.</p> <p>«Бұл кім екенін тап»</p> <p>қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты: балаларды жүгіруге үйрету; негізгі қимылдарды</p>	<p>Көк шымшықты бақылау</p> <p>Мақсаты: құстар туралы түсініктерін кеңейту; талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамыту.</p> <p>Еңбек қызметі: қысқы құстарды тамақтандыру</p> <p>Мақсаты: балаларды қауырсынды достарына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> <p>«Қаздар-аққулар» қимылды ойыны</p>	<p>Ауа температурасы өзгерісін бақылау</p> <p>Мақсаты: күннің биіктігі мен ауа температурасы арасында байланыс орнату.</p> <p>Еңбек қызметі: жолдарды қардан тазарту.</p> <p>«Қар ұлпасы» ойын жаттығуы</p> <p>Мақсаты: қозғалысты үйлестіруді дамыту.</p> <p>«Екі аяз» қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты: ептілікті,</p>	<p>Аула сыпырушының жұмысын бақылау</p> <p>Мақсаты: қызығушылықты дамыту.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Қыс бекер ашуланбайды, Оның уақыты өтті – Көктем терезені қағады Оны ауладан қуады.</p> <p>Мақсаты: табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.</p> <p>«Лентамен ұстау» қимылды ойыны</p>

	қоршаған әлеммен танысу)	жетілдіру. Шығарылатын материалмен дербес ойындар: күрек. (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	Мақсаты: ептілікті дамыту, қызығушылықты қалыптастыру. Серуендеудегі дербес әрекет (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	жылдамдықты дамыту. Балалардың дербес ойындары (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	Мақсаты: қимылды үйлестіруді дамыту. Шығарылған материалмен дербес ойындар – күрек (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыды қалыптастыруды жалғастыру, жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді тұру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуынғаннан кейін қолдың суын сарқу. Дербес ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)				
Балалардың өзіндік іс-әрекеті	«Автобус» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың жүргізуші мен кондуктор жұмысы туралы білімдерін нақтылау; ойынның сюжетін өз бетінше ойлап табуға және оны дамытуға үйрету; қоғамдық көліктегі жолаушының мінез-құлық ережелерін, этикетін еске түсіру Қарым-қатынас. «Менің мекенжайым» дидактикалық ойыны Мақсаты: үй мекенжайын, тегін, атын, әкесінің атын бекіту	Жоспар бойынша бала тұратын көше туралы әңгімелер құрастыру Мақсаты: қала көшелері туралы түсінікті, жол қозғалысы ережесін бекіту. «Қиылыста не істеуге болмайды» тақырыбындағы жағдайды модельдеу	«Көше» сюжетті-рөлдік ойыны Жүк және жеңіл автомобильдер көшеде жүреді, жаяу жүргіншілер тротуарда жүреді. Автокөліктер көлік бағдаршамының сигналдарына бағынады, жаяу жүргіншілер жаяу жүргіншіге арналған бағдаршамға назар аударады «Қарбалас сағат» дидактикалық ойыны Мақсаты: қала көшелерінде жол қозғалысының негізгі ережесін меңгеру; мамандық туралы білімін нақтылау	«Біз жаяу жүргінші» сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: аялдамада, көлікте жаяу жүргінші мен жолаушының мінез-құлық ережелерін пысықтау. «Бұлай болмайды» плакаттарын қарау. Мақсаты: балаларды қайда жерде және неге онда ойнауға болмайтынын түсіндіру. ЖҚЕ бойынша мультфильм көру (Смешарики)	«Көлік жүргізуші» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: рөлдерді бөлу және өзіне қабылданған рөлге сәйкес әрекет ету; ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты көрсету; көлік қызметкерлерінің еңбегіне деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу; жол қозғалысы ережесін білуді бекіту. «Бөлінген белгілер» дидактикалық ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды дамыту; жол белгісін білуді және мақсатын бекіту
Балалармен жеке жұмыс	Қарым-қатынас дағдысы «Дыбысты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: бір және екі буынды сөздерді табу	Шығармашылық дағды, зерттеу қызметі «Жақын адамыңа жылулық сыйла» Мақсаты: қайшымен жұмыс істеу дағдысын жетілдіру, көршісіне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу	Әлеуметтік-эмоционалды дағды Дидактикалық ойын «Не жақсы, не жаман» Мақсаты: балаларды балалардың іс-әрекеттерін талдауға үйрету, оларға моральдық баға беру	Әлеуметтік-эмоционалды дағды «Мені кешір» ойын жаттығуы Мақсаты: балаларды қарсыласының татуласуын талап ететін жағдайды көруге үйрету және балада дұрыс кешірім сұрау қабілетін қалыптастыру	Қарым-қатынас дағдысы Кітап бұрышындағы жұмыс Мақсаты: «жақсы» істер, адал достар, жақсы істер туралы айтылатын таныс шығармаларды табу
Балалардың үйге қайтуы	«Қандай тамаша ертегілер!» ата-аналармен бірлескен іс-шара (ертегі бойынша КТК). «Бала өміріндегі сюжетті-рөлдік ойындар» стендтік кеңес беру. «Қимыл белсенділігінің жоғарылауы. Не істеу керек?» жеке кеңес беру Мақсаты: ата-аналар арасында баланы тәрбиелеу мәселесі бойынша педагогикалық білімді тарату				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ

Топ: Мектепалды даярлық

Топ жетекшісі: Есенкелді Қ.Е

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 19.02–23.02

Күн тәртібі	Дүйсенбі 19.02	Сейсенбі 20.02	Сәрсенбі 21.02	Бейсенбі 22.02	Жұма 23.02
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосфера құру				
	«Топта бізде қандай жиһаз бар? Оның мақсаты не?» әңгімелесу Мақсаты: біртұтас сөйлеуді дамыту; сөздікті белсендіру	«Сәлеметсің бе, досым!» (доппен) «Отбасы» саусақ ойыны Мақсаты: күн жоспарларын талқылау	Мақтау ойыны «Тиін» саусақ ойыны. «Құлын» артикуляциялық гимнастикасы	Саусақ гимнастикасы «Таң». С. Остердің «Зиянды кеңестер» шығармасынан үзінді оқу. Неліктен бұлай істеуге болмайтыны туралы әңгіме. Жақсы әрекеттерге мысал келтіруді ұсыну	Психогимнастика «Ине және жіп» Балалар бір-бірінің соңынан тұрады. Біріншісі – ине. Ол бағытын өзгертіп жүгіреді. Қалғандары – жіп – одан қалмауға тырысып, соңынан жүгіреді. (Өзін қалай сезінетінін айту)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жеке әңгімелер. Балаларды мектепте оқуға дайындау бойынша ата-аналардың көзқарасын анықтау				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау	«Жануарларға анасын табуға көмектес» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөйлеуді дамыту; сөздік қорын кеңейту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу) «Қайталап көр!»	«Логикалық кесте» дидактикалық ойыны Мақсаты: геометриялық фигура, түсті, реңкті бекіту; қабылдауды, зейінді, логикалық ойлауды дамыту. (Математика + сөйлеуді дамыту) «Орын ауыстыру» қимылды ойыны Мақсаты: балалардың	«Серуенге шығу» дидактикалық ойыны Мақсаты: әр маусымға сәйкес киім мен аяқ киімді таңдау. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу) «Епті саусақтар» қимылды ойыны Мақсаты: мотор импровизациясының	«Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды, зейінді және өз ойын дәлелдеу және қорғау қабілетін дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Жаңғырық» қимылды ойыны Мақсаты: баланың шығармашылық белсенділігін	«Не естіледі?» дидактикалық ойын Мақсаты: есту зейінін дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу) «Қайталап көр!» қимылды ойын Мақсаты: визуалды зейін мен қозғалысты үйлестіруді,

және т. б.)	<p>кимылды ойын Мақсаты: визуалды зейін мен қозғалысты үйлестіруді, сондай-ақ жарты шар аралық байланысты дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Саусақ бұрау» үстел ойыны Мақсаты: саусақ қимылын үйлестіруді, ұсақ моториканы, жарты шар аралық өзара әрекеттесуді, зейінді дамыту; түс пен оның реңктерін бекіту; кеңістіктегі бағдар: сол-оң, жоғарғы-төменгі. (Математика + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>шығармашылық белсенділігін дамыту; қиялды ояту, көңіл-күйді көтеру; жинақылық, зейінді, эмоция мен іс-әрекетті басқару қабілетін, ұжымдық және үйлесімді іс-әрекет дағдысын дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Үлкен жуу» үстел ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды, логикалық ойлауды, келісу қабілетін дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>қабілетін, мотор тапқырлығын, мотор мәселесін бірлесіп шешу кезінде әрекетті үйлестіру қабілетін дамыту (Дене шынықтыру + математика) «Күшікті тамақтандыр» үстел ойыны Мақсаты: мысал шешуде санау дағдысын жетілдіру; толық сөйлеммен жауап беру кезінде баланың сөйлеуін дамытуға ықпал ету (Сөйлеуді дамыту + математика)</p>	<p>арттыру, қиялын ояту, көңіл-күйін көтеру; жинақылық, зейінді, эмоция мен іс-әрекетті басқару қабілетін, ұжымдық және үйлесімді іс-әрекет дағдысын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + шығармашылық) «Саусақты бұрау» үстел ойыны Мақсаты: саусақ қимылын үйлестіруді, ұсақ моториканы, жарты шар аралық өзара әрекеттесуді, зейінді дамыту; түс пен реңкті бекіту; кеңістіктегі бағдар: сол-оң, жоғарғы-төменгі. (Математика + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>сондай-ақ жарты шар аралық байланысты дамыту. (Дене шынықтыру + математика) «Анасың көмекшісі» үстел ойыны Мақсаты: сөздік қорын толықтыру; сөйлем мен әңгіме құрастыру. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>«Өз қолыңмен ыдыс-аяқ» дидактикалық ойыны Мақсаты: біртұтас сөйлеуді, сондай-ақ қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Ыдыс-аяқ және оның мақсаты» тақырыбындағы әңгіме, сурет қарау Мақсаты: жиһаз, ыдыс-аяқ, тұрмыстық техника заттарын дәл атай білу қабілетін дамыту; олардың құрамдас бөліктерін ажырату, олар жасалған материал бойынша заттарды ажырату. (Қоршаған әлеммен танысу + математика)</p>	<p>«Затты сипатта» дидактикалық ойыны (ыдыс-аяқ, жиһаз) Мақсаты: ойлауды, зейінді, есте сақтауды дамыту. Үстел ойындары: - лото (жиһаз); - бөлінген суреттер (ыдыс-аяқ) Мақсаты: зейінді, ойлауды дамыту. (Сөйлеуді дамыту + математика)</p>	<p>«Ас үйде қандай ыдыс-аяқ тұрады?» дидактикалық ойын Мақсаты: біртұтас сөйлеуді дамыту, сөздікті белсендіру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Қонақ бөлмеге арналған жиһаз» құрастыру ойыны (атауы, мақсаты, сыртқы ерекшеліктері) Мақсаты: сөздікті дамыту және белсендіру. (Математика + қоршаған әлеммен танысу)</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>1.Қоршаған ортамен танысу Күн,ауа және су-біздің жақсы достарымыз.Өлі табиғат ұғымымен танысу,өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Қуан,шаттан!Алақай!</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Қыс қызықтары.Түбірлессөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану,сөйлеу әдебін,жайжәне жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай?Қардың түсі қандай?</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Жіңішке дауысты дыбыстар Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Суретпен жұмыс. Тақтада ер, үзеңгі, ірімшік, әткеншек, өрмекші және инеліктің суреттері.Балалар әр</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Кеме. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу,етістіктерді жалғаулармен қолдану,сөйлеу әдебін,жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Өртүрлі көліктердің суреті. Дәптердегі тапсырманы орындау. Адамдармәшинемен, автобуспен,</p>	<p>1.Көркем әдебиет Қол не үшін керек? Бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. Жағымды көңіл-күй.Сен бізбен бірге шапалақта.Бүгін бізге кішкентай қоян келді. Ол анасын тыңдамады, секірді,жүгірді,нәтижесінде</p>

<p>Куанатын келді күн. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты бүгін күн! Дидактикалық ойын Егер де ...не болар еді? Ешқашан ауырмай, күшті,дені сау болып өсу үшін не керек?Қиялдау: Жақсы,жаман ойыны. Күн:жақсы,жаман. Ауа: жақсы,жаман. Су: жақсы,жаман. Дамытушы жаттығу: Артық сөзді тап?Күн,су, жылу,өзен,шомылу,кар. Өз жауабыңды түсіндір. Психожаттығу: Бір-біріңе қарап,ыңғай ланып отырыңдар.Бір-бірлеріңнің көздеріңе қарап,жымиып күліңдер. Сендердің көңілкүйлерің жақсы болсын. Қорытынды:Күн,ауа, және су-біздің тамаша достарымыз.Бұл табиғат сыйлары арқылы шынығу жұмыстары жүргізіледі.Түрлі ауруға қарсы күреседі. 2.Сауат ашу негіздері Жуан дауысты дыбыстар Сендерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстар дың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. «Күпия сөз» дидактикалық жаттығуы Балалар, сендер мені мұқият тыңдауларың қажет. Мен сөздің өзін айтпаймын, бірақ сол туралы айтамын. Кім</p>	<p>Қар қайтіп жауады? Қыс мезгілінде неше ай бар? Бүгін аптаның нешінші күні? Қыс мезгілі, тамаша мезгіл, қандай ойын ойнайсыңдар? <i>Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жұрқ етеді. Қардың аппақ тазалығы сондай, бетіне ештең тастағың келмейді.</i> Енді сендер осы қыс қызықтары туралы әңгіме құрандар. Қар туралы «Қар қандай?» ертегісін оқып берейін. «Қар қандай?»Бірде құстар дауласады. Олар қардың, кәдімгі қардың қандай болатынын анықтайды. Ұшып жүріп сұрақ қояды:Қар қандай болушы еді?Алтындай жарқырап тұрады, – дейді Таң. Көгілдір түсті, – дейді мұнтаздай көгілдір Аспан. Тастай суық, – деп жауап береді Үйрек, тұмсығын қанатының астына тыға түсіп. Жып-жылы шығар, – деп жауап катады Тауық. Жеп-жеңіл! Сондай жеңіл! – деп шу ете қалады Жел. Сондай ауыр! Кереметтей ауыр! – деп күрсінеді ағаш Бұтақтары.Күмістей, әрине! – деп күлімсірейді аспандағы сұлу да сымбатты Ай.Жер-көкті шарлаған құстар алуан түрлі жауаптар естиді, бірақ олар әртүрлі болып шығады. Балалар қар қандай?– деген сұраққа әр қайсысы әртүрлі жауап берді, неге? Сөздік жұмыс:Ұлпа – жұмсақ. Дидактикалық ойын:«Қай мезгілде ойнаймыз?» Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп</p>	<p>заттың атын атайды. Сөздердің мағынасын түсіндіру. Ер – аттың үстіне адам отыру үшін ағаштан жасалған әбзел. Үзеңгі – атқа отырған адам аяғын салып отыратын темірден жасалған әбзел. Ірімшік – сүттен жасалатын тағамның түрі. Әткеншек – балалар ойнайтын ойынның түрі. Өрмекші – жәндік. Инелік – жәндік. Осы сөздердің бірінші дыбысын айтқанда айтылуына мән берсеңдер, тілдің ұшы ілгері созылып жіңішкереді. Жіңішке дауысты дыбыстар: <i>ә, ө, і, е, и, ү.</i> Айнаны алып жіңішке дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл ілгері созылады екен. «Кім көп сөз айтады?» дидактикалық жаттығуы. Балалар, сендер жіңішке дауысты <i>е, і, ө, и, ә, ү</i> дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларыңкерек, әр дұрыс сөзге бір фишқадан беріледі. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпазатанады. «Е дыбысы қайдатығылды?» ойын-жаттығуы. <i>Тәрбиеші алма, бақа, мысық, өрік, банан, садақ, ит, емен, кеме, күшік, бидон, елік, трактор</i> сөздерін айтады. Балалар осы сөздерді айтқанда, қолдарын шапалақтап, сөзді айтулары керек. Сызбамен жұмыс.«ер» сөзінің сызбасын сызуды балаларға ұсынады. Бір баланы тақтаға шығарады. «Ер» сөзінде неше</p>	<p>пойызбен жерде жүреді, тікұшақпен, ұшақпен аспанда ұшады, кемемен, қайықпен суда жүзеді. Бұл заттарды бір сөзбен көліктер деп атаймыз.Тәрбиеші жүк машинасын көрсетіп, әңгімелеседі.Мынау қандай машина?Жүк машинесі не тасиды?Мәшиненің қорабы, кабинасы, дөңгелегі, моторы бар.Мәшинені кім жүргізеді? Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер?Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады.Кемелер жүзу үшін не керек?Тәрбиеші ыдысқа су құйып, қағаз кемеңі суға жібереді.Кеме не үшін керек? Кеме тез жүзу үшін үрлеп толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық. Өзімізді кемеге отырымыз деп елестетейік те, Ермек Өтетілеуұлы «Кеме» өлеңін оқу. Өлең не туралы?Кемеге жол серік деп нелерді айтып отыр? Алыс шалғайда не көрінеді? Өлеңді жаттау.Пойыз өлеңін айту. Дидактикалық ойын. Ойын шарты: Суреттегі көлік түрлерінің жолдарын салу. Құрлықта жолмен жүретін болса астына жол, аспанда ұшатын болса бұлттар, суда жүзетіндерге көл салып беру керек. 2.Қазақ тілі Бдыс аяқ дүкені.Алғанбілімдерін күнделікті өмірде қолдануға талпындыру. Демонстрациялық суретпен жұмыс.Мынау қандай дүкен?Бдыс – дүкені.Дүкенде қандай ыдыстар бар? Балалар таныс ыдыстарды атап, көрсетеді. Жаңа сөздермен таныстыру.Дүкенде қазан бар. Мынау – қазан.<i>Мынау ... қазан</i></p>	<p>аяғын зақымдады,өзіне қызмет көрсете алмайды. Проблемалық сұрақ.Адамға не үшін қол қажет?Қолды қарау.Енді екі қолды үстелге салыңдар.Оларға мұқият қарап,маған:адамның қанша қолы бар?Біздіңқолдарымыз бір-біріне ұқсайды? Ссаусақтары бар.Екі қолдың бір-бірінен айырмашылығы неде?Егер бір қолынекіншісі не қойса,олар сәйкес келмейді.Алдымен оң және сол қолды ажырата аламыз ба,соны тексерейік.Оң қолдарыңды көтеріңдер,сол қолдарыңды көтеріңдер. Қарындашты оң қолға алып,қағазға күн салыңдар. Енді сол күнді сол қолмен салыңдарҚандай қолмен салу ыңғайлы?Е.Пермяк Қолдар не үшін керек? әңгімесімен танысу.Әңгіме желісі бойынша сұрақтар: Атасы немересіне қандай сұрақтар қойды?Немересіне қалай жауап береді? 2.Сауат ашу негіздері Ойнаймыз да,ойлаймыз. Сөйлемді ауызша талдау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.Сызықтарды үзбей салу. Дидактикалық ойын: Болады,болмайды. Күйші болуға ... (<i>болады</i>) Биші болуға ... (<i>болады</i>), Ерке болуға ...(<i>болмайды</i>). Серке болуға (<i>болмайды</i>), Пысық болуға ... (<i>болады</i>). Кішік болуға ... (<i>болады</i>), Әкім болуға ... (<i>болады</i>). Ақын болуға ... (<i>болады</i>),</p>
---	--	--	--	--

<p>құпия сөзді тапса, сол бала 1 ұпай алады. Ол қаладан алыста да, жақын да, да орналаса береді. Ол жердің ауасы таза, табиғаты әдемі. Онда төрт-түлік малдың бәрі бар. Ол жерде адамдар қалаға қарағанда аз тұрады.</p> <p>Құпия сөз-Ауыл. Олар өте тату, бір-бірін жақсы көреді, сыйлайды, көмектеседі. Олар көбіне бірге тамақтанады. Кешкілік бәрі жиналады, әңгімелеседі.</p> <p>Құпия сөз-отбасы. Оны курайдан, шөптен, ағаштан, балшықтан да жасайды, оны ағашқа, тасқа, қабырғаға орналас тырады. Қараторғайға оны адамдар жасап береді. Ол жерге жұмыртқа салады, балапандарын өсіреді.</p> <p>Құпия сөз – ұя. Ол темір, әйнек, қыш пластмасса, шойыннан да жасалады. Адамдар оны күнде пайдаланады. Әсіресе асүйде. Онымен тамақ пісіреді, су ішеді, тамақ ішеді.</p> <p>Құпия сөз-ыдыстар. Ол ағаштан жасалады. Өзі ұзын, жіңішке, көп, бір басы доғалдау, екінші басы тесіліп, оған жіп тағылған. Онымен ертеректе көп пайдалан ған. Қазір сирек кездеседі. Оны киіз үй құрғанда пайдаланады.</p>	<p>суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту.</p> <p>2.Қазақ тілі Нан қайдан келеді? Азық түліктің қазақша атауларымен таныстыру. Балалар, аналарың нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме? «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) иллюстрациялар арқылы ертегіні оқу. Ертегі не туралы? Жаңа сөздермен таныстыру. Мынау – сатушы. Са-ту-шы. Мынау кім? Сатушы нан сатады. Сатушы не істейді? Мынау наубайшы. Нау – бай - шы. Мынау кім? Наубайшы нан пісіреді. Наубайшы не пісіреді? Мынау – бидай. Мынау не? Мынау – диірменші. Мынау кім? Диірменші бидайдан ұн жасайды. Диірменші бидайдан не жасайды? Мынау – ұн. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады) I-i-i-i – егінші – егінші I-i-i-i – диірменші – диірменші. –Егінші қандай адам? (Егінші – еңбекшіл, еңбекқор адам). Тышқан қандай? (Тышқан жалқау). Қанатты сөз. Ас атасы – нан, Нан атасы – дән. Қандай тыйым сөз білесіңдер? Нанды баспа, ақты төкпе. Нан қоқымын шашпандар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Дидактикалық ойын: «Мен 5 тағам білемін». Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, ойлауға дағдыландыру.</p>	<p>дыбыс, неше дауысты дыбыс бар? Бала дауысты дыбысты қызыл текшемен белгілейді. Ол жуан жіңішке екендігін анықтайды.</p> <p>«Жіңішке дауысты дыбысты сөзден баста» ойын жаттығуы. Тәрбиеші қойған сұрақтарға балалар жіңішке дауысты дыбыстан басталатын сөздердермен жауап беру керек. -Сүйікті тағамың қандай? (Мысалы: <i>ет, ірімшік т.б.</i>) -Достарыңның аты кім? (<i>Әмірхан, Ерасыл, Інжу, Инабат, Үміт.</i>) -Сүйікті ойыншығың не? (<i>Әткеншек, үкі т.б.</i>)</p> <p>2.Математика негіздері Заттың бірнеше тең бөліктері Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. Балаларға шаршылар, дөңгелектер, сопақшалар, тіктөртбұрыштар тарату. Одан кейін тақтаға геометриялық пішіндердің бөлшектерінен құрастырыл ған жапсырманы іледі. Сендер жапсырмадан не көріп тұрсыңдар? Саңырауқұлақтың қалпағы жасалған пішінді қалай атауға болады? Дөңгелек бөліктерге бөлінген. Мына бөлік – жартысы. Пішіндерді ортасынан бөлуді үйренеміз. Ол үшін дөңгелектің жиектерін сәйкестендіріп мұқият бүктейміз. Неше жарты дөңгелек пайда болды? Егер жарты дөңгелектердің әрқайсысын тағы да бүктесек, дөңгелектің төрттен</p>	<p>сөзін айтып жаттығады. Дүкенде не бар? Дүкенде қазан бар. Мынау – аққұман. Мынау – ... аққұман. Аққұман – ыдыс. Дүкенде не бар? Дүкенде аққұман бар. Сюжеттік ойын: «Дүкен» Балалар кезекпен дүкенге келеді. Тәрбиеші – сатушы. Ән «Дастархан» Жаңылтпаш жаттау. Шеше, неше кесе сынды кеше? Қатты, ақырын, жай және жылдам қайталап айту. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суретте қандай дүкен бейнеленген? Дүкенде нелер бар? Кім не сатып алды? Арманның әжесі қандай кесе сатып алды? Неше кесе? Сәуленің анасы не сатып алды?</p> <p>3.Математика негіздері Геометриялық фигуралар және денелер. Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Балалар, біз қандай геометриялық пішіндерді білеміз? (Пішіндерді тақтада көрсету). Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар. Тәрбиеші дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттар бейнеленген суреттерді көрсетеді. Практикалық жұмыс. Балалар, қызыл сопақшаны алып, саусақпен жиегін сипап өтіндер. Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары бар ма? Сопақша қандай пішінге ұқсайды? Қызыл сопақшаның үстіне жасыл дөңгелекті салыңдар. (Пішіндердің өлшемі бірдей болуы тиіс). Атауларды қайталайды. Оларды қоршаған</p>	<p>Маман болуға ... (болады). Жаман болуға (болмайды), Айтпақшы, Жаман болуға ... (болмайды).</p> <p>«Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы. Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады. Буынға бөлуге болатын сөздер: <i>күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман.</i></p> <p>«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны <i>Шарты:</i> <i>тәрбиеші</i> бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бірбуыннан бірнеше сөз құраса болады. <i>те-(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші)</i></p> <p>«Буынды қос» дидактикалық ойыны Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы: <i>(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла).</i> Дәптермен жұмыс Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қос</p> <p>3.Қоршаған ортамен танысу Жер-біздің ортақ үйіміз. Табиғатпен достасайық. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен танысыру барысында заттар мен құбылыстардың</p>
---	---	---	---	---

	<p>Ол – киіз үйдің қажетті заты. Онымен киіз үйдің шаңырағы көтеріліп тұрады.Ол-уық. Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай 2-ге бөлінеді. Жуан дауысты дыбыстар: а, о, ы, ұ, ы, у. Дәптермен жұмыс (<i>графикалық жұмыс</i>) Үзік сызықтарды бастыр. Тәрбиеші графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып қайталайды. Үзік сызықтарды бастыр.</p> <p>3. Музыка Менің туыстарым. Би шығармашылығы. Әуендерді орындауға үйрету, музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Балалар шеңберде тұрып, бір-бірінің қолынан ұстап ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды. Балалармен отбасы мүшелері туралы әңгімелесу. Сендер отбасы дегенді қалай түсінесіңдер? Отбасы мүшелеріне кімдер жатады және олар қайда тұрады?</p> <p>Музыка тыңдау: «Жан</p>	<p>Шарты: Допты жерге ұрған сайын бір сөз айтады. Балалар білетін тағамдарын айтады.</p> <p>3. Математика негіздері Бүтін және бөлік. Бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. Ойын жағдаяты. Бізге кірпі келді. Ол қысқа азық жинамақшы – алма және саңырауқұлақтар. Кірпі жинаған азығын санап беруімізді сұрайды. Оған көмектесе аламыз ба?</p> <p>Полотнода кірпі мен екі дорба берілген. Тәрбиеші бірінші дорбаға 2 алма, екінші дорбаға 3 саңырауқұлақ салындар. Бірінші дорбада не жатқанын тексеріңдер. Екінші дорбада не жатқанын тексеріңдер. Барлығын бір үлкен дорбаға біріктіріп салындар. Заттармен не істедіңдер? (<i>Жинадық, салдық, бір үлкен дорбаға біріктірдік.</i>)</p> <p>Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? (<i>Біріктіру арқылы.</i>)</p> <p>Қорытынды: бөліктерден бүтінді алу үшін бөліктерді біріктіру немесе қосу қажет. Бүтін мен бөліктердің үстінен саусақтарымен жүргізіп, қоршауды ұсынады. Практикалық жұмыс жүргізеді, сұрақтарға жауап береді. Топтық жұмыс. Тапсырманы ауызша орындайды. Тапсырма да бөліктерді санайды және атайды. Саусақтарымен үстінен жүргізеді. Тәрелкеде барлығы неше алма? (Үш.) Бұл – бүтін. Табақшадағы алмалар неше</p>	<p>бір бөлігі пайда болады. Уақыт беріп, дөңгелектің төрттен бір бөлігін жасауға көмектеседі. Одан кейін жасалған төрттен бір бөліктерді санауды сұрайды. Тыңдаңдар, төрттен бір бөлік. «Дөңгелекті құрастыр» ойыны. Шаршының жартысын, шаршының төрттен бір бөлігін жасап көріңдер. Оларды қалай жасауға болатынын айтыңдар. Жапсырманы талдайды. Дөңгелек, шаршы атауларын қайталайды. Практикалық жұмыс жүргізеді – пішіндерді ортасынан бөледі. 2 жарты дөңгелек. Одан кейін 4-тен бір бөлік. Кеседі. Тәрбиеші үш бөлікке бөлінген дөңгелекті таратып береді. Балалар жұппен де жұмыс істей алады. Балалар дөңгелек шығатындай бөліктерді біріктіреді. Бөліктерді қалай атауға болады? (Үштен бір бөлік). Олар бөліктерді дөңгелек шығатындай етіп біріктіреді. Бұл бөліктерді қалай атауға болады? (үштен бір, үштің бір бөлігі)</p> <p>3. Көркем әдебиет Шықбермес Шығайбай. Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p> <p>Бұл сиқырлы қоржын. Оның ішінде не бар екен, ашып көрейік. Сиқырлы қоржынның ішінен ұнтаспа және Алдаркөсенің суретін алып көрсетеді. Ұнтаспадан «Ертегілер» әнін тыңдатады. Әнде не туралы айтылды? Сендерге ертегі тыңдаған ұнай ма? Алдаркөсе туралы ертегі тыңдап, мульт</p>	<p>ортадағы заттармен салыстырады, неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. Таратуға арналған материалмен жұмыс істейді, геометриялық пішіндерді – сопақша мен дөңгелекті тексереді.</p> <p>«Мені таны» ойынын ойнау. Жұмбақ оқиды, балалар оның шешімін тауып, пішіндер бейнеленген карточкаларды көрсетеді.</p> <p>4. Музыка Менің туыстарым. Би шығармашылығы. Әуендерді орындауға үйрету, музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Балалар шеңберде тұрып, бір-бірінің қолынан ұстап ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды. Балалармен отбасы мүшелері туралы әңгімелесу. Сендер отбасы дегенді қалай түсінесіңдер? Отбасы мүшелеріне кімдер жатады және олар қайда тұрады?</p> <p>Музыка тыңдау: «Жан анам» (Е. Өміров). Сендер аналарыңа қандай көмек көрсетесіңдер? Ананың еңбегі туралы балаларға түсіндіру.</p> <p>Ән айту: «Екеуіміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев).</p> <p>Билер: «Тырнарлар биі» (Д. Абилов). Балалар екі топқа бөлініп, екі бұрыштан шығады. Жеңіл, құстарға тән қимылдар жасайды. Екі шеңберде жүруді үйренеді.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев). Шеңбер бойында жүріп әндетіп</p>	<p>өзіне тән, сипаттамалаық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Балалармен табиғат әлемі жайлы әңгімелесу. Флора-өсімдік әлемі. (ағаштар, гүлдер, бұталар, шөптер т.б.) Фауна-жануарлар әлемі. (жануарлар, құстар, балықтар, жәндіктер) Суретпен жұмыс.</p> <p>Жақсы, жаман ойыны. Қасиеттері. Ағаш отырғызу. Орманды кесу, өзендер мен теңіздерді ластау, су тазартатын қондырғылар салу, жануарлар мен құстарды ұстау, құстардың жемсалғышына дәндер салу, ештеңеге қызықпайтын немқұрайлы болу, табиғаттың қорғаушы болу.</p> <p>Лото-ойыны: Қазақстанның флорасы мен фаунасы.</p> <p>Дидактикалық ойын: Біз сенімен қандаспыз.</p> <p>4. Дене шынықтыру Қазақстан Республикасы халықтарының ойындары. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту.</p> <p>Тренинг: «Күлкі сыйла» ҚР қонақжайлылық пен толеранттылық дәстүрлеріне назар аудару. Шеңберге тұрып бір-біріне бастарын бұрып, күлімсірейді. Келесі балаға бұрылып, күлімсіреуді әрі қарай, келесі балаға сыйлайды. Осылайша күлімсіреуді бір-біріне бере отырып, бірінші ойыншыға қайтып келеді. «Миға гимнастика» Жаттығу: «Айқас қадамдар»</p>
--	--	--	---	---	--

	<p>анам»(Е. Өміров). Сендер аналарыңа қандай көмек көрсете сіндер? Ананың еңбегі туралы балаларға түсіндіру. Ән айту: «Екеуіміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев). Билер: «Тырналар биі» (Д. Абиоров). Балалар екі топқа бөлініп, екі бұрыштан шығады. Жеңіл, құстарға тән қимылдар жасайды. Екі шеңберде жүруді үйренеді. Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев). Шеңбер бойында жүріп әндегіп сұрақ қойып, оған жауап береді. Төлдердің қылығына лайық қимылдар жасайды. 4.Дене шынықтыру Стадион.Спорт түрлері мен таныстыруды жалғастыру.Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Бір-бірден тізбекке тұрады.Оңға, солға, артқа бұрылады. Бір-бірден, екі-екіден тізбекпен жүреді. Бір-бірден, екі-екіден тізбекпен жүгіреді. Ырғақты гимнастика. Өз еркінше залға шашырап тұрады. Музыка ырғағымен қимылдарды ырғаққа сай, жаттығулар кешенін толық орындап біткенше арқасын тік ұстап орын</p>	<p>бөлікке бөлінген? (Бір және екі.)Бүтіннен бір алманы алып тастаса, қандай бөлік қалады? (Екі бөлік қалады). Тәрбиеші мұны «←» таңбасының көмегімен көрсетеді.Егер бүтіннен екі алманы алып тастаса, қандай бөлік қалады? (Үлкен бір алма қалады.) Тәрбиеші мұны «←» таңбасының көмегімен көрсетеді. Таңбалардың үстінен саусақтарымен жүргізеді. Бүтінді бөліктерге бөліп жапсыру тапсырылады 4.Шығармашылық іс-әрекет Алдар Көсенің шапаны Құрастыру:табиғи және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Сурет салу:казак ою-өрнегінің элементтерін салу. Мүсіндеу:ойдан өз бетінше мүсіндеуге баулу. Жапсыру: түрлі материал дардан жапсыру. «Алдаркөсе мен бай» ертегісінен үзінді оқып беру. -Бұл қандай ертегі? -Алдаркөсе қандай? -Бай қандай? -Байдың шапаны қандай? -Ал, Алдаркөсенің шапаны ше? Үлестірмелі материалдағы түрлі түсті үлкен, кіші киықтарды жырту әдісімен алу керек. Жырту әдісімен алған түрлі түсті киықтарды: алақан арасына салып умаждау; қолмен бүктеу; умаждалған қағазды жайып, тегістеу. Үлгі шапанға өз қалауларыңмен «жамауларды» жапсырындар, фломастермен бірнешеуіне тігіс салуға болады. Балалар шығармашылығы.</p>	<p>фильм көрдіңдер бе?Алдаркөсе нің басынан кешкен біроқиғасы туралы қызықты ертегімен танысамыз. Алдаркөсе қулығымен, айласымен адамдарға жақсылық жасап, көмектесіп отырған. Ол әрдайым ән айтып, көңілді жүреді. Тәрбиеші «Шықбермес Шығайбай» ертегісін оқып береді, мазмұнын ашады. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: Ертегі ұнады ма? Ертегі қалай аталады? Шықбермес Шығайбай қандай адам? Алдаркөсе Шығайбайды алдау үшін қандай қулық ойлап тапты? Алдаркөсе жабықтан сығалағанда не көрді? Алдаркөсе үйге кіргенде, үйдегілер қандай әрекет жасады? Шығайбай Алдаркөседен не туралы сұрады? Алдаркөсе не деп жауап берді? Ертегінің желісін сурет бойынша баянда. Бай немен айналысып отыр? Бәйбіше не істеп отыр? Қызы ненің жүнін жұлып отыр? Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін, эмоциясын келтір. Алдаркөсенің көңіл күйіқандай Көрсет. Суреттерді аяқтап сал. Боя. Мақал:Берместің асы піспес, Қазаны оттан түспес. Ойын-жаттығу: «Өз көңіліңмен бөліс». Балалар, біз Алдаркөсені көргенде не істейміз? (Қуанамыз) Ал сараң бай Шығайбайды</p>	<p>сұрақ қойып, оған жауап береді. Төлдердің қылығына лайық қимылдар жасайды.</p>	<p>Сол аяқтың ырғағымен оң қол қимылдайтындай етіп қозғалу. Ал енді оң аяқтың ырғағымен сол қол қимыл дайды.Жүріп келе жатып, сол қолмен оң аяқты тигізу, оң қолмен, сол аяқты тигізу. Жаттығу: «Жалқау сегіздер»Оң қолдарында қарындаш бар деп ойлап, ауада жатып қалған сегіздің суретін салу. («шексіздік» таңбасы), енді – сол қолмен. Енді екі қолмен бірдей салу. «Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет) Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл –лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек.Ал бастаушы болса, қасқыр қайжақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергіжасайды. «Орын а!» (Татар ойыны) (5 рет)Шеңбер «Жүгірі!» дегенде, тоқтай қалуы керек. Тек шеңбермен жүгіруге болады. Шеңберді кесіп өтуге болмайды. Жүгіріп келе жатып, шеңберге тиіп кеткен ойыншы ойыннан шығады.Ойыншылардың біреуін жүргізуші етіп</p>
--	--	---	---	---	---

	<p>дайды. Дұрыс тыныс алуға, қалыпты тыныс алуға тырысады. Топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды.</p> <p>«Баскетбол» Допты 4 метр қашықтықта заттардың арасымен екі қолмен жүргізу. Допты оң қолына алып, еденге соғып, сол қолмен қайта қағып алады. Доп кеуде деңгейінен аспай ұшатын дай етіп лақтыру үшін күшін бөлуге тырысады.</p> <p>«Гимнастика» Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды.</p> <p>«Футбол» Допты 2 метрден екі аяқпен кезек-кезек жүргізу.</p> <p>«Қалашық» Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру: «Қалашық» – ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады. Ойыншылар 3 метр қашықтықтан фигураны таңдайды. Ұратын таяқшаны жер бауырлап ұшатындай етіп лақтырудың ойындағы ең басты шарты екендігін естен шығармай, балаларға жеткізе білу керек.</p> <p>Зейінді дамыту</p>		<p>көргенде не істейміз? (Ашуланамыз) Ертегіні музыкалық театр арқылы сахналау. Ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар көрермен болады. Музыкалық театр аяқталған соң көрермендерге бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды.</p> <p>4. Дене шынықтыру Бір, екі, үш балалар алды күш! Спорттық жаттығулар. Сырғанау. Шаңғымен жүру. Дербес қимыл белсенділігі. Балалармен бірлесіп жаттығу бағытын таңдап алу.</p> <p>«Бір, екі, екі, бір, Бізбен бірге жүр! Үш, төрт, төрт, үш, Кәне, жина күш! Біреу күлсе – елеме, Жаттығуды тастама, Көп тырыссаң – жетерсің Сен де бір күн жеңіске!» Залдың ортасы арқылы бір-бірден тізбекке тұрып жүру, жүгіру, екі-екіден тізбекке тұрып жүру, жүгіру. Төрт-төрттен тізбек құру.</p> <p>Ырғақты гимнастика. Бүкіл жаттығулар кешенін орындап біткенше арқасын тік ұстап, музыка әуенімен қимылдарды дұрыс орындауға тырысады. Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау.</p> <p>«Баскетбол» Допты бір қолмен жүргізу. «Секіргіштер» 15 см биіктікке бір орыннан екі аяқпен итеріліп, секіріп, екі аяқпен қону. Секіру сызығына келіп тұрады. Жерден екпіндеп итеріледі де, қолдарын сермеп көмектеседі.</p>		<p>сайлайды. Қалғандары қолдарынан ұстап, шеңбер бойымен жүреді. Жүргізуші шеңбер бойымен қарсы бағытта жүреді:</p> <p>«Соқыртеке» (орыс ойыны) (5 рет) Ойын кезінде ешкім шеңберден шыға алмайды. Ойыншылар үлкен шеңберге тұрады. Жүргізуші шіні сайлап, көздерін байлап, шеңбердің ортасына қояды. Жүргізуші ойыншыларды ұстап алып, атын атауы керек. Ал ойыншылар одан еңкейіп, шалқайып, ұстатпай қашады. Тек шеңберден шықпайды. Егер жүргізуші бір ойыншыны ұстап, атын дұрыс айтса, барлық балалар «көзіңді аш!» деп айқайлайды, ал егер дұрыс атай алмаса, балалар дыбысын шығармай, тек жан-жақтан шапалақ ұрып, қателескенін білдіреді. Ойын одан әрі жалғаса береді.</p> <p>Сезімдік жаттығу: «Өз-өзіңді қолға ал!»</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>жаттығулары: «Жазу мәшинесі» Әр ойыншы бір дыбысты таңдайды. Жүргізуші бір сөз айтады. Ойыншылар сол сөздегі дыбыстар реті бойынша өзіне берілген дыбыстың реті келгенде бір шапалақ ұрады. Сөйтіп әр «дыбыс» өз кезегінде шапалақтайды. Сөз толық басылған кезде барлық ойыншылар бірге шапалақтайды.</p>		<p>Секіріп түскен кезде тізелерін аздап бүгіп, қолдарын алдыға созады. «Футболшылар» – «Допты дәл беру» Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді.</p>		
Серуенге дайындық	<p>Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс орналастыру және ұқыпты бүктеу, әр түрлі бекіткіштерді қолдану қабілетін бекіту. Бекіткішті бекітеміз Сенің киімінде: Түймелер мен қалталар, Әр түрлі тойтармалар. (Сөйлеуді дамыту)</p>				
Серуен	<p>Желді бақылау Мақсаты: балалардың жел күшінің өзгеруін байқауға деген қызығушылығын қалыптастыру. Еңбек қызметі: шағын қалыптарды тазарту Мақсаты: еңбекқорлық пен ұжымдық жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын «Бұл қандай жел?» Мақсаты: сын есімдерді таңдау. «Қаздар-аққулар» қимылды ойын Мақсаты: ойын ережелерін сақтау. «Тұзақ» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті дамыту.</p>	<p>Ауа-райын бақылау Мақсаты: балалардың ауа-райының жағдайын анықтау дағдысын қалыптастыру; күнделікті өзгерістерді байқау. Еңбек қызметі: кіреберістегі қарды сыпыру Мақсаты: еңбекқорлық пен еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. «Қаздар – аққулар» қимылды ойын Мақсаты: ойын ережелерін сақтауға үйрету. «Біз көңілді балалар» қимылды ойыны Мақсаты: ептілік пен жүгіруді дамыту. Шығарылатын материалмен ойын: қалақша</p>	<p>Ауа-райын бақылау Мақсаты: балаларды табиғаттағы маусымдық өзгерістермен таныстыруды жалғастыру; ақпан айында қандай өзгеріс болғанын атап өту. Еңбек қызметі: кіреберістегі қарды сыпыру Мақсаты: басталған істі соңына дейін жеткізуге үйрету. Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: жыл мезгілдері туралы білімді бекіту. «Бұрыштар» қимылды ойыны Мақсаты: реакцияны дамыту. «Біз көңілді балалар» қимылды ойыны Мақсаты: ептілік пен жүгіруді дамыту. Шығаратын материал: қалақша</p>	<p>Аула тазалаушының жұмысын бақылау Мақсаты: қыста ересектердің жұмысы туралы білімдерін кеңейту; еңбекке деген құрметке тәрбиелеу. Еңбек қызметі. «Қыстайтын құстарды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: құстардың 2-3 түрін атауға үйрету. «Мысық пен тышқан» қимылды ойыны Мақсаты: ойын ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру; қозғалыс белсенділігін арттыру. «Бұрыштар» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті, жүгіру жылдамдығын бекіту. Ашық ауада балаларға арналған еркін ойындар: күректер, сыпыртқы</p>	<p>Күнді бақылау, күндізгі жарықтың өзгеруі, күннің ұзақтығы туралы Мақсаты: ауа-райының белгілі бір белгісі, өсімдік пен жануарлар өміріндегі маусымдық өзгерістер, күннің тірі және өлі табиғатқа әсері арасындағы байланысты анықтауға көмектесу. Еңбек қызметі: жолды қардан тазарту Мақсаты: бір-біріне көмектесу арқылы бірге жұмыс істеуге деген ұмтылысты дамыту. «Мөңке балық және шортан» қимылды ойыны Мақсаты: рөлді бөлу туралы өз бетінше келісуге үйретуді жалғастыру.</p>

	Шығаратын материал: жел диірмендері, сұлтандар				Ойындар: «Көңілді үштік», «Карусель шана», «Скок, скок, секіру» Мақсаты: балаларды жүгіру, секіру, оңға, солға бұру жаттығулары. Шығаратын материал: шелек, күрек
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыды қалыптастыруды жалғастыру, жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуынғаннан кейін қолдың суын сарқу. Дербес ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)				
<p>жалғаса береді. Жауап бере алмаған бала ойыннан шығады. Екінші айналымда ойынды жүргізуші бақша гүлінің атын атайды. «Неге ұқсайды» ойыны. Тәрбиеші айтқан затқа ұқсас заттарды атай бастайды. П: Кактустың инелері неге ұқсайды? Б: инеге, кірпінің инелеріне, ұстараның жүзіне, қаламның ішіндегі білігіне... Тапсырмаларды орындайды.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Ақбота балаларда қонақта.Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Дыбыстармен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Кім білгіш?»Мысалы: <i>б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, ш, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.</i> Тәрбиеші дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады. «Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы Тәрбиеші балаларға«ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды.Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б.«Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б.«Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек.</p>	<p>тақта, аю, жануар, құс, жұмыс, ұя, көктем,шөп. Ойын «Біреу – көп» Тәрбиеші бір және бірнеше құстың суретін көрсетіп, оны өзі айтады.Құс – құстар. Қарлығаш – қарлығаштар. Қараторғай – қараторғайлар. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суретте нелер бейнеленген? Ата. Құстар не істейді? Сөйлем құра. Сөйлем үлгісі: Құстар ұшады.Құстарды ата. Сана. Жекеше, көпше түрде ата. Үш қараторғайлар, төрт қаздар,бес қарлығаштар. Қараторғай – қараторғайлар, қаз – қаздар, қарлығаш – қарлығаштар. 3.Математика негіздері 7 және 8 саны мен цифры. Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету. Құртақандар суреті.Рет-ретімен санауды және құртақандардың қасиеттерінің сипаттамасын айтып отыруға ынталандыру: бірінші құртақан үлкен және көк шалбар киген, екінші...(№1 кесте). Алдымен 6 құртақанды шығарады. (2, 2.1-кесте) Одан кейін тағы біреуінің сабаққа келгенін айтады. Сұрақ қойылады: енді құртақандар нешеу болды? Қалай құртақандар саны 7 болды? (7 дегеніміз – 6 және тағы да 1).Құртақандарға Ақшақар келді. Енді сабақта неше қонақ бар? (Сегіз).</p>	<p>қарсы қарап тұрады. Біріншілері 1-ден 9-ға дейін жазылғанкарточкалар,екіншілеріне әртүрлі мөлшердегі заттар бар карточкалар үлестіріледі.Сандар берілген қатысушылардың міндеті-заттарының мөлшері өзінің санына тең келетін қатысушымен жұп құру. 3.Көркем әдебиет Наурыз өлеңі.Жанрларды ажырату,тілдің көркемдігін сезіну. Наурыз келді, балалар, Көктеді қыр, жағалар. Наурыз тойын тойлайық, Жаңа жылда, балалар. Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде Жер ана, табиғат ерекше түрленеді. Көктемде ең тамашаұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз. Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде? Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады. Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Наурыз» өлеңімен танысамыз.<i>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:</i> Өлеңде не туралы айтылған? Өлең ұнады ма? Авторы кім? Қай мезгілде ағаштар бүршік жарады? Наурыз мерекесі қай уақытта тойланады? Қай уақытта малдар төлдейді? «Сары уыз» деген не? Наурыз» өлеңін қайталап</p>	<p>орындықтарға еркін түрде орналасып,отырады.Үйре туші шеңбер бойымен жүріп,1-ден 9-ға дейін сандарды тура ,кері ретпен атайды.Саны аталған жолбарыс орнынан тұрып, үйретушінің соңынан жүреді.Үйретуші барлық сандар аталған кезде Назар аударындар,аңшылар!дейді,албарлық қатысушылар, үйретушімен қоса,бос орындықтарға отыруға тырысады.Орын алып үлгермеген бала жолбарыс тарды үйретуші болады. 2-ші ойын. Математикалық текшелер. Мақсаты:9-дың көлемінде 0 санымен қосқанда және азайтқанда есептеу дағдыларынқалыптастыру. Тәрбиеші қабырғаларына сандар жазылған 2 текшені лақтырады.Егер әртүрлі сандар түссе,онда олар қосылады,егер бірдей сандар түссе-олардың айырмаларын табады. 4.Музыка Домбыра сазы.Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.Музыкалық және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өндеген М. Раухвергер).Бір бала ортаға шығып, түрлі қимылдарды көрсетіп тұрады, балалар айнаның көрсеткен қимылдарын</p>	<p>кенейту,орман,шалғын және бақша ұғымдарын таныстыру. С.Сейфуллин Орман өлеңін оқу. Аппак қайың, қарағай Қосылыпты табысып. Сұлу терек, жасыл желек Құшақтасып қабысып, Қарағайым, жұпар майың Жібек жолмен аңқиды. Жұмбақ: Ағаштардан тұратын үй – қызық үй. Үй толы – жан-жануар. Бұл не ғажайып үй? (Орман) Суретте небейнеленген? Ең биік ағаштарды ата (қарағай, шырша). Суретші мұнда қандай бұталардың суретін салыпты? (Бөртегүл). Суретте шөп бар ма? Орманда нелер мекендейді? Балалар суреттерді қарап шығады. Орманды қандай жануарлар мекендейтінін, онда қандай ағаштар өсетінін айтады. Суретте қайсы ағаштың биік, қайсысының аласа екенін, орманда қандай бұталар өсетінін анықтайды. Ормандағы өсімдіктерді көп қабатты үйдің қабаттарымен салыстыруға болады деген тұжырым жасайды.Топтарға бөлініп, тәрбиешінің алдын ала дайындаған орман суреті не жануарларды орналастырады. Орман қабаттарын айтады. Жануарлардың көпшілігі төменгі қабаттарды тұрады. Жерде жауынқұрттар мен түрлі қоңыздар тұрады. Көртышқандар жер астын мекен етеді. Біздіңәрқайсымыздың үйіміз бар. Сол сияқты орман тұрғындарының да өз үйлері бар. «Қайсысы</p>
--	--	--	---	---

<p>Алма ... (үлкен), қой ... (арық), домалық ... (өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұл), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ... (кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ... (алма) т.б. «Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны</p> <p>Тәрбиеші қандай да бір сөзді айтады, балалар қолдарын шапалақтап, сөзді буынға бөледі. Осы сөзде неше буын бар екенін айтады. Кітап, қалам, дәптер, қарындаш, өшіргіш, бес, мектеп.</p> <p>3. Музыка</p> <p>Домбыра сазы. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> <p>Музыкалық-ырақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Бір бала ортаға шығып, түрлі қимылдарды көрсетіп тұрады, балалар айнаның көрсеткен қимылдарын музыкаға ілесіп жасайды.</p> <p>Музыка тыңдау: «Келіншек» халық күйі (өңдеген Б. Дәлденбай). Балаларға күй мағынасын түсіндіру. Өлеңге қоспай-ақ әуенмен түрлі оқиғаларды суреттеуге болатынын түсіндіру. Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны көрсету. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев). Елдің жырын жырлаған, Қайғысын да толғаған, Домбырасыз ешқашан Жүрекке ем қонбаған, – деп халқымыз қасиет тұтқан аспап туралы әнді И. Нүсіпбаев ағамыз жазған. «Анашым» (Е. Хасанғалиев) әнінің сөздерін анық айтуға, ән</p>	<p>Олардың саны қалай сегіз болды? (8 дегеніміз – 7 және тағы да 1). Ханзада да келіп қалыпты! Енді сабағымызда неше қонақ бар? Қалай қонақтар саны 9 болды? (9 дегеніміз – 8 және тағы да 1). 14.2 кестеден 7 баланы төбешікке орналастырады. Ал 8-ші баланы баспалдақтың қасына қояды. Қанша бала төбешікте сырғанағысы келіп тұр? 7 цифр жазылған карточканы қояды. Қарандаршы, тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады? Бүгін біз қандай сан туралы айтамыз? Біз санадық: суретте 8 бала бар. Тағы бір рет санайық (әр баланы төбешіктен домалатып, бәрі хормен санайды) біз ешкімді жіберіп алған жоқпыз ба? Санын 8 цифрмен көрсетеді. 8 цифрын табайық. 8 санының құрамы. Кестеден – тұрғындарды – 14.2 кестедегі балаларды әр қабатқа орналастырады. Сонымен қатар әр қабатқа 21 кестеден саны бар карточкаларды қояды. Топтық жұмыс. Әрбір топтың үстелінде 10 дөңгелек пен үш қағаз тәрелкеден құралған үш жинақтан бар. Тәрбиеші тапсырма орындауды ұсынады: қонақтарымызға дастарқан жаю қажет. Әрбір тәрелкеге тәтті тоқаштардың белгілі бір санын салу керек. Бірінші тәрелкеге жеті тоқаш. Балалар салады,</p>	<p>оқиды. Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды. 3-4 балаға өлеңді жатқа айтқызады. Дәптермен жұмыс: 1. Өлеңді суреттер бойынша қайтала. Тәрбиеші мнемокес тедегі суреттер арқылы өлеңді оқып береді, балалар қайталайды. Наурыз айында күн мен түннің теңеліп, ұзақтығы бірдей болатыны туралы айтып түсіндіреді.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Ойын ойнап өсеміз. Салауатты өмір салтының маңызды компонентері: Дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Қозғалыс кезінде бірден, екіден қайта сап құру. Жиі аттап жүгіру – қысқа, жиі аттап жүгіру. Қозғалыс кезінде қайта сап құрады. Тәрбиешінің белгісі мен қимылдың бір түрінен екінші түріне ауысады. Бір ырғақпен қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, қозғалыстың бағытын сақтап қимылдайды. Түзету жаттығуларын орындайды. Екі тізбекке, екі қатарға сап түзейді. Доптармен орында латын жалпы дамыту жаттығулары. Бастапқы қалыпқа тұрады. Допты басынан асырып, артқа ұстайды. Сосын допты алысқа лақтырады. Лақтыру бағыты өзгертпей, қолдарын</p>	<p>музыкаға ілесіп жасайды.</p> <p>Музыка тыңдау: «Келіншек» халық күйі (өңдеген Б. Дәлденбай). Балаларға күй мағынасын түсіндіру. Өлеңге қоспай-ақ әуенмен түрлі оқиғаларды суреттеуге болатынын түсіндіру. Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны көрсету. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев). Елдің жырын жырлаған, Қайғысын да толғаған, Домбырасыз ешқашан Жүрекке ем қонбаған, – деп халқымыз қасиет тұтқан аспап туралы әнді И. Нүсіпбаев ағамыз жазған. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Әнді асықпай, мәнеріне келтіріп орындау керек. «Анашым» (Е. Хасанғалиев) әнінің сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p>Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Би өте көңілді, жеңіл, ойнақы биленеді.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл» (А. Райымқұлова). Балаларды екі түрлі дыбысты ажырата білуге ұмтылдыру.</p>	<p>қайда тұрады?» ойыны.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Аңшылар. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Қолға арналған жаттығуларды орындап, жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау; белгі бойынша жүгіру бағытын өзгерту. Қозғалыс жаттығуы: «Аңшылар із кеседі» – еңбектеуді жүру және жүгірумен кезектестіру. Із кесуші аңшылардың қимылдарын орындайды. Қырда жүгіріп, тыныс алуын қалыпқа келтіреді. Қысқа найзаларын (таяқшаларды) алып, таяқшалармен орындалатын түзету жаттығуларын орындайды. Аяқ ұшымен жүруді, қолға таяқшаларды әртүрлі егіп ұстап, өкшемен жүруді түзету жаттығулары. Үш-үштен тізбектерге сапқа тұру. Таяқшалармен жалпы дамыту жаттығуларын орындау – қатарда жеткілікті арақашықтықты сақтауға дағдылану. Қолдарын шынтақтан түзулейді, арқаларын бүкіл жаттығулар кешені біткенше, тік ұстауға тырысады. Негізгі қимыл-жаттығуларын орындау үшін таяқшалардан жол жасап қояды. Ойын түрінде жалпы дамыту жаттығуларын орындау. Ойын түрінде екі топпен жаттығу: «Қай аңшы мықты екен?» (3 рет). Аяқты санын жоғары, 90□-қа көтеріп, тепе-теңдік сақтай отырып, жерге қатар-қатар қойылған таяқшалардан аттап</p>
--	--	--	---	---

	<p>ырғағымен орындауға баулу.</p> <p>Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Би өте көңілді, жеңіл, ойнақы биленеді.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл» (А. Райымқұлова).</p> <p>Балаларды екі түрлі дыбысты ажырата білуге ұмтылдыру.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім»</p> <p>4.Дене шынықтыру</p> <p>Қазақстан халықтарының ойындары. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>«Отбасы» Шеңберге алақандарын түйістіріп, дөңгелене тұра қалып, жаттығуларды ырғақты орындайды.</p> <p>«Отбасы»«Бір-бірімізбен қол ұстасып тұрып, бір бүтін екенімізді, бір отбасы екенімізді сезінейік! Бәріміз бірге демімізді ішке тартып, қайта шығарамыз (3 рет). Өте жақсы. Жүрегіміздің соғысын тыңдайық...»</p> <p>«Дүк» – ілгері бір адым аттау, «дүк» – артқа бір адым аттау</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұбыңды тап!», тізбекке екі-екіден тұрады. Жүру, жүгіру. Бір-бірінің аяқтарын басып кетпеулерін қадағалау.Түрлі түсті қолорамал дарын алып, орамалдардың түстеріне сәйкес жұп болып тұрады. Зал ішінде педагогтің белгісі бойынша шашырап жүреді. «1, 2, 3 – өз түсінді тап!» деген бұйрық бойынша жұп болып екі тізбекке жылдам тұрады. Жүруді жүгірумен алмастырады. Бағыт қозғалысын сақтайды. Шеңберге тұру.Қимыл-қозғалыс ойыны: «Шарбақ»</p> <p>Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстанып, төрт-төрттен бір-біріне карама-қарсы қатарға тұрады.Орыс халық әуендерімен әр қатар карама-</p>	<p>қайта есептейді. Тәрбиеші цифрды көрсетеді, балалар оны ауада «жазады». Одан кейін балалар екінші тәрелкеге сегіз «тоқаш» салады. Тәрбиеші цифрды көрсетеді, балалар оны ауада «жазады». Үшінші тәрелкеге тоғыз тоқаш салынады.Тәрелкелердің әрқайсысында неше тәтті тоқаштан болуы тиіс? Әрбір тәрелкеге жетіспейтін «тәтті тоқашты»жапсырындар.Балалар топтарда таратуға арналған материалмен жұмыс істейді. Тапсырманы орындап, жетіспейтін тәтті тоқаштарды жапсырады.</p> <p>Саусақтарымен цифрлардың үстіненжүргізудітапсырады. Ермексаздан цифрларды жасайды.</p> <p>4.Шығармашылық іс-әрекет</p> <p>Әдемі орамал.</p> <p>Құрастыру:Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білу, оларды күрделі емес композицияға біріктіруді қалыптастыру.</p> <p>Сурет салу:Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін салу,оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру.</p> <p>Мүсіндеу:жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану,олардың бетіне бедерлер жасау.</p> <p>Жапсыру:ою-өрнектермен безендіру.</p> <p>Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек,</p>	<p>шұғыл жазады.Неғұрлым алысқалақтыруға тырысады. Негізгіқимылдардыорындау: Лақтыру – қатарда тұрып, допты алысқа басынан асырып, бүгілген қолдарын шұғыл жазып лақтырады.</p> <p>Нұсқау – залды не оңынан, не солынан айналып өтіп, доптың артынан белгі берілгеннен кейін ғана жүгіру керек.Жүппен тапсырмалар орындау. Тепе-теңдік сақтау – текшелерден аттап, ұзын орындықпен дененің бір жағымен қырындап жүру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім шапшаң?» (3 рет).Төрт жүргізуші таңдап алынып, оларға әртүрлі түсті орамал беріледі.Ойынға қатысады. Төрт жүргізушінің соңынан тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша көздерін жұмады. Жүргізушілер көрсетілген жерге кетіп қалады. Ойыншылар өз командирлерін тез тауып, артынан барып, тізбекке тұра қалуға тырысады.Релаксация: «Жарқын күн». Шеңбер бойымен айнала алақан дарын түйістіріп ұстап отырып, бір-біріне күн жылуын береді.Үнтаспадан тыңдайды:Күн: «Балалар, мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің, мейірімді,қамқор қолдарыңды жақсы көремін!Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре</p>	<p>Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім»</p>	<p>жүру.Жерден 40 см көтеріліп, қатар-қатар қойылған таяқшалардан жүгіріп өту.Аяқты санынан жоғары, 90°-қа көтеріп, тепе-теңдік сақтай отырып, жерге қатар-қатар қойылған таяқшалардан аттап жүреді. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен үйректер» Ойыншылар «аңшылар» мен «үйректерге» бөлінеді.Алаңқайда Ұзынкөл жасалады (сызық сызылады). «Аңшылар » көл сыртына (сызықтың сыртына), ал «үйректер» сызықтардың ортасынатұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша «аңшылар» доппен «үйректерді» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» үйректер ойыннан шығады. Барлық үйректер ұсталған соң, топтар орын ауыстырып, ойынды жалғастырады.</p> <p>Релаксация: « Мерген». Психологиялық күйзелісті тарқатужаттығуларын жасайды.Тістенеді. Қатты қысымды сезініп, қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.Аузын ашып тұрады. 3–5 сек. Сосын қайта босаңсиды. 2-3 рет қайталау.Басын солға иіп, оң жақ мойын бұлшық еттерін қатайту. Қайта босаңсып, бастапқы қалыпқа келу.Ішті ішке тартып, бұлшық етті қатайту. 5–10 сек ұстап тұрып, қайта босату. Аяқты жерден аздап қана көтеріп, 5–10 сек ұстап тұрып, қайта түсіріп, босату.</p>
--	--	--	--	--	--

<p>қарсы қатардағы балаларға барып иіледі. Сосын өз орнына қайтып келеді. Көңілді әуен басталғанда бар білетін қимылдарын жасап, балалар шашырап, секіріп билей бастайды. Музыка тоқтай қалғанда әр қатар өз орнына қатарға тұра қалуы керек. Олар айкастырып қол ұстасып, «шарбақ тоқиды».</p> <p>«Тентек доп» – армян халқының ойыны. Ортаға диаметрі 3-4 м үлкен шеңбер сызады. Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бір топ шеңбер ішіне кіреді, екінші топ шеңбер сыртына бір-бірінен бірдей арақашықтықта орналасады. Жүргізушіден доп алған соң, сырттағы ойыншылар – шабуылшылар шеңберден асырып, бір-біріне доп лақтыра бастайды. Допты үш рет лақтырғаннан кейін барып қана шабуылшылар шеңбер ортасындағы қорғаушыларды ата бастайды. Қорғаушылар болса, тек үстілерінен үш рет доп өткен соң ғана одан қашып, тигізбейді. Бірақ, допты қағып алуға тырысады. Қорғау сәтті өтсе, ойыншылар рөлдерін ауыстырады.</p> <p>Азқимылдайтынойын: «Ұябасар». Тәжік ойыны. Алаңқайдың бір шетінде шеңбер сызады. Бұл – қыранның ұясы. Қыран ұясында отыр, ал тауық балапандарымен далада дән теріп жеп жүр. Белгі бойынша қыран қанаттарын жазып (қолдарын екі жаққа жазып, қалқып), ұшып жүріп, балапандарды ұстап алуға тырысады. Балапандар өз анасы – тауықтан алыстамай, оның артына тығылады. Тауық оған мүмкіндік бермейді. Балапандарымен мен өсірдім. Саған оларды бермеймін. Олар менің қасымда қалады. Оларға жолаушы болма»</p> <p>Қыран балапандарды ұстап алып,</p>	<p>Көңілді боп жүрейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! Тәрбиеші балаларды орамалдан жасалған көрмеге алып барып, көрмедегі заттардың атауы, пішіні, өрнегі, түсі, қолданылуы жайлы сұрайды.</p> <p>Тәрбиеші : Балалар, нені тамашалап тұрсындар? Наурыз айында болатын қандай мерекелерді білесіңдер? 8 Наурыз қандай мереке? Ал сендер, аналарыңа сыйлық жасағыларың келе ме? Олай болса, аналарға арналған орамалды әшекейлейік. Үлестірмелі материалдағы орамалдың суретіне назар саламыз. Орамалдың пішіні неге ұқсайды? Түсі қандай? Өрнектері қандай пішінді? Жапсырудың жолдары мен техникасын түсіндіреді.</p> <p>Алдымен үлкен үшбұрышты орамалды қиып аламыз. Енді, үлгі сызық бойымен шаршыларды қиямыз. Шаршыларды үшбұрышты етіп қию керек. Балалар, неше үшбұрыш қидық? Неше үлкен үшбұрыш бар? Төрт кішкентай үшбұрышты орамалдың ортасына жапсырамыз. Қалғандарын орамалдың екі жағына жапсырамыз.</p> <p>Саусаққа арналған «Қуырмаш» жаттығу. Балалар шығармашылығы.</p>	<p>алатындығыма қатты қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаға сыйлауға көмекте седі. Кәне, бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Бұл жылу сендердің қолдарыңмен кетіп барады. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!</p>		
---	---	--	--	--

	ұясына алып кетуге тырысады.				
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс қою және мұқият бүктеу; түрлі сыдырмаларды қолдану қабілетін бекіту. Сыдырманы саламыз Сенің киіміңде: Түйме мен ілгекті, Түрлі батырманы. (Сөйлеуді дамыту)				
Серуен	Табиғаттағы маусымдық өзгерісті бақылау Мақсаты: табиғаттағы өзгеріс туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек қызметі Мақсаты: тапсырма орындауға үйрету, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, ересектерге көмектесуге деген ұмтылыс. Қимылды ойындар: «Мысық-тышқан», «Біркелкі шеңбер», «Мені қуып жет» Мақсаты: бір-біріне соқтығыспай, әртүрлі бағытта жүгіру жаттығулары; көрсетілім бойынша қимылды орындау; ойын ережесін сақтау. Тәуелсіз ойын қызметі: шығарылатын материалмен ойындар. Мақсаты: қызығушылық бойынша ойын таңдау және құрдастарымен қарым-қатынасты қалыптастыру. (Қоршаған әлеммен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)	Мүзсүңгіні бақылау Мақсаты: судың қасиетімен, оның әртүрлі күйімен таныстыру; логикалық ойлау, эрудиция, эмоционалды саланы дамытуға ықпал ету. Еңбек қызметі: бөлме өсімдіктерін суару үшін еріген суды жинау. «Біз тамшылаймыз», «Жанды лабиринт» қимылды ойыны Мақсаты: қос қатарды құруға, кең шеңбер құруға үйрету; ұжымдық іс-әрекеттің үйлесімділігін, реакция жылдамдығы мен тапқырлықты үйрету. Жеке жұмыс Қимылды дамыту Мақсаты: тепе-теңдікте қимылды орындау кезінде өзін-өзі сақтандыруға үйрету; төзімділікті дамыту (Қоршаған әлеммен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)	Балабақша учаскесінде құстарды бақылау Мақсаты: құстарды қауырсыны, өлшем, дауыс бойынша ажыратуға үйрету; байқауды, есте сақтауды дамыту; құстарға эмоционалды оң көзқарасты тәрбиелеу. Еңбек қызметі: құстарға жем беру. «Ұстап ал-лақтыру» қимылды ойыны Мақсаты: допты кеудеге тигізбестен ұстауға үйрету; айтылған сөздердің ырғағына сәйкес мұғалімге екі қолмен дәл лақтыру. «Салки» қимылды ойыны Мақсаты: әр түрлі бағытта қозғалуға, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету. Өзіндік ойын әрекеті (Қоршаған әлеммен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)	Еріген қардың пайда болуын бақылау Мақсаты: көктемнің белгілері туралы түсініктерді кеңейту. Күн сайын көктемгі қардың арасында ала қар пайда болады. Күн сәулесі жерді қыздырып, қарды ерітеді. Ала қардың қай жерде пайда болуы мүмкін екенін белгілеу: күн жағында ма немесе көлеңкеде ме. Қара ала қар – бұл буланған, ылғалды ала қарлы жер. Еңбек қызметі: ғимараттардан қар тазалау. «Кімнің ұсталғанын тап» қимылды ойын Мақсаты: байқауды, белсенділікті, бастаманы дамыту. «Біз көңілді балалар» қимылды ойыны Мақсаты: ауызша сигнал бойынша қимылды орындау қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	«Наурыз – көктем айы» әңгімесі Мақсаты: ерте көктемде балалардың табиғат туралы білімдерін байыту және нақтылау; балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Еңбек қызметі «Серуендеу» дидактикалық ойыны Мақсаты: көктемде киімді топтау. «Лақтыру-ұстау» қимылды ойыны Мақсаты: доппен ойнау. Балалардың қалауымен қимылды ойын. «Аяқ киімнің бауын байла» ойын жаттығуы Мақсаты: балалардың өзіндік іс-әрекетін дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру. Жуыну әдістерінде жаттығуды жалғастыру: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, қолды жуып болғаннан кейін суды сарқу. Өзіндік ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)				

<p>Балалардың өзіндік іс-әрекеті</p>	<p>«Мерекеде» сюжеттік-рөлдік ойын Мақсаты: қоғамдық орында мінез-құлық мәдениетін бекіту, шыдамдылық таныту, өзін әдемі ұстау. «Такия тастамақ» қазақ халық ойыны Балалардың таңдауы бойынша баспа ойындары Мақсаты: балалардың бос уақытын қызықты және пайдалы өткізу, қызығушылықтары бойынша микро топтарға бірігу, ойын өзара әрекеттесуі туралы келіссөз жүргізу қабілетін қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>«Әжеге қонаққа» сюжеттік-рөлдік ойыны Мақсаты: сюжетті дамыту. «Қаршыға мен қарлығаш» қазақ балалар ойыны «Ашкөздік - жаман әдет» әңгімесі Мақсаты: балаларға ашкөз болу нені білдіретінін, неге ашкөздік сапасыз, ал жомарттық жақсы деп саналатынын анықтауға көмектесу; балалармен әртүрлі жағдайларда қалай әділ әрекет ету керектігін талқылау. (Сөйлеуді дамыту + сыртқы әлеммен танысу)</p>	<p>«Көктем келеді» фильмінің суретін мониторда қарау Мақсаты: ой-өрісін кеңейту. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері бойынша әңгімелесу «Қауіпсіздік мектебі. Көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері» Мақсаты: бейтаныс ортадағы мінез-құлық ережелерін түсіну. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>«Түлкі мен тырна» қазақ халық ертегісін сахналау ойыны Мақсаты: көркемдік-бейнелі орындаушылық дағдыны жетілдіру; диалогтік сөйлеуді дамыту. (Көркем әдебиет + сөйлеуді дамыту) «Қатені тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: себеп-салдарлық байланыстарды анықтау; ойлауды дамыту. (Математика)</p>	<p>Мерекелік дастархан «Қонақты қарсы алу» дидактикалық ойыны Мақсаты: жақсы тон ережелерін бекіту, қазақ тілінде диалог жүргізе білу. «Маша мен аю» мультфильмін көру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Қарым-қатынас дағдылары Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беру қабілетін дамыту; жыл мезгілдері, тәуліктің бөліктері туралы түсінікті бекіту</p>	<p>Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі Трафарет бойынша сурет салу (қазақ ою-өрнегінің элементтері) Мақсаты: трафарет пен қарындашпен жұмыс істеудің техникалық әдістерінде шеберлікті бекіту</p>	<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар «Көмекшілер» дидактикалық ойыны Мақсаты: бір-біріне көмектесу қабілетін дамыту; есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту.</p>	<p>Танымдық және зияткерлік дағдылар «Біз сиқыршымыз» ойын жаттығуы Мақсаты: шотты 10-ға дейін, логикалық есептерді, әзіл-қалжыңдарды бекіту</p>	<p>Қарым-қатынас дағдылары Сөзді дыбыстық талдау Мақсаты: дыбыстық-әріптік талдау жасау қабілетін бекіту</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>«Экологиялық тәрбие – адамгершілікке, руханиятқа және интеллектке тәрбиелеу» консультациясы (Whatsapp мессенджері) «Неге мен мектепке барғым келеді» балалар пікірінің стенді (бейнеролик). «Баланы дос болуға қалай үйрету керек» ата-аналарға арналған жадынама (Whatsapp мессенджері)</p>				

ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: **Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ**

Топ: **Мектепалды даярлық**

Топ жетекшісі: **Есенкелді Қ.Е**

Балалардың жасы: **5-6 жас**

Жоспар қай кезеңге жасалды: **18.03–20.03**

Күн тәртібі	Сәрсенбі 18.03	Бейсенбі 19.03	Жұма 20.03
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жеке әңгімелер, қарым-қатынас ойындары және балаларда жақсы көңіл-күй қалыптастыру. Достық атмосфера құру		
	«Таң басталады» Мақсаты: қарым-қатынас қиындықтарын жеңу. «Көктем» саусақ ойыны Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын	«Достық» Мақсаты: балалар арасындағы достық қарым-қатынас, үлкендерге құрметпен қарау. Көркем сөз:	«Көктем» Мақсаты: балаларда жақсы көңіл-күй қалыптастыру. «Қоңырау» артикуляциялық гимнастикасы

	<p>дамыту. Көркем сөз: Міне, наурыз айы келді. Терезені тамшы қағады. Қақпада қар мысығы Қақ суын ішеді. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>Көктем келді өлкеме, Табиғатым тамаша. Гүл қаптады бөктерді, Нұрға толды айнала «Отбасы» саусақ ойыны Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту. «Көктем келді» музыкалық сүйемелдеуімен қимылды ойын (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу + музыка)</p>
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<p>Балаларда қызығушылықты қалай дамыту керектігі туралы әңгіме. «Күн режимі» тақырыбындағы жеке әңгімелер</p>		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және т. б.)	<p>«Бұрын не, кейін не?» дидактикалық ойын Мақсаты: жеке өсімдіктердің даму реттілігі, сондай-ақ жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімді кеңейту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Епті саусақтар» қимылды ойыны Мақсаты: қимыл тапқырлығын, қимыл мәселесін бірлесіп шешу кезінде іс-әрекетті үйлестіру қабілетін дамыту. (Математика + дене шынықтыру) «Құстарды орналастыру» үстел үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Фигураны жина» дидактикалық ойыны Мақсаты: қандай да бір фигураны құрайтын заттардың есебін жүргізу қабілетін дамыту. (Математика негіздері + сөйлеуді дамыту) «Орын ауыстыру» қимылды ойын. Мақсаты: балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру, қиялын ояту, көңіл-күйін көтеру; жинақылықты, зейінді, эмоциясы мен әрекетін басқару қабілетін, ұжымдық және үйлесімді іс-әрекет дағдыларын дамыту. (Математика + дене шынықтыру) «Қауымдастық» үстел үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Жетеді ме?» дидактикалық ойын Мақсаты: әр түрлі көлемдегі заттардың теңдігі мен теңсіздігін көру қабілетін дамыту; сан өлшемге тәуелді емес деген ұғымға келтіру (Математика негіздері + сөйлеуді дамыту) «Қолтырауын» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті, байқауды, зейінді дамыту. (Математика + дене шынықтыру) «Мен жасырдым...» үстел үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жаттығулар кешені</p>		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>«Мейірімді бол» ойын жаттығуы Мақсаты: мәдени дағдыларды дамытуды жалғастыру</p>	<p>«Дорба» ойын жаттығуы Мақсаты: қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту</p>	<p>«Бұрыштар» ойын жаттығуы Мақсаты: санау жаттығуы, жазықтыққа бағдарлау, түс</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>1.Қоршаған ортамен танысу Өсімдіктерді қалай күту қажет? Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Наурыз көктем мерекесі.Негізгі ойды жеткізе білу,әңгімені бірізді айту,шағын</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Біз нені үйрендік,нені білдік? Сөйлемді ауызша талдау:жай сөйлемдер</p>

	<p>күтім жасау әдістерін білу:оларды суару,түбін қопсыту,жапырақтың шаңын сүрту.</p> <p>Балалардан бәйшешекті бөлме гүліне жатқызуға бола ма деп сұрайды?</p> <p>Бәйшешектен білеміз, Көктем келіп қалғанын. Мәз боламыз, күлеміз Көрсек гүлін жарғанын : Ауа райында қандай өзгерістер байқадыңдар? Ең алғашқы гүлдер қай кезде пайда болады? Сендер көктем шыққанда бірінші болып бұр жаратын қандай гүлдерді білесіңдер? Оларға күтім жасау қажет пе?</p> <p>Пікірталасқа қатысады. Сұрақтарға жауап береді. Көктемнің белгілерін атап көрсетеді. Алғашқы гүлдердің қар еріп, жердің ақ көрпесі түрілген кезде пайда болатынын айтады. Балалар тек бөлме гүлдеріне күтім қажеттігін түсіндіреді. Ал, көктемнің алғашқы гүлдері табиғатта, өз бетінше өседі. Оларға күтім жасаудың қажеті жоқ. Олар еріген қар суын, жаңбыр суын ішеді. Күннен жылуалады деген тұжырым жасайды. . Бөлме гүлдеріне күтім жасаудың негізгі ережелерін естерінетүсіреді.Тәрбиеленушілер өсімдіктерге қалай күтім жасау қажеттігі туралы ойларын айтады.</p> <p>Ұмытпай күнде, су құям гүлге.</p> <p>Тұрады гүлім, құлпыртып түрін.</p> <p>Жақсылықты қолдаймыз,</p> <p>Табиғатты қорғаймыз.</p> <p>Гүл егеміз бақтарға.</p> <p>Айналасын қоршаймыз.</p> <p>Балаларға «Дала гүлдеріне күтім жасау қажет пе?» деген мәселені талқылауды ұсынады. Дала гүлдеріне күтімді күн,</p>	<p>логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.</p> <p>Бүгін зерек болып, алғырлық танытқан балаларға мына оюлар сыйға беріліп отырады. Алдын ала тәрбиешідайындаған «Ботагөз», «Қошқармүйіз», «Құс қанаты», «Қызғалдақ» оюлары сұраққа жауапберген әр балаға беріліп, сабақ соңында кімде қанша ою бар екені анықталып, сол арқылы «ең зерек бала» аталынып, марапатталынатынын айтады.Топ бұрышына кішкене көрме сахна құрылады. Тәрбиеші балаларға өнер туралы түсінік беріп өтеді.Қазақ халқында өнер көп. Соның бірі – айтыс өнері. Айтыстың түрлері көп, соның бірі – жұмбақ айтыс. Ал бізге бүгін ақын Сара апамыздың жолын қуған Кәмшат атты қызжұмбақ айтысымен келіп отыр. Ұнтаспадан Кәмшаттың дауысы қосылады.</p> <p>Сәлеметсіңдер ме, балалар. Менің атым – Кәмшат. Менің бүгін сендерге ұлттық киім киіп қонаққа келгенім тегін емес. Себебі жақында Наурыз мерекесі болады.Мен қазір жұмбақ жасырамын, егер жұмбақтың жауабын білсеңдер, айтыңдар. Дұрыс жауабы табылған жағдайда мен келесі жұмбаққа көшемін. Егер дұрыс болмаса,жасырылған бұйымды сипаттауды жалғастырамын.Наурыз мерекесі туралы айтып берейін:Наурыз шығыс күнтізбеінде Жаңа жыл басы деп саналады. Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі.Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіп тойлайтын күн.Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды</p>	<p>ді сөздерге бөлу,сөйлемдегі сөздердің ретін,санын анықтау,берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p> <p>«Қарама-қарсы іс-әрекетті айт» ойыны.</p> <p>Үміт жылады, Іңкәр ... <i>(жыламады)</i></p> <p>Марат үндемей отыр, Таңат ... отыр. <i>(шулан)</i></p> <p>Ардақ жазып отыр , Асыл ... <i>(жазбай отыр)</i></p> <p>Қыздар биледі, ұлдар ... <i>(билемеді)</i></p> <p>Ақтөс үрді, Күтжол ... <i>(үрмеді)</i></p> <p>Дидактикалық ойын-жаттығу:</p> <p>«Жалауша»Тәрбиеші қандай да бір дыбысты айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.</p> <p>Дидактикалық жаттығуы: «Жуан дауысты сөзден баста»</p> <p>Тәрбиеші қойған сұрақтарға балалар жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздердерменжауап беру керек.</p> <p>Қандай көлікпен бардың? (Ұшакпен ұштым т.б.)Сүйікті сусының? (Айран т.б.)Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.)</p> <p>Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б.)</p> <p>Ойын: «Дұрыс қос»Тәрбиеші тақтаға екі қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын атап айтқызады.Балаларды бір-бірден тақтаға шақырып, тапсырманы орындатады.Бір буыннан тұрып, тамақты білдіретін екі суретті қос (нан-қант). Екі буыннан тұрып, төсек-орынды білдіретін екі суретті қос (жастық, көрпе).</p>
--	---	--	--

<p>жылы жел мен жаңбыр жасайды деп ой қорытады. Дала гүлдеріне өсіп, жетілу үшін қажетті заттар бейнеленген суреттерді қоршап сыз.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері</p> <p>Біз нені үйрендік? Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p> <p>«Кім не істейді?» ойыны.</p> <p>Шофер не істейді? Ұшқыш не істейді? Етікші не істейді? Бағбан не істейді? Ұста не істейді?</p> <p>Дидактикалық ойын-жаттығу:</p> <p>«Жалауша»</p> <p>Тәрбиеші дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Дұрыс таңда»</p> <p><i>Тақтаға алма, ағаш суреттерін және олардың дыбыстық сызбасын ілу.</i></p> <p>Сөздегі дыбыстарды анықтаңдар. Қай сөзге қандай дыбыстық сызба тиісті? Балалар дыбыстық талдау жүргізеді. Суреттерді тиісті сызбамен салыстырады.</p> <p>Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап»</p> <p>Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы суретті атайсыңдар. Сол сөз дауысты дыбыстан басталса, тақтада тұрған қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласыңдар. Балалар жеке-жеке</p>	<p>қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер. Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме? Суретпен жұмыс. Наурыз мерекесі туралы әңгімелеу. Оны кім пісіреді? Оған не қосады? Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». Ойын шарты: Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Тәрбиеші көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері тәрбиешіге лақтырады.</p> <p>Өрік, шие, алмұрт – ... Түлкі, қоян, қасқыр – ... Шай, май, тұз – ... Бет, мұрын, аяқ – ... Қауын, қарбыз, сәбіз – ...</p> <p>2. Қазақ тілі</p> <p>Армысың әз Наурыз! Ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.</p> <p>«Құтты болсын, әз Наурыз» әнін тыңдату. Бұл ән қандай, көңілді ме? Не туралы? Көктемде Наурыз мерекесі болады. Бұл мерекені достарымызбен бірге тойлаймыз. Наурыз мерекесі және оған дайындық туралы қысқаша түсінік беру. «Наурыз – жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Жаңа күн, жаңа жыл. Құттықтау: Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Наурыз мерекесі – Қазақстанның халқы үшін ерекше мереке. Демонстрациялық материалмен жұмыс. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды. Мынау кім? Мынау – ата. Мынау не? Мынау – домбыра. Ата домбыра</p>	<p>Үш буыннан тұрып, көгөністі білдіретін екі суретті қос (асқабак, қызанақ).</p> <p>Ойын-жаттығу: «Сөз таңда»</p> <p>Тәрбиеші мақалды оқиды, мақалдың мазмұнын балаларға түсіндіреді. Балалар суреттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады. Суреттегі заттардың атын буынға бөледі.</p> <p>Мақал – сөздің мәйегі. Оқу ... құдық қазғандай. <i>и-не, кү-рек, қа-сық.</i> Ата көрген ... жонар <i>оқ, оқ-тау, ер.</i> Ана көрген ... пішер. <i>жей-де, тон, көй-лек.</i> Асықпаған арбамен . . . алады. <i>тұл-кі, қо-ян, а-ю.</i></p> <p>Дәптермен жұмыс. Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл. Дыбыстық талдау жаса.</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Біз не үйрендік? Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.</p> <p>«Санды айт» ойын-жаттығуы.</p> <p>-Тесік күлшеге ұқсайтын сан? 0 -Тебен инеге ұқсайтын қандай сан? 1 -Аққуға ұқсайтын қандай сан? 2 -Екі ілмек і әріпке ұқсайтын қандай сан? 3 -Төңкерілген орындыққа ұқсайтын сан? 4 -Мектепте қоятын ең жақсы бағаны білдіретін қандай сан? 5 -Құлыпқа ұқсайтын қандай сан? 6 -Көсеуге ұқсайтын қандай сан? 7 -Жатпайтын қуыршаққа ұқсайтын қандай сан? 8 -Төңкергенде 6 санына айналатын қандай</p>
--	--	--

түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады.

Дидактикалық ойын: «Кері сөзді ата»(доппен)Балалар мен сендерге допты лақтырып сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасындар да, допты кері лақтырасындар.

Мысалы: *жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз, қайырымды- қайырымсыз, биік-аласа, жылады-күлді, отырды-тұрды, ашты-тәтті, жапты-ашты, кір-шық, таза-лас, ыстық-суық, көрікті-көріксіз, жұмды-ашты, қатты-жұмсақ, ұзын-қысқа, жалпақ-жіңішке т.б.*

Дидактикалық ойын: «Буынға бөл» Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атуын шапалақпен буынға бөліңдер.Мысалы: *жа-ны-рақ, жү-зім, ке-ру-ет, тү-йе, та-бақ, ке-рік, пи-яз, ө-рік, жыл-қы, ши-е, мы-сық, а-ғаш, ал-ша, қа-ла, үс-тел, шал- ма, тек-ше, те-ре-зе, са-ғат, са-ғыз, қой, қо-ян, түл-кі, піл, ке-се, ша-ныш-қы, ти-ін, и-не, пи-ма, ли-мон, ал-мұрт, қар-быз, қа-лам, ше-лек, қы-за-нақ, а-рыс-тан, жол-ба-рыс, тас-ба-қа, ба-қа, қай-мақ, кө-бе-лек т.б.*

3.Музыка
Көктем әндері.Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар:
«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдарды бірге, мәнерлеп орындауға үйретуді жалғастыру.

Жұмбақ жасыру: Сулар ағып жылғадан,

ойнап отыр.Ата не істеп отыр?Атадомбыра ойнап отыр.Мынау – алтыбақан.Мынау не? Мынау – алтыбақан. Балалар алтыбақан тебеді.Балалар не істейді? Балалар алтыбақан тебеді. Адамдар ұлттық киім киеді. Қандай қазақ ұлттық киімдерін білесіндер? Балалар таныс ұлттық киімдерді атайды. Адамдардың көңіл күйлері жақсы. Адамдардың көңіл күйлері қандай? Адамдардың көңіл күйлері жақсы.Ән: «Дастарқан».

Ей, халайық, халайық,Бар өнерге салайық. Ас ұсынып, бас тартқан, Жаюлы тұр дастарқан. Дастарқан-ау, дастарқан, Берекелі дастарқан, Мерекелі дастарқан Наурыз мерекесінде ұлттық тағамдар дайындалады. Наурыз мерекесінің басты тағамы наурызкөже. (Түсінік беру).

Әжей наурызкөже пісіреді.Наурызкөжені кім пісіреді? Әжей наурызкөже пісіреді. Қандай ұлттық тағам білесіндер? Суретпен жұмыс.Балалар таныс тағамдарды атайды, суреттерін көрсетеді: бауырсақ, қымыз, шұбат, құрт. **Ұлттық ойын: «Сақина».** Ойынды бастайтын баланы санамақ арқылы анықтайды.Санамақ айту.Бір, екі – Жердің беті.Сары шымшық, Тез ұшып шық. Балалар шеңбер болып қатарға отырады. Алақандарын бір-біріне қысып, қолдарын алдында, тізе үстінде ұстайды. Ойын бастаушының қолында сақина болады. Ол өз алақандарымен сақинаны балалардың алақандарын ашып салған сияқты боп, біреуінің алақанына салу керек. Бәрін аралап өткен соң ортаға келіп: «Бір, екі, үш – сақинам үш!» – дейді. Сонда қолында сақинасы бар бала тұру керек. Оң жақта отырған көршінің

сан?9

1-ші ойын.Пойыз.
Мақсаты:10-ның көлемінде сандарды есептеу дағдыларын қалыптастыру, қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту. Алдын ала 4 орындық қойылады,олардың әрқайсысына 7,8,9,10 сандары жазылған карточкалар жатады.Тәрбиеші 8 баланы тандап алып,оларға бүктелген түрде билеттер үлестіреді.Әр билетте бір-бір мысалдан берілген:4+3.9-1,7+3;8+2,5-2; Тәрбиешінің белгі беруі бойынша балалар билеттерді ашып,мысалдарды шешедіжәне өз орындарын табады.Орындықтарға отырып үлгермеген балалар ойыннан шығады.Әрі қарай 2орындық қалдырып,басқа балаларға жаңа билеттер үлестіріледі.Ең соңғы бала жеңіске жетеді.

2-ші ойын.Математикалық безбендер.
Мақсаты:10-ның көлемінде сандарды салыстыру іскерлігін дамыту.Тәрбиеші ойынға қатысушылардың әрқайсысына 0-ден 10-ға дейінгі сандар жазылған карточкаларды еркін түрде үлестіріп,балаларды 2командағабөледі,оларды қатарластырып тұрғызады.Әр жолы бір жұп баладан ойнайды.Олар өз карточкаларындағы сандарды салыстырады.Саны үлкен болып шыққан бала екі карточканы да өзіне алады,ал карточкасыз қалған қатысушы ойыннан шығып,орнына отырады.Егер сандар бірдей болса,онда екі ойыншының да карточкалары өздерінде қалады.Әрі қарай балалардың келесі жұбы ойынға шығады.

3.Көркем әдебиет

	<p>Құстар әнін жырлаған. Бұлт айдары желбірейді, Бұл мезгілді қалай дейді? Балалармен көктем туралы, көктемде қайтып оралатын жыл құстары туралы сұхбат жүргізу. Көктемде табиғатта болатын құбылыстар туралы әңгімелесу. Көктем көріністері, жыл құстары туралы суреттер көрсету.</p> <p>Музыка тыңдау: «Қараторғай» (Ақан сері, өңдеген Б. Ерзакович).</p> <p>Көптеген әндер табиғатпен байланысты, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулер табиғат аясында жүрген құстарды әнге қосқан. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Көктем» (Д. Гусинцев).</p> <p>Бұл әнде құстардың қайтуы, өлкенің жанаруы көтеріңкі көңіл күймен жырланады. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Үйренген «Домбыра сазы» әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.</p> <p>Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Әуенді тыңдай отырып, ырғаққа ілесе нық қимылдар жасау.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев).</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Футбол ойнап шыныға түс. Балалардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p>	<p>тапсырмасы оны ұстау керек. Егерсақинаға ие болып жүрген ойнаушыны көршісі ұстай алмаса, онда көршісін жазалайды, ал егер сақина бар бала тұра алмаса, онда оның өзін жазалайды. Жаза әртүрлі болуы мүмкін: жеңімпазды арқасына отырғызып жүріп келу, бір аяқпен секіру, билеу, ән айту және т.б. Жазаланған тапсырманы жасағаннан кейін жүргізуші болады және ойын жалғаса береді.</p> <p>3. Математика негіздері</p> <p>10 саны мен цифры.</p> <p>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.</p> <p>Бүгін бізге спортшылар (9 бала) келді. Бірақ балалар өз орындарын таба алмады. Оларға өз орындарын табуға көмектес. Терме полотнода (тақта) балалар спортшыларды нөмірлері бойынша орналастырады. Ойын жағдаятына қызығушылық танытады. Ойыншының қате нөмірін табуға қатысады. Біз 0 рет секіре аламыз ба? 0 рет қол соға аламыз ба? Неліктен? Өйткені енді ол 10 болады. Тәрбиеші бірлік тің жанына нөлді қойып, сұрақ қояды: Мына санды жазу үшін неше цифрды пайдаландық? Адамның қолдарында неше саусақ бар? 10 санын үшбұрыш пішінінде орналастырылған нүктелер арқылы бейнелеуге болады. Бұл санды үшбұрышты сан деп атауға болады. Суретке қарап, сұрақ тарға жауап береді. 2 цифрды. Екі қолда 10 саусақ бар. 10 дөңгелекті санап, үшбұрыш құрады.</p> <p>1-ші ойын. Тізбек.</p> <p>Мақсаты: 10-ның көлеміндегі сандар</p>	<p>Әз, Наурызым армысың!</p> <p>Әдеби жанрларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, жанрларды ажырату, тілдің көркемдігін сезіну.</p> <p>Наурыз келді, балалар, Көктеді қыр, жағалар. Наурыз тойын тойлайық, Жаңа жылда, балалар Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде Жер-ана, табиғат – барлығы ерекше әдемі болып кетеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз. Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде деп ойлайсындар? Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады. Бүгін біз Оразақын Асқар ағамыздың «Әз Наурызым, армысың» өлеңімен танысамыз. -Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Өніп еккен дәніміз, Бүршік жарды бағымыз. Сәскеде жаз, түнде қыс Секілді екен Наурыз Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде Жер-ана, табиғат – барлығы ерекше әдемі болып кетеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз. Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде деп ойлайсындар?</p>
--	---	---	--

	<p>Тізбекте бір-бірден, сонан кейін екі-екі ден сап түзеп жүру, қайтадан бір тізбек болып жүру. Аяқты аяқастырып жүру, жартылай отырып, толық отырып жүру, көзді жұмып, 4 м жерге дейін жүру. Тізені қатты бүгіп, артқа жіберіп; тізені жоғары көтеріп жүгіру.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы «Спортпен айналыссақ, жылдам өсеміз» – аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары көтеріп, дем алады. «Күннен-күнге бойымыз өсіп жатыр» – қолды төмен түсіріп, табанды жерге толық басып, дем шығару. Екі-екіден тізбекке тұрады. Жарыспақ – 30 метр дистанцияға қуып, озып кетіп жүгіру.</p> <p>«Балапан ұядан ұшады» Б.к.: аяқтарын иық еніндей етіп қою. Қолдары шынтақтан бүгіліп, білектерін көлденең, саусақтарының арасы ашылған, алақандарын кеудесіне қаратып ұстап тұру. Шынтақтарын мүмкіндігінше артқа қарай жібергенде демін ішке тарту. Ал б.к. қайта оралғанда – демін сыртқа шығару (6 рет қайталау).</p> <p>Тырна қанат жазады. (Екі жаққа бұрылыстар). Б.к.: қолдарын алдыға – жоғары – алдыға – екі жаққа баяу көтерген кезде оң аяғының тізесін бүгіп, жерге параллель етіп көтеріп, біраз кідіру – демін ішке тарту. Б.к. – демін сыртқа шығару. Келесі аяқпен осы қимылдарды қайталау.</p> <p>Жылан билейді. Б.к.: аяқтары иық еніндей етіп қою, қолдарымен ұстасып, желкесіне қойылған. Шынтақтары мүмкіндігінше артқа тартылған. Басы мен</p>	<p>білімін бекіту. Ойынды тәрбиеші бастайды және 10-ның көлеміндегі кез келген бір санды атайды. Бірінші қатысушы ол санды қайталайды және 10-ның көлеміндегі кез келген басқа бір санды атайды. Оныңжанын да отырған қатысушыға аталған екі санды қайталайды және өзінің санын атайды. Барлық қатысушылар осылайша тізбек бойынша ойнап, ойын олардың біреуі сандардың реттілігін ұмытып қалғанша жалғасады, ол кезде ойын басынан қайта басталады.</p> <p>2-ші ойын. Көршілер. Мақсаты: 10-ның көлемінде реттік санау дағдыларын дамыту, 10-ның көлеміндегі сандар реттілігі білімін бекіту. Тәрбиеші 11 баланы шақырып, әрқайсысына 0-ден 10-ға дейін сандар жазылған карточкалар үлес тіріп береді. Балалар сандардың реттілігі бойынша бір қатарға тұрып, нөлінші, бірінші, екінші, үшінші т.с.с. деп санап шығуға тиіс. Сосын тәрбиеші 0-ден 10-ға дейінгі сандардың бірін атайды. Өз карточкасын дағы сан аталған санның көршісі болып шыққан балалар қолдарын көтереді.</p> <p>4. Шығармашылық іс-әрекет Наурыз мерекесі. Құрастыру: Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. Сурет салу: ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. Мүсіндеу: жұмыс барысында түрлі кескіштер қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Жапсыру: Қазақ халқының тұрмыстық заттары, киіз үй жабдықтарымен</p>	<p>Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады. Бүгін біз Оразақын Асқар ағамыздың «Өз Наурызым, армысың» өлеңімен танысамыз. - Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.</p> <p>Өніп еккен дәніміз, Бүршік жарды бағымыз. Сәскеде жаз, түнде қыс Секілді екен Наурыз. Сұрақ-жауап: Өлеңде не туралы айтылған? Сендерге ұнады ма? Наурыз мерекесі қай мезгілде тойланады? Қай мезгілде ағаштар бүршік жарады, малдар төлдейді? Суреттен не көріп тұрсындар? Қай мезгіл деп ойлайсың? Балалардың көңіл күйлері қандай? Наурызкөжеге қосатын дәндерді атайық. Наурыз мерекесі туралы не білесің?</p> <p>4. Дене шынықтыру Өрмелеп үйренеміз. Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Бір-бірден тізбекке сап құру. 2 минут баяу жүгіру. Аяқты өкшеден бастап, аяқ басына қарай басады. Қолдарын иықтан бастап бос ұстайды. Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Баяу жылдамдықпен бір қалыпты жүгіреді. Дұрыс тыныс алуын қадағалайды. Айналырмалы құрсаулармен жалпы дамыту жаттығуларын орындау (№2). Еңкейгенде аяғын бүкпей, кідіріспен</p>
--	--	---	--

	<p>табанын қозғалтпай, белінайналдырады. Жасыл желекті жел тербейді. Б.қ.: аяқтарын алшақтау қойып тұру. Сол аяғына қарай қисаю, қол саусақ тарын аяғына тигізу – демін ішке тарту. Б.қ.: демін шығару. Сол қимылдарды оң жағына қайталау.</p> <p>Қолыңмен көкті итер. Б.қ.: тұру. Қолдарын баяу алдыға көтеру. Денені түзеп, тыныс алуды қалпына келтіру. 8 рет. Футбол – жұптарға бөлініп, 3 метр қашықтықтан бір-біріне допты дөңге лету. (10 рет) Нұсқау – допты серігінің дәл аяғына беру, допты ұру күшін мөлшерлеу, допты тек табанымен тоқтату.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көккүтан». Бір-бірінен бір адым қашықтықта құрсаулар жерде жатады. Бір аяқпен секіргенде статикалық тепе-теңдікті сақтауға назар аудару.</p>	<p>таныстыру, қиып жапсыру. Наурыз мерекесіне арналған суреттер. Көктем көріністері. Күлімде күн күлімде, Жер жасарып көгерсін. Күлсін барлық бала шат. Жарқын болсын болашақ. Наурыз тойы. Күн менен түн теңелді, Жер шуаққа бөлелді. Соны тойлар ел енді. Наурыз тойы салтымыз.</p> <p>Кімге не қажет? дидактикалық ойыны. Ұлттық киімдер. Сен білесің бе ойыны. Наурыз көже. Шығармашылық орталықтың тапсырмалары. 1 топ. Бәйшешек. 2 топ. Жауқазын. 3 топ. Алма гүлі. 4 топ. Биші Айгерім Балалар шығармашылығы.</p>	<p>тыныс алады. Құрсаудың үстімен әртүрлі жүрістер орындайды: өкшесін еденге, аяғының басын құрсауға басып, аяғының басын еденге, өкшесін құрсауға басып жүреді. Негізгі қимылдарды орындау: Әртүрлі тәсілдермен гимнастикалық қабырғаға өрмелеу – кезекпен аттап өрмелеу, сатылардан дұрыс ұстану, қауіпсіздік ережелері. (3 рет) Баспалдаққа шығуды орындайды. Ойын жаттығуы: «Іліп кетпе!» – айналып тұрған секіртпеден секіріп өту. Ойынға белсене қатысады. Секіртпе қозғалыс амплитудасының ең жоғарғы нүктесіне келген сәтте оның орта тұсының астынан шапшаң жүгіріп өтіп үлгеруге тырысады. (2 рет)</p>
Серуенге дайындық	<p>Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс қою және мұқият бүктеу; түрлі сыдырмаларды қолдану қабілетін бекіту. Сыдырманы саламыз Сенің киіміңде: Түйме мен ілгекті, Түрлі батырманы. (Сөйлеуді дамыту)</p>		
Серуен	<p>Еріген қардың пайда болуын бақылау Мақсаты: көктемнің белгілері туралы түсініктерді кеңейту. Күн сайын көктемгі қардың арасында ала қар пайда болады. Күн сәулесі жерді қыздырып, қарды ерітеді. Ала қардың қай жерде пайда болуы мүмкін екенін белгілеу: күн жағында ма немесе</p>	<p>Қарды бақылау Мақсаты: қардың түсін өзгерткеніне, кірленгеніне назар аударту, неге екенін талқылау. «Көктем туралы сөздерді ойлап тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздікті байыту; фонематикалық есту қабілетін дамыту.</p>	<p>Наурыз айындағы ауа-райын бақылау Мақсаты: бүгін қандай күн (суық, жылы, шуақты, бұлтты, қар жауады (ериді)). Табиғатта не өзгерді? Еңбек қызметі: кіреберісті сыпыру. «Тартыс» қимылды ойыны Мақсаты: арқан тарта білу. «Қуып жету» қимылды ойыны</p>

	<p>көлеңкеде ме. Қара ала қар – бұл буланған, ылғалды ала қарлы жер. Еңбек қызметі: ғимараттардан қар тазалау.</p> <p>«Кімнің ұсталғанын тап» қимылды ойын</p> <p>Мақсаты: байқауды, белсенділікті, бастаманы дамыту.</p> <p>«Біз көңілді балалар» қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты: ауызша сигнал бойынша қимылды орындау қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту + сыртқы әлеммен танысу)</p>	<p>Еңбек қызметі: жолдарды сыпыру.</p> <p>«Нысананы көзде» қимылды ойын</p> <p>Мақсаты: лақтыру қабілетінде жаттығу.</p> <p>«Ағын арқылы» қимылды ойын</p> <p>Мақсаты: кедергілерден екі аяқпен секіру.</p> <p>Шығарылатын материалмен дербес ойындар (күрек.) (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>Мақсаты: таза ауада сауықтыру, қозғалыс белсенділігі.</p> <p>Дербес ойындар. (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыды қалыптастыруды жалғастыру, жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді тұру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуынғаннан кейін қолдың суын сарқу. Дербес ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)		
Балалардың өзіндік іс-әрекеті	<p>«Концертте» сюжетті-рөлдік ойын</p> <p>Мақсаты: жаңа мазмұнмен, жаңа эпизодтармен байыту арқылы сюжетті-рөлдік ойынды ұзартуға үйрету; сөздікті байыту; балалардың сөйлеуін дамыту.</p> <p>«Суретті аяқта» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>«Кімге не керек?» дидактикалық ойын</p> <p>Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу + сурет салу)</p>	<p>«Орманға саяхат» сюжетті-рөлдік ойыны</p> <p>Мақсаты: рөлдерді бөлу, бір-бірімен қарым-қатынас жасау; ертегі кейіпкерлерін қоса, ойынның сюжетін дамыту.</p> <p>«Көктем туралы сөз ойлап тап» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: сөздікті байыту; фонетикалық есту қабілетін дамыту.</p> <p>Үстел үсті ойындары</p> <p>Мақсаты: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын, табандылықты дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>«Қонақты қарсы алу» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: жақсы тон ережелерін бекіту, қазақ тілінде диалог жүргізе білу.</p> <p>«Көктем келеді» фильмінің суретінн мониторда қарау</p> <p>Мақсаты: ой-өрісін кеңейту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар</p> <p>«Болады-болмайды» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: балалардың қоршаған ортадағы өзгерістер туралы білімдерін байыту</p>	<p>Танымдық және интеллектуалдық дағдылар</p> <p>«Атап айт және көрсет» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: геометриялық фигураларды, сандарды бекіту.</p> <p>«Неге ұқсайды?» дидактикалық ойын</p> <p>Мақсаты: ұқсастық пен айырмашылық бойынша заттарды салыстыру</p>	<p>Қарым-қатынас дағдылары</p> <p>«Отбасы мерекеге қалай дайындалады» ситуациялық ойын</p> <p>Мақсаты: нақты, толық сөйлеммен сөйлей білу, 5-6 сөйлемнен тұратын шағын әңгіме құра білу</p>

Серуен	«Бәйге» қимылды ойыны Мақсаты: жүгіру, ептілік, кеңістіктегі бағдар. «Аңшылар мен қояндар» қимылды ойыны Мақсаты: екі аяқпен секіру, сигнал бойынша әрекет ету. Балалардың қалауы бойынша қимылды ойындар. (Дене шынықтыру)
Балалардың үйге қайтуы	«Экологиялық тәрбие – адамгершілікке, руханиятқа және интеллектке тәрбиелеу» консультациясы (Whatsapp мессенджері)

ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: Ү.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ

Топ: Мектепалды даярлық

Топ жетекшісі: Есенкелді Қ.Е

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 01.04–05.04

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.04	Сейсенбі 02.04	Сәрсенбі 03.04	Бейсенбі 04.04	Жұма 05.04
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жеке әңгімелесу, қарым-қатынасқа арналған ойындар және балаларда жақсы көңіл-күй туғызу. Достық атмосферасын құру				
	«Сұлу көктем» Мақсаты: балалардың жақсы көңіл-күйін қалыптастыру. «Қоңырау» артикуляциялық гимнастика Мақсаты:	«Таңғы күн басталды» Мақсаты: қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңу. «Отбасы» саусақ ойыны Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (Сөйлеуді дамыту +	«Досыңмен болса» Мақсаты: бір-біріне қатысты жағымды эмоцияларды дамыту. «Қызғалдақ гүлдейді» саусақ гимнастикасы (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	«Достық» Мақсаты: балалар арасында достық қарым-қатынас, үлкендермен сыйластық қарым-қатынас орнату. Психогимнастика	«Шуақты күн» Мақсаты: балалардың жақсы көңіл-күйін қалыптастыру. Көктем туралы тақпақ, мақал-мәтел оқу. А. Саврасов «Ұзақ

	артикуляциялық аппаратты дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	сыртқы әлеммен танысу)		«Күншуақ қоян» Мақсаты: қарым-қатынастағы қиындықты жеңу. (Сөйлеуді дамыту+қоршаған ортамен танысу)	ұшып келді» сурет қарау. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + көркем әдебиет)
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Балалардың адамгершілік мінез-құлқы, үлкенді сыйлау, бір-бірін сыйлау туралы әңгімелесу. «Баланы кітап оқуға қалай үйретеміз» ұсыныстар				
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау)	«Ұқсас – ұқсамайды» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттар мен құбылыстардың негізгі, сипатты белгісін анықтау, оларды салыстыру, қарама-қарсы қою, сабақтас әңгіме құрастыру қабілетін арттыру. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) «Тап, үндеме» аз қимылды ойын Мақсаты: балалардың шыдамдылығын, сигнал бойынша қимылды орындау қабілетін арттыру; зейін сапасын дамыту. (Дене шынықтыру) «Үлгі бойынша құрастыру» ойыны Мақсаты: дайын үлгі бойынша құрылыс салу.	«Жетеді ме?» дидактикалық ойын Мақсаты: әр түрлі көлемдегі заттардың теңдігі мен теңсіздігін көру қабілетін дамыту; сан өлшемге тәуелді емес деген ұғымға келтіру (Математика негіздері + сөйлеуді дамыту) «Қолтырауын» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті, байқауды, зейінді дамыту. (Математика + дене шынықтыру) «Мен жасырдым...» үстел үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)	«Қоян үйіне жол тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: қозғалыс бағытын (оң, сол, түзу) анықтау қабілетін жетілдіру. (математика) «Қоянның ізін тап» аз қимылды ойын Мақсаты: бақылауды, көрнекі зейінді жетілдіру. (Математика + дене шынықтыру) «Санау және құрастыру» ойыны Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауын жетілдіру. (Математика + құрастыру)	«Колумб жұмыртқасы» ойыны Мақсаты: шығармашылық және ақыл-ой қабілетін жетілдіру. (математика) «Кім кетті?» аз қимылды ойын Мақсаты: зейінді дамыту, бірге ойнауға үйрету. (Сөйлеуді дамыту +математика) Ойын «Жануарларға үй салып берейік» Мақсаты: есте сақтау, сөйлеу қабілетін дамыту; балаларды басқа мәліметтерді қосу арқылы дизайн нұсқаларын жасауға шақырыңыз. (Құрастыру + сөйлеуді дамыту)	«Ғажайып квадрат» ойыны Мақсаты: дербес ойлау логикасын жетілдіру. (математика) «Не өзгерді?» аз қимылды ойыны. Мақсаты: балалардың кеңістікте бағдарлануын жетілдіру; көру зейінін дамыту. (математика) «Балалардың қалауы бойынша» ойыны Мақсаты: балалардың конструктормен жұмыс істеу дағдысын жетілдіру; құрылымды безендіруді үйрену, оны жөндеу; ойыннан, ұжымдық әрекеттен ләззат алу. (Құрастыру +

	(Құрастыру)				сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Бізге көктем тез келеді» әңгімелесу Мақсаты: ерте көктемнің белгілері туралы балалардың ойларын жинақтау; монологтық және диалогтік сөйлеуді дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	«Көктемде не болады?» дидактикалық ойын Мақсаты: балалардың көктемгі табиғат құбылыстары туралы түсінігін жаңарту; осы тақырып бойынша сөздік қорын белсендіру және толықтыру. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	Табиғаттағы көктемгі өзгеріс туралы әңгіме. Неліктен «Сұлу көктем» дейміз? Көктемге кім көбірек қуанады? П. И. Чайковский «Жыл мезгілдері» музыкасын тыңдау. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + музыка)	«Мен тұратын үй» әңгімелесу Мақсаты: тұратын мекенжайын білу, диалог жүргізе білу. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	«Жасыл дәріхана» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың дәрілік өсімдік туралы білімін бекіту. Дәрумен туралы ситуациялық әңгіме Мақсаты: көкөніс пен жемістің пайдасы туралы балалардың назарын аудару. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Қоршаған ортамен танысу Көктем белгілері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы бірлесіп зерттеулер жүргізуге деген қызығушылығын ояту. «Көктемде не болады?» дидактикалық ойыны. Көктемде болатын құбылыс тарды атап береді. Көктемде күн жарқырап сәуле шашады. Көктемде қар ериді. Көктемде қар еріп, әр жер қарайып жатады.	1.Сөйлеуді дамыту Күшік пен мысық. Шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Балалар, бүгін бізге «мысық» пен «күшік» қонаққа келіпті. Екі қонағымызды үстел басына отырғызайық. Ал сендердің үйлерінде мысық пен күшік бар ма? Сендер мысық пен күшіктеріңе не бересіңдер? Олар қандай тамақ жейді? Мысықтың дауысын кім салып береді? Ал сенің күшігің қандай дыбыс	1.Сауат ашу негіздері Түрлі-түсті сөздер. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Түрлі түстер әлеміне саяхат жасаймыз. 1-аялдама. Шарлар аялдамасы. Қызық, сары, көк түсті. Міне шарлар көп тіпті. Кане қайсысын таңдайсың. Түсін біліп алғайсың. Шарларды өз себетіне жинаймыз ойыны. Шарларды себетке салады.	1.Сөйлеуді дамыту Қасқыр мен түлкі. Шығармашылықпен әңгіме леп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару. Ертегі: «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып беру. Мазмұнын айтып түсіндіру. Сонан соң ұл балаларға қасқырдың, қыздарға түлкінің сөзін қайталауды ұсыну). Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек ет	1.Көркем әдебиет Ақкөжектің достары. Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Жұмбақ жасыру. Көлеңкесінен қорқып, безектейді, Ал оның баласын көжек дейді. Ол не? (Қоян) Балалар, көжек деген не? (Қоянның төлі) Көжек қандай болады? (Көжек кішкентай, жүні жұп-жұмсақ, сүйкімді болады) Бүгін Ботан

	<p>Көктемде шалшықтар пайда болады. Көктемде ағаштар бүршік жарады.</p> <p>Ойын түріндегі жаттығу. «Күнмен ойнайық».</p> <p>Тақтада сары түсті дөңгелектің суреті ілінеді. Тәрбиеші үстел үстін жатқан сары түсті жолақ қағаздарды дөңгелектің айналасына ілу керектігін айтады. Күн сәулесі қандай болады?</p> <p>Жылы, – деп, бір жолақты шеңбердің айналасына жапсырады. Жарық.</p> <p>«Бұл не?» атты дидактикалық ойын ойнауға шақырады:заттың қасиетін немесе қызметін атайды. Сол қызметті атқаратын немесе аталған қасиетке сай келетін заттардың атауын мейлінше көбірек атап көрсетуге тырысады.</p> <p>Тәрбиеші : Тамшылайтын зат, ол не? Балалар: Жаңбыр, нөсер жауын, сүңгі, кранның</p>	<p>шығарады?Тәрбиеші күшік пен мысықтың үлгі суреттерін іліп қояды.</p> <p>Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар?Күшіктің анасын қалай атаймыз? «Ит» деген сөз неше буыннан тұрады?Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды. Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз?Енді осы күшік пен мысыққа ат қойындаршы.</p> <p>«Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады? «Күшік пен Мысық» ертегісін оқу.Сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын сұрайды.Балалар, ертегі сендерге ұнады ма? Ертегі кейіпкерлерін атап беріндерші.Күшік келе жатып неге жолығады?Қасқыр не дейді?Күшік не дейді?Екеуі келе жатып нелерді көреді?Қасқыр нені жейді? Тойған Қасқыр Күшікке не дейді?Іші пысқан Күшік неге</p>	<p>2-аялдама Үйшік.Үйдің терезелерін саламыз ойыны.</p> <p>Балалар өз түсінесәйкестендіріп геометриялық пішіндермен терезе қояды.</p> <p>3-аялдама.Балалар пирамида сын ретімен жинайды.</p> <p>2.Математика негіздері</p> <p>Жыл мезгілдері.Уақытты бағдарлау.Айлар,жылмезгілдері туралы түсініктерді қалыптас тыру,олардың ретін білу және атау.</p> <p>«Бұл қашан болады?» ойыны. Жыл мезгілдерінің белгілерін атайды.Бұл қашан болады? Күн суық, жаңбыр жиі жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге үзіліп түседі. Құстар жылы жақтарға ұшып кетеді. Адамдар жеміс-жидек пен көгөністерді жинап алады. Бұл қашан болады? Далада аяз болады, қар жауады. Үлпілдек қар жауса, одан аққала соғуға болады. Сусылдақ қар да жауады. Өзен-көлдердің суы мұз болып қатады. Мұз қатты, салқын және</p>	<p>көреді. Екеуінің де жегісікеліпті.ҚасқырТүлкіге:Сен жей ғой, досым, – депті. Түлкі арсалаңдап: Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті.Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпан қауып алып, ет ұшып кетіпті. Түлкі етті қағып алып жеп қойыпты.Қасқыр: Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе, Түлкі:Оразам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөне ліпті.Сөздік жұмыс:«Ораза – тамақ жемей өзін ашқұрсақ ұстау» деген мағына екенін түсіндіреді.Ертегіде нелер жайлы айтылған?Қасқыр мен Түлкі дос болған ба? Екеуі жолдан не көрді? Қасқыр Түлкіге не деді? Сонда Түлкі не дейді? Еттегі қақпанға қайсысы түседі?Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе?</p>	<p>Қошымовтың «Ақкөжектің достары» ертегісімен танысамыз.</p> <p><i>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:</i></p> <p>Ертегі ұнады ма? Ертегі не туралы? Ертегі қалай аталады? Авторы кім? Ақкөжекті туған күнімен нелер құттықтап келді? Ақкөжектің көңіл күйі қандай болды? Достар не істеді? Жайлаудан Ақкөжекті құттықтауға тағы қандай төлдер келді?</p> <p><i>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:</i></p> <p>Ертегі ұнады ма? Ертегі не туралы? Ертегі қалай аталады? Авторы кім? Ақкөжекті туған күнімен нелер құттықтап келді? Ақкөжектің көңіл күйі қандай болды? Достар не істеді? Жайлаудан Ақкөжекті құттықтауға тағы қандай төлдер келді? Суретке қарап, әңгімеле. Суреттегі төлдердің көңіл күйі</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>шүмегінен тамшылаған су...</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Тапсырмаларды орындауға көмектесеміз.Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>«Қызықты құрылымдар» ойыны. Дидактикалық міндеті: балаларды сөзді дыбыстық құрамына талдауға жаттықтыру.Қажетті заттар: сөздердің құрылымдары, жетондар.Мазмұны: тақтада үш сөздің құрылымдары, мысалы: <i>доп, шана, қоян, әке және т. б.</i> Балалар берілген құрылымдар бойынша сөздерді тауып айтады. Жеңімпаз балаларға жетондар беріледі.</p> <p>«Біз суретте нені көреміз?» ойыны. Дидактикалық міндеті: сурет бойынша сөйлемдерді құрауға үйрету; жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету.Қажетті заттар: «Балабақшада»,</p>	<p>жолығады?Мысыққане дейді? Мысық не дейді?Күшік жолда нелерді көреді?Түйеге күшік тің шамасы келе ме? Міне, балалар әлін білмеген әлек деген осыдан қалған екен.Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу). Марғау мысықтың баласы екенін түсіндіреді.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал». Ойын шарты:Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.</p> <p>2.Қазақ тілі Жайлауда. Жайлау туралы түсінік беру, тақырып бойынша жаңа сөздермен тіл байлығын жетілдіру.</p> <p>Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап» Біздің Отанымыз қалай аталады?Біздің Отанымыз - Қазақстан Республикасы Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының,</p>	<p>тайғанақ. Бұл қашан болады? Күн жылынып, қар ери бастайды, жылғалардан су ағады. Жерде шөп және алғашқы гүлдер шығады, ағаштар бүршік атып, жапырақ жаяды. Жылы жақтардан құстар оралып, ұя салады.</p> <p>Бұл қашан болады? Күн ыстық болады. Өсімдіктер гүл атады. Адамдар өзен-суларға шомылады. Құстардың ұяларында балапандар пайда болады. Қуыршақты жыл мезгіліне сай киіндіруді ұсынады.Далада күн суық болғанда қалай киіну керек? Ал күн ыстық болғанда ше? Киім таңдауға көмектесулерін сұрайды.Тақтаға киім таңдауға көмек көрсету қажет баланың суреті ілінеді.Суреттің астында – жыл мезгілдерінің суреттері.Жыл мезгілдері туралы өлең оқу.</p> <p>Жыл мезгілдері Анасы балаларына ат қойыпты: Бірі Көктем, екіншісі Жаз, Үшіншісі Күз, Төртіншісі Қыс.</p>	<p>Ертегі қызық бекен, сендерге ұнады ма? Дидактикалық ойын: «Түлкінің құйрығын тап».Ойын шарты: балалар кима суреттерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді. Дәптердегі тапсырма орындалады.</p> <p>2.Қазақ тілі Киіз үй. Киіз үй жабдықтарымен таныстыру.Ұлттық бұйымдарды дұрыс айтуға үйрету. Фланелді тақтада «Жайлау» суретінқұрау.Берілгенсөздерден сөйлем құрастырады: шөп, көп, жайылады, үй жануарлар, жейді, таулар, өзен, киіз үй.<i>Жайлауда шөп көп. Жайлауда үй жануарлары жайылады. Олар шөп жейді. Жайлауда таулар, өзен, киіз үй бар.</i>Киіз үйдің суреті. Киіз үйде не бар? «Киіз үй» суретімен жұмыс. Киіз үй туралы қысқаша мәлімет беру.</p>	<p>қандай? Көжекті қандай төлдер құттықтады? Ұйқасын тап. Дамыл таппай бір мезет, Жортумен жүр ақ (<i>көжек</i>) Сен досыңның туған күніне не сыйлағың келеді? Суретін сал. «Туған күніңмен құттықтаймын!» деген сөйлемді түрлі екіпінде айт. Қалай айтқан дұрыс?</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Дауыссыз б-п.Сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Суретпен жұмыс. «Бала» сөзі «Б» дыбысынан басталып тұр. Кәне, бәріміз бірге «Б» деп айтайық.Енді «П» дыбысын айтайық. "П" дыбысы парта сөзінде бірінші болып тұр. Екі дыбыс бір-біріне өте ұқсас дыбыстар. «Б» мен «П» дыбыстарының</p>
--	---	---	--	--	--

	<p>«Мектеп», «Жазғы орманда», «Дүкенде» тақырыптарындағы мазмұнды суреттер. Мазмұны: тәрбиеші балаларға суретті көрсетіп, жайсөйлемді құрап айтады, мысалы: <i>Әсем келе жатыр</i>. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: <i>Әсем балабақшаға келе жатыр</i>. Келесі бала тағы бір-екі сөйлемді қосады. Кім ең үлкен сөйлемді құрап айтса, сол жеңімпаз болады.</p> <p>«Ойлан да аяқта» ойыны.</p> <p>Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту, дұрыс ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Ат шабады, ал қарға ... (ұшады) Ит үреді, ал қарға ... қылдайды) Жылан жорғалайды, ал балық ... (жүзеді) Қасқыр ұлиды, ал қой ... (маңырайды) Түйе боздайды, ал жылқы ... (кісінейді) Лимон қышқыл, ал қант ... (тәтті)</p>	<p>ауылының атын айтады). Отанымыздың бас қаласын ата? Отанымыздың бас қаласы – Астана. Өлкеміздің табиғаты бейнеленген «Жайлау» суретімен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру. Мынау не? Мынау – жайлау. Жайлауда ауа қандай? Жайлауда таза ауа. Мынау – таулар. Жайлауда таулар бар. Шағын мәтін құрап айтады: <i>Жайлауда салқын. Таза ауа. Жайлауда шөп көп. Жайлауда үй жануарлары жайылады. Олар шөп жейді. Жайлауда таулар, өзен, киіз үй бар.</i> Жаңылтпаш жаттау. Малға шөп керек, Шөп көп керек, Көк шөп керек. Тәрбиеші «Жайлауда» тақпақты оқиды.</p> <p>Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?» Ойынның мақсаты: зейін қойып тыңдауға, сөйлемді дұрыс құруға жаттықтыру. Ойынның шарты: сөйлемді тыңдап,</p>	<p>Көктем келсе, дала көкке оранып, Бұлбұл құстар сайрайды. Жаз келсе, айнала гүлге малынып, Жеміс-жидек піседі. Күз келгенде егін пісіп, Қамба астыққа толады. Қыс келгенде аппақ қарға оранып, Тынығады қара жер. Тандалған карточкаға сәйкес қуыршақ үшін киім таңдап, таңдауын түсіндіреді. Жыл мезгілдерін атайды</p> <p>3. Көркем әдебиет</p> <p>Төлдер айтысы. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қиынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту.</p> <p>Дидактикалық ойын Төлін тап. Ойын шарты: тақтаға үй жануарлары ілінеді. Балалар әрбір үй жануарларының қасына өз төлін тауып ілуі тиіс. Төлдер айтысы ертегісімен таныстыру. Төлдер бір-бірімен не үшін айтысты? Лақ не айтты? Құлын ше? Бұзау не деді? Қошақан, бота не</p>	<p>Жаңа сөздер мен таныстыру.</p> <p>Дыбыстық жаттығу</p> <p>Қ-қ-қ-қ- дық-дық – әдемі сандық. Қ-қ-қ-қ – мақ-мақ – сырмақ. Шағын мәтін: <i>Мынау – киіз үй. Киіз үйде сандық бар. Сандық ағаштан жасалады. Киіз үйде сырмақ бар. Сырмақ әдемі, жылы. Сырмақ жүннен жасалады. Киіз үйде алаша және домбыра бар.</i> Киіз үй ішінің көрінісі бойынша ойын: «Қайтала, көрсет». Тәрбиеші киіз үй ішіндегі заттарды атайды, балалар сөзді қайталап, суретін көрсетеді. Суретке қара. Сұраққа жауап бер. Киіз үйде не бар? Балаларға сұрақтар бере отырып 6 сөйлем дер құрату. Мысалы: <i>Киіз үйде сандық бар.</i> Суреттерге қара. Атауында «Қ» дыбысы бар заттарды көк қарындаш пен қорша.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Мен бес сөз білемін»</p>	<p>дұрыс артикуляциясы мынандай: «Б» – «П» дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қатты жұмылған еріндердің кілт ашылуынан сыртқа шығу нәтижесінде жасалады. Тәрбиеші балаларға "б", "п" дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтқызады. Тәрбиеші «Б» дыбысының буын ішінде келетін сөздерге мысал келтіреді: «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: Ба-ба-ба-бала. Бо-бо-бо-бота. Бө-бө-бө-бөрік. Табыл-дабыл. Бақа-бақбақ. Тәрбиеші балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады. Сөздерді дыбыс бойынша салыстыру Клуб, штаб, араб, куб;</p>
--	--	---	---	---	--

	<p>Өзен арықтан терең, ал арық ... (саяз)Егер үстел орындықтан биік болса, ондаорындық ... (үстелден аласа) Сен аяғыңмен жүресің, ал затты ұстағанда немен ұстайсың... (қолыңмен) Егер Самал үйден Айманнан бұрын шықса, ал Айман ... (кейін)</p> <p>3.Музыка Көктем әндері.Музыка тыңдау.Қазақ халық аспаптары:домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен,күй жанрымен,таныстыру.Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдарды бірге, мәнерлеп орындауға үйретуді жалғастыру. Балаларға жұмбақ жасыру: Сулар ағып жылғадан, Құстар әнін жырлаған. Бұлт айдары желбіреді, Бұл мезгілді қалай дейді?</p>	<p>қатесін түзету. Мысалы: Жайлауда таулар жоқ – Жайлауда таулар бар.</p> <p>3.Математика негіздері Апта күндері.Уақытты бағдарлау.Әртүрлі оқиғалардың,апта күндерінің реті туралы білімді бекіту. Тәрбиеші аттары апта күндеріне сәйкес келетін ағайындылармен ойын ойнауға шақырады: дүйсенбі ... жексенбі.Ағайынды апта күндері бейнеленгенсуреттер.Оларды санайды (7). Олардың атауларын қайталайды.Тәрбиеші ағайынды апта күндері әрқашан рет-ретімен келетінін айтады. Одан кейін күндерге реттік нөмірлер тағайындауды сұрайды және олардың астына 1-ден 7-ге дейін цифрлар жазылған карточкаларды қояды. 1-тапсырма.Атауы мен ретін хормен қайталау. дүйсенбі – бірінші күн, сейсенбі – екінші</p>	<p>деді?адам не деп жауап берді? Айналайын торпақ,бола берме қорқақ,Айналайын қозым,малда жуас бозым.Айналайын ботам, қандай күлте жотаң,Жалт-жұлт етіп лақ,жағалайсың бұлақ. Жұмбақ:Жарысуға дайын,менің қасқа ..тайым.Тастан тасқа секірген ұзын салпаң құлақты, Қойдан маза кетірген,кімбіледі.. лақты.Моп-момақан өзі,сүп-сүйкімді...қозы</p> <p>4.Дене шынықтыру Шабандоздар. Спорттық ойындар элементтері.</p> <p>Қимыл жаттығуы: «Кім шапшаң?» Сапқа тұрып жарысу. Ат шабысы естілетін күй әуенімен қамшыға арналған түзету жаттығуларын орындау. Арқа омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу. Қамшымен жалпы дамыту жаттығуларын жасау.Жарыс түріндегі негізгі қимылдарды орындау (3 рет).Тік қойылған баспалдақ</p>	<p>«Жайлау» тақырыбы бойынша балалар 5 сөз айтады.</p> <p>3.Математика негіздері Жыл айлары. Уақытты бағдарлау.Айлар,жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру,олардың ретін білу және атау.</p> <p>Сөздік жұмыс: жыл, ай. жыл мезгілдерін рет-ретімен атауды ұсынады. Балалар жыл мезгілдерінің әрқайсысында үш ай болатынын айтады.Айлардыңатауларын хормен қайталау.</p> <p>«Жыл бойы» ойыны. Тәрбиеші допты лақтырып, сұрақ қояды:Ақпан жыл ішінде нешінші ай? Жылдың соңғы айы қандай?Қазаннан кейінгі қандай ай? Жаз айларын ата және т.б.</p> <p>«Не істегенімізді айтпаймыз,не істегенімізді көрсетеміз» ойыны. Балаларға екі топқа бөлінуді ұсынады. Таңертең, күндіз, кеште</p>	<p>Мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп. «Б» ұяң – дауыссыз, ал «п» дыбысы – қатаң дауыссыз.</p> <p>3.Қоршаған ортамен танысу Мемлекеттік мерекелер. Мемлекеттік мерекелердің Тәуелсіздік,Республика күні,жаңа жыл,Наурыз,ғарышкерлер,аналармерекесіОтанқорғаушылар,балалар күні,Астана күні маңыздылығын түсіну,оларға белсенді қатысу. Жылы сөздер-Қандай жақсы,біз біргеміз. Қандай жақсы,біз бақыттымыз. Қандай жақсы,біз татумыз. Қандай жақсы,біз бір-бірімізге қажетпіз. Қандай жақсы, біз бір-бірімізге көмектесеміз. Қандай жақсы, біз бір-бірімізге қуаныш сыйлаймыз. Қандай жақсы, біз бір-бірімізді</p>
--	---	---	--	---	--

	<p>Балалармен көктем туралы, көктемде қайтып оралатын жыл құстары туралысұхбат жүргізу. Көктемде табиғатта болатын құбылыстар туралы әңгімелесу.суреттер көрсету.</p> <p>Музыка тыңдау: «Қараторғай» (Ақан сері, өндеген Б. Ерзакович).</p> <p>Ән айту: «Көктем» (Д.Гусинцев).Үйренген «Домбыра сазы» әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.</p> <p>Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).Әуенді тыңдай отырып, ырғаққа ілесе нық қимылдар жасау.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев).</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).</p> <p>4.Дене шынықтыру Көшбасшы бол.Баскетбол эле менттері.Кеуде тұсынан</p>	<p>күн...Адамдар қашандемала ды? Қашан жұмысқа шығады? Бүгін қандай күн? Кеше қан дай күн болды? Ертең қандай күн болады?</p> <p>2-тапсырма: апта күндерінің атауларын жаттауға жаттығу. Одан кейін бұл үйлерде ағайындылар – апта күндері тұратынын хабарлайды. Оларға реттік нөмірлерді жапсырамыз.Кімнің ... алдында, ... кейін, ... арасында тұратынын анықтаңдар.</p> <p>3-тапсырма. Тәрбиеші апта күні мен түстерді шашыраңқы атайды. Мысалы, сәрсенбі – көк, сейсенбі – қызыл, дүйсенбі – сары, сенбі – жасыл, жексенбі – қызғылт сары, бейсенбі-көгілдір, жұма – қызғылт.</p> <p>Апта күндерінің атауларын қайталайды. Күндерді рет-ретімен және шашыраңқы айтуға, «көршілерін» анық тауға жаттығады.Тапсырманы</p>	<p>сатыларының ара сымен жорғалау.Белгібойынша алғашқы ойыншы баспалдақ сатыларының арасымен жорға лайды, модульды айналып өтіп, дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы қамшыны келесі ойыншыға береді.</p> <p>«Жылан» Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру.</p> <p>Шабандоз. Тепе-теңдік сақтау – ұзын орындықтың үстімен жанына қарай, текшелерден аттап жүру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау ға назар аудару.Тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орын дайды.Ұзын орындықтың үсті мен жанына қарай, текшелер ден аттап жүреді. Қолдарын беліне қойып, басын төмен түсірмеуге тырысады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Шеңбер» (3 рет).Құрсаулар ды шеңбер бойыменорналасты</p>	<p>не істегенін анықтай ды.Ойын жаттығуы: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар.</p> <p>Алдымен көктем, одан кейін ...Алдымен күн..., одан кейін... Алдымен дүйсенбі, одан кейін ...Алдымен бүгін, одан кейін ...Алдымен қаңтар,одан кейін ...Екі топқа бөлінеді. Бір топ жасырылған іс-қимылды көрсетеді, екінші топ оны шешеді.</p> <p>Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады:</p> <p>4.Музыка Көктем әндері.Музыка тыңдау.Қазақ халық аспап тары:домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшелік терімен,күйжанрымен,т аныс тыру.Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдар ды бірге, мәнерлеп</p>	<p>толықтырамыз. Қандай жақсы,біз тәуелсізбіз.Қазақстанд а қандай мерекелер бар?</p> <p>Наурыз мерекесі:ұлыстың ұлы күні.Күн мен түн теңесетін кез.Қазақтың жаңа жылы.</p> <p>Бірлік мерекесі:І мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күні.</p> <p>Жеңіс мерекесі:ата бабаларымыздың соғыста жеткен күні.</p> <p>Тәуелсіздік мерекесі: Қазақстан Республикасының еркіндік,тәуелсіздік алған күні. мерекесі.</p> <p>Наурыз айында қандай мейрамдар бар?Наурыз мейрамы туралы не білесің?Наурыз сөзікөктем мерекесі,күн мен түн теңе седі.Жаңа өмірдің басы, жер бетінде жақсылық орнайды.Сүйіспеншілі к</p>
--	--	---	--	--	---

<p>екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p>«Суретті құрастыр» ойын жаттығуы.</p> <p>Бөліктерге бөлінген суреттерді қайта құрастырады. Берілген тапсырманы талдайды. Қимыл-қозғалыс жоспарын жасайды. Өздері білетін жаттығулармен салыстырады. Топқа бөлініп, негізгі қимылдарды орындау. Өз бетке ретіне тізбектерге бөлініп тұрады. Тәрбиешінің белгісімен топтар орындарын ауыстырады. Себетке доп лақтыру. (3 рет) Допты кеуде тұсында ұстап тұрып, ілгері-төменге қарай доға жасай отырып түсіріп, қолын қайта жоғары көтеріп түзеп, қолдарының басы мен саусақтарын аша отырып, допты екпінмен</p>	<p>орындап, апта күндерінің ретін айтады. Жапсырмаларды жапсырады. Тапсырманы орындап, әрбір күннің күндер жолағындағы орнын тауып, көрсетілген түске бояйды.</p> <p>4. Шығармашылық іс-әрекет</p> <p>Қайындағы құстың ұясы. Құрастыру: жұмысты бірге келісіп орындау. Ұжыммен бірге жұмыс істеуді үйрету, қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Сурет салу: ұжымдық жұмыс тарды орындап, ойдан сурет салуды үйрету.</p> <p>Мүсіндеу: заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау.</p> <p>Жапсыру: дайын үлгілермен жұмыс істеуді үйрету.</p> <p>Сұлтан Қалиұлының «Жыл құстары келгенде» өлеңінен үзінді оқу.</p> <p>Жыл құстары көктемде</p>	<p>рып қою. Ойыншылар өз құрсауларына тұрады. Әр құрсауда тек 2 ойыншы тұра алады. Бір ойыншы үлкен шеңбердің дәл ортасында тұрады. Белгібойынша ойыншылар өз құрсауларына жүгірген кезде ортадағы ортадағы «үйі жоқ» ойыншы кез келген құрсауға тұрып алады. Артық ойыншы енді ортаға тұрып, өзіне үй іздейді.</p>	<p>орындауға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Балаларға жұмбақ жасыру: Сулар ағып жылғадан, Құстар әнін жырлаған. Бұлт айдары желбіреді, Бұл мезгілді қалай дейді?</p> <p>Балалармен көктем туралы, көктемде қайтып оралатын жыл құстары туралы сұхбат жүргізу. Көктемде табиғатта болатын құбылыстар туралы әңгімелесу. суреттер көрсету.</p> <p>Музыка</p> <p>тыңдау: «Қараторғай» (Ақан сері, өңдеген Б. Ерзакович).</p> <p>Ән айту: «Көктем» (Д. Гусинцев). Үйренген «Домбыра сазы» әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.</p> <p>Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Әуенді тыңдай отырып, ырғаққа ілесе нық қимылдар жасау.</p>	<p>мейрамы, рақымдылық мейрамы. Үйдің айналасын тазалайды, бұлақтың көзін ашады. Наурыз көжеге дайындалады. Бата береді. Ұлттық ойындар ойналады. Алтыбақан, күш сынасу, қыз қуу, арқан тартыс, бәйге.</p> <p>Сөзді тап ойыны.</p> <p>Жұппен жұмыс. Сен білесің бе?</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Спортпен шұғылданамыз. Спорттық ойындар элементтері.</p> <p>«Жаттығуды бастадық – бұл бір! Алшақ – алшақ басайық – бұл екі! Тоқтама сен, кідірме – бұл үш! Күн күлімдеп тұр көкте! Тамаша! Үлкен боламын, күшті болам, ер болам! Тамаша!»</p> <p>Мәтін бойынша қимылдар жасайды. Бірден-екіден тізбекке тұру. Қозғалыс кезінде</p>
---	--	---	---	--

	<p>себетке бағыттап лақтырады. Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Гимнастикалық қабырғаға аяқты аяққа сүйеп аттап, қиғаш өрмелеу. (3 рет) Баспалдақтан-баспалдаққа өткенде аяқ пен қол қимыл дарын үйлестіру, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп шығады да, аяқты аяққа сүйеп аттап, қиғаш түседі. Баспалдақ сатыларынан мықтап ұстайды: төрт саусақпен үстінен, бас бармақ пен сатынан ұстайды.</p> <p>Ойын жаттығуы «Тыңда, орында!». (2 рет) Жүргізуші 1-2 қимылды айтып, қайта лайды. Балалар тура сол ретпен қимыл-қозғалыстарды қайталауы керек.</p> <p>«Дұрысын көрсет!» ойын жаттығуы. Жүргізуші: «Көңіл күйлерің қалай?», «Көңіл күй қандай?».</p>	<p>Шаршап бізге жеткенде, Құшақ жая қарсы алсақ, Ұя жасап, ән салсақ, Бір ғанибет емес пе? Тәрбиеші бүктемелерден құстардың суретін көрсете отырып сұрақтар қояды:</p> <p>Көктемде құстар қай жақтан ұшып келеді? Ұшып келген құстарға қандай қамқорлық көрсетеміз? Қандай құстарды білеміз? Бүгін сендермен бірге осы құстарға ұя жасаймыз. Үлестірмелі материалдағы суреттер. Үлестірмелі материалдағы сюжетті суретке мұқият қарап, қоңыр түсті ұя бөліктерін қиямыз. Қағазды екіге бүктеп қию және шаршы шеттерін қию арқылы дөңгелек пішіндерді қиып алу әдістерімен ұяның бөліктерін қиып аламыз. Енді дайын болған ұя бөліктерін жапсырамыз. Балалар қимыл-қозғалыстар жасайды.</p>		<p>Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).</p>	<p>қайта сап құру. Ара қашықтықты сақтауға тырысады. Бірғақты гимнастика. Зейінін шоғырландырып, қимылдарды бірғақты орындап, бірқалыпты тыныс алуға тырысады. Негізгі жаттығуларды ойын түрінде орындау. Оң қол, сол қолмен лақтыру. Қолдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыру. Денені жұмырлап, алдыға қарай дөңгелеп, арқасына аунап түсу. Денені жұмырлау – отырып, тізесін біріктіріп, қолдарын еденге, шынтактарын денесіне қысып, арқасын дөңгелету. Бастапқы қалыптан негізгі акробатикалық жаттығулар жасау. «Орындарыңмен ауысындар»</p>
--	---	--	--	---	--

		<p>Құстар дем алуда. Құстар ұшады. Құстар жем шоқиды, Құстар ұясына қонады. «Құстар – біздің досымыз» тақырыбына әңгіме құрастырады. Балалар шығармашылығы.</p>			<p>қозғалыс ойындары. Залды екіге бөлетіндей етіп, ортаға арқан төселіп салынады. Әр команда залдың бір бөлігіне орналасады. «Жүгір!» деп белгі берілгенде, балалар өз бөлігінде шашырап жүгіреді. «Ауысамыз!» деп белгі берілгенде, екі топ ауысады. Қай топ бірінші болып толық ауысып үлгереді, сол топ жеңіске жетеді. Дыбыстарды айту арқылы тыныс алу жаттығуларын орындау.</p>
Серуенге дайындық	<p>Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс қою және мұқият бүктеу; түрлі сыдырмаларды қолдану қабілетін бекіту. Сыдырманы саламыз Сенің киіміңде: Түйме мен ілгекті, Түрлі батырманы. (Сөйлеуді дамыту)</p>				
Серуен	<p>Адамдардың киімін бақылау Мақсаты: талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту; қысқы және маусымдық</p>	<p>Күнді бақылау Мақсаты: күннің қозғалысы туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру; күн қызуына байланысты</p>	<p>Бұлтты бақылау Мақсаты: дүниені тұтас қабылдау негізі ретінде жер-көктің бірлігі жайлы түсінік қалыптастыру. «Нысананы көзде»</p>	<p>Ауа-райын бақылау Мақсаты: көктемде табиғаттың өзгеруі Жердің Күнді айналуымен байланысты екендігі</p>	<p>Тамшыны бақылау Мақсаты: температураға байланысты судың өзгеруі туралы білімді бекіту; зерттеушілік</p>

	<p>киімдерді атау. Еңбек қызметі: учаскедегі жұмыс - су ағыны үшін ойық тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеу қабілетін дамыту. «Түйе мен бота» қимылды ойыны Мақсаты: моторика, коммуникативті және шығармашылық қабілетті дамыту. Жеке жұмыс: қимылдарын дамыту Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды, тепе-теңдік сезімін жақсарту. «Көктемде аулада қандай қауіп бар?» ситуациялық әңгіме Мақсаты: қауіпсіз мінез-құлық ережесін тәрбиелеу. (Сөйлеуді дамыту + сыртқы дүниемен таныстыру + дене шынықтыру)</p>	<p>табиғаттың көктемгі өзгерісі туралы түсінікті жүйелеу. Еңбек қызметі: үйілген қарды тез еруі үшін арасын ашу. Мақсаты: ересектерге көмектесуге деген құштарлықты тәрбиелеу; судың бір күйден екінші күйге өту қасиетін бекіту. «Қаз көпірі» қимылды ойыны Мақсаты: жаңа ойынмен танысу; ептіліктерін, төзімділігін дамыту. Жеке жұмыс: секіруді дамыту Мақсаты: 1-2 м қашықтықта екі аяқпен алға секіруге жаттықтыру. Аулада балалардың дербес дене белсенділігі. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)</p>	<p>қимылды ойын Мақсаты: балаларды тік және көлденең нысанаға допты лақтыруға үйрету. Еңбек әрекеті: балаларға қарды шашуға көмектесу. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, істелген істен қуаныш алуға тәрбиелеу. «Жылға» қимылды ойын Мақсаты: балаларды қол ұстасып, әр түрлі бағытта жүруге және жүгіруге, жүресінен отыру, тұруға үйрету. «Жаңа сөз тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: баланың бір дыбысты қабылдау кезіндегі ойлауын дамыту. Баланың серуендегі өзіндік әрекеті, таңдау ойындары. Мақсаты: балалардың қарым-қатынас, жанжалды жағдайдан шығуға назар аудару. Жеке жұмыс Мақсаты: тәулік реті туралы білімді бекіту. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)</p>	<p>туралы түсінік қалыптастыру; табиғаттағы маусымдық өзгеріс туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: жолды сыпыру, қоқыс жинау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеу қабілетін дамыту. «Қаз көпірі» қимылды ойын Мақсаты: қимыл дағдысы мен білігін жетілдіру; дене рефлексиясын дамыту; балалардың спортқа қызығуын қолдау. Жеке жұмыс: секіруді дамыту Мақсаты: тепе-теңдікте қимыл жасада өзін-өзі сақтандыруға үйрету. Балалардың дербес әрекеті Педагог бақылауымен балалардың өз бетінше әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)</p>	<p>әрекетке үйрету. Еңбек қызметі: қоқыс жинау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеу қабілетін дамыту. «Қоян» қимылды ойын Мақсаты: ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету; кеңістікте бағдарлауды дамыту. «Жаңа сөз тап» дидактикалық ойыны (айтылған дыбысқа) Мақсаты: баланың бір дыбысты қабылдауда ойын дамыту. Баланың серуенде өз бетінше әрекеті, таңдау ойындары. Мақсаты: баланың қарым-қатынасына, жанжалды жағдайдан шығу жолдарына назар аудару. (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)</p>
Серуеннен оралу	<p>Киімді реттілікпен шешу, шкафқа салу, қолды жуу. Белгілі бір реттілікпен өз бетінше киіну және шешіну, өз заттарын шкафқа дұрыс орналастыру дағдысын жетілдіру. Жуыну кезінде «Тазалап жу, суды аяма. Алақандар қардай аппақ болсын» тақпақ айту (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p>				
Балалардың	«Қуыршақ» сюжетті-	«Саяхат» сюжетті-рөлдік	«Банк» сюжетті-рөлдік	«Отбасы. Қарлығаштың	«Петрушка» сюжетті-

дербес іс-әрекеті	рөлдік ойыны Мақсаты: үйлесімді сөйлеуді, сюжетті дамыту, киімді топтау: көше, үй, мерекелік, жұмыс. «Не артық?» дидактикалық ойын Мақсаты: логикалық ойлауды, зейінді дамыту. «Теңіз толқиды» қимылды ойыны Мақсаты: қиялды, реакцияны дамыту. Үстел үстіндегі дидактикалық ойындар Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын, табандылығын дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	ойыны Мақсаты: сюжетті дамыту, рөлдерді өз бетінше бөлу. Ойын жаттығуы «Лентаны кім тезірек шешеді?» Мақсаты: зейінді, ептілікті, реакцияны дамыту. «Қатені тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: себеп-салдарлық байланысты, ойлауды анықтау. «Әр қадамға арналған сөз» қимылды ойыны Мақсаты: қимылдарды үйлестіру, сөйлеуді, бағдарлауды дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту + математика)	ойыны Мақсаты: рөлді таңдап, соған сәйкес әрекет ету; ынтымақтастық дағдысын дамыту; ойында әлеуметтік шындық құбылысын бейнелеу; балалардың бақылау, экскурсия, ересектермен қарым-қатынас барысында көргендерін ойынға беру. «Жұмбақ жасыр, шешеміз» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың бақшада және бақта өсетін өсімдіктер туралы білімін бекіту, оның белгілерін атау. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	туған күні» сюжетті-рөлдік ойын Мақсаты: ойында әлеуметтік шындық құбылыстарын көрсету; бірге тұратын адам ретінде отбасы туралы түсінік қалыптастыру; жақындарына қамқорлық жасауға деген ұмтылысты тәрбиелеу; өз отбасына деген мақтаныш сезімін дамыту; балалардың сөздік қорын белсендіру. «Ертегіні айт» дидактикалық ойыны Мақсаты: кейіпкерлердің маскараларын мақсатына және мәтінге сәйкес қолдана білу. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	рөлдік ойыны Мақсаты: балаларда түрлену қасиетін, көркемдік шеберлігін дамыту; мерекелік көңіл-күй туғызу. «Сурет салу» дидактикалық ойыны Мақсаты: шығармашылық қабілетті дамыту (еркін сурет салуға арналған қарындаш, фломастер). «Кімге не керек?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)
<p>мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау.</p> <p>Төрт бұлағы – сүт, өзі күшті, мүйізі мықты, Шайнаңдағаны сағыз.Сиыр.</p> <p>Қамыс құлақ, тостаған тұяқ,</p> <p>Мінсең – қанат, сүті – дәрі, еті – тамақ.Жылқы.</p> <p>Кішкентай ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар.Қой.</p> <p>Жарға шығып ойнайды, Ойынға бір тоймайды, Болса-дағы сақалы, Секендеуді қоймайды.Ешкі.</p> <p>Кездесті бір жануар, Үстінде екі тауы бар.Түйе.</p> <p>Бұлардың бәрін бір сөзбен қалай атауға болады? Оларды бір сөзбен үй жануарлары дейді. «Адамдар үй жануарларын неге ұстайды және олардың қандай пайдасы бар?» деген сұраққа жауап іздейді. Неге үйде мысық пен ит ұстайды? Адамдар қандай</p>	<p>Аспанда бір ана бар, Маңы толған балалар. Ай мен жұлдыздар әлемін ғарышкерлер зерттейді. Сендер қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме?Ғарышкер немен ұшады?Ғарышкер қандай болу қажет? Ж.Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқу.</p> <p>Аспан,аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын! Ғарышкер мен де боламын, Боламын десем,боламын.</p> <p>Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын. Көктің жүзін барлаймын, Үлкен ғалым боламын, Боламын десем,боламын.</p> <p>Өлеңдегі бала кім болуды армандайды?Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма? Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен</p>	<p>анықтау.</p> <p>«Торғайлар мен мысық» ойыны.</p> <p>Тәрбиеші г – «мысық», ал қалғандары «торғайлар»болады.Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады.</p> <p>«Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қоныпжүреді.</p> <p>Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. «Ж» – «Ш» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы:«Ш» – «Ж» дыбыстарын айтқанда ерін дөңгеленеді де алға қарай жиырылады.Тіл ұшы жалпақ танып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ тимейді.«Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар: Ша-ша-ша-шана. Шу-шу-шу-шуда. Шы-шы-шы-шыны. Ше-ше-ше-ше-шелек. Ши-ши-ши-шиө. Шө-шө-шө-шөп. Аш-аш-аш-ашық.</p>	<p>Қырда жүрер ол жортып, Іні де жоқ бармайтын. Құйрығымен бұландап, Қандай аң ол алдайтын? Түлкі.Көзі тостақ,өзі қорқақ.Қоян.Түлкі – айлакер аң, ал қоян – қорқақ аң.Балалар, түлкіні жыртқыш аң десек, ал қоян жыртқыш аң емес.Қоян – өте қорқақ аң, қоянды үйде де асырауға болады.Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының ертегісімен танысамыз.Түлкі мен қоян ертегісі.Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді.Қасқыр мен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай қиналыпты. Сол үшін Қасқыр Түлкінің артына еріп, андыпжүріпоның ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе,</p>	<p>балалар әдебиетінің атасы. Ы.А. балаларға арнап мектеп ашқан.Тұңғыш рет қазақ әріптерінің алфавиттік ретін жасап,оқулық жазып шығарыпты.Оның Қазақ хрестаматиясы қазақ балаларына арналған тұңғыш оқу құралы болып табылады.Ы.Алтынсарин Кел,балалар оқылық өлеңін оқу.Қазақ әліпбиінде 42 әріп бар.оның 9-ы қазақ тіліне тән әріптер,33-і орыс тілі мен қазақ тіліне ортақ әріптер.Қазақ тілінде 12 дауысты және 26 дауыссыз дыбыс әріптері бар.Бәйге ойыны. Дауысты дыбыс әріптерінің тапсырмасы.Сөзжұмбақты шешу.Дауыссыз дыбыс әріптерінің тапсырмасы.Мақал-мәтелдер.</p> <p>Орамал тастау ойыны. Жаңылтпаштарды жаңылмай айту</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Сөйлем.Буындардан сөздер,сөздерден сөйлем құрастыруға үйрету.</p> <p>«Кері әрекетті айт» ойыны. Асан кірді, анам ... <i>(шықты)</i></p>
---	--	---	---	--

<p>жануарлар дан жүн алады? Неліктен адамдар түйе, сиыр, жылқы, қой мен ешкіні үй жануары деп атаған? Олардың төлдерін қалай атайды? Үй жануарлары орманда тіршілік ете алмайды. Себебі олар ондай жағдайда тіршілік етуге үйренбеген. Төлдер әнін айту. «Ой-пой-пой» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші мынадай жағдай ларды мысалға келтіреді: Үй жануарлары орманда тіршілік ете алады. Адам үй жануарларын бағады. Шошқа бағушы жылқыға күтім жасайды. Жылқыларға арнап жылқы қора салады. Егер балалар тәрбиешінің айтқанымен келіссе: «Ой-пой-пой, дәл солай!» – деп жауап береді. Егер келіспейтін болса: «Ой-пой-пой, олай емес!» – деп жауап береді.</p>	<p>айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді. Ал сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар? Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек. Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Мақалды жаттау. 2.Қазақ тілі Аулада.Сөздік қорларын молайту. Кішкентай әліппе Бота: Б-ны Ө- ге қосып,«Бө», – дейді. Лак: М-ны Е-ге қосып,«Ме», – дейді. Қозы: М- ны Ө- ге қосып,«Мә» – дейді. Ал мен: М-ны А-ға қосып,«Ма», – деймін, «Ма-ма», – деймін, «Мама!» – деймін. Қандай төлдер аталды? Бота не дейді?Лак не дейді?Қозы не дейді? Үй жануарлары қайда тұрады?Ойын: «Аулада». Жаңа сөздермен таныстыру. Балалар, мынау – аула. Мынау не?Мынау – аула. Аулада не болуы</p>	<p>Ұш-ұш-ұш-ұшқыш. Ыш-ыш-ыш-қыш. Өш-өш-өш-көш. Жаңылтпаш. Шемішке шақсаң шақ, Шапшаң шақ. Шөбіңді шапсаң шап, Шапшаң шап. Ж дыбысын буын ішінде келтіру. Жа-жа-жа-жалау. Жо-жо-жо-жол. Жу-жу-жу-жусан. Жы-жы-жы-жылан. Жи-жи-жи-жиек. Же-же-же-жер. Жә-жә-жә-жәшік. Аж-аж-аж-гараж. Жаңылтпаш айту. Жоғалды бес ешкі, Жоқ әлі еш сыбыс. Жоқ әлі еш сыбыс, Жоғалды бес шыбыш. Дидактикалық ойын: «Не жақсы, не жаман?» Ойын шарты: Берілген суреттерден жақсы және жаман істерді тауып көрсету керек. 2.Математика негіздері Санау және теңестіру. Өртүрлі оқиғалардың,апта күндерінің,тәулік бөліктері</p>	<p>Қасқыр Түлкіні өлтіріп тастар еді.Түлкі орманда келе жатып, ағаш түбінде отырған Қоянды көреді. Ол мезгілде Қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге: «Мені өлтірме, құйрығымды сыйға берейін», – деп жалыныпты. Міне, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.Ертегі сендерге ұнады ма?Ертегі де нелер туралы айтылған?Ерте заманда Түлкінің құйрығы қандай болыпты?Түлкі Қасқырмен тату тұрмаған соң не істеген?Бір күні не болыпты?Түлкі қалай құтылып кетіпті?Өлден соң ағаш арасына кірген Түлкі нені көреді?Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге не депті?Иә, балалар,</p>	<p>Анам құйды, Марат ... (төкті) Айгүл жинады, Айсұлу... (шапты) Әкем келді, ағам... (кетті) Атам ашты, әжем... (жапты) Балалар, біз дыбыстардан сөз құралатынын білеміз. Әтеш, әткеншек – бұлар сөздер, сөйлем болу үшін бір аяқталған ойды білдіру қажет. Бір сөзден сөйлем құралмайды.Ендеше, осы сөздер ден сөйлем құрап көрейік.«Әтеш» сөзі үй құсының атын білдіріп тұр. Аяқталған ой жоқ. Онда «әтеш» сөзі сөйлем емес.Әтеш әдемі екен. Бұл сөйлем бе?Сөйлем.Дұрыс айтасыңдар, сөйлем, өйткені аяқталған ойды білдіріп тұр. Әтештің әдемі екенін хабарлап айтып тұр.Сөйлем үш сөзден құралып тұр. Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысып тұр. Яғни біз өз ойымызды сөйлемдер арқылы жеткізеді екенбіз. Сөйлем аяқталған ойды білдіреді. «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші суреттерді көрсетеді (көбелек, көлік,</p>
--	--	--	--	---

	<p>2.Сауат ашу негіздері Дауыссыз дыбыстар д-т. Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауыстыжәнедауыссыз дыбыстарды анықтау.Балаларға ойын бөлмесіне, ойын бұрышына саяхат жасату. Балалар, мына көріп тұрғандарың "Шаштараз" бұрышы, мынау ақ халат, жедел жәрдем, дәрі-дәрмек, ине, барометр,кеуде тыңдағыш тұрған бұрыш қалай аталады? – деп балалардан сұрайды.Ал ыдыстар, жапқыштар тұрған бұрыш қалай аталады? Көліктер, жол белгілері, бағдаршам тұрған бұрыш қалай аталады? Міне, сендер ойын бұрышындағы түрлі ойыншықтармен таныстыңдар.Балалар, сендер ойын бөлмесіненқандай ойыншықтарды көрдіңдер?Ойыншық</p>	<p>мүмкін? <i>Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.</i> Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға орналастырады. Аулада сиыр бар. т.с.с. Құстардың суреттерін аулаға орналастырады Шағын мәтінді оқиды. Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық. Аулада үй құстары да бар: этеш, тауық, қаз, үйрек, күркетауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді. Ойын: «Жалғастыр». Үй жануарлары не жейді? Үй жануарлары ... жейді. Мысық нені жақсы көреді? Мысық ... жақсы көреді. Мысыққа сүтті кім береді? Адамдар мысыққа ... береді. Адамдар құстарға жем береді. Адамдар</p>	<p>нің реті туралы білімді бекіту. Ойыншық дүкеніне барғыла рың келе ме?Онда не бар екенін көрейік.Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз.Тәрбиеші тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі.Олар тең болуы үшін не істеу керек?Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Сол жақтағы ойыншықтарды санаймыз. Тәрбиеші ойыншықтарға саусақ тигізіп,дауыстап санауды сұрайды. Мысалы, 4 ойыншық кесе бар.4 саны жазылған карточканы қоямыз.Тәрелкелер</p>	<p>содан бері Түлкінің құйрығы ұзын болыпты, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты. Дидактикалық ойын: Буынды жалғастыр. Ойын шарты: тәрбиеші аң аттарының бірінші буынын ғана айтады, балалар соңғы буынын тауып, толық атын айтады.Мысалы, Түл – ..., қо – ..., қас – ..., кө – ..., мыр – ..., жол – 2.Қазақ тілі Қазақстан барысы. Сөздік қорларын молайту. Ойын: «Мен 5 жабайы жануарын білемін» <i>Жабайы жануарлардың атауларын қима суреттер арқылы қайталау.</i> Мынау – арыстан.Арыстан үлкен. Мынау – жолбарыс. Жолбарыс үлкен.Ең үлкен жануар – піл.Мынау – керік. Керіктің мойны ұзын.Мынау–маймыл.</p>	<p>тарақ, кітап, қоян т.б.). Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды. «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы <i>Әр дұрыс жауапқа тәрбиеші балаларға жұлдызша беріп отырады.</i> -та буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.<i>Тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, таңқы, тау, тауық, таутеке, тазы,тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.</i> -ба буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.<i>Балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақбақ, бақыр, Бағжан, байгазы, байлық, базар, Базаргүл, балиық т.б.</i> -са буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.<i>Сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.</i> Ойын соңында жұлдызша ең көп бала жеңімпаз болады. 3.Қоршаған ортамен танысу Жыл құстары.Жылқұстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу,құстардың пайдасы туралы білу,оларға қамқорлық жасау. Тоқылдақ</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>тар неден жасалған екен?Ойыншықтардың түстері қандай?Ойын бұрышында көрген доп "Д" дыбысынан басталады. Ал шаштараз бұрышындағы тарақтар "Т" дыбысынан басталып тұр.</p> <p>«Д» және «Т»дыбыстары – бір-біріне ұқсас дыбыстар. Тәрбиеші осы дыбыстарды айнаға қарап айтқызады. (Үш дауыста айтқызады). Екі дыбыс та – дауыссыз дыбыстар.Дыбыстардың дұрысайтылуартикуляциясы</p> <p>«Д» дыбысын айтқанда тіліміз алдыңғы, астыңғы тістерге қатар тиеді. «Т» дыбысын айтқанда тіліміз үстіңгі тістің түбіне тиеді.Тәрбиеші «Д» және «Т»дыбыстарын буын ішінде айтқызады.</p> <p>Да – да – дала. До – до – доп. Та – та – тарақ. Енді ойыншықтар</p>	<p>құстарға не береді?Адамдар құстарға ... береді.</p> <p>3.Математика негіздері</p> <p>Тура және кері санау. Өртүрлі оқиғалардың,апта күндерінің,тәулік бөлікте рінің реті туралы білімді бекіту.</p> <p>Ойын жағдаяты.</p> <p>Пойызбен саяхат жасауды ұсынады. Нөмірлері бар вагондарды шашыраңқы орналастырады (7-кесте).1-тапсырмағаарналған суреттің материалы бойынша есептік және реттік санауды ұсынады. Одан кейін вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша тәрбиеші 1-ге азайту амалын көрсетеді.Сонымен $10 - 1 = 9$ $9 - 1 = 8$ $8 - 1 = 7$ $7 - 1 = 6$</p> <p>Одан кейін тәрбиеші</p>	<p>ді санаймыз. Олар неше? (3)</p> <p>Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ?Енді басқа сөредегі ойыншықтарды санаймыз.</p> <p>Неше шырша бар? (5). Неше саңырауқұлақ бар? (6)</p> <p>Одан кейін тәрбиеші екі түрлі ойыншықтардың саны тең болған жағдайда оларды салыстыруды ұйымдастырады.Алмаларды санаңдар. Олар неше?(5).Алмұрттарды санаңдар. (5). Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ? Олар тең. Олардың санының тең (бірдей) екенін белгілеу үшін біз білетін қандай таңба бар?Дұрыс, ол «=» таңбасы. Жазбаны оқыңдар: $5=5$.Бекіту үшін жұмыс дәптерінде 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Теңестіру үшін бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет деген</p>	<p>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпазанықталады.</p> <p>««Қазақстан барысы» ертегісін оқу.Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген. Жұмыс дәптерімен жұмыс.Ертегі кейіпкерлерін тап. Ата. Белгіле. Мақалды жатта. Күш-білекте емес,жүректе.</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>«Аудармашы»</p> <p>Тәрбиеші сөздерді орыс тілінде атайды, балалар қазақ тіліне аударады: сказка, барс, барсук, соревнование.</p> <p>3.Математика негіздері</p> <p>Таразы. Салмақ бойынша таразыға өлшеуге болатыны,</p>	<p>Құртты іздеп ініне Қарағайды үнгіген. Тоқылдақ құсы-дәрігер. Қашан да ол әбігер. Жұмбақ жасыру.</p> <p>Ағашта болса егер мен, Хабар беріп морземен, Тұмсығымен емдейді, Сосын көңіл демдейді. Тоқылдақ. Жем көрсе, Шықылықтапқалтандайды, Сескенсе,Жыпылықтап жалтандайды.Сауысқан. Салатын ұяны.Өткір көзі шегір,Бүргенін құртар тұяғы. Бүркіт.Күрделі сұрақ: жарқанат дегеніміз не, құс па әлде жәндік пе?Талқылайды, жарқанаттың басы, денесі, 4 аяғы, қанаттары бар,бірақ тұмсығы жоқ, аузында тісі бар,балапандарын сүтпен қоректендіреді, сондықтан ол – құс емес, аң деген қорытындыға келеді. Табиғатта құстардың көптеген түрлері бар. Біз қайда қыдырсақ та – қалалық саябақта болсын, теңіз жағалауында болсын, ауылда немесе орманда болсын, құстарды кездестіреміз. Және олардың барлығы дерлік ұша алады. Құстар – қанаты мен қауырсыны бар жануарлар. Қауырсыны</p>
--	---	--	--	---	---

	<p>арасынан ұнаған ойыншықтарыңды алып, сол туралы әңгіме құрап, суреттеп беріңдер.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».</p> <p>Ойын шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді.</p> <p>Жаңылтпаш.</p> <p>Топ бала, топ бала, Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала.</p> <p>3. Музыка</p> <p>Қайырлы таң. Лирикалық вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка</p>	<p>вагондардың бір-бірден туннельден шығып жатқанын хабарлайды. Біз оларды қалай санаймыз? Жазба жазуға болады: $1+1=2$ – оны оқыңыз. $2+1=3$ және т.б. Одан соң ойынның жалғасы ретінде 1-тапсырма орындалады. Осылайша балалар 10-ға дейін тура және кері санауды, 1-ді қоса есептеуді, 1-ге азайтуды білетін болады. 1-тапсырманы жалғастыру үшін тәрбиеші балалардың қала сыртына шана тебу үшін барғаны туралы сюжетті жалғастырады.</p> <p>Тапсырма. Неше бала шанамен төбешіктен сырғанауға дайындалып тұр? Төбешікте неше бала тұр? Барлығы неше адам?</p> <p>Тәрбиеші жазбаларды қарап, жетіспейтін сандарды жапсыруды ұсынады. 1-ден 10-ға дейін санайды. ді қосу мен 1-ге азайтуға арналған есептерді шығаруға қаты</p>	<p>қорытындыға келеді.</p> <p>Балалар ойыншықтарға саусақ тигізіп санайды. Цифр жазылған карточка ларды алады. Осы карточкаларды ойыншықтардың астына қояды. Ойын шықтардың тең санын салыстырып, теңдік құрастырады. $5=5$. Оны оқиды. Тапсырманы орындайды.</p> <p>3. Көркем әдебиет</p> <p>Құстар біздің досымыз. Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Балалардың назарын жыл мезгіліне көктемге байланысты табиғаттағы құбылыстарды, өзгерістерді байқауға аудару. Құстардың келуі және ұя салуы, балапан шығаруы. Құстардың дауысына және сыртқы құрылысына қарап ажырату.</p> <p>С. Көбеев Құстың ұясы деген әңгімесін оқып беру.</p> <p>Орнымыздан тұрайық, Құстай канат қағайық.</p>	<p>таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразытабақшасынан заттарды алу керек деген ұғыммен таныстыру.</p> <p>Салмақ бойынша теңдіктер мен теңсіздіктер құруға, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету. Дүкендегі таразы туралы сұхбат ұйымдастыру. Суретте рдегі таразыларды көрсетеді. Таразы үлгісін көрсетіп, осы құралды қай жерден көргені, оның не үшін қолданылатыны туралы айтып беруді сұрайды.</p> <p>Заттардың айырмашылықтары пішіні және түсімен ғана шектелмейді, олардың салмағы да әртүрлі. Заттардың қайсыбірі жеңіл, қайсыбірі ауыр болады. Заттың сыртқы түрі бойынша қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтауға бола ма?</p>	<p>олардың денесіндегі жылуды сақтауға көмектеседі және құстарға қайталанбайтын, ешкім дікіне ұқсамайтын әр беріп тұрады. Құстар өз-өзін күтеді. Қауырсындарын жиі-жиі тазартып, оған май жағып тұрады. Сонымен қатар олар ескі қауырсындарды жұлыптастайды. Көп ұзамай орнына жаңасы шығады. Құстар ұяда тіршілік етеді. Әдетте олар ұясын жапырақтардан, шөптен, ағаш бұтақтарынан салады. Бірақ тас үйінділерінің арасында, тауың басында өмір сүретін құстар да бар. Құстың анасы жұмыртқа салады, содан соң оны денесімен жылытып, балапандар жарып шыққанша басып отырады.</p> <p>Күрделі сұрақ: құстар неліктен жылы жаққа күзде ұшып кетеді? Ал күзде құстар топталып, жылы жаққа қыстауға дайындалады.</p> <p>Жәндіктермен қоректенетін құстар мен таныстырады. Олар: қараторғай, қарлығаш, көкек, сарыторғай, бұлбұл, қаратамақ торғай. Сіз көк</p>
--	---	--	--	---	--

	<p>әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауғаталпынту, серіппе, аяқты өкшегеқойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.</p> <p>Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д.Нұрпейісова).Дина Нұрпейісованың суретін көрсету, шығармалартуралы әңгіме өткізу.Балаларға күйді тыңдатып, ішінен бұлбұлдың сайрағанын ести білуге ұмтылдыру, қазақтың киелі аспабын құрметтей білуге дағдыландыру.</p> <p>Ән айту: «Қайырлы таң» (Е.Өміров).Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.Әннің ішінде кездесетін «рауан», «шапақ» сөздерінің мағынасын түсіндіру.</p> <p>Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев).Балалар би үйрену барысында қоянның қимылдарын көрсетеді. Қосаяқтап секіріп, орында рында тұрып айналып</p>	<p>сады 1-тапсырманы орындайды. Суреттің сюжетін қарайды. Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>4.Шығармашылық іс-әрекет</p> <p>Көлшікте. Құрастыру:жазық қағаз пішіндерді көлемді пішін дерге өзгерту,қауіпсіздік ережесін сақтау. Сурет салу:ойдан сурет салуды үйрету. Мүсіндеу:бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау. Жапсыру:дайын үлгілермен жұмыс істеуді үйрету. Бақа туралы жұмбақ жасыру. Сулы жерді мекендеп, Құрлықта да секендеп, Шыбын-шіркей андиды, «Жемге қашан жетем» деп.</p> <p>(Бақа) Бақа қайда өмір сүреді? (Суда.) Дұрыс айтасындар! Суды немесе көлшіктерді мекен</p>	<p>Бір отырып,бір тұрып, Біз тынығып алайық. Құстардың суреттері. Олардың түрлерімен таныстыру.Құстардың немен қоректенетінін әңгімелеу.Олардың табиғат ты қорғаудағы ролі туралы айтып өту.Құстар бау-бақшаны зиянды құрт-құмырсқадан тазартады. Осыған байланысты адамдар да құстарға қамқорлық жасайды.Құс тарға ұя жасау,тамақтан дыру,жем шашу,т.б. Құстар туралы мақалдар. Тырна көлге қонады, Ара гүлге қонады. Қыран құс құз қиянын сағалайды, Болар бала ізгі істі сағалайды. Жұмбақ: Көлдің көркі сәні екен, Ұшқанда сазды әні екен. Ақындар оны мақтаған, Адамдар қорғап ақтаған.Аққу.</p> <p>Бұл қандай құс</p>	<p>Салыстыруға арналған заттар 2 ағаш текше –(біреуі кішкентай, екіншісі үлкен. Көлемі бірдей 2 шар – бірі ағаш, бірі пластмасса.Үлкен, жеңіл зат, мысалы, шар және кішкентай ауыр зат, мысалы, металл мәшине. Салмақты қалай дәл анықтауға болады? Талқылау барысында таразыны пайдалану керек деген қорытынды жасалады. Суретті қарауды сұрайды. Таразыны теңестіру үшін не істеу керек? Балалар сұхбатқа қатысады. Болжамдар ұсынып, заттарды қолға алып, қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтайды. Сыртқы түрі бойынша заттың салмағын ажырату мүмкін емес деген қорытынды жасайды. Салмақ заттың қандай материалдан жасалғанына байланысты</p>	<p>аспанда қалықтап ұшқан құсты, құстардыңтопталып ұшып бара жатқанын көрдіңбе?Біз олардың жылы жаққа ұшып бара жатқанын көп көре бермейміз. Себебі олар қауіпсіздеу болғандықтан негізінен түнде ұшады екен. Ал сендер қыстау үшін жылы жаққа кететін құстардың белгілі бір тәртіпті сақтап ұшатынын білесің бе? Және құстардың ұшу тәртібі де бөлек, бір-біріне ұқсамайды. Суреттерді ұшып кету тәртібі бойынша қарастырады:тырналар, үйректер, аққулар сыналап ұшады, көкқұтан, тырна, тырнақұтан қанаттарын бір-біріне қарай жазып, сап түзеп ұшады,үйректер, шалшықшы құстар тік сызық түзеп немесе доға құрап ұшады.Қараторғайлар, барылдақ торғайлар мен өзге де ұсақ құстар ешқандай тәртіп сақтамай, қалай болса солай ұшабереді. Ал бүркіт, қаршыға сынды ірі құстар жалғыз ұшқанды жақсы көреді.</p> <p>«Үйшік» ойыны.Өзқолындағы заттың тәрбиешініңқолындағыдан айырмасын немесе ұқсастығын табуды ұсынады.</p>
--	--	--	--	--	--

<p>билейді. Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев). Ойын кезінде жануарлардың төлдерін шатастырмай атап, солардың қимыл-қозғалыс тарына мән беріп ойнайды. Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» 4.Дене шынықтыру Көтеріңкі көңіл-күй. Спорттық ойын элементтері. Допты оң қол және сол қол мен алып жүруге жаттықтыру. Ойын жаттығуы: «Дәл тауып көрсет», жүргізушінің рөлін ойнау: «Көңіл күйлерің қалай?», Сызық бойында тұрып, жүргізушінің сұрақ тарына жауап береді. Жауаптарын сәйкес қимыл дармен қатар орындайды. Бір-бірден тізбекке қатарға тұрады. Доппен орындала</p>	<p>етеді. Сондай-ақ мультфильмдерден көргеніміздей, көлшіктер де тағы нелер мекендейді? бақа мен үйрекке біздің көмегіміз керек екен. Өйткені олар өз көлшіктерінен адасып қалыпты. Міне, қарандаршы! Экраннан ағаш басында отырған бақа мен таудың үстінде жүрген үйрек көрсетіледі. Үлестірмелі материалдағы сюжетті сурет көрсетіледі. Кәнеки, оларды әдемілеп қиып жапсырып, өз көлшіктеріне орналастырайық. Үлестірмелі материалдан үйректің бөліктерін қиып аламыз. Алдымен денесін: екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі денесін қиямыз;басын: шаршы шеттерін қию арқылы дөңгелек пішінді қиып алу;қанатын; - тұмсығын; - көзін. Қиып алынған үйректің</p>	<p>дидактикалық ойыны. Максаты:ерекшеліктері не қарай құстарды сипаттап айтуға үйрету және оларды ажырата білу. 4.Дене шынықтыру Өз денемізді өзіміз басқарамыз. Спорттық ойын элементтері. Ойын жаттығулары: «Шеңберге шапшаң тұра қал!»Шеңберге шапшаң тұру, бастапқы қалыпқа дұрыс келу, белгіленген жерге тұру: алдына- артына, оңына-солына.Кинезиологиялық гимнастика. Негізгі қимыл жаттығуларын кезек-кезек орындау: секіртпемен жаттығудағы қауіпсіздік ережелерін сақтау.Қысқа секіртпеден секірулер – бастапқы қалыпқа тұру (секіртпені артқа қарай қойып ұстау), аяқтың басымен ырғақпен жеңіл секіреді. Ойын жаттығуы: «Ойна, ойна, доптан жаңылып қалма!».(10</p>	<p>болады.Қарап, сұрақтарға жауап береді: бір табақшада заттар көбірек,сондықтантаб ақша төменге түскен.Соңғы суретте табақшалардағы заттар тең.Ойланады, заттарды қосу немесе азайту керек деген қорытынды жасайды. 4.Музыка Ғарыш әлеміне саяхат. Лирикалық вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау,әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу,әннің қарқынының өзгеруін байқау,шығармаларды сипаттай білу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус). Балалармен би қимылдарын көңілді, жеңіл, ойнақы билеу. Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров).Әннің мәтінін орындап</p>	<p>Б: Түк-түк. Үйшікте қай жануар тұрады? П: Бұл – мен, әтеш. Өзіңше? Б: Мен қарғамын. Кіргізші мені үйіңе. П: Кіргізейін. Бірақ сен ол үшін біз бір-бірімізге ұқсаймыз деуің керек. Б: Біз құстармыз ғой. Сен де сайрай аласың, мен де... сенің де қанатың бар, менің де қанатым бар. Мен астықпен қоректенемін, сен де... П: Ал енді біздің айырмашылықтарымызды айтып бер. Б: Сен әтешсің, үй құсысың. Ал мен дала құсымын. Бір-бірімізге түсіміз де ұқсамайды. Мен жақсы ұшамын, ал сен ұша алмайсың... «Үшіншісі артық» дидактикалық ойыны. Мақсаттары: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. Тәрбиеші құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.).Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі?Талқылау. «Зиянкес жәндіктер мен</p>
--	---	---	---	--

	<p>тын түзету жаттығулары: допты оң қолының астына қойып жүру, аяқ басымен жүргенде допты басынан жоғарыкөтеру, өкшемен жүргенде допты алдыға созып ұстау. Үш-үштен қатарға тұру. Доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындау. Арақашықтық сақтау. Бастапқы қалыпқа допты түсірмей дұрыс тұруды қадағалау. Негізгі қимылдарды орындау (10 рет): Допты жоғары лақтырып, жерге түсіп, қайта ұшқан кезде екі қолмен қағып алу – допты алдына ұстап тұрып жоғары-алдыға лақтыру, саусақ бастарымен қағып алу, кеудеге тигізбеу. Допты басынан асырып жібермеуге тырысады. Бір орында тұрып, жерге соғылған соң допты екі қолдың басымен қағып алады. Егер доп домалап кетсе, қолына беруге тырысады. Допты себетке алдымен</p>	<p>бөліктерін бір шетке қою керек. Әйтпесе ол бақаның бөліктеріне араласып кетеді. Енді бақаның бөліктерін дайындаймыз. -денесін: үлкен үшбұрышты қиямыз; басын: тікбұрыштың шеттерін қию арқылы сопақша пішінді қиып алу; - шаршыларды үшбұрышты етіп қию әдісімен аяқтарын қиып аламыз: кіші үшбұрыш – артқы аяғы, ұзын, ұсақ үшбұрыштар – алдыңғы аяғы; көзін: екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию әдісімен дайындаймыз; қызыл жарты дөңгелек – аузы. Енді бөліктерді жапсырамыз. Балалар шығармашылығы.</p>	<p>рет) Допты жоғары лақтырып, қолдары мен арт жағында шапалақ ұрып барып қайта қағып алу. Шапалақ ұрып үлгеру үшін допты жоғарырақ лақтыруға тырысады. Допты қайта қаққанда саусақтарын еркін ұстайды. Тепе-теңдік сақтау. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Теңіз толқиды» Ойыншылардың ішінен жүргізуші сайланады. Басқалары бір адым қашықтық ұстап, шеңбер бойымен тұрады. Олардың әрқайсысы тұрған жерінде шеңбер сызады. Жүргізуші балалардың арасымен «жыланша» аралап жүреді. Қай баланың қасына келіп: «Теңіз толқиды» деп айтса, сол бала орнынан тұрып, артынан еріп, тізбек құрайды. Бірнеше бала қосылып, тізбек ұзарғанда кенет: «Теңіз тыныш» десе, барлығы өз орындарына жүгіреді. Шеңберіне тұра алмай</p>	<p>болған соң, балалармен әңгіме жүргізу. Балаларға 12 сәуір Ғарышкерлер күні екенін айтып, интерактивті тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасап, ғарышкерлер мен таныстыру. Ғарышкерлердің суреттерін көрсету. Ғарыш аймағы орналасқан Байқоңыр қаласы туралы атап өту. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Ғарышкер боламыз» Ш. Мұхамед жа нов. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Жылдам екпіні мен ырғағына мән беру, секірмелі фа-си, соль-до дыбыстарын таза айтуға көңіл бөлу. Үйренген «Қайырлы таң» әнін (Е. Өміров) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға</p>	<p>кеміргіштерді жояды» 4. Дене шынықтыру Таза ауада ойындар. Спорттық ойын элементтері. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау: «Киіз үй» татар халқының ойыны. Балалар төрт бұрышқа төрт дөңгелек болып қол ұстасып, төрт топқа бөлініп тұрады. Әр шеңбердің ортасында оюлы орамал жатады. Балалар қырындап, жанына қарай қозғалып жүріп айтады. «Сек-секек» татар халқының ойыны. Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар дөңгелете қойылған құрсауларға орналасады. Жүргізуші ортада тұрады. Жүргізуші «Сек-секек» дегенде, ойыншылар бір аяқпен секіріп, тез орындарын ауыстырады. Жүргізуші де олармен бірге бір аяқпен секіріп орын табуға тырысады. «Тастар» орыс халқының ойыны. Өкшеге басып отырған күйден «тастарды» лақтырып, қайта қағып алу – алақанды ауыстыру. Өкшеге басып отырған</p>
--	---	---	--	--	--

	<p>бірінші, сосын екінші тізбек апарып салады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тырақай».</p> <p>Ойыншылар шеңбер құрып қол ұстасады, тек бір бала – «малай» ортада тұрады.</p> <p>Ойыншылар шеңбермен жүріп, қайталап айтады: «Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш – деп санаңдар Бір, екі, үш – ал тараңдар!»</p> <p>Сол сөздерді айтып, залмен шашырап қаша жөнеледі. Малай болса, оларды ұстап алуға тырысады.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Күлімдейміз күндей!»</p> <p>Малдас құрып дөңгелетіп отырады. Бір-біріне күлімсіреп, көңіл күйін береді.</p>		<p>қалған ойыншы жүргізуші болады.</p>	<p>баулу.</p> <p>Билер:</p> <p>Балаларға белгілі бір әуенді орындап, сол әуенге лайық ойдан би қимылдарын жасату. Өз беттерінше би билеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Ойын: «Қанша дыбыс» ойыны («Дидактикалық ойындар» жинағынан).</p> <p>Балалардың есту қабілетіне арналған ойынды балаларға жеткізе білу. Ойналып отырған дыбыстың нешеу екенін анықтау.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні</p>	<p>күйден «тастарды» алақанын жазып лақтырып, қағып алады. Келесі лақтырғанда алақанын аударарды.</p> <p>«Қасқырға қақпан» қазақ халқының ойыны</p> <p>Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бір топ қасқырға қойылған қақпан құрып, дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ал екінші топ еңбектеп, қақпанның астынан кіріп-шығып аралап жүреді. «Кәне, кәне, халайық, Қасқырға қақпан құрайық. Кәне, қақпан берік бол, Қасқыр, қасқыр, келіп көр!» – дегенде, бірінші топ қолдарын төмен баса қалады. Қақпан жабылды. Қақпанда қалып қойған қасқырлар ойыннан шығады. Сосынкоманда лар орындарына уыстырып ойын жалғаса береді.</p> <p>Аз қимылдайтын ойын: «Сақау-мылқау» тәжік халқының ойыны.</p> <p>Ойыншылар шеңберге тұрады. Бастаушы не оң жағындағы, не сол жағындағы балаға бір қимылды көрсетеді. Ал ол бала әрі қарай келесі балаға көрсетеді. Ойыншылардың мақсаты – біреуді сөйлету,</p>
--	--	--	--	--	---

					немесе күлдіру. Ойында ең төзімді болған бала жеңеді.
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс орналастыру және ұқыпты бүктеу, әр түрлі бекіткіштерді қолдану қабілетін бекіту. Бекіткішті бекітеміз Сенің киіміңде: Түймелер мен қалталар, Әр түрлі тойтармалар. (Сөйлеуді дамыту)				
Серуен	<p>Көктемгі күнді бақылау Мақсаты: балаларға ерте көктем туралы алғашқы түсінік беру; табиғаттағы көктемгі алғашқы өзгеріс – шуақты күн туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек қызметі: учаскедебұтақ жинау. «Үйсіз қоян» қимылды ойын Мақсаты: ойын ережесін сақтай білуді қалыптастыру; дербестікке тәрбиелеу. «Ормандағы аюда» қимылды ойын Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша жылдам қозғалуға үйрету; дыбысты айтуға жаттықтыру. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Бұлтты бақылау Мақсаты: жансыз табиғат құбылыстары туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі «Құлын» қимылды ойын Мақсаты: балаларды бір-бірден бірге қимылдауға, қимылды үйлестіруге үйрету «Сұр қоян отыр» қимылды ойын Мақсаты: ептілікті, жылдамдықты арттыру (сигнал бойынша жүгіру). Аулада балалардың дербес дене белсенділігі. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>«Жыл құстарымен танысу» бақылау Мақсаты: балалардың қыстайтын және қоныс аударатын құстар туралы түсінігін кеңейту. Көркемсөз Қараторғай келді - Біздің өлкеге. Торғайлар шалшықта Су ішеді, Үйшігіне тасиды Тұмсығымен шөпті. Г.Ладонщиков Еңбек қызметі «Аю мен ара» қимылды ойын Мақсаты: дене белсенділігін дамыту. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Желді бақылау Мақсаты: ауа райының өзгеруі туралы ойларын бекітуді жалғастыру; жел, оның қасиеті туралы түсінік қалыптастыру; желдің бағытын анықтауға үйрету. Еңбек қызметі Қимылды ойын: «Желден де жылдам», «Кім биік?». Мақсаты: жүгіру жылдамдығын дамыту; оңай секіруді үйрену. «Тауыққорадағы түлкі» қимылды ойын Мақсаты: кеңістікте бағдарлауға үйретуді жалғастыру; бір-біріне соқтығыспау қабілетін дамыту. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен</p>	<p>Ауа райын бақылау Мақсаты: табиғаттың маусымдық өзгерісі туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: учаскедебұтақ жинау, ағаш-бұтабұтағын кесу және байлау. «Құстың ұшуы» қимылды ойын Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша қимылды жылдам орындауға үйрету. «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: балаларды бір-біріне соқтығыспай, жан-жақты жүгіруге, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p>

				танысу)	
Серуеннен оралу	Киімді реттілікпен шешу, шкафқа салу, қолды жуу. Белгілі бір реттілікпен өз бетінше киіну және шешіну, өз заттарын шкафқа дұрыс орналастыру дағдысын жетілдіру. Жуыну кезінде тақпақ айту «Тазалап жу, суды аяма. Алақандар қардай аппақ болсын» (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)				
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Жәндікті құрастыр» дидактикалық ойыны Мақсаты: зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. «Теңіз толқиды» қимылды ойын Мақсаты: қиялды, реакцияны дамыту. Үстел-үсті баспа дидактикалық ойындар Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын, табандылығын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру + қоршаған ортамен танысу)	«Саяхат» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: сюжетті дамыту, рөлдерді өз бетінше бөлу. «Ата және көрсет» дидактикалық ойыны Мақсаты: ең типтік белгілер бойынша сипаттауға үйрету. «Өрмекші мен шыбын» қимылды ойыны Мақсаты: дене белсенділігін дамыту. (Сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру + қоршаған ортамен танысу)	Жәндіктер туралы тақпақ оқу. Жұмбақ шешу. «Көбелек» дидактикалық ойыны Мақсаты: зейінін, есте сақтауын, қиялын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу + көркем әдебиет)	Қимылды ойын: «Көбелек», «Жұлдызқұрт» Мақсаты: қозғалыс белсенділігін, зейінін, есте сақтауын, қиялын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру + қоршаған ортамен танысу)	«Суретті аяқта» дидактикалық ойыны Мақсаты: шығармашылық қабілеттерін дамыту (еркін сурет салуға арналған қарындаш, фломастер). «Кімге не керек?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту. (Сөйлеуді дамыту + сурет + қоршаған ортамен танысу)
Балалармен жеке жұмыс	Қарым-қатынас дағдысы «Әдемі айтуға көмектес» дидактикалық ойыны Мақсаты: зат есімді сын есіммен келісе білуге жаттықтыру	Танымдық және интеллектуалдық дағды Графикалық диктант Мақсаты: кеңістікте бағдар, қол моторикасын дамыту, жазуға дайындау	Қарым-қатынас дағдысы «Ағашты тап» дидактикалық ойын Мақсаты: Ағаштарды белгісі: пішіні, бұтақтың орналасуы, қабығы, жапырағы, гүлінің түсі мен сыртқы түрі бойынша тану	Шығармашылық дағды «Гүлдер» жапсырмасы Мақсаты: қайшымен жұмысты бекіту, қиялды дамыту.	Танымдық және интеллектуалдық дағды «Ол жасырынған жерді тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: кеңістікте бағдарлауға үйрету
Балалардың үйге қайтуы	«Біздің торғай ұясы» балалар сурет байқауы Мақсаты: ата-ананың назарын экология тәрбиесі мәселесіне аудару.				

<p>Ата-ананы топ учаскесінде сенбілікке тарту «Баланың белсенділігі – оның денсаулығының кепілі» стендтік кеңес Мақсаты: мектеп жасына дейінгі баланың жеке ерекшелігі туралы ата-ананың түсінігін жалпылау, оны отбасы тәрбиесінде пайдалану.</p>
--

ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: **Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ**

Топ: **Мектепалды даярлық**

Топ жетекшісі: **Есенкелді Қ.Е**

Балалардың жасы: **5-6 жас**

Жоспар қай кезеңге жасалды: **22.04–26.04**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.04	Сейсенбі 23.04	Сәрсенбі 24.04
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жеке әңгімелесу, қарым-қатынасқа арналған ойындар және балаларда жақсы көңіл		
	<p>«Мен демалыс күнін қалай өткіздім» әңгімелесу Мақсаты: үйлесімді сөйлеуді, есте сақтауды дамыту. «Қонақтарды қарсы алу» дидактикалық ойыны Мақсаты: жақсы форма ережелерін бекіту; қазақ тілінде диалог жүргізе білу. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді</p>	<p>«Үй жануарлары» әңгімелесу Мақсаты: үй жануарлары туралы түсінікті бекіту. Саусақ гимнастикасы. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Орманда аңдар жойылса не болады?» әңгімелесу. Мақсаты: қоршаған шындықты суреттеу, монологтық сөйлеу қабілетін дамыту. «Кім жасырынғанын тап?» ойыны. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>

	дамыту)		
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Балалардың ересектерге деген құрметі туралы ата-аналармен әңгімелесу, құрдастарымен дұрыс диалог жүргізу мүмкіндігі. Сұраныс бойынша жеке кеңес беру		
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау)	<p>«Оқиғалар тізбегі» дидактикалық ойыны Мақсаты: ерікті зейін дағдыларын жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) «Жаңа жерлерге» аз қимылды ойын Мақсаты: мотор-қозғалтқыш назарын бекіту; қозғалыс жылдамдығын дамыту. (Дене шынықтыру) «Жұп суреттер» ойыны Мақсаты: суреттерде көрсетілген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей бейнелерді таңдау қабілеттерін арттыру; ойын ережесін сақтай білуге тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + математика)</p>	<p>«Жеуге болады – болмайды» дидактикалық ойыны (доппен). Мақсаты: зейінін қалыптастыру; заттардың негізгі, маңызды белгілерін анықтау қабілетін дамыту. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Ассоциация» ойыны. Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Математика + сөйлеуді дамыту) Үстел ойындары «Ертегіге бару» Мақсаты: пікірталас барысында басқа балалармен қарым-қатынас жасау және шешімді іздеу. (Математика + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Қорап» дидактикалық ойыны Мақсаты: объектілерді түсі бойынша көрреляциялау қабілетін арттыру. (Математика + шығармашылық) Аз қимылды ойын «Ойлан, айналып өт» Мақсаты: құлақ арқылы анықтау және іс қалпына келтіру қабілетін жетілдіру көлемдік немесе жазық типтегі жады объектісі. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) Үстел ойындары «Ізде және тап» Мақсаты: жеке жыл мезгілдеріне тән белгілерді ажырата білуге жаттықтыру. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>«Қазақстан халықтарының достығы» сабағы Мақсаты: балалардың Отанымыз туралы білімі мен түсінігін кеңейте отырып, патриоттыққа, бейбітшілікке, ұлттық келісімге тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу) «Түрлі түсті ою-өрнек» үстел үсті ойыны. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Үй және жабайы жануарлардың суреттерін қарау Мақсаты: жануарлар мен олардың мекендейтін ортасын өз бетінше ажырата білу. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Аңдарды тамақтандыру» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларда берілген тапсырмамен сан сәйкестігін қалыптастыру (тақырып, әртүрлі аңдарға қажетті жемді дұрыс таңдай білу). (Математика)</p>	<p>«Біздің орман жануарлары» тақырыбын бейнематериал таңдау. «Еліктеушілер» ойын жаттығуы Мақсаты: балалар мұғалім көрсететін жануарлардың әрекеттеріне еліктейді, ошақырады немесе мұғалімнен кейін қайталайды. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>1.Қоршаған ортамен танысу Құстардың пайдасы.Құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Күн,Ай және Қораз. Шығармашылықпенәңгімелеп беруді жетілдіру,</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Сөйлем құрап үйренеміз. Буын тұлғымдарды қалыптастыру,сөздерді буындарға бөлу,</p>

	<p>Суретпен жұмыс. Үй құстарын атайды. Адам күтіп-бағатын құстарды үй құстары деп атайды. Адамдар оларға қамқорлық жасайды. Балапан дарды: балапан, үйректің балапаны, бала қаз, күрке тауық балапаны деп атайды. Адамдар құстарға жем, су береді, оларға арнап күрке, қора салады. Құстардың пайдасы көп. Олардың еті мен жұмыртқасы – тамақ, жүнін тұрмыста қолданады, яғни көрпе. Жастық жасайды. Қарындашпен қоршап сызады. Балалардан суреттерді құрастырып, онда ненің бейнеленгенін айтып беруді сұрайды. Балалар бөлінген бөліктерден этеш, күрке тауық, қаз, үйрек, тауықтың суреттері бейнеленген карточкалар құрастырады. Үй құстарының қауырсыны мен тәжірибелік жұмыстар ұйымдастырады. Қауырсындының қасиеттерін анықтайды. (тығыз, қатты, үлкен). Бұл қауырсынды жеңіл ма, ауыр ма? Салыстыру үшін балалар бір қолына қауырсынды, екінші қолына тас салады (жеңіл екен). Жоғары қарай лақтырады. Қауырсынды жерге айналып, асықпай қалықтап түседі. Өзің зерттеген қауырсындының суретін сал.</p> <p>«Іс-әрекетті таңда» ойыны. (доппен ойналады). Балалар бір-біріне доп лақтырып, құстардың іс-қимылдарын атайды: ұшады, шоқиды, секіреді, сайрайды, қауырсынды тазалайды, ұя салады, балапан</p>	<p>әңгімелер құрастыру. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз. Жұмбақ жасыру. Алтын кетті, күміс келді. Күн мен Ай. «Ай, Күн және Қораз» туралы аңызды оқу. Айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды. Аңызда нелер туралы айтылған? Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді? Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді? Екеуі қалай келіседі? Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді? Түн батып ай шыққанда ше? Дидактикалық ойын: «Дыбыстың орнын анықта» Ойын шарты: Тәрбиеші бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Балалар «Қ» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек. «Қ» – қала, аққала, сандық.</p> <p>«М»-моншақ, отырмын, өшірдім.</p> <p>2. Қазақ тілі</p> <p>Оқушыға не керек? Сөздік қорларын молайту.</p> <p>Қима материалмен жұмыс.</p> <p>Ойын «Алтын сақа сөз жинайды» (Мектеп, оқу құралдары бойынша)</p>	<p>олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер, сөйлемдер құрастыруға үйрету.</p> <p>«Жалпы атауын ата» ойыны. Құлпынай, таңқурай, қарақат ... (жидектер) Түймедақ, қызғалдақ, рау ... (гүлдер)</p> <p>Көбелек, қоңыз, маса, құмырсқа ... (жәндіктер) Сиыр, ешкі, қой, жылқы (малдар)</p> <p>Күн, түн, таңертең, кеш – ... (күн уақыты)</p> <p>Дыбыстармен жұмыс. «Тиісті түсті кесу» дидактикалық ойыны</p> <p>Тәрбиеші дыбыстарды айтады: а, б, у, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көрсетеді. Егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дауыссыз болса, көк фишканы керек. «Сөз айт, тез айт» дидактикалық ойыны.</p> <p>Тәрбиеші балаларды үш топқа бөледі. Бірінші топқа дауысты дыбыстардан басталатын сөздер, екінші топқа қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын, үшінші топқа ұяң және жұмсақ дыбыстардан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Сөз айтқан командаға тәрбиеші жалауша беріп отырады. Мысалы: дауысты дыбыстардан бастала тын сөздер: алма, ана, арна, ай, алқа, орындық, от, Омар, он, оң, ол, ымырт, ірімшік, ілгіш, үтік, үй, үйшік, өрмекші, өшіргіш, уық, уыз т.б.</p> <p>дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер: қаймақ, қалта, қазан, қоңыз, қора, қатық, құй, қасқыр, қоқыс, таң, ферма, сабын, хат, циркуль, щетка, картон, т.</p>
--	---	---	--

	<p>басады, балапандарына қам қорлық жасайды, ұйықтайды, ағаштың бұтағына қонып отырады, қорек іздейді.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері Сөйлем сызбасы. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға үйрету.</p> <p>«Бөлшектерінен тап» ойыны. Көз, ауыз, желбезек – ... (балық) Бас, қанат, аяқ – ... (құс) Құлақ, көз, жал – ... (жылқы) Бас, мүйіз, сақал – ... (ешкі) «Жоғалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны Мен сендерге суреттерді көрсетіп бір дыбысы жоғалған сөз айтамын, сендер сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтасыңдар. Мысалы: көгерші... (н), балмұзда... (қ), домбыр... (а), қасқы... (р), шыри... (а), банк... (а), шеле... (к), арб... (а), сегі... (з), уылдыры... (қ), күнбағы... (с), монш... (а), кіта... (п), журна... (л), үсте... (л), орынды... (қ), баспалда... (қ), мекте... (п), қола... (п); (а)... лқа, (м)... оншақ, (т)... ауық, (а)... лжапқыш, (б)... ояу, (ж)... олбарыс, (а)... рыстан, (ж)... ылқы, (б)... алық, (т)... өсбелгі т.б.</p> <p>«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны Балалар, мен сендерге қандай да бір дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында кездесетініне мысал келтіремін. Егер дыбыс сөздің басында</p>	<p>Арман: Мен бүгін бір оқушының сөмкесін әкелдім. Ішінде не бар? Балалар кезекпен келіп сөмке ішіндегі таныс заттарды алып атап, топтайды. Ойын барысында жаңа сөздермен таныстыру.</p> <p>Сөздік ойын: «Оқушы не істейді» Оқушы қаламмен жазады. Оқушы қайшымен қағаз қияды. Оқушы қылқаламмен сурет салады. Оқушы сурет дәптерінде сурет салады. Оқушыға оқу құралдары не үшін керек? Оқушы қаламмен жазады. Қайшымен қағаз қияды. Қылқаламмен сурет салады. Сурет дәптерінде сурет салады. Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды. Сөздерді бекітуге арналған «Сақ бол» ойыны. Тәрбиеші оқу құралдарын бірде дұрыс, бірде қате айтады. Зейін қойып тындап, балалар «қатесін» түзетеді.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сөйлем құра». Берілген сөздермен сөйлем құрау. Оқушы, керек, кітап. (Оқушыға кітап керек). Жаз, қалам. (Қаламмен жазады). Сынып, мектеп, бар. (Мектепте сынып бар)</p> <p>3. Математика негіздері Өлшеу. Өткенді қайталау. Практикалық жұмыс. Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру. Балаларға жұптарға бөлініп, үстел</p>	<p><i>сағыз т.б.</i> Ұяң және үнді дыбыстар басталатын сөздер: <i>бақа, вагон, газарыш, доп, жаңбыр, зәкір, лақ, маңағашы, радио, суық, гүл, балық, май, жұлдызқұрт, жұдырық, жұмыртқа.</i> <i>Дана т.б.</i></p> <p>«Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны. Балалар, мен сөйлемнің басын айтамын, сендер мағынасына аяқтайсыңдар. Ойын шарты: тәрбиеші сөйлемнің аяқын айтады, сөйлемді балалар аяқтау «Бөлшектерінен тап» ойыны. Тәрбиеші бір заттың бөлшектерін тізіп айтады. Балалар ненің бөлшегі екенін тез табу керек. Тәрбиеші шатыр, қабырға – ... (үй) Жапырақ, дәм бұтақ – ... (ағаш) Дөңгелек, кузов, кабина, руль – ... (көлім) аяқ, ауыз, өркеш – ... (түйе) Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт» сендерге сурет көрсетем, сендер суреттің заттың атын атап, бірінші дыбысын анық айтасыңдар. Тәрбиеші балаларды екі командаға бөліп, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды. Мысалы: <i>апелісін оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек (ә), өрмекші (ө), ешк (е), элеват (э), ірімшік (і), ине (и), үтік (ү), арыстан (а), оймақ (о), ұлу (ұ), әтеш (ә), өшіргіш (ө), етік (е), экскаватор (э), ілгіш (і), ит (и), т.б.</i> Балалар, сендер қандай дыбыстар басталатын сөздер айттыңдар. Иә, да, дыбыстардан басталатын сөздер. Дәл осы дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбыс айтқанда кедергіге ұшырамайды.</p>
--	--	--	---

	<p>тұрса, қызыл жалау шаны, соңында тұрса, көк жалаушаны, ортасында тұрса, екі жалаушаны да көтересіндер. Мысалы:</p> <p>-қ дыбысы: (қасқыр, қамыс, асқабақ, бақ, мақта, қымбат, ақылды, барлық, бақа, балық, қаймақ, қант, лақ, қылыш, қоңыз, қораз, дақ, аңқау, қанат, қарлығаш, сауысқан, аққу, таңқурай, домалақ, кемпірқосақ, қаз, жастық, батпақ, қымыз, қаңылтыр, құймақ, қоңыр, қол, қорап, тоқ т.б.)</p> <p>-т дыбысы: (тор, тоқылдақ, отыр, теп, кет, жат, тамақ, қақпа, қатық, торсық, от, тотықұс, кептер, трак тор, темір, терең, кактус, шахмат, тау, тазы, трамвай, троллейбус, автобус, тарақ, тон т.б.) Сөз дыбыс тан, сөзден сөйлем құрыла тынын білеміз. Сызбамен жұмыс. Сөйлемдегі сөздерді тіктөртбұрыштармен белгі лейміз. Әр сөздің арасына арақашықтық қалдырамыз. Сөйлемнің сызбасының басындағы тіктөртбұрыштың бірінші сызығы биігірек болады. Тәрбиеші тақтаға сызып көрсетеді. Сөйлемде қанша сөз болса, сонша тіктөртбұрыштың арасына бір дей арақашықтық қалдыры лады. Соңынан нүкте қойы лады. «Сөйлемді толықтыр» дидактикалық</p>	<p>дерге өту ұсынылады. Теңестіруге арналған тәжірибе. Таразының басқа табақшасына бір немесе бірнеше зат салу арқылы заттарды теңестіруді ұсынады. Балалар жұптарға бөлінеді. Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі. Балалар ауырлаған таразы басының төмен түскеніне көңіл аударады. 1-тапсырманы жұмыс дәптерінде орындау Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шақырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеу ді ұсынады. Не ауыр ашық хат па немесе қарындаш па? Таразы табақшаларын теңестіру үшін не істеу керек? 2, 3-тапсырмаларды өздігінен орындап, кейін нен тексеруді сұрайды. Балалар төмен түскенін анықтайды. Таразы бас тарын теңестіру үшін зат тарды қосады. Тапсырманы орындайды. Өлшеуге арналған практикалық жұмыс. Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшей ді. Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді. 2, 3-тапсырма ларды өздігінен орындап, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді.</p>	<p>Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: <i>пила фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (х), циркуль (ц), щетка (щ), күре к(к), трамвай (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), қамшы (ш), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), т.б</i></p> <p>«Берілген дыбысқа сөз ойла» сөз жаттығуы</p> <p>Мен сендерге қандай да бір дыбыс айтамын, сендер сол дыбыс кездесетін сөздерге мысал келтіресіндер. Мысалы: дыбысы сөз басында: <i>ыдыс, ымырт, Бқылас, ыстық, ырыс, ылғи, ырылдады</i> ы- сөз ортасында: <i>маймыл, мамық, жаптық, қымыз, қылыш, қытық, қыпшақ, қылқалам, қалжын, қақтығыс, құйрық, мың, жылқы, жалбыз, қауын, қоңыз т.б.</i> -у- дыбысы кездесетін сөздер: <i>тауық, қауын, жауын, бау, тау, уық, уық, қу, сау т.б.)</i></p> <p>-ү- дыбысы кездесетін сөз: <i>үтік, үміт, күшік, түтік, күнделік, күн, күш, күнә, күміс, үміт, үзеңгі, күз, түз, түс, үзінді</i></p> <p>«Сөзді өлшейміз» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Алақандарыңды үстелге қойыңдар. Сөз бастағанда алақанды бір-бірінен алшақ беріңдер. Егер алақандардың арасы жаппа болса, онда сөздің қысқа болғаны, егер алақандардың арасы ұзын болса, онда сөз ұзын болғаны. Сөздерді өлшейік: <i>дос, бейбітшілік.</i></p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Математикалық ойындар. Білімді бекіту.</p> <p>«Қай цифр жоқ» ойыны.</p> <p><i>Цифрларды тану, зейіндерін дамыту.</i></p>
--	--	---	---

	<p>ойыны.Ойын шарты: бала лар тәрбиешінің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық).Тышқанның жауы – (мысық). Әжем иірді – (ұршық).Шәуілдеп үрді – (күшік).Ең қу аң – (түлкі).</p> <p>3.Музыка Ғарыш әлеміне саяхат. Лирикалық вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау,шығармаларды сипаттай білу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус). Балалармен би қимылдарын көңілді, жеңіл, ойнақы билеу.</p> <p>Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров). Әннің мәтінін орындап болған соң, балалармен әңгіме жүргізу.Балаларға 12 сәуірҒарышкерлер күні екенін айтып, интерактивті тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасап,ғарышкерлер мен таныстыру.Ғарышкерлердің суреттерін көрсету. Ғарыш аймағы орналасқан Байқоңыр қаласы туралы атап өту.Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Ғарышкер боламыз»Ш.Мұхамеджанов. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді</p>	<p>4.Шығармашылық іс-әрекет Шалғындағы балапандар Құрастыру:жазық қағаз пішіндерді көлемді пішін дерге өзгерту,жұмысorning да қауіпсіздік ережелерін сақтауды меңгерту. Сурет салу:сюжеттік сурет терді салу,ұжымдықжұмыс тарды орындап,ойдан сурет салуды үйрету. Мүсіндеу:мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету. Жапсыру:қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды үйрету. «Үй құстары» бүктемесі бойынша жұмыс жүргізу. Үй құстары және олардың пайдасы туралы әңгімелеу. Олар үй маңында аулада тіршілік етеді. Адамдар үй құстарына жем, су береді, қора дайындайды, қамқорлық жасайды.</p> <p>«Баласын табуға көмектес» ойыны. Балалар суреттер бойынша үй құстарының балапан дарын табады, атайды. Тауықтың балапаны жоқ. «Ғажайып себет» ойыны. Тәрбиеші балалардың назарын беті жабық тұрған себетке аударады. – Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі себет. Ішінде не бар екенін жақындап көрейік. Мынау не? Балапан табылды. Балапан қандай екен? Ол қалай дыбыстайды?</p>	<p>Таныс сандардан сандар к құрастырылады. Балалар көзін жұмған (түн) бір сан алынып тасталады. Содан балалар сандар қатарына қарап, ж тұрған санды айтады. Геометр фигуралармен, кез келген заттармен о ұқсас ойын ұйымдастыруға болады.</p> <p>«Алдымен – содан кейін» ойыны.Кеңістіктік және мөл түсініктер Алдымен көктем, ал содан кейін ... Ал күндіз, ал содан кейін ... Алдымен кішк ал содан кейін ... Алдымен 2, ал содан ... Алдымен 4, ал содан кейін ... Ал жұмыртқа, ал содан кейін ...Ал жұлдызқұрт, ал содан кейін ... Ал түйін, ал содан кейін ...</p> <p>«Зейінді бол!» ойыны. <i>Тәулік бөліктері, зейінді дамыту.</i> Егер дұрыс болса, балалар алақан шапалақтайды, дұрыс емес болса, аяқ топылдатады. -Алдымен кеш түседі, содан соң түн бол -Біз таңертеңгілік тамақты кешке ішеміз -Біз түнде серуендейміз. -Күндізден кейін кеш болады...</p> <p>3.Көркем әдебиет Көліктер.Шығарма мазмұнын сюжет бірізділігін о отырып,эмоциямен,қисынды қайталап беру,диалогті сөйлеуді дамыту,кейіпкер және олардың әрекеттеріне өз көзқа білдіру. М.Әлімбаев Троллейбус өлеңімен таны Бағанға ілінген. Аспалы сым жолы бар,</p>
--	--	--	--

	<p>дұрыс бере білу.Жылдам екпіні мен ырғағына мән беру, секірмелі фа-си, соль-до дыбыстарын таза айтуға көңіл бөлу.Үйренген «Қайырлы таң» әнін (Е. Өміров) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p>Билер: Балаларға белгілі бір әуенді орындап, сол әуенге лайық ойдан би қимылдарын жасату. Өз беттерінше би билеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Ойын: «Қанша дыбыс» ойыны («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Балалардың есту қабілетіне арналған ойынды балаларға жеткізе білу. Ойналып отырған дыбыстың нешеуі екенін анықтау.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні.</p> <p>4.Дене шынықтыру Жұптағы спорттық ойындар. Бадминтон.Воланды ракетка мен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. Бадминтон және қалашық ойындарының бір-бірімен қарым-қатынас жасау, араласуға,денсаулыққа пайдасы жайлы айтады. Таза ауадағы спорттық ойындар арқылы, сауығуға балаларды баулу.Бір-бірден тізбекке тұру.Оңға, солға бұрылу,айналып бұрылу, бірден, екіден тізбекпен қайта сап құрып жүру.Бір-бірден тізбекке тұрады. Оңға, солға бұрылып,айналып бұрылады, бірден,екіден тізбекпен қайта сап құ</p>	<p>Балапандар шалғында ойнағанды жақсы көреді. Санамақ арқылы 4 шағын топқа бөлінеді.</p> <p>Үлестірмелі материалдағы «Шалғындағы балапандар» сюжетті суретке назар аударту. Балапандардың бөліктерін қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді қию әдісімен қиып аламыз. Дайын бөліктерді ватманға жапсырамыз. Балалар шығармашылығы.</p>	<p>Көшелерде жүгірген, Троллейбус жолығар. Сым жолымен зулайды, Басқа жаққа бұрмайды.</p> <p>Дидактикалық ойын:Жолдан өте бе?Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Көліктер,жаяу жүргіншілер. Бірінші топ көліктерге мінеді, екінші топ жаяу жүргіншілер. Бағдаршамға,жол белгілеріне қарап,жол өтуі керек. Жұмбақ шешу:төбесіндеебелек, ұшады өзі керемет.Тікұшақ. Табанында жолы бар,төбесінде бар.Трамвай.Қандай көлік түрлерін білесің?Қандай көлікті ұнатасың?Салып, әңгімеле.</p> <p>4.Дене шынықтыру Тату бола білеміз!Спорттық ойындар элементтерін үйрету. Баскетбол элементтері. «Ол – мен, ол – мен, Және менің достарым!» Еңбегімен өз үйін көркем етер кім екен? Қалам, дәптер, кітабын жинап қояр кім екен? Айтыңдаршы, таңертең жуынбаған кім екен? Тапсырманы үйдегі орындаған кім екен? Сағаттай сабаққа кеш келетін кім екен? Терезені доп соғып сындыратын кім екен? Ал шынығып, жаттыққанды ұнататын кім екен? Шеңберге тұрып, сұрақтарға береді: «Ол – мен, ол - мен және менің достарым!»</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұмбақ тап», Екі-екіден сапқа тұру.Сапта жүгіру</p>
--	--	---	--

	<p>рып жүреді, жүгіреді. Жүріп келе жатып, қайта сап құрады.120 метрге жүгіру. Орташа жылдамдықпен, қолдарын еркін ұстап жүгіреді. Бадминтон.Желбіршекпен жаттығулар орындау: Бір орында тұрып, желбіршекті бір қолынан екінші қолына лақтырып ауыстырады; бір орында тұрып, желбіршекті бір қолымен жоғары лақтырып, екінші қолымен ауада қағып алады.Ракеткамен жаттығулар орындау: ракетканы бір қолынан екінші қолына дұрыс ұстауды сақтап салады, қол білезігін ракеткасы мен бірге айналдырады.Желбіршекті ракеткамен сызықтан асырып ату.Желбіршекті жоғары алға бағыттап, траекториясын дұрыс мөлшерлеп, желбіршекті алдыдан ұру керектігіне назар аударту. Алаңқайдың бір шетіне қатар түзеп тұрады.6 м, 8 м қашықтыққа сызықтан асырып ұруға тырысады.Желбіршекті қайта алып келу үшін барлық бала ұрып болған соң, «Қалашық»5 метр қашықтықтан фигураны соғып алу ұсынылады. Ұратын таяқшаны жербауырлап, айнала ұшатындай етіп жеңіл лақтыру керектігіне назар аударту.</p>		<p>бірінің қимылдарын байқап, өз қимыл үйлестіре білу.Түрлі түсті орамалдарды сол орамалдардың түстеріне қарай тұрады. Жұбын біліп алған соң бойынша залда шашырап кетеді.Қай «1,2,3 – жұбыңды тап!» – деп берілгенде қайта жұп құрып, тізбекке қалады. Жұпта орындалатын нәтижесіз тығыршығына арналған жаттығулар қолдарын басының артына қойып, шалқимен жатып орындалады. Негізгі қимыл қозғалыстарды алмастырып орындау: «Баскетбол» – допты еденге оң қолмен қолды алмастырып соғу.Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн мен түн» (Әзірбайжан халқының ойыны) (4 рет)Бір-бірінен бір-бір қашықтықта екі сызық сызылады. Бірінші сызыққа ұлдар, екінші сызыққа қыздар тұрады. Жүргізуші орталарына тұрады. Қыздар тобы – «түн», ал қыздар тобы – «күн». Жүргізуші белгісімен ойынбасталады:«Күн!» дегенде, қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде, ұлдар қыздарды ұстап алуға тарасады. Ұсталғандар қарсыластарымен командасына көшеді. Көзге арналған гимнастика: «Көркем көбелек».</p>
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс қою және мұқият бүктеу; түрлі сындырманы саламыз Сенің киіміңде:		

	Түйме мен ілгекті, Түрлі батырманы. (Сөйлеуді дамыту)		
Серуен	<p>Бұталарды бақылау Мақсаты: зейінін, қиялын, сөйлеуін дамыту. Еңбек қызметі: алаңнан құрғақ бұтақ жинау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, топпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Қуып жет», «Айлакер түлкі». «Лақтыр» ойыны Мақсаты: допты лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру. Жеке жұмыс: төмпешектен секіру. Дербес әрекет. (Қоршаған ортамен танысу+ дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шуақты күнді бақылау Мақсаты: қоршаған ортаға қызығушылықты дамыту, тек ересектер мен балалардың ғана емес, құс, аңдардың да күнге қалай қуанатынын байқау. Еңбек қызметі: серуенуге шығаратын материал дайындау. Мақсаты: тәуелсіз болуға ұмтылуын дамыту. «Біреу бізге қонаққа асығып келеді» қимылды ойын Мақсаты: көзді дамыту, топта ойнау. «Қуып жет» қимылды ойыны Мақсаты: жылдамдық, зейінді, көзді дамыту. Төменнен екі қолмен тік нысанаға лақтыру жеке жұмыс. Дербес әрекет. (Қоршаған ортамен танысу+ дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Құстарды бақылау Мақсаты: танымдық қабілеттерін дамыту. Сұрақтарға жауап бер: «Неліктен құстың қауырсыны болады? Құстың киімі біздің қалай ұқсайды? Еңбек қызметі: фидердегі арнаны жаңарту. Мақсаты: құстарға деген қамқорлық, қамқорлық сезімдерін дамыту. Қимылды ойындар: «Құстар мен балапандар», «Тауық қорадағы түлкі». Мақсаты: зейінді, кеңістікте бағдарды дамыту, құрбысына достық қарым-қатынас орнату. Жеке жұмыс: ирелендеп жүгіру. Дербес әрекет. (Қоршаған ортамен танысу+ дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>
Серуеннен оралу	<p>Киімді реттілікпен шешу, шкафқа салу, қолды жуу. Белгілі бір реттілікпен өз бетінше киіну және шешіну, өз заттарын шкафқа дұрыс орналастыру дағдысын жетілдіру. Жуыну + «Тазалап жу, суды аяма. Алақандар қардай аппақ болсын» (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)</p>		
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p>«Цирк» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: қиялды дамыту, цирк аңдарымен танысу. (Сөйлеуді дамыту + музыка) Жануарлар туралы жұмбақ шешу. «Ойлаң, тап». (Көркем әдебиет)</p>	<p>«Хайуанаттар бағы» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: жануарларды ажырата білу; жануарларға күтім жасау қабілетін дамыту. (Қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Д. Мамин-Сибиряктің «Сұр мойын». ертегісін оқу. (Көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша ойындар. Балалардың қалауы бойынша қимылды ойындар.</p>
Балалармен жеке жұмыс	Қарым-қатынас дағдысы	Танымдық және зияткерлік дағды	Шығармашылық және зерттеу дағдысы

	«Әңгіме құрастыру» дидактикалық ойыны Мақсаты: тірек тақырыптық суретті қолдана отырып, үйлесімді сөйлеуді дамыту. (Түзету жұмыстары)	«Көрші санды» ата» дидактикалық ойын Мақсаты: натурал қатардың әрбір саны үшін алдыңғы және кейінгі 10 санды атау	«Камзолды сәндеу» қосымшасы Мақсаты: қайшымен жұмысты бекіту; қиялды дамыту
Балалардың үйге қайтуы	«Мен ғарыш суретін саламын» балалар сурет байқауы Мақсаты: балалардың қоршаған әлемді тануы мәселелеріне бірыңғай тәрбиелік тәсілді іске асыру. «Көктемгі дәрумен тапшылығын қалай реттеу керек», «Дәрумен терапиясы» Айболит кеңестері		

ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: **Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ**

Топ: **Мектепалды даярлық**

Топ жетекшісі: **Есенкелді Қ.Е**

Балалардың жасы: **5-6 жас**

Жоспар қай кезеңге жасалды: **29.04.-1 мамыр мереке , 03.05.**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.04	Сейсенбі 30.04	Бейсенбі 02.05	Жұма 03.05	04.04 (8мамыр)
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жеке әңгімелер, қарым-қатынас ойындары және балаларда жақсы көңіл-күй қалыптастыру. Достық атмосферасын құру				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	«Шуақты күн» Мақсаты: бұлшықет тобын босаңсыту. «Жұдырық» саусақ гимнастикасы Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту, сөйлеуді дамыту, санау. (Сөйлеуді	«Жылулық сыйла» Мақсаты: балалардың бір-бірімен, ересектермен қарым-қатынасындағы қиындықтарды жеңу. «Қоңырау» ойын-тренингі Мақсаты: есту күйін дамыту, күйзелісті жеңілдету. (Сөйлеуді дамыту+дене	«Бір жаңбыр, екі жаңбыр» Мақсаты: бұлшықет релаксациясы. «Дымбілместің қиялы» ойын жаттығуы Мақсаты: логиканы, қиялды дамыту. «Менің отбасым» саусақ ойыны Мақсаты: қолдың ұсақ	«Көңіл-күйінді бөліс» Мақсаты: қолайлы орта құру. «Отан қорғаушылар күні» әңгімелесу (Қоршаған ортамен таныстыру) «Солдат ботқасы» саусақ гимнастикасы Мақсаты: ұсақ	«Бұрын не, кейін не?» дидактикалық ойын Мақсаты: жеке өсімдіктердің даму реттілігі, сондай-ақ жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімді кеңейту. (Қоршаған ортамен

	дамыту+дене шынықтыру)	шынықтыру)	моторикасын, сөйлеуін дамыту. (Сөйлеуді дамыту+дене шынықтыру)	моториканы дамыту, үйлестіру. (Сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру)	таныстыру + сөйлеуді дамыту)
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау)	«Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту) «Бұршақ патша» аз қимылды ойыны Мақсаты: зейінін, интеллектін, іс-әрекетті ым-ишарамен және мимикамен жеткізе білуді жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру) «Жолға өзіммен не аламын» үстел-үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды жетілдіру. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)	«Бұрын не, кейін не?» дидактикалық ойын Мақсаты: жеке өсімдіктердің даму реттілігі, сондай-ақ жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімді кеңейту. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту) «Епті саусақтар» қимылды ойыны Мақсаты: қимыл тапқырлығын, қимыл мәселесін бірлесіп шешу кезінде іс-әрекетті үйлестіру қабілетін дамыту. (Математика + дене шынықтыру) «Құстарды орналастыру» үстел үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)	«Фигураны жина» дидактикалық ойыны Мақсаты: қандай да бір фигураны құрайтын заттардың есебін жүргізу қабілетін дамыту. (Математика негіздері + сөйлеуді дамыту) «Орын ауыстыру» қимылды ойын. Мақсаты: балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру, қиялын ояту, көңіл-күйін көтеру; жинақылықты, зейінді, эмоциясы мен әрекетін басқару қабілетін, ұжымдық және үйлесімді іс-әрекет дағдыларын дамыту. (Математика + дене шынықтыру) «Қауымдастық» үстел үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)	«Жетеді ме?» дидактикалық ойын Мақсаты: әр түрлі көлемдегі заттардың теңдігі мен теңсіздігін көру қабілетін дамыту; сан өлшемге тәуелді емес деген ұғымға келтіру (Математика негіздері + сөйлеуді дамыту) «Қолтырауын» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті, байқауды, зейінді дамыту. (Математика + дене шынықтыру) «Мен жасырдым...» үстел үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)	«Ұшады, жүгіреді, жүзеді...» дидактикалық ойын Мақсаты: балалардың жәндік, аң, құстардың қозғалу жолдары туралы білімін жетілдіру. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту) «Сонша қимыл жаса» аз қимылды ойын Мақсаты: белгілі бір қозғалыстарды көбейту қабілетін жетілдіру. (Дене шынықтыру + математика) «Қай құрылыс құлады?» ойын Мақсаты: зейін, логикалық ойлау дағдыларын бекіту; геометриялық фигураларды тану және атау. (Құрастыру + математика)
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені				
Ұйымдасты	«Халықтарды	«Керісінше айт»	«Үшінші артық» ойын	«Отан қорғаушылар»	«Бұл қай кезде

<p>рылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>біріктірген ел» тақырыптық әңгіме. «Сықырлы саусақ» ойын жаттығуы Мақсаты: саусақпен алақанға қиялдағы затты сала білу. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>дидактикалық ойын Мақсаты: зейінді, реакцияны дамытуға жаттығу. (Сөйлеуді дамыту)</p>	<p>жаттығуы Мақсаты: 10-ға дейін және кері санау, ойлау қабілетін дамыту. (Математика)</p>	<p>ойын жаттығуы Мақсаты: әскер мамандықтары туралы білімдерін кеңейту. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>болады?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1.Қоршаған ортамен танысу Экологиялық соқпақ. Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін және оны қорғау, сақтау керек екендігін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу. Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Асфальттағы суреттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Ж.Смақов Қоңырау өлеңін мәнерлеп оқу. Дың-дың-қоңыраумын, Дың-дың-соғыламын. Дың-дың қағыламын, Мектептен табыламын. Н» мен «Н» дыбыстарын жеке-жеке дыбыстату арқылы айтылуына көңіл аудартады.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Ынтымақ мерекесі. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Достығымыз жарасқан әнін орындау. Бір-біріне мерекеге арналған тілектер тілейді. Ұлттар достығы бейнеленген сурет арқылы әңгімелеу. Ынтымақ-адамдар арасындағы бірлік. Мереке-салтанатты той, мейрам. Қазақстан Республикасында тұрып жатқан халықтардың тұрмысы мен мәдениеті</p>	<p>1.Көркем әдебиет Ағайынбыз бәріміз. Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Туыспыз біз бәріміз, Бір Отанды сүйеміз. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз! Қазақстан-көп ұлтты мемлекет. Елімізде орыс, татар, ұйғыр, неміс, кәріс, тағы да басқа ұлт өкілдері тұрады. Әрбір ұлттың өз ана тілі, салт-дәстүрлері, ұлттық киімдері, тағамдары, ойындары болады. Олар бірлік те, татулықта өмір сүреді. Ә.Дүйсенбиев Ағайынбыз бәріміз өлеңін жаттау. Ортақ болсын асқар тау, Жеміс толы бақша-тау. Болсын жер мен су</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Мамандық түрлері. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру. «Мамандықты ата» ойыны 1. Асты кім пісіреді? 2. Өлеңді кім жазады? 3. Суретті кім салады? 4. Ауланы кім сыпырады? 5. Хатты кім таратады? «Мамандықты тап» ойыны 1. Науқасты кім емдейді? (дәрігер) 2. Шашты кім қияды? (шаштараз) 3. Үйлерді кім салады? (құрылысшы)</p>

<p>Экологиялық соқпақ-дегеніміз арнайы таңдалған бағытпен табиғат аясында,табиғатты қорғауға байланысты ұйымдас тырылған іс-шара. Ө.Дүйсенбиевтің Жорық жыры өлеңін оқу. Ауласында бақшаның Айналада-нұрлы өмір. Дала бүгін тым жақсы. Тым тамаша гүлді өңір. Көкте күліп күміс күн, Қуанышқа кенелдік. Әнге бөлеп жер бетін Жорыққа біз жөнелдік.</p> <p>Саяхат дидактикалық ойыны.Мақсаты:таныс өсімдіктердің атауы бойынша соқпақты табу.Кейбір ағаштар мен бұтақтарды сыртқы көріністеріне қарап ажырату.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Біз нені үйрендік,нені білдік?Сөздерді</p>	<p>«Н» дыбысын айтқанда дем мұрын арқылы еркін шығады, тіл үстіңгі тістің түбіне тиеді.«Н» дыбысы да «Н» дыбысы сияқты мұрын жолды. «Н» дыбысынан оның айырмасы – тілдің арт жағы таңдайға тиеді. Мысалы: тоң.Балалар, бір қатарға «Н», екіншісіне «Н» дыбысы бар сөздерді ойлап тауып қояйық. Балаларға дыбыстарды қайталату: Ян-ян-ян-жүгіріп жүр қоян. Ың-ың-ың-әп-әдемі қайың М.Әлімбаев Асфальттағы суреттер өлеңін жаттау. Мынау-биік кезең, Сен көрмеген бір тау. Көкпеңбегі-өзен, Ал жасылы-бұл бақ. Өтсең асфальт жолмен, Түрлі түсті бормен Қызығардай көрген Сурет салған ол-мен!</p> <p>Дидактикалық ойын: «Жанрды тап».Ойын шарты: Суреттердегі бос орынға қажетті суретті жапсырмамен жапсырып, сурет жанрын табу. «Н» – «Н» дыбыстарының дауысты немесе дауыссыз екенін сұрайды. «Н»</p>	<p>жайлы түсіндіру.1-мамыр-Қазақстан халқының бірлігі мен достығын паш ететін айтулы мереке.Еліміздегі ұлттар мен ұлыстардың достығы мен бірлігі,татулығы мен ынтымағы өзге елдерге өнеге боларлықтай.Заманындақаз ақтың дарқан даласы көптеген ұлттарға пана,қамқорболды.Соның нәтиже сінде қазақ жері бауырластар мекені,достықтың құтты ұясы атанды.Жүректеріжомарт,а лақандары ашық қазақтар өзге ұлт өкілдерімен бір ананың баласын дай ғұмыр кешуде. Бірлік бар жерде-тірлік бар. Ырыс алды-ынтымақ дейді халық даналығы.С.Оспанов достық туралы өлеңін оқып,мазмұнын түсіндіру. Біз-балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз-бейбіт күн, Ашық болсын кең аспан! Ұлттар достығын бейнелейтін сурет салдыру.</p> <p>2.Қазақ тілі Қазақстан ортақ үйіміз.Қазақстан халқы</p>	<p>ортақ, Болсын кең де,көл ортақ. Ақпыз,қара,сарымыз, Ағайынбыз бәріміз. Ынтымақ бар жерде бақытбар</p> <p>Дидактикалық ойын: Досыңды тап.Ойынның шарты:Балалар екі топқа бөлінеді.Бір топтың балалары көздерін таңып,өз достарын табуы керек..Олар өздосының қолын,шашын,киімін ұстап, сипау арқылы табады. Достық туралы ән.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Жануарлар атаулары. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>«Ойлан да аяқта»ойыны. Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту, дұрыс ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Ат шабады, ал қарға ... (ұшады)</p>	<p>4.Көмірді кім қазады? (шахтер) 5.Кітапты кім жазады? (жазушы) «Кім не істейді?» ойыны 1. Шофер не істейді? 2. Ұшқыш не істейді? 3. Етікші не істейді? 4. Бағбан не істейді? 5. Ұста не істейді? «Жалпы атауын ата»ойыны 1. Дәрігер, аспаз, тігінші – . . . (мамандықтар) 2. Ұшақ, зымыран, тікұшақ, дельтаплан – . . . (ұшатын көліктер) 3. Футбол, волейбол, хоккей – . . . (спорттық ойындар) 4. Қасқыр, арыстан, қоян, керік – . . . (жабайы аңдар) 5. Көлік, қуыршақ, доп, секіртпе – . . . (ойыншықтар) 1. Әке, аға, ана, әпке – ... 2. Орындық, үстел, сөре, керует – ... 3. Шалбар, тымақ, шалма, жейде – ... 4. Кітап, дәптер, қалам, сызғыш – ... 5. «Тығылыспақ»,</p>
---	--	--	--	--

	<p>дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>«Артығын тап» ойыны.</p> <p>1.Кесе, тәрелке, қазан, қасық, асық .(асық)</p> <p>2.Жылқы, қой, қозы, түйе, бие, шие. (шие)</p> <p>3.Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус)</p> <p>4.Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз , жүзім. (жүзім)</p> <p>5.Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе)</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Тиісті текшені көтер»</p> <p>Тәрбиеші дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда</p>	<p>дыбысына байланысты жаңылтпаш айтқызу.</p> <p>Шапсаң,шапшаң, Бұрқырайды ақ шаң. Шапшаң сөзі тез,жылдам деген мағына береді.</p> <p>2.Қазақ тілі</p> <p>Көңілді тапқырлар клубы.</p> <p>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.</p> <p>Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, балалар! Ән «Кел, балалар, ойнайық» тыңдату.Ән қандай?Ән көңілді. Көңіл-ді.Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.Сәлеметсіздер ме?!Бәрін ойын ойнауға шақырады.</p> <p>Көңілді ойын: «Көңілді тапқырлар клубы»</p> <p>Балалар екі топқа бөлінеді. Тәрбиеші балаларға түрлі түсті қима материалдарды таратады. Балалар түрлі түсті қима материалдарды түстеріне сәйкес біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауапбереді. Әрбір дұрыс</p>	<p>тату,көп ұлтты мемлекет екенін түсініктерін кеңейту. Сөздік қорларын молайту. Арайлап таң атты. Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам!</p> <p>Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.Сәлеметсіздер ме?!</p> <p>Біздің Отанымыз қалай аталады?</p> <p>Қай қалада (ауылда) тұрасың?</p> <p>Тәрбиеші Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған әңгімені жүргізеді.Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан қандай республика?Қазақстан – көпұлтты республика.Қазақстан халқы тату тұрады.Қазақстан халқы қалай тұрады? Қазақстан халқы тату тұрады.Қазақстан – ортақ үйіміз.</p> <p>Ортақ үйіміз – ...Қазақстан. Дима, сенің досың кім? Сен досыңмен қалай ойнайсың? Тәрбиеші шағын мәтін құрап айтады: <i>Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан - көпұлтты</i></p>	<p>Ит үреді, ал қарға ... (қарқылдайды)</p> <p>Жылан жорғалайды, ал балық ... (жүзеді)</p> <p>Қасқыр ұлиды, ал қой ... (маңырайды)</p> <p>Түйе боздайды, ал жылқы ... (кісінейді)</p> <p>Лимон қышқыл, ал қант ... (тәтті)</p> <p>Өзен арықтан терең, ал арық ... (саяз)</p> <p>Егер үстел орындықтан биік болса, онда орындық... (үстелден аласа)</p> <p>Сен аяғыңмен жүресің, ал затты ұстағанда немен ұстайсың... (қолыңмен)</p> <p>Егер Самал үйден Айманнан бұрын шықса, ал Айман ... (кейін)</p> <p>«Қатесін тап» ойыны</p> <p>Мақсаты: балалардың есту қабілеттерін дамыту, көп буынды сөздерді анық айтуға үйрету. Ойын барысы:Тәрбиеші балаларға аңның немесе ойыншықтың суретін немесе муляжын көретіп, ол істемейтін іс-әрекетті айтады.Балалар дұрыс-дұрыс емес екенін анықтап айтады. Дұрысы</p>	<p>«Қуаласпақ», «Мысық – тышқан», «Ақ серек – көк серек» –</p> <p>2.Математика негіздері</p> <p>Геометрия элементтері.</p> <p>Нүктелерді,өрнектерді салу</p> <p>ға,тік және көлбеутаяқша ларды,қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p>1-ші ойын.Түзу сызықпен жүріп өт.Мақсаты:түзу сызық,қисық сызық түсініктерімен тәжірибелік түрде танысу.Тәрбиеші еденге түзу сызық салады.Ойынға қатысушылардың міндеті-осы сызықтың бойымен аяқты бір де бір рет жаңылыс баспастан жүріп өту.</p> <p>2-ші ойын.Түзу сызық құр.Мақсаты:түзу сызық, қисық сызық түсініктерін</p>
--	--	--	--	--	---

<p>көк түсті текшені көтереді. Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер» Тәрбиеші жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді. Дидактикалық ойын: «Дұрыс көрсет» Тәрбиеші балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыс тан басталса, көк төрт бұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыс тан басталса, көк түсті үш бұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз екенін атап береді. Ойын: «Сөз тізбегі»</p>	<p>жауап – бір ұпай. 1-тапсырма. Балабақша тақырыбы бойынша сұрақтар: Балабақша қандай? Балабақша да кімдер жұмыс істейді? Топтарың қандай? Сурет бойынша сөйлем құра. 2-тапсырма. Отбасы. Отбасы мүшелерің ата. Сенің отбасыңда кімдер бар? Сурет бойынша сөйлем құра. 3-тапсырма. Қазақстан Республикасы. Қай Республика да тұрасың? Қазақстан қандай республика? Біздің Отан қалай аталады? Республика рәміздерін ата, сипатта. Елорда қай қала? Елорда қандай қала? Қай қалада (ауылда) тұрасыңдар? Қай көшеде тұрасың? Қалад (ауылда) не бар? 4-тапсырма. Жануарлар. Үй жануарларын атаңдар. Төлдерді атаңдар. Жабайы жануарларды атаңдар. Жануарлар туралы қандай ертегі,</p>	<p><i>республика. Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан біздің ортақ үйіміз.</i> Дидактикалық ойын «Жалғастыру». Біздің Отанымыз – Қазақстан. Біздің Отанымыз – ... Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан республика. Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан халқы тұрады. Қазақстан біздің ортақ үйіміз. Қазақстан – біздің үйіміз. Мақалмен таныстыру. Бірлік бар жерде – бақыт бар. Тәрбиеші мақалдың мағынасын түсіндіреді, балалар қайталайды. «Сиқырлы қаламмен» жұмыс. «Достығымыз жарасқан» Сурет бойынша әңгімеле. Біздің Отанымыз қалай аталады? Жаттап ал. Достық Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан. 3. Математика негіздері Сан құрамы. Заттар мен құбылыстардың мәнін тануға қызығушылық пен</p>	<p>қалай болады, соны толық айтып берулері керек. Мысалы: <i>Ит кітап оқыды.</i> Балалар дұрыс немесе дұрыс емес екенін айтады. Тәрбиеші иттің не істейтінін сұрайды. – Ит не істейді? Мысалы: Ит күзетеді. Ит үреді. Ит ұйықтайды. – Ит су ішеді. Ит тістейді т.б. Тәрбиеші балалармен ойында 4–5 сөзді айтып ойнатады. Жылқы мөңіреді. Жылқы мөңіремейді. Жылқы не істейді? Кісінейді, шабады, жайылады, секіреді, тістейді, тебеді, аунайды, жүреді, желеді, құлайды т.б. «Төлін айт» ойыны Ешкі төлі – ... (лақ) Қойдың төлі – ... (қозы) Сиырдың төлі – ... (бұзау) Жылқы төлі – ... (құлын) Түйенің төлі – ... (бота) «Не қалай дыбыстайды?» ойыны Жылқы ... (кісінейді) Сиыр ... (мөңірейді) Ит ... (үреді) Қой ... (маңырайды)</p>	<p>бекіту, ұсақ қол қимылда рын дамыту. Командалар бойынша жұмыс істеу. Әр команда мүшелері сап түзеп тұрады. Әр командадан белгілі бір қашықтықта бетінде саны бірдей санақ таяқшалары бар үстелдер тұрады. Командалардың міндеті – санақ таяқшасын екі шынашақпен қысып, барынша тез жылдамдықпен өз үстелінде түзу сызық етіп қойып шығу. 3-ші ойын. Нүкте арқылы сызық жүргіз. Мақсаты: фигураларды құрастыру ерекшеліктерімен таныстыру. Командалар бойынша жұмыс істеу. Тақтада бірнеше нүкте салынған. Командалардың міндеті – барынша тез жылдамдықпен</p>
---	--	---	---	--

	<p>Тәрбиеші балаларға допты беріп сөз айтады, бала сөз аяталған дыбыстан баста латын сөз бір сөз айтып допты келесі балаға береді. Ойынға барлық бала қаты сады. Сөздің басындағы және соңындағы дыбыс тарды мұқият тыңдау, дұрыс айту ескертіледі.</p> <p>3. Музыка Құстар біздің досымыз. Музыкатыңдау. Лирик алық вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Балалар марш әуенімен кіріп, шеңбер бойында тұрып, «Жануарлар әлемі» әуенінен жануарлардың, құстардың қимылдарын</p>	<p>жұмбақ білесіңдер? Ойын соңында ұпайларын санап жеңімпазды анықтайды.</p> <p>3. Математика негіздері Біз нені үйрендік? Заттар мен құбылыстардың мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті рет теу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Математикалық жарыс. Топтарға бөлінеді. №1 тапсырма. Топтар бойынша хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. №2 тапсырма. Тақтадағы фишкаларға қараңдар. Олардың ұқсастығы қандай? Айырмашылығы қандай? Соңғы фишканы толықтыр. №3 тапсырма. Неше пішін? Бұлар қандай пішіндер? Оларды атаңдар. №4 тапсырма. Есептер құрас тырып, мысалдар жазыңдар. №5 тапсырма. Ұзындығы</p>	<p>эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптас тыруға баулу. Өтілген сандарды еске түсіру. Алдыңғы, кейінгі, оң жақ, сол жақ көршілерін анықтау. Әрбір санның сандық құрамын анықтау, яғни неше бірліктен тұратынын ажырату. 0-ден бастап солдан оңға қарай тура санау, керісінше 10-нан бас тап, оңнан солға қарай кері санау.</p> <p>Көршісін тап ойыны. Қай сан жоқ ойыны. Жарыс ойыны. Кім шапшаң ойыны. 4. Музыка Бақшадағы ән-сауық. Музыка тыңдау. Лирикалық вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Қанша бала, қанша қыз,</p>	<p>Мысық ... (мияулайды)</p> <p>3. Қоршаған ортамен танысу Көлік. Арнайы көлік құрал дарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>«Қатарды есіңе сақта» ойыны. Ойынға 5–6 бала қаты сады. Бірінші бала паровоз «жүргізушісі», қалғандары «жүргізушінің» артында «вагондар» болып тұрады. «Жүргізушіге» артындағы «вагондарға» 1 минут қарауға рұқсат беріледі. Содан соң ол теріс қарап, артында «вагон» болып тұрған балалардың аттарын ретімен атап шығуы тиіс. Тәрбиеші жұмбақ «әң</p>	<p>нүкте арқылы көптеген сызық тар жүргізу.</p> <p>4-ші ойын. Фигураларды есте сақтап қал және сал. Мақсаты: геометриялық фигуралар: түзу, сәуле, бұрыш, кесінді, қисық сызықты бейнелеу іскерлігін қалыптас тыру. Тәрбиеші тақтаға фигураларды кезекпен кезек салады. Әр фигура 5-6 сек. көрсетіледі, сосын оны өшіріп тастап, орнына басқасы салынады. Сосын тәрбиеші сурет салуға арналған қағаз таратады және осы фигураларды тәрбиеші қандай реттілікпен сызса, сондай реттілікте сызып шығасыңдар деп тапсырма береді.</p> <p>3. Көркем әдебиет</p>
--	---	--	---	---	---

<p>жасайды.Тәрбиеші балалар мен құстар туралы, оларға жасалатын қамқорлық туралы, жыл құстары туралы әңгіме өткізеді. Адамдар қолдан үйшіктер жасайды, олармен дос болып, күтім жасап, балапандарына жағдай жасайды.Музыкалық-ырғақты қимылдар: «Құстар»Балалар шеңбер бойында тұрып, қолдарын қанат секілді жайып, музыкаға ілесе жеңіл аяқтың ұшымен құс болып ұшады. Музыка тыңдау: «Көкек» (Х. Мұхамедова).Музыка тындап болған соң ән сипатын,мағынасын әңгіме леп, балалардан сұрау. Көктем, көктем, көктемде, Бұл құстардың бәрі де Әнші болып кеткен бе?Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p>	<p>бойынша салыстырындар. №6 тапсырма. Түсі, пішіні, өлшемі бойынша қораптарға салу, яғни түймелер ді салу керек – қорапқа қарай сызық жүргізу. №7 тапсырма. Балалардың таразы туралы түсініктері тексеріледі. Топтар бойынша тура және кері, бір саннан аттап дауыстап санайды. Шаршыларды санай ды, ол бойынша мысалдар құрастырады. Тапсырманы дәптерге орындайды. 4.Шығармашылық іс-әрекет Қобыз. Құрастыру:жұмысты бірге келісіп орындау,ұжыммен бірге жұмыс істеуді үйрету. Сурет салу:суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды,қазақ оюларының элементтерін қолдану. Мүсіндеу:мүсінделген пішін дердің бөліктерін бір-біріне қосып,біріккен жерлерін тегіс теу,бөліктердің салыстырмалы көлемдерін</p>	<p>Бір шоқ гүлміз баршамыз. Ойын-күлкі ордасы – Біздің балабақшамыз! Музыкалық-ырғақты қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап жүріп, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру.Музыка тыңдау: «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева).Музыка тындап, сипаты туралы, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау.Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (Ә.Қонысбеков).Балаларға қайта лап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.Үйренген «Көктем» әнін (А. Жайымов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан).Бидің қимылдарын аяғына дейін</p>	<p>гіме» айтады.Бір күні Қанқыз үйіне қайтып келе жатып, бақта екі адамның әңгімесін естіпті. Біріншісі айтады:Менікі жап-жана, күшті әрі жылдам жүреді,дейді.Екіншісі:М енікінің терезесі күндей жарқырайды, өзі жеп-жеңіл, қауырсындай ұшады, дейді. Балалар, айтындаршы, бұл екі адам не туралы әңгімелесіп тұр? Қанқыз соны білгісі келіп, осы жерге қонаққа келіпті.Неде нөмір болады? Неде дөңгелек болады?Қай затта жолды көрсететін шамы (фары) болады?Көлік түрлері. Құтқарушылар көлігі, төтенше жағдайларға тап бол ған адамдарды апаттан құтқа рады. («ТЖ» мәшинесі).Бұл көліктер арнайы көліктер деп аталады. Олар адамдарға шұ ғыл көмек көрсетеді. Бұлмәши нелер арнайы</p>	<p>Достық мерекесі. Өлеңдерді жатқа,мәнерлеп, интонациямен айту. Дос болайық бәріміз, Жарасып тұр сәніміз. Тыныштықты сақтайық, Ашық болсын күніміз! 1 Мамыр – халықтар достығы мен ынтымағы ның мерекесі. Бұл мереке несімен ерекше? (Слайд арқылы таныстыру.) Достық – барлықхалықтың бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады. Біз бүгін ақын Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адам ның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. <i>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:</i></p>
--	---	---	--	--

<p>Ән айту: «Көктем» (А. Жайымов). Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді орындау барысында ырғақтық ерекшеліктерге тоқталу, дыбыс ұзақтықтарын алақандарымен шапалақ тап көрсету. Үйренген «Ғарышкер боламыз» әнін (Ш. Мұхамеджанов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке немесе топпен ән айту.</p> <p>Билер: «Көкпар» биі Балаларға «көкпар» сөзінің мағынасын түсіндіріп, атқа шауып жүріп қимыл жасау керектігін түсіндіру. Биге ұл балалар қатысады.</p> <p>Ойын: «Не қалай шақырады?» музыкалық-дидактикалық ойын. Ойында аңдардың, жануарлардың, құстардың</p>	<p>сақтау. Жапсыру: геометриялық элементтерден құрастырып, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіру.</p> <p>«Қай музыкалық аспап екенін тап?» музыкалық ойынын ойнайық.</p> <p>Балаларға ұнтаспадан әртүрлі музыкалық аспаптардың үнінен үзінді беріледі. Балалар бұл үн қай аспапқа тән екенін табулары керек. Жұмбақ. Бас, құлақ, мойны бар, Үп-үлкен шанағы бар. Әндетіп шығар әні бар, Бұл аспап, қай аспап? (Қобыз)</p> <p>«Сен білесің бе, балақай?» айдары бойынша қобыз туралы қысқаша мәлімет беру. Қобыз – қазақ халқының ұлттық аспаптарының бірі. Қобыз қайың, арша сияқты ағаштардың тұтас бөлігінен шауып жасалады. Бас, кеуде, аяқ деген үш бөліктен тұрады. Төменгі бөлігі терімен қапталған, оған тиек қойылады. Екі ішегі жылқы қылынан тартылады. Қобыздың үні адамбойына күш-қуат</p>	<p>үйреніп, соңына дейін музыка ырғағымен билеу.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. Сағат тілімен әуенді ажырата білу, бұрын тыңдаған музыкаларын еске түсіру. Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов). Балалар кезек тесіп, асатаяқпен музыкаға ілесе ырғақты ұстап сілкілеп ойнайды.</p>	<p>жабдықталған. Жедел жәрдем мәшинесінде қандай құрал-жабдық болады? Дәрі-дәрмек, оттегі толтырылған баллон т.б. Ал мына суреттен не көріп тұрсындар? Түйеге, атқа жүк артқан адамдар көшіп барады. Бұрын мәшине болмаған кезде адамдар осылай көшкен. Қазақ халқы ерте де көшпенді халық болған. Олар жазда жайлауға, қыста қыстауға көшу үшін жүктерін атқа, түйеге артқан. Сендер тағы қандай арнайы көліктерді білесіңдер? Қран, жүк көлігі т.б. Олардың ең басты қызметі қандай? Жүк тасу. Бұл көліктерді құрылыста да қолданады. Автобус, пойыз, ұшақ, кеме – бұлар не? Көліктер. Бұлардың ортақ атауын табындар. Жолаушылар көлігі. Алыс жерлерге ұшақ, кеме, автобус, пойыз</p>	<p>Өлең ұнады ма? Авторы кім? Өлең қалай аталады? Өлеңде не туралы айтылған? «Бейбіт күн» дегенді қалай түсінесің? Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне, біздер қандаймыз! Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Суреттегі қай ұлттың бала лары? Қалай ажыраттың? Олардың көңіл күйі қандай? Балаларға ат қойып, достық туралы әңгімеле. Суретті аяқтап сал. Боя. Жаттап ал. Бақытты елде туғанбыз, Бақытты өмір сүреміз. – Сендер Тәуелсіз Қазақстанның бақытты баласысындар. Елімізде бейбітшілік, сендердің ұйқыларың тыныш, отбасыларың аман, көршілермен тату тұрасындар. Бақытты өмір</p>
---	---	--	--	--

	<p>қалай шақыратынын түсіндіріп, өздеріне сол дыбысталуды қайталауды талап ету.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім»</p> <p>4.Дене шынықтыру</p> <p>Құрсаумен орындалатын жаттығулар.Спорттық жаттығулар.Спорттық ойындар элементтері. Жаттығулар кешені.</p> <p>Б.к.: қолдарын жанына салбыратып, құрсаудың ішіне тұру. 1– отырып барып, құрсауды екі жанынан ұстау; 2– денені түзеу, құрсау бел тұсына келеді; 3 – отырып, қайта орнына қою.4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу (7-8 рет)</p> <p>Б.к.: аяқтарын иық деңгейінде ашыңқырап қою, құрсауды тігінен артына ұстайды. 1-2 – денені оңға бұру; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол жаққа осы қимылдарды қайталау (7-8 рет)</p>	<p>береді. Сондықтан бүгін біз сендермен қобызды ұлттық ою өрнекпен безендіріп жасайтын боламыз.</p> <p>Үлестірмелі материалға назарын аудару.</p> <p>Қобыздың құрылысына талдау жүргізу: Үлгідегі қағазды екіге бүктеп «Сынық мүйіз» оюын қарын дашпен бастырып сызып алу.Бастырылған оюдың үлгісін қайшымен ұқыпты етіп қию. Үлгіге қарап дайын болған оюды қобыздың беткі бөлігіне жапсыру.Музыкалық әуен: «Қобыз үні».</p> <p>Балалар шығармашылығы.</p>		<p>бен жетеміз.«Мәшине жабдықтары» ойыны.</p> <p>Тәрбиеші мәшине жабдықтарын айтады, балалар сол құралдың дыбысын келтіреді.</p> <p>«Сөйлемді дұрыс құрастыр» ойыны.Тәрбиеші сөздерді айтады, балалар сөздердіорнына қойып, дұрыс сөйлем құрас тыру керек.</p> <p>1.Көше, жол, жүреді, мәшине. 2.Аспан, ұшады, биік, ұшақ.</p> <p>3.Мәшине, аурухана, тоқтады, жедел жәрдем.</p> <p>4.Толқында, кеме, жүзеді, теңіз.</p> <p>4.Дене шынықтыру</p> <p>Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар.</p> <p>Доппен орындалатын жаттығулар.Спорттық жаттығулар.</p> <p>Жаттығулар кешені. «Біз – зілтеміршіміз».</p> <p>Б.к.: аяқтарын аздап алшақтатып қойып, тұру; 1 – таяқшаны кеудесіне қояды; 2 – кеудесін жоғары көтереді; 3 –</p>	<p>сүру деген – осы.</p> <p>4.Дене шынықтыру</p> <p>Секіртпемен орындалатын жаттығулар.Сауықтыру у шынықтыру шаралары.</p> <p>№1 жаттығулар кешені «Бастарын ию»</p> <p>Б.к. – негізгі тұрыс,қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 – басын артқа шалқайту; 4 – б.к. – 8 рет.«Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру»Б.к. – негізгі тұрыс, секіртпені екіге бүктеп, төмен ұстау. 1-2 – аяқ басына көтеріліп, секіртпені жоғары созу; 3-4 – б.к.к. (6 рет).«Еңкею»Б.к. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – секіртпені жоғары көтеру; 2– оңға (солға) еңкею; 3– денені түзеу, секіртпені жоғары көтеру; 4 – б.к.к. (6 рет).«Отырып-тұру»</p>
--	--	--	--	---	--

	<p>Б.қ.: негізгі тұрыс, құрсауды үстінен ұстап, тігінен еденге қою. 1-2 – құрсауға сүйеніп, оң аяғын артқа созу. 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қайталау. (7 рет)</p> <p>Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, құрсауды бүгілген қолдарымен ұстап тұру. 1-2 – құрсауды алдыға шығарып, отыру; қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау.</p> <p>Б.қ.: шалқалап жату. Түзу қолдарымен құрсауды басынан асырып ұстау. 1 – оң аяғын тізеден бүгіп, құрсауды тізесіне тигізеді; 2 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу; сол аяғымен осы қимылдарды орындау. (7-8 рет қайталау)</p> <p>Б.қ.: құрсаудың ішінде тұру. Қолдары белде. Бір құрсаудан екіншіге қос аяқтап секіру.</p> <p>«Құтқар!» ойын.</p> <p>Балалар шеңбер</p>			<p>кеудесіне; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.«Ескекшілер».</p> <p>Б.қ.: аяқтарын иық енінде қою, таяқшаны ортасына таман көлденең ұстау; оңға, солға бұрылып, ескекті келтіріп қозғалту. 6–8 рет қайталау.«Отыруға тырыс».</p> <p>Б.қ.: шалқалап жату, таяқшаны төмен түсірілген қолдарында ұстау; 1 – таяқты серпіп, басынан жоғары асыру; 2-3 – таяқты сермеп алдыға шығару, тартылып отыру; 4 – б.қ. 8 рет қайталау.</p> <p>«Таяқшаға қара». Б.қ.: етбеттеп жату, жұдырықтарын иектің астына тіреу, таяқшаны алдына қою. 1-2– таяқшаны жоғары көтереді, таяқшаға қарау; 3-4 – б.қ. - босаңсу. 6 рет қайталау.</p> <p>«Таяқшаны тізесіне қою». Б.қ.: шалқасынан жату, таяқша санында, 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – оң (сол) аяғын бүгу, таяқшаны тізесіне көтеру; 3 – таяқшаны жоғары көтеру; 4 – б.қ. Басы мен</p>	<p>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдағы екі жанына төмен түсірілген. 1-2 – отыру, секіртпені алдыға шығару; 3-4 – б.қ.к.(6 рет).«Қадам аттау, еңкею»Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы секіртпені екі жанына төмен түсірілген. 1 – оңға аттап, секіртпені жоғары көтеру; 2– оңға еңкею; 3 – денесін түзеу, секіртпені жоғары; 4 – б.қ.к. (6 рет).«Аяғыңның басына жеткіз»Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы секіртпені екі жанына төмен түсірілген. 1 – секіртпені жоғары көтеру; 2 алдыға еңкейіп, секіртпені оң (сол) аяқтың басына тигізу; 3 – денені түзеп, секіртпені жоғары көтеру; 4 – б.қ.к. (6 рет).«Секіру»Б.қ. – аяқтағы арасы ашық,</p>
--	---	--	--	---	--

	<p>кұрып, ортаға қарап тұрады. Ойын алдында таңдалған екі ойыншышеңберденшығыпжүгіреді: біреуі қашады, екіншісі қуады. Қашып бара жатқан бала шеңберде тұрған басқа ойыншылардың арқасынатығылып, «Құтқар!» деп айтып құтылаалады. Құтқарушы ойыншышеңберденшығып қашады, ал құтқарылған бала оның орнына тұрады. Егер ойыншы басқа орынға тұрып үлгермесе, оны ұстап алады. Ойын жалғасқан кезде балалардың басқа жұбы таңдалады.</p>			<p>иықтарын жерден алмай, аяғының басын созады. 6 рет қайталау.«Аяғыңның басына жеткіз». Б.к.: отыру, аяқтарын ашу, таяқшаны кеуде тұсында ұстау; 1–3 – алдыға еңкею, таяқшамен аяқтарының басына дейін жету; 4 – б.қ. 6 рет қайталау.Стадионға». Б.к.: тұру. Таяқшаны шынтақ бүгілуіне ұстау. Бір орында тізесін жоғары көтеріп жүгіру. 3 рет 20 секундтан жүрумен алмастырып, қайталау. «Доп жүргізушіге» ойын. Ойыншылар 3-4 бағанға тұрады. Бірінші тұрған ойыншылардан 2–2,5 м қашықтықта қолына добы бар екі жүргізуші тұрады. Ұстаз барлық бағандардағы ойыншылар мен жүргізуші арасына сызық сызады (арқан созып салады). Ұстаздың белгісі бойынша жүргізушілер өз бағанындағы бірінші тұрған ойыншыларға допты лақтырады, ал олар допты бірден қайтарып,</p>	<p>секіртпе артта төмен; екі аяқпен бірге секіртпені айналдыра отырып секіру. «Шеңбер»ойыны.Шеңберлер шеңбер бойымен орналасады. Ойыншылар өздерінің шеңберлерінің ішінде тұрады (шеңбердің ішінде тек 2 ойыншы ғана тұра алады), ал ойыншылардың біреуі үлкен шеңбердің ортасында орналасады. Белгі бойынша «үйі» жоқ ойыншы кішкентай шеңбер ішіне тұрып, басқаойыншымен жұп құрады. Жалғыз қалған ойыншы үлкен шеңбер ортасына барыптұрады және ойын жалғасады. Бүкіл ойын бірге болған жұп аталады.</p>
--	--	--	--	--	--

				бағанның соңына барып тұрады (бүкіл баған бірінен соң бірі соңғы мәреге жақындай береді). Ойынды бастаған бірінші ойыншы мәреге жеткен кезде ол қолын көтереді – топ жеңді. Ойын қайтадан басталады.	
Серуенге дайындық	Киіну: реттілік, серуенге шығу. Шешініп жатқанда киімді сыртқа айналдыруды, ұқыпты бүктеуді, ретін сақтай отырып, өзі киінуді үйретуді жалғастыру. Сыдырманы саламыз Сенің киіміңде: Түйме мен ілгекті, Түрлі батырманы. (Сөйлеуді дамыту)				
Серуен	Желді бақылау Мақсаты: маусымдық өзгеріс туралы жалпыланған түсінікті бекіту; желдің бағытын анықтау. Еңбек қызметі: жолдарды тазалау Мақсаты: еңбекке деген құштарлығын тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Желден де жылдам», «Кім батыл?» Мақсаты: жүгіру жылдамдығын, өрмелеу дағдыларын дамыту. «Алысқа секір» жеке жұмыс	Көктеген қайың бүршіктерін бақылау Мақсаты: көктем мезгілінде қайыңмен, оның ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру. Еңбек қызметі: алаңнан қоқыс жинау Мақсаты: әр баланың еңбек әрекетіне қатысуын қамтамасыз ету. Қимылды ойындар: «Үйсіз қоян», «Сазан шортан» Мақсаты: жүгіруде жаттығу, сигнал бойынша әрекет ету. Жеке жұмыс: «Бос кеңістік», «Туды лақтыр»	Күнді бақылау Мақсаты: ауа-райының белгілі бір белгісінің, өсімдік пен жануарлар дүниесінің тіршілігіндегі маусымдық өзгерістің, күннің жанды және жансыз табиғатқа әсері арасындағы байланысты ашуға көмектесу. Еңбек қызметі: учаскені бұтақ пен тастан тазарту Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ұжымдық жұмысқа тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Сазан шортан», «Допты қағып ал» Мақсаты: рөлдерді бөлу туралы келісімге өз бетінше үйретуді жалғастыру;	Гүл жарған өсімдіктерді бақылау Мақсаты: балаларды өсімдіктерді ажыратып, дұрыс атауға, өсімдікті салыстыруға, айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету. Еңбек қызметі: кіреберісті сыпыру Мақсаты: балабақша аумағында тәртіпті қалпына келтіру қабілетін қалыптастыру. Қимылды ойындар: «Оттық», «Ұсталып қалма» Мақсаты: жүгіруді жетілдіру, тәрбиеші	Гүл жарған өсімдіктерді бақылау Мақсаты: балаларды өсімдіктерді ажыратып, дұрыс атауға, өсімдікті салыстыруға, айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету. Еңбек қызметі: кіреберісті сыпыру Мақсаты: балабақша аумағында тәртіпті қалпына келтіру қабілетін қалыптастыру. Қимылды ойындар: «Оттық», «Ұсталып қалма»

	<p>Мақсаты: жүгірумен ұзындыққа секіруді үйретуді жалғастыру. Шығарылатын материалмен дербес ойын (құрсау, доп). (Дене шынықтыру + қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Мақсаты: жылдам жүгіру қабілетін бекіту; көзді дамыту. Шығарылатын материалмен дербес ойындар (құрсау, доп). (Дене тәрбиесі + қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>допты қағып алу және беру қабілетіне жаттықтыру. Шығарылатын материалмен дербес ойындар (құрсау, доп). (Дене тәрбиесі + қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>сигналын тыңдау. Жеке жұмыс: қимылдарын дамыту Мақсаты: төзімділікке тәрбиелеу. Шығарылатын материалмен дербес ойындар (доп, құрсау, шелек, күрек). (Дене тәрбиесі + қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Мақсаты: жүгіруді жетілдіру, тәрбиеші сигналын тыңдау. Жеке жұмыс: қимылдарын дамыту Мақсаты: төзімділікке тәрбиелеу. Шығарылатын материалмен дербес ойындар (доп, құрсау, шелек, күрек). (Дене тәрбиесі + қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>
Серуеннен оралу	<p>Белгілі бір реттілікпен өз бетінше киіну және шешіну, өз заттарын шкафқа дұрыс орналастыру дағдысын жетілдіру. Жуыну кезінде тақпақ айту «Газалап жу, суды аяма. Алақандар қардай аппақ болсын» (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p>«Отбасы» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: сюжетті дамыту; отбасы мүшелерінің міндетін орындау. Отбасы туралы мақал-мәтелдерді үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту + көркем әдебиет)</p>	<p>«Достық біздің тірегіміз» ойыны. Мақсаты: дене белсенділігін дамыту. (Дене шынықтыру) Үстел-үсті ойындары: «Пазлы», «Мозаика». (Математика)</p>	<p>«Менің көршілерім» қарым-қатынас ойыны Мақсаты: зейінін, логикалық ойлауын, өзіне қатысты оң және сол жақтарын дұрыс атай білу дағдыларын дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Біз әскерилер» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың ойын ойлары мен дағдыларын жетілдіру және кеңейту. «Магниттік конструктор» үстел-үсті ойыны Мақсаты: қол моторикасын дамыту, заттардың түс қабылдауын бекіту. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Біз әскерилер» сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балалардың ойын түпкі ойы мен дағдысын жетілдіру және кеңейту; рөлдік ойындарды ұйымдастыруға құштарлығын қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту) «Мозаика», «Пазлы» үстел-үсті ойындары Мақсаты: қол</p>

					моторикасын жақсарту; заттың түсін қабылдауды бекіту
Балалармен жеке жұмыс	Әлеуметтік эмоционалдық дағдылар «Біздің ел» дидактикалық ойыны Мақсаты: туған ел туралы білімдерін тиянақтау	Қарым-қатынас дағдылары «Дыбысқа еліктеу» дидактикалық ойыны Мақсаты: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту	Қарым-қатынас дағдылары «Әңгіме құрастыр» дидактикалық ойыны Мақсаты: оқиғаларды ретімен қойып, әңгіме құрастыруға үйрету	Әлеуметтік эмоционалдық дағдылар «Біздің қорғаушылар» дидактикалық ойыны Мақсаты: мереке туралы білімдерін бекіту	Шығармашылық дағды, зерттеушілік әрекеті «Сызу» ойын жаттығуы Мақсаты: дұрыс бояуға үйрету
Балалардың үйге қайтуы	«Бала кезінен патриоттық тәрбие беру» ата-аналарға арналған кеңес. Балалардың жетістігі туралы әңгімелесу. Демалыс күндеріне тілектер				

ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: **Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ**

Топ: **Мектепалды даярлық**

Топ жетекшісі: **Есенкелді Қ.Е**

Балалардың жасы: **5-6 жас**

Жоспар қай кезеңге жасалды: **06.05–10.05**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.05	Жұма 10.05
Балаларды	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жеке әңгімелер, қарым-қатынас ойындары және балаларда жақсы көңіл-күй	

<p>қабылдау</p>	<p>калыптастыру. Достық атмосферасын құру</p> <p>«Жеңіс күні» апта өлеңі (Сөйлеуді дамыту) Эскери ... қалай аталады» дидактикалық ойын Мақсаты: Ұлы Отан соғысы жауынгерлерінің еңбегі мен ерлігіне құрметпен қарауға тәрбиелеу; балалардың соғыс жылдарындағы кәсіп, әскери сала туралы білімдерін толықтыру.(Қоршаған ортамен таныстыру) «Мозаика», «Пазлы» үстел-үсті ойындары Мақсаты: қол моторикасын жақсарту; заттың түсін қабылдауды бекіту</p> <p>«Біз әскерилер» сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балалардың ойын түпкі ойы мен дағдысын жетілдіру және кеңейту; рөлдік ойындарды ұйымдастыруға құштарлығын қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту) «Достық» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалар арасындағы достық қарым-қатынас, үлкенге құрмет.«Күншуақ қоян» психогимнастика Мақсаты: қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңу. (Сөйлеуді дамыту)</p>	
<p>Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу</p>	<p>Балалардың мінезі туралы әңгімелесу, отбасында бала тәрбиелеу туралы кеңестер</p>	
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау)</p>	<p>«Үйге қайтайық» дидактикалық ойын Мақсаты: зейінді, реакция жылдамдығын жетілдіру. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту) «Орныға тұр» аз қимылды ойын Мақсаты: заттардың орналасуын табу дағдыларын бекіту: алдыңғы, артқы, сол, оң, алдыңғы, артында. (Дене шынықтыру + математика) «Үй салу» ойыны Мақсаты: әртүрлі мөлшердегі үйлерді құру; берілген үйдің көлеміне сәйкес келетін есік, терезе, шатыр таңдау дағдысын бекіту. (Құрастыру + математика)</p>	<p>«Біл және атап айт» дидактикалық ойыны Мақсаты: тапсырмаға сәйкес суретті тез табу қабілетін бекіту. (Қоршаған ортамен таныстыру +математика) «Челночок» аз қимылды ойыны Мақсаты: физикалық қасиеттерді, ұжымшылдықты, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін бекіту. (Дене шынықтыру + қоршаған әлеммен танысу) «Таяқшадан құрастыру» ойыны Мақсаты: геометриялық фигура туралы білімді жетілдіру; баланың логикалық ойлауын дамыту. (Құрастыру + математика)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жаттығулар кешені</p>	
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Ерлік деген не?» тақырыбына әңгіме. Мақсаты: балаларда ерлік туралы түсінік қалыптастыру; әскерилерге эмоционалды жағымды, әсерлі қатынасты тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>«Мен істей аламын» дидактикалық ойыны Мақсаты: табыстылық жағдайын жасау; балалардың өзіне деген сенімділігін, қабілетін дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>

Ұйымдастырылған іс-әрекет

1.Қоршаған ортамен танысу

Арнайы көліктер. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдық талуын түсіну.

«Доп пен үрлегіштер» ойыны.

Егер топта жуас және балалармен қосылып ойнай алмайтын балалар болса, «желі шыққан доп» рөлін сол балаларға берген жөн. Ортаға бір бала шығып, желі шығып кеткен «доп» болады. Қалған балалар – «үрлегіштер». «Доп» екі аяғын жартылай бүгіп, денесін бос ұстап, алдыға бүгіп, басын төмен салбыратып тұрады. Барлық балалар қолдарымен «үрлегішпен» жел айдап жатқандай қимыл жасайды. Әрбір қимылды «С-с-с» деген дыбыспен орындайды. «С-с-с» деген дыбысты естіген сайын «доп» желмен «толады». Бірінші «с» дегенде дайындалады, екіншісінде түзеледі, үшіншісінде басын көтереді, осылайша ұртына жел толтырады, қолдарын жан-жаққа жаяды. «Жел» әбден толған кезде, бір бала шығып, үрлегіштің шлангісін суырып алғандай қимыл жасайды. «Доптан» жел шыққандай «ш-ш-ш» деген дыбыс естіліп, қайта «желі шыққан доп» кейпіне енеді.

Бір күні мен үйге қайтып келе жатып, жолда екі адамның әңгімесін естідім. Біріншісі: «Менікі жап-жаңа, күшті әрі жылдам жүреді», – деді. Екіншісі: «Менікінің терезесі күндей жарқырайды, өзі жеп-жеңіл, қауырсындай ұшады», – деді. Балалар, айтыңдаршы, бұл екі адам не туралы әңгімелесіп тұр? Тәрбиеші жетекші сұрақтар қояды:

-Неде нөмір болады?

-Неде дөңгелек болады?

-Қай затта жолды көрсететін шамы (фары) болады?

Демонстрациялық материалмен жұмыс.

-Мынау қандай мәшине?

-Өртсөндіргіш мәшинесі.

-Ол не істейді?

-Өрт сөндіреді.

-Мынау қандай мәшине?

-Жедел жәрдем мәшинесі.

1.Көркем әдебиет

Жеңіс күні.Өлеңдерді жатқа,мәнерлеп,интонациямен айту.

Отанды біз атамекен Деп аялап атаймыз.

Өйткені оны мекен еткен Бабамыз бен атамыз.

9 Мамыр – Жеңіс күні! (Слайд көрсету, әңгімелеу.)

Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды. Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерін көрсету.

Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атайықшы.

(*Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рахымжан Қошқарбаев т.б.*) Жеңіс күні мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіледі.

Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» өлеңімен танысамыз.

Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.

Тәрбиеші өлеңді мәнерлеп оқиды Сөздік жұмыс: *бейбіт күн* – Отанымыздың, қоғамның тыныштығы *тыныштық* – бейбіт, жарқын өмір сүру *Өлең мазмұны бойынша сұрақтар*: Өлең қалай аталады?

Өлең ұнады ма? Авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған? Жеңіс мерекесі қай күні екен? Үлкенге де – сіз, Кішіге де – сіз. Бар адамды құрметтеп, Бас иеміз біз! «Жеңіс күні» өлеңін екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды Дәптермен жұмыс: Суретке қарап, тақырыбын болжа.

Суреттен кімдерді көріп тұрсың?

-Ортада жанып тұрған от туралы не білесің?

-Балалардың қолында не бар?

Жеңіс ардагерлерін құттықтау ашықхатының суретін сал. Боя.

Мақалды түсініп ал. Отан үшін отқа түс, күймейсің.

2.Сауат ашу негіздері

Дыбыстық талдау. Сөздегі дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.

Тәрбиеші сөздер оқиды, балалар қай мезгілге жататынын табады.

Қыргүйек, қазан, қараша –

Желтоқсан, қаңтар, ақпан –

Наурыз, сәуір, мамыр –

Маусым, шілде, тамыз –

Өткен тақырыптарды қайталау.«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.Дыбыстар нешеге бөлінеді?Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?Жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолы?Жіңішке

-Ол қандай қызмет көрсетеді?
Жедел жәрдем дәрігері ауырған адамдарға көмек көрсетеді.
-Мына мәшинелер қалай аталады? Қандай қызмет көрсетуге арналған? Апаттық мәшине, полиция мәшинесі. Бұл көліктер арнайы көліктер деп аталады. Олар адамдарға шұғыл көмек көрсетеді. Бұл мәшинелер арнайы жабдықталған. Жедел жәрдем мәшинесінде қандай құрал-жабдық болады? Дәрі-дәрмек, оттегі (ауа) толтырылған баллоны т.б. Суреттегі көлікті ата. Ол көліктің қандай түріне жатады?Өртсөндіргіш мәшинеге қажетті құралды жапсыр. Жүк көлігі нені тасиды? Сызықпен қос. Көліктерді ата. Олар қандай көлік түріне жатады? Су көлігін белгіле. Өз қиялыңдағы болашақ көлік үлгісінің суретін сал (электрмобиль, ұшақ-мәшине, ұшақ-тәрелке, аяқпен жүретін мәшине т.б.).

2.Сауат ашу негіздері

Түлкі сөзіне талдау.Сөздегі дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.

Жалпы атауын ата ойыны.

Дәрігер, аспазшы, тігінші – . . . (мамандықтар)

Ұшақ, зымыран, тікұшақ, дельтаплан – . . . (ұшатын көліктер)

Футбол, волейбол, хоккей – . . . (спорт түрлері)

Қасқыр, арыстан, қоян, керік – . . . (жабайы аңдар)

Көлік, қуыршақ, доп, секіртпе – . . . (ойыншықтар)

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

Дыбыс деген не?Дыбыстар қандай болып бөлінеді?

Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?

Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?Дауыссыз дыбыстарды ше?Сөзді буынға қалай бөлеміз?Буынды қалай белгілейміз?Сөйлем деген не?Сөйлем неден тұрады?

Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?Дыбыстармен жұмыстар.**Ойын: «Жалауды көтер»** (дыбыс, буын, сөз)

Тәрбиеші дыбыстарды, буындарды, сөздерді айтады: д,р,у, п, ш,н,у, к...Па, шу, ио, уын, ку, ти, са, лау, сур, ту, лак, ми, ри, на, ту, на, пақ....Апа, саумал, садақ, шулама, шалбар,

дауысты дыбыстарды жасалу жолын түсіндір?Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?Буында неше дауысты дыбыс болады?**Дидактикалық ойын: «Тиісті түсті көрсет»**

Тәрбиеші дыбыстарды айтады: к, ө, б, н, т, ч,с, ы, п, р, л, д, ф, ж т.б. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны көтерукерек.

Дидактикалық ойын: Жоғалған дыбыс»

Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасындар да допты кері бересіндер.Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра(д), ...екемет (т), ...ышақ (н),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(н) т.б.

Ғажайып сәт. Балалар қуыршақ Айсұлу бізге тапсырмалары бар хатқалта алып келіпті.Қуыршақты үстел үсіне жайғастырады. Тәрбиеші хатқалтаны ашып, тапсырмаларын оқиды.

«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы

(Әр дұрыс жауапқа тәрбиеші балаларға жұлдызша беріп отырады)

-ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.

Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау,Альбина, ал т.б .

-оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.

Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.

-жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.

Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық, жарқыра,жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б.Ойын соңында жұлдызшасы ең көп бала жеңімпаз болады.Дәптермен жұмыс.Суреттерді ата. Сызба бойынша сөйлем құра.Дыбыстық талдау жаса.Таң, бұлт сөздеріне дыбыстық талдау жаса. Тәрбиеші балаларға орындарында өз беттерімен дыбыстық талдау жасатады. Дыбыстық сызбаны тақтаға іліп бір- бір баладан тақтада жасатады. Балалар жұмыстарын тақтадағы талдаумен салыстырады, қателерін түзейді.

Таң сөзінің дыбыстық талдауы.

Таң сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

а – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

аққу, дала, сақина, қауын.....Балалар «у» дыбысын естігенде, қызыл жалаушаларын желбіретеді.

Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: *алма (қызыл), тон (жылы), мысық (сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)... т.б.*

Дидактикалық жаттығу: «Түсіп қалған буынды жалға» Мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын сендер түсіп қалған буынды жалғап отырасыңдар. Мысалы: *сауын...шы, асқа...бақ, таңқу...рай, құлпы...най, жас...тық, мақ...та, балмұз...дақ, қар...быз, жаң...ғақ, бақта...шы, қуыр...шақ, құмырс...қа, қам...шы, қа...йық, қал...қан, ли...мон, апель...син, домбы...ра, дор...ба, жапы...рақ, көр...пе, көзілді...рік, кө...ше, көр...ші, көлең...ке, құр...дас, қалжың...бас, қай...мақ, те...мір, көй...лек, ше...лек, күнба...ғыс, күн...діз, тыр...нақ, те...ңіз, оқ...тау, бала...лар, қыз...дар, жолба...рыс, арыс...тан т.б.*

Әр дұрыс жауапқа тәрбиеші жұлдызша таратады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Дәптермен жұмыс. Дүкен дегі ойыншықтарды ата. Сөздер қандай дыбыстан басталып тұр? Балалар ойыншықтарды атайды. (*Зымыран, робот, ғарышкерлер, қоян, мысық, нар, керік, секіртпе, мүйіз тұмсық, арыстан, скейт, ұшақ, доп, қуыршақтар, көлік*).

Зымыран – з – ұяң дауыссыз дыбыс. Робот – р – үнді дауыссыз дыбыс. Ғарышкерлер - ғ – ұяң дауыссыз дыбыс. Қоян - қ – қатаң дауыссыз дыбыс. Мысық - м – үнді дауыссыз дыбыс. Нар - н – үнді дауыссыз дыбыс. Керік - к – қатаң дауыссыз дыбыс. Секіртпе – с – қатаң дауыссыз дыбыс. Мүйізтұмсық - м – үнді дауыссыз дыбыс. Арыстан - а – жуан дауысты дыбыс. Скейт - с – қатаң дауыссыз дыбыс. Ұшақ – ұ – жуан

н – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Бұлт сөзіне дыбыстық талдау.
Бұлт – 1 буын, 4 дыбыс.

б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

3.Қоршаған ортамен танысу
Жүк және жолаушы көліктері. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну.

Төрт дөңгелек, дөңгелек,
Келесің сен дөңгелеп.
Жеткізер әр уақытта
Қажет болған бағытқа.
Оның аты – мәшине
Кел, дос, отыр қасыма!
-Суреттен қандай мәшинелерді көріп тұрсыңдар?
-Жүк көлігі т.б.
-Олардың ең басты қызметі қандай?
-Жүк тасу. Бұл көліктерді құрылыста да қолданады.
-Мына көліктерді атаңдар.
-Автобус, пойыз, ұшақ, кеме.
-Бұлардың ортақ атауын табыңдар.
-Жолаушылар көлігі.
-Жолаушылар көлігі не үшін қажет?
Жолаушылар көлігі адамдарды бір жерден екінші жерге жеткізеді.
-Алыс жерлерге қандай көлікпен жетеміз?
-Алыс жерлерге ұшақ, кеме, автобус, пойызбен жетеміз.
-Ал қоғамдық көлікке не жатады?
-Қоғамдық көлікке автобус, троллейбус, трамвай жатады.
-Қоғамдық көлікте тәртіп ережелері болатынын білесіңдер ме? Қандай тәртіп ережелерін білесіңдер? Өздері білетін ережелерді айтады. Тәрбиешінің жетекші сұрақтары бойынша жауап береді.

«Автобуста» ойыны.
Бір бала «қарт әженің» рөлін ойнайды. Қалғандары «автобуста» келе жатқан «жолаушылар» болады. «Қарт әже» автобуста кіргенде

дауысты дыбыс. Доп - д – ұяң дауысты дыбыс. Қуыршақтар - қ– қатаң дауыссыз дыбыс. Көлік – к – қатаң дауыссыз дыбыс. Тәрбиеші балаларға ойыншықтардың басталып тұрған дыбыстарын қайталатып, дұрысайтуға жаттық тырады. Қалай ойлайсындар суреттегі балалар қандай ойыншық таңдайды, ал сен қандай ойыншық таңдар едің? Балалардың ойларын тыңдау. Суреттерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос. Дыбыстық талдау жаса. Түлкі сөзінің дыбыстық талдауы. Тәрбиеші тақтаға түлкі сөзінің дыбыстық талдауын іледі. Балаларға дәптерде жұмыс жасауға тапсырма беріледі. Бір бала тақтада талдау жасайды.

Түлкі сөзінде 2 буын, 5 дыбыс бар.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Ү – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

3. Музыка

Бақшадағы ән-сауық. Музыка тыңдау. Лирикалық вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.

Қанша бала, қанша қыз,

Бір шоқ гүлміз баршамыз.

Ойын-күлкі ордасы –

Біздің балабақшамыз!

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш»

(Б. Дәлденбай). Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап жүріп, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру. **Музыка тыңдау:** «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева). Музыка тыңдап, сипаты туралы, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу.

Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков).

Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Үйренген «Көктем» әнін (А. Жайымов) еске түсіру,

балалардың біреуі орын береді.

Балалар қоғамдық көліктегі әдептілік ережелерді қайталайды.

Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері

- Жол жүру билетін ал.

- Қарт адамдарға, кішкентай баласы бар адамдарға орын бер.

- Қоғамдық көлікте қоқыс тастама, сағызды лақтырма.

- Қатты дауыстап сөйлеме.

- Автобусты, трамвайды, троллейбусты алдынан да, артынан да айналып өтпе.

- Жолды кесіп өту үшін жақын маңдағы жаяу жүргіншілер өткеліне бар.

- Автобуска алдыңғы есіктен кір, артқы есіктен шық.

Қосымша ақпарат

– Балалар, бұрынғы кезде ағамыз қазақ, түйеге, атқа жүк артып, көшіп жүрген. Бұрын мәшине болмаған кезде адамдар осылай көшкен. Қазақ халқы көшпенді халық болған. Адамдар жазда жайлауға, қыста қыстауға көшу үшін жүктерін атқа, түйеге артқан.

4. Дене шынықтыру

Ұзын жіппен орындалатын жаттығулар. Спорттық жаттығулар.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары.

1. Б.к. : түзу тұру, 1 – қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді. 2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет).

2. Б.к. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға) бұрады (8 рет).

3. Б.к. : түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғының артынан беру (8 рет).

4. Б.к. : өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.к. қайта келеді (8 рет).

5. Б.к.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп, таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет)

6. Б.к. Етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына да таспа ұстайды) (8 рет)

7. Б.к. бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет).

«Аңшылар» ойыны

Ойыншылар екі топқа бөлінеді – «аңшылар» мен «қасқырлар».

сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.

Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Бидің қимылдарын аяғына дейін үйреніп, соңына дейін музыка ырғағымен билеу.

Ойындар, хороводтар: «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. Сағат тілімен әуенді ажырата білу, бұрын тыңдаған музыкаларын еске түсіру.

Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е.Құсайынов). Балалар кезектесіп, асатаяқпен музыкаға ілесе ырғақты ұстап сілкілеп ойнайды.

4. Дене шынықтыру

Заттарсыз орындалатын жаттығулар. Спорттық жаттығулар. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.

№1 жаттығулар кешені

1.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2– қолдарын жоғарыға апарып, аяқ басына көтерілу; 3– қолдарын қайтадан екі жаққа созу; 4 – б.қ.қ. (7-8 рет)

2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын желкесіне қою. 1 – денені оңға бұру, қолдарын екі жаққа созу; 2– б.қ.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет)

3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын төмен қою. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2– оң (сол) аяққа иілу, қолдарының саусақтарын аяқ бастарына тигізу; 3– қолдарын екі жаққа жазып, денесін түзулеу; 4– б.қ.қ. (8 рет)

4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1-2 – отыру, қолдарын алдыға созу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет)

5.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын төмен қою. 1– оң аяғын жанына, қолдарын екі жаққа созу; 2– оң қолын төмен, сол қолын жоғары көтеру; 3– қолдарын екі жаққа созу; 4–оң аяғын орнына қайтарып сүйем қадам жасау, б.қ.қ. Сол жағына сол қимылдарды қайталау (8 рет).

6.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1 – оң аяғының басын созып басып, алдыға қою; 2 – оң жақ жанына қарай апару; 3 – артқа; 4– б.қ.қ. Сол аяқпен сол қимылдарды қайталау (8 рет).

«Қасқырлар» диаметрі шамамен 4 метрлік шеңбер ішінде орналасады. «Аңшылар» оның сыртында тұрады. Пәрмен бойынша «аңшылар» өз орындарынан жылжымай, шеңберде орналасқан «қасқырларды» ата бастайды. «Қасқырлар» еңкейіп, шалқайып допты тигізбеуге тырысады, тағы да допты қолмен ұстап алуға болады, бірақ дәл «аңшылар» сияқты орыннан жылжымауы керек. Әр тигізген үшін «аңшылар» 1 ұпай алады. Ал «қасқырлардың» біреуі допты қағап алатын болса, «аңшылардың» жинаған ұпайлары жанып кетеді. Барлық доптар бір реттен лақтырылғаннан кейін «аңшылар» мен «қасқырлар» орындарымен ауысады. Ұпайларды көбірек жинаған топ жеңеді.

«Тапқыш» ойыны

Ойыншылар екі топқа бөлінеді және бір-біріне қарама-қарсы екі сызық бойымен отырады. Топтар арасында 2 метрдей арақашықтық болуы керек. Жүргізуші бір топтың шеткі ойыншы қолына допты лақтырып, кез келген сөздің басын айтады, мысалы: «Тере», сол кезде доп лақтырылған ойыншы «Зе» деп сөзді аяқтап, қарсы отырған ойыншыға допты береді. Жүргізуші кез келген кідірісті байқап, ол үшін ойыншыға айып ұпай тағайындайды. Жүргізушінің міндеті ережелердің орындалуын қадағалап, бақылауы тиіс: доптың дәл берілуін, сыбырлап айтылмауын, уақытты үнемдеу. Ойынды қиындату үшін оған шектеу қоюға болады – қаланың атаулары, өсімдіктер, жануарлар. Айып ұпайларының саны азырақ топ жеңімпаз болады.

7.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою;
1 – секіріп аяқтарын алшақтатып, қолдарын екі жаққа созу;
2 – б.қ.к. 1–8 санап, 3-4 рет қайтару. Музыка әуенімен немесе орташа жылдамдықта қайталау.

«Арқаннан секіру» ойыны

Ойында тегіс алаңда ойнаған жөн. Оған радиусы арқан ұзындығымен немесе бір-бірне байланған секірменің ұзындығымен бірдей шеңбер сызып сызу керек. Осыдан кейін санамақ көмегімен жүргізуші саналады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрып, арқанды ойыншылардың тізелері деңгейінде айналдырады, бұл ретте айналдыру жылдамдығын ақырындатып немесе арттырып отыруға болады – арқанмен ойыншылардың аяқтарына тиюге тырысу керек. Шеңбердегі ойыншылардың Мақсаты – жүргізушінің айласына алданбай арқаннан аттау немесе одан секіру. Ал аяғына арқан тиген ойыншы келесі ойында жүргізуші болады.

«Дауыста, атыңды айтам» ойыны

Ойыншылар қол ұстасып дөңгелене шеңбер жасап орналасады. Көзі байлаулы бір ойыншы шеңбердің ортасында тұрады да, қолындағы таяғын шеңбер бойында тұрған ойыншылардың кез келгеніне ұсынып: «Дауыста, атыңды айтам», дейді. Таяқтың екінші ұшынан ұстаған ойыншы атын біліп қоймас үшін әдейі даусын бұзып шығарады. (Ойыншылар белгілі бір бағытпен үнемі қозғалыста болады.) Көзі байланған ойыншы бірінші таяқ ұсынған ойыншының атын дұрыс тапса, сол ойыншымен орын ауыстырады. Таба алмаса, таяғын екінші ойыншыға ұсынады, оны таба алмаса, келесіге ұсынады, осылайша үш ойыншының атын анықтай алмаса, ойыннан шығып қалады.

<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киіну: реттілік, серуенге шығу. Мақсаты: шешінген кезде киімнің ішін сыртқа айналдыруды, ұқыпты бүктеуді, реттілікпен өз бетінше киінуді үйретуді жалғастыру. Сыдырманы саламыз Сенің киіміңде: Түйме мен ілгекті, Түрлі батырманы. (Сөйлеуді дамыту)</p>	

Серуен	<p>Ағашта жапырақ шығуын бақылау Мақсаты: балаларды жапырақ жарған ағаш пен бұталарды табуға шақыру және алдыңғы бақылау нәтижесі бойынша бұршіктің қалай дамығанын, ағаш жапырағының қызметін айту. Еңбек қызметі: алаңды қоқыстан тазалау. «Сарбаздар» қимылды ойыны Мақсаты: балалардың қозғалыс белсенділігін дамыту; балаларды бір-біріне соқтығыспай әртүрлі бағытта жүгіруге үйрету. «Ұшақтар» қимылды ойыны Мақсаты: ойын барысында балаларды сөз бен іс-әрекетті байланыстыра білуге үйрету. Бала таңдауы бойынша ойыншық және спорттық жабдықтармен ойындар Мақсаты: бос уақытын өз бетінше және тиімді өткізу, қызығушылық бойынша іс-әрекетті таңдау. (Дене тәрбиесі + қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Күнді бақылау Мақсаты: ауа-райының белгілі бір белгісінің, өсімдік пен жануарлар дүниесінің тіршілігіндегі маусымдық өзгерістің, күннің жанды және жансыз табиғатқа әсері арасындағы байланысты ашуға көмектесу. Еңбек қызметі: учаскені бұтақ пен тастан тазарту Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ұжымдық жұмысқа тәрбиелеу. Қимылды ойындар: «Сазан шортан», «Допты қағып ал» Мақсаты: рөлдерді бөлу туралы келісімге өз бетінше үйретуді жалғастыру; допты қағып алу және беру қабілетіне жаттықтыру. Шығарылатын материалмен дербес ойындар (күрсау, доп). (Дене тәрбиесі + қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>
Серуеннен оралу	<p>Киімді реттілікпен шешу, шкафқа салу, қолды жуу. Белгілі бір реттілікпен өз бетінше киіну және шешіну, өз заттарын шкафқа дұрыс орналастыру дағдысын жетілдіру. Жуыну кезінде «Тазалап жу, суды аяма. Алақандар қардай аппақ болсын» тақпақ айту (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)</p>	
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p>Отан қорғаушылар күніне «Ал қанекей, балалар!» зияткерлік викторина Мақсаты: баланың шығармашылық және жеке тұлғасын қалыптастыру және ашу; тапқырлықты, ептілікті, зейінді дамыту; өзара көмекке тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Менің көршілерім» қарым-қатынас ойыны Мақсаты: зейінін, логикалық ойлауын, өзіне қатысты оң және сол жақтарын дұрыс атай білу дағдыларын дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту) «Не жоғалды?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: көру есте сақтау қабілетін дамыту</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Қарым-қатынас дағдылары «Тыңда, қайтала, сөздерді өзгертпе» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды дыбыс құрамы жағынан ұқсас сөз қатарын жаңғыртуға үйрету; фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін дамыту</p>	<p>Қарым-қатынас дағдысы «Керісінше айт» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларға антоним сөздерді таңдауға үйрету</p>
Балалардың үйге қайтуы	<p>Топ ата-аналарының қатысуымен «Көңілді найзағай» спорттық сайысы. «Жеңіс үшін аталарға рахмет!» балалар суретінің көрмесі. «Бала кезінен патриоттық тәрбие бер» ата-аналарға арналған кеңес. «Бұл мектепке қажет» ата-аналарға арналған бұрышта ақпарат</p>	

ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ

Топ: Мектепалды даярлық

Топ жетекшісі: Есенкелді Қ.Е

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 13.05–17.05

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.05	Сейсенбі 14.05	Сәрсенбі 15.05	Бейсенбі 16.05	Жұма 17.05
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жеке әңгімелесу, қарым-қатынасқа арналған ойындар және балаларда жақсы көңіл-күй туғызу. Достық атмосферасын құру				

	<p>Апта өлеңі «Жаз» (С. Городецкий) Если дует ветер теплый, хоть и с севера. Если луг в ромашке и колечках клевера, Бабочки и пчелы над цветами кружатся, И осколком неба голубеет лужица, И ребячья кожаца, словно шоколадка... Если от клубники заалела грядка – Верная примета: наступило лето. (Сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Қазақстан бойынша саяхат» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: сюжетті дамыту, рөлдерді өз бетінше бөлу. «Ойлан және қайтала» ойын жаттығуы Мақсаты: зейінін, ептілігін, реакциясын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен таныстыру)</p>	<p>«Орман» психогимнастика Мақсаты: есте сақтауды, зейінді, қиялды дамыту. «Бүгін біз орманға барамыз. Сендердің қайсысың орманға бардыңдар? Орманда не көбірек ұнады? Орманға қандай киім киеміз? (Әр баладан сұрау.) Барлығынан сұрап жүріп, кімге қандай киім кигізетінімді ұмытып қалдым. Еске түсірейік. Алақанымызға көбелек, құс, инелік отырды деп елестетейік. Сен не сезінесің?» (Сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Саусақ гимнастикасы Сәлем, алтын күн Сәлем, көк аспан Сәлем, еркін жел, Сәлем, кішкене емен. Біз бір өлке тұрғыны Бәріңізге бір сәлем. (Сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Жылулық сыйла» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың бір- бірімен, ересектермен қарым- қатынасындағы қиындықтарды жеңу. «Қоңырау» ойын- тренингі Мақсаты: есту күйін дамыту, күйзелісті жеңілдету. (Сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Ата- аналармен кеңес, әңгімелесу</p>	<p>Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа райына сай киімдер туралы әңгімелесу. Ата-аналармен жеке сұхбат. Балабақшадағы күнделікті тәртіпті сақтаудың маңыздылығын еске түсіру</p>				
<p>Балалардың дербес іс- әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,</p>	<p>«Сипаттама бойынша анды тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: табиғат бұрышында ұсталатын андар туралы білімді бекіту.</p>	<p>«Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту. (Қоршаған ортамен</p>	<p>«Бұрын не, кейін не?» дидактикалық ойын Мақсаты: жеке өсімдіктердің даму реттілігі, сондай-ақ жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімді кеңейту.</p>	<p>«Фигураны жина» дидактикалық ойыны Мақсаты: қандай да бір фигураны құрайтын заттардың есебін жүргізу қабілетін дамыту. (Математика негіздері +</p>	<p>«Жетеді ме?» дидактикалық ойын Мақсаты: әр түрлі көлемдегі заттардың теңдігі мен теңсіздігін көру қабілетін дамыту; сан өлшемге</p>

<p>бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау)</p>	<p>(Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Табу» аз қимылды ойыны Мақсаты: есте сақтау қабілетін, зейінін, допты игеру қабілетін жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру) «Дұрысын таңда» үстел ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды жетілдіру. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>таныстыру + сөйлеуді дамыту) «Бұршақ патша» аз қимылды ойыны Мақсаты: зейінін, интеллектін, іс-әрекетті ым-ишарамен және мимикамен жеткізе білуді жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру) «Жолға өзімнен не аламын» үстел-үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды жетілдіру. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>(Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту) «Епті саусақтар» қимылды ойыны Мақсаты: қимыл тапқырлығын, қимыл мәселесін бірлесіп шешу кезінде іс-әрекетті үйлестіру қабілетін дамыту. (Математика + дене шынықтыру) «Құстарды орналастыру» үстел үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>сөйлеуді дамыту) «Орын ауыстыру» қимылды ойын. Мақсаты: балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру, қиялын ояту, көңіл-күйін көтеру; жинақылықты, зейінді, эмоциясы мен әрекетін басқару қабілетін, ұжымдық және үйлесімді іс-әрекет дағдыларын дамыту. (Математика + дене шынықтыру) «Қауымдастық» үстел үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>тәуелді емес деген ұғымға келтіру (Математика негіздері + сөйлеуді дамыту) «Қолтырауын» қимылды ойыны Мақсаты: ептілікті, байқауды, зейінді дамыту. (Математика + дене шынықтыру) «Мен жасырдым...» үстел үсті ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру + сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жаттығулар кешені</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Жаз белгілерін ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: қазақ тіліндегі сөздерді пайдалана отырып, жаз мезгілінің белгілерін анықтап, атай білуге үйрету. «Жасыл не болады?»</p>	<p>«Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: жыл мезгілдері туралы білімді бекіту, жеке тәжірибеден алған әсерлерімен бөлісу;</p>	<p>«Әдептілік сабақтары» дидактикалық ойыны Мақсаты: әр түрлі өмірлік жағдайларда; театр, көлік, аулада және үйде мінез-құлық ережесін үйретуді жалғастыру; балалардың сөздік қорын молайту;</p>	<p>«Гүлдерді ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: гүл туралы білімдерін толықтыру. «Не өсіп жатыр?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: қазақ тіліндегі таныс сөздерді атай</p>	<p>«Ағашты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: қазақ тіліндегі сөздерді пайдалана отырып, жапырақтан ағаштың атын анықтауға үйрету. (Сөйлеуді</p>

	дидактикалық ойыны. Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)	сөйлеуін, зейінін, есте сақтауын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)	зейінін, есте сақтау және байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)	отырып, табиғаттағы тәуелділікті көрсету. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)	дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Қоршаған ортамен танысу Жол қозғалыс ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Бұзба көше тәртібін Ұрынарың апатқа. Ұқыпты болсын әр күнің Жақын болма шатаққа! Өлең не туралы? Көшедегі тәртіп туралы. Жұмбақ жасыру. Бағдаршам. «Бағдаршам» ойыны Жүргізуші: Мен қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасыңдар, сары түсті көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір	1.Сөйлеуді дамыту Жеңіс мерекесі. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Жеңіс мерекесін-бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіңдер! Өнерөйтпей білемейдісің Бірақ «Токта, жүр!» – дейтіндерің ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егіндаласында, күні-түні мал	1.Сауат ашу негіздері Сөздерге дыбыстық талдау. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жалпы атауын айт» дидактикалық ойыны. Уық, кереге, шаңырақ, текемет – ... (<i>киіз үй құралдары</i>). Сырға, білезік, сақина – ... (<i>зергерлік бұйымдар</i>). Асық ату, Ханталапай, Дытыбақан, Ақсүйек, Көкпар, Бәйге – ... (<i>ұлттық ойындар</i>). Ірімшік, май, құрт, айран – ... (<i>сүттен жасалатын тағамдар</i>). Тұсаукесер, бесікке салу, шілдеханана – ... (<i>ұлттық салт-дәстүрлер</i>). Дидактикалық жаттығу:	1.Сөйлеуді дамыту Жайлауда. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Демонстрациялық құрал. Біздің елде бар үй жануарларының суреті ілінеді. -Балалар, ненің суретін көріп отырсыңдар? -Қандай үй жануарларын білесіңдер? -Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз? -Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма? Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз?	1. Көркем әдебиет Ертегілер еліне саяхат. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. Кел, көрейік ертегі, Естіген жанды елітеді. Талай ғажап оқиға Қызық сырын шертеді. Балалар, біз қандай ертегілерді білеміз? Ертегіде кейіпкерлердің мінез-құлқын салыстырады, сипаттайды.

<p>орындарында тұрып жүресіндер.</p> <p>Көшеге шыққанда неге мән беру керек? Жол белгілеріне мән беру керек. <i>Демонстрациялық материалдармен жұмыс.</i> Қандай жол белгіле рін білесіндер? Олар: автокөлікке арналған жол белгісі, жаяу өтпе жол белгісі, жер асты жаяу жүргіншілер жол белгісі, велосипедпен жүруге тыйым салу белгісі, жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салу белгілері, дыбыстық тыйым салу белгісі. Жол белгілерінің айырмашылықтарын атаңдар. Тыйым салу белгілері қызыл түспен қоршалған, көрсеткіш белгілер көк түспен</p>	<p>бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Ұлы жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пидаеткен, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып ескетіреді. Сөздік жұмысы. Отан қорғаушы-Отанды қауіпкерден сақтаушы. Жеңіс-соғыста жауды жеңіп, тізе бүктіріп, толық жеңіске ие болушылық. Соғыс ардагері-соғысқа қатысқан ардақты, қадірлі адам. Майдангер-соғысқа қатысқан адам. О. Асқардың Менің атам-майдангер өлеңін жаттау. Бейнетаспадан Жеңіс шеруін көрсету. Балаларға Жеңіс шеруі</p>	<p>«Тиісті белгіні көтер» Тәрбиеші жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл түсті дөңгелекті көтереді. Мысалы: (а, ө, о, і, и, ұ, ы, ә, е, у, э, ү). Дидактикалық жаттығуы: «Белгі бер» Тәрбиеші балаларға ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р, Б, Л, Д, Ш, Г, Д, Б, К, Д, У, Д, С, Д, Ч, Б, Д, Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.] Сол сияқты басқа да дыбыстармен ойнатса болады. Дидактикалық жаттығуы: «Кім зейінді?» – Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш,</p>	<p>-Төлдер ең алғашында немен қоректенеді? Иә, дұрыс айтасыңдар, өз ежелдерінің сүтімен қоректенеді. Балалар, сендер төлдерді қалай шақыратының білесіңдер ме? Қойдың қошқанын «Пұшайт-пұшайт!» – деп шақырады. Ешкі, лақты «Шөре-шөре!» деп шақырады. Жылқы, құлынды «Құрау-құрау!» – деп шақырады. Сиыр, бұзауды «Аухау-аухау!» – деп шақырады. Түйе, бота қанды «Көс-көс!» – деп шақырады. Төлдер қай жануардың төлі екенін түсіндіреді. Жы-жы-жы – жылқы. Жа-жа-жа – Менің атым Қожа Шө-шө-шө – шөре. Шы-шы-шы әкем менің аңшы. Осы төрт түлік малдың бәрі жазда жайлауда болады.</p>	<p>Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Ертегі біздің қиялымызға қанат бітіретін қызықты әлем. Ертегі сендерді жамандықтан аулақ болуға, жақсылық жасауға, адамгершілікке жетелейді. Ертегі кейіпкерлерінің өзіне тән мінез-құлқы болады (ашулы, қатал, мейірімді, адал, қайырымды). Ертегілер еліндегі кейіпкерлерді есімізге түсірейік. – Сен қандай кейіпкерлерді ашулы деп елестетесің? (<i>Қасқыр, арыстан</i>) Мейірімді, адал кейіпкерлерді ата. (<i>Қоян, әтеи, шаруа</i>) Сөздік жұмыс: <i>ертегі</i> – ойдан шығарылған қызықты әлем. Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?» Ойын шарты: Таныс</p>
--	---	---	---	--

<p>белгіленген. Мына суретте не көріп тұрсындар? Балалар жол жиегінде доп ойнап жүр). Жолда доп ойнау неге қауіпті? Доп жолға дома лап кетеді, оны аламын деп, бала мәшине дөңгелегі астына түсуі мүмкін. Мына суретке назар аударындар. Бағдаршамның жасыл түсіне жолдан өтіп бара жатқан бала. Мысалы, саған жолдан өту керек болды. Жақын маңда бағдаршам жоқ. Сен қай жерден өтесің? «Жаяу жүргінші өтетін жер» белгісін тауып, сол жерден өту керек. Балалар, егер жолдан өту керек болса, бағдаршам жоқ болған жағдайда, ерінбей, жаяу жүргіншілер өтетін жерді іздеп тауып, тек сол жерден өту керек! Ол үшін ешқашан ерінбеңдер!</p>	<p>жайлы әңгімелету. Сұрақтар: 1. Жеңіс шеруіне кімдер қатысады? 2. Өздерің Жеңіс шеруін көрдіңдерме? 3. Жеңіс мерекесіне арналған отшашу қай кезде болады? Жеңіс мерекесіне арналған отшашудың суретін салдыру. 2. Қазақ тілі Жаз қызығы. Алақай, жаз келді! Жаз мезгілінің ерекшелігін қазақша айтуға үйрету. Жаз айларын айта білу, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Суреттер бойынша өткен «Алақай, жаз келді!» тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. «Жазда не болады?» сұраққа жауап беру. Балалар сөйлеммен жауап береді. <i>Жазда ыстық болады. Жазда</i></p>	<p>үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алындар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрыштыны, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам, сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: « а-, -й-, -ц-, -у-, -к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю т.б.» 2. Математика негіздері 10-көлемінде салыстыру. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық,</p>	<p>Үй жануарлары жазда қайда болады? Дұрыс айтасындар, жайлау – малға жайлы мекен. Бүгін біз Н.Жанаев шығарма шылығымен танысамыз. Ақынның «Жайлауда», "Боранда", "Лағым" өлеңдері бар. Соның ішіндегі "Жайлауда" өлеңін мәнерлеп оқып беремін. Жаздың күні жайлауда, Қандай жақсы ойнауға. Жүйрік желмен жарысып, Қозы, лақпен табысып, Көл бойында тынығып, Күнге күйіп, шынығып, Жүресің сен жайраңдап, Кең даланы сайраңдап, Жайлау, жайлау-жасыл бақ, Мәз боламыз асыр сап. Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, дауысын сал». Ойын шарты: Дәптер бойынша орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады. Үй жануарла</p>	<p>ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сикырлы қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Тәрбиешінің ұсынысымен бір бала шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты алады, оны сипаттайды. Бұл қандай жануар? Қандай ертегіде кездеседі? Біз балдырған баламыз, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. Қазір, балалар, сендер үш топқа – <i>бәйтерек, көгершіндер, қарлығаш</i> тобына бөлінесіңдер. Тақтадан не көріп тұрсың</p>
--	--	--	--	---

<p>Бағдаршамда неше түс бар? Сары түс жанғанда қозғалысты бастай беруге бола ма? Қызыл түс нені білдіреді? Жаз мезгіліндегі, қыс мезгіліндегі жолдардың айырмашылығы неде? Жазда жол құрғақ болады, қыста қар жауғандықтан тайғақ болуы мүмкін. Қай мезгілде мәшине тез тоқтап үлгіреді, қыста ма, жазда ма? Неге? Жазда. Өйткені қыста жол тайғақ болады. Жаяу жүргіншілер жолы қалай аталады? Жаяужол. Сөздік жұмыс: жаяужол.</p> <p>«Жолдан өту» ойыны. Шарты: балалар «жолақ жолдан» өтеді. Тәрбиеші «Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!» – деп бұйырады. Содан соң «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жете міз. Оңға қараймыз. Өтеміз», – деп әрбір іс-</p>	<p><i>гүлдер көп. Жазда жидектер піседі. Жазда кемпірқосақ болады.</i></p> <p>Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, сонында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Демонстрациялық материалмен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстырады. Жазда күн ыстық. Ыстық, ыстық. Жазда күн қандай? Жазда күн ыстық. Жазда не істейді? Жазда суға шомылады. Шо-мы-лады. Жазда не істейді? – Жазда күнге қыздырынады. Жазда не істейді? – Жазда адамдар демалыс алады. – Жазда не істейді? – Жазда балалар ойнайды. Шағын мәтін құру үлгісі. <i>Жазда күн ыстық. Жазда анам, әкем демалыс алды. Біз</i></p>	<p>өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Ойын жағдаяты. Пойызбен саяхат жасауды ұсынады. Нөмірлері бар вагондарды шашыраңқы орналастырады (7-кесте). Ойынға қосылады. тапсырмаға арналған суреттің материалы бойынша асептік және реттік санауды ұсынады. Одан кейін вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша тәрбиеші 1-ге азайту амалын көрсетеді. Сонымен $10 - 1 = 9$ $9 - 1 = 8$ $8 - 1 = 7$ $7 - 1 = 6$</p> <p>Натурал сандар қатарын (немесе сызықшаны) көрсетуіне болады. Одан кейін тәрбиеші вагондардың бір-бірден туннельден шығып жатқанын хабарлайды. Біз оларды қалай санаймыз? Жазба жазуға болады: $1 + 1 = 2$ – оны оқыңыз. $2 + 1 = 3$ және</p>	<p>рының суретін таңдап алып, дауысын салып береді. Тыйым сөз жаттату. Малды теппе.</p> <p>2. Қазақ тілі</p> <p>Дыбыстар әлемі. Сөздік қор ларын молайту. Зейін қойып тыңдауға, таныс сөздерді табуға дағдыландыру. Бүгін ерекше жұмбақ шешеміз. Жұмбақтың шешуі дыбыстар. Жұмбақ жасыру. Тәрбиеші сөздегі тиісті дыбысты созып оқиды. Әкенде бар, Атаңда жоқ. Тәтенде бар, Апанда жоқ. Ә. Жоқта бар, Барда жоқ. Шоқта бар, Талда жоқ. Қ. Күнде бар, Айда жоқ. Түнде бар, Таңда жоқ. Ү.</p> <p>Ойын: «Кім тапқыр». Аталған дыбыс бар буын, сөз құрайды. Мысалы: әк- әке, әт- әтеш, әп- әпке. Сөзжұмбақ шештіру. Жауаптағы сөздер</p>	<p>дар? Әр ұяшықта сандар бар. Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады. Ұяшықтан ертегінің суреті шығады. Сендер қай ертегі екенін тауып, сол тапқан ертегіні рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін қуыршақтарды, саусағымызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз. Әр топ өзі таңдаған ертегіні көрсетеді. Дәптермен жұмыс: Әр суретте қандай ертегі бейнеленгенін айт. Есінде сақта! Ертегі жақсы қасиеттерді бойға сіңіреді.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері</p> <p>Ақылдылар елінде. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындар</p>
--	---	---	--	--

<p>әрекетті сөзбен жеткізіп отырады. Топтық жұмыс. «Жол белгілерін табу» ойыны. Санамақбойынша балалар екі топқа бөлінеді. Мен сендерге жол ережелерінің белгілерін дайындап қойып едім. Бірақ олар басқа суреттермен араласып кетті. Әр топ жол белгілерін дұрыс тауып алу керек. Қай топ тез табады, сол жеңіске шығады.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Көктемгі саяхат.Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.буындардан сөздер құрастыруға үйрету.</p> <p>«Қарама-қарсы сөздер» ойыны. Артында – ... (алдында) Жақында – ... (алыста) Аласа – ... (биік) Ашық – ... (жабық)</p>	<p><i>суға шомылдық. Күнге қыздырындық. Жазда мен доппен ойнаймын. Секірпемен секіремін. Маған жаз ұнайды.</i> Балалар мәтінді қайталайды.Ойын: «Ғажайып дөңгелек» Дөңгелек бөліктеріндегі түстерді тәрбиеші ретімен көрсетеді, сұрақтар қояды: Қандай түс? Қай жылмезгілі? Көрсеткен түске сәйкес бала лар жыл мезгілін: ақ – қыс, сары – күз, қызыл – жаз, жасыл – көктем, айларын айтады. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтады: – Күзде жеміс, көгөніс піседі. – Қыста шана, шаңғы тебеміз. – Көктемде құстар ұшып келеді, ағаштар гүлдейді. Жазда күн ыстық, жидектер піседі.Дидактикалық ойын: «Аудармашы».</p>	<p>т.б. Одан соң ойынның жалғасы ретінде 1-тапсырма орындалады. Осылайша балалар 10-ға дейін тура және кері санауды, 1-ді қоса есептеуді, 1-ге азайтуды білетін болады. тапсырманы жалғастыру үшін тәрбиеші балалардың қала сыртына шана тебу үшін барғаны туралы сюжетті жалғастырады. тапсырма. Неше бала шанамен төбешіктен сырғанауға дайындалып тұр? Төбешікте неше бала тұр? Барлығы неше адам? Тәрбиеші жазбаларды қарап, жетіспейтін сандарды жапсыруды ұсынады. 1-ден 10-ға дейін санайды.</p> <p>3. Көркем әдебиет Бала біздің болашақ. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы</p>	<p>дің бірінші және соңғы дыбысы «а». Балалар жауабын айтады. 1 – отбасы мүшесі (ана). 2 – жеміс (алма). – отбасы мүшелері (ата, аға). – Иілсең иіліп, түйілесің түйіліп, Қарайды кісіге, ұқыпты ісіне. (Айна) Атауында «Ғ» дыбысы бар заттарды ата. Қорша. Суреттерді кара. Ата. «Ө» дыбысының орнын тап, қызыл қарын дашпен боя. Жеке жұмыс жүргізу.</p> <p>3. Математика негіздері Теңге. Монеталар. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқа расты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті</p>	<p>ға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. буындардан сөздер құрастыруға үйрету.</p> <p>«Сипатынан тап» ойыны Бұл – жейтін зат. Ақ, тәтті, қатты. (қант) Бұл – жеміс. Сары, сопақ, қышқыл. (лимон) Бұл – аң. Ақ, мамық, құлағы ұзын. (қоян) Бұл – ойыншық. Домалақ, үлкен, жеңіл. (дон)</p> <p>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Тәрбиеші қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер» Тәрбиеші жуан,</p>
---	--	--	---	--

<p>Үлкен – ... (<i>кіші</i>) Дыбыстармен жаттығулар.</p> <p>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Тәрбиеші қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызылжалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Берілген дыбысқа сөз ойла»1-тапсырма. Балаларға «л» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Мысалы: <i>лақ, лақтыр, лағыл, лимон, лайк.</i></p> <p>2-тапсырма Балаларға «м» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Мысалы: <i>маймыл, манты, мақта, махаббат, мал, ми, мысық, мылтық, мықты, маржан, Меруерт, минут, мейіз.</i></p>	<p>Тәрбиеші сөздерді орыс тілінде атайды, балалар қазақтіліне аударады.</p> <p>купаются – шомылады загорают – кыздырынады отпуск – демалыс вода – су, нравится – ұнайды играют – ойнайды скакалка – секіртпе. Сөздік ойын: «Сұраққа жауап бер» (доппен). Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші ортада тұрып, балаларға доп лақтырады, сұрақ қояды: Сен жазда не істейсің? Балалар допты қағып алып: – Мен жазда шомыламын», – деп жауап береді. Ойын осылай жалғасады.</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс.</p> <p>1. Суретке қара. Қысқа мәтін құра. Жазда балалар не істейді? Жыл мезгілінің ерекшеліктерін, қызықтарын естеріне</p>	<p>мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p> <p>-Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді? -Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады? -Жаз мезгілі несімен ұнайды? Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні».</p> <p>– Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. Бұл – сендердің мерекелерің. Бүгін біз ақын Қасым Аманжолдың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз.</p> <p>Сөздік жұмыс: <i>болашақ алдағы уақыт</i> деген мағынаны білдіреді, <i>сүйсінеміз</i> – қызығамыз <i>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:</i> Өлең ұнады ма? Авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған? Болашақта сен қандай</p>	<p>калып тастыруға баулу. Теңге-ұлттық ақшаның атауы. Оның түрлері: ұсақ теңгелер темір күйінде болады, 5, 10, 20, 50, 100, 200.</p> <p>Ұсақ теңгелердің құрамын анықтау. Теңгелерге амалдар қолдану арқылы есептеу дағдыларын жетілдіру. Суретке қарап есеп құрастыру.</p> <p>Дүкен ойыны. Мақсаты: теңге туралы білімдерді бекіту, құны аз монеталардан белгілі бір сома жинап алу іскерлігін қалыптастыру, 10 санының құрамы туралы білімдерді бекіту. Тақтаға кеңсе заттарының суреттері ілінген. (түстері мен өлшемдері әртүрлі қарын даштар, өшіргіш резеңке, бет белгі, т.с.) Әрбір заттың</p>	<p>жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бірінші дыбысты қайтала» (доппен). Тәрбиеші бірінші дыбысын анығырақ етіп, қандай да бір сөзді айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап допты, тәрбиешіге кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.) Мысалы: <i>ppp радио(p), uuu ұлдырық(y), aa алма(a), kkk қасқыр(k), mm мақта(m), qqq қияр(q), sss сағат(s), kkk қыс(k),</i></p>
--	---	---	--	--

<p>3-тапсырма</p> <p>Тәрбиеші балаларға «к» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Мысалы: <i>күрек, күшік, күлкі, кесе, кеше, кеме, көлеңке, көтер, көңіл, көл, көмір,көмбе, көбелек, көлшік, кір, кілем, кілт, күміс.</i>Ойын соңында кім көп жұлдызша жинаса, сол жеңіске жетеді.</p> <p>Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»</p> <p>Мен сендерге сөздер айтамын. Сендер сол сөзгемағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтасындар.Мысалы: <i>жылы... (шұлық), тәтті ... (банан), қатты...(көмір), жасыл.... (шөп), қар..., (пима), дәмді ... (жүзім), сұйық ... (тамақ), қара... (тон), қорқақ ... (қоян), қу ...</i></p>	<p>түсіру.</p> <p>3.Математика негіздері</p> <p>Геометрия элементтері туралы түсінік.Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты,ойлаумәден иетін таным процесін ерікті реттеу,шыдамдылық,ұқыптылық,өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.Жазықтық ұғымын түсіндіру.</p> <p>Партаның беті,еден,қағаздың беті.Практикалық жұмыс.Қағазға нүкте түсіру.</p> <p>Көп нүкте.Сызық.Сызықтың түрлері:түзу,қисық,сын</p>	<p>болғың келеді? Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар? Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? (<i>Күнді</i>) Күнді көргенде қалай қуанасындар? (<i>Алақай!</i>) Күн бізге не шашады? (<i>Жылуын шашады</i>) Қане, алақанымызды жылытайық, Қолымызды Күнге созайық!</p> <p>Өлеңді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды.</p> <p>Дәптермен жұмыс: Атасы немерелерімен қайда барды? Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра. Суретке кара. Балалар қандай ойын ойнап жүр? Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің?</p> <p>Жұмбақты шеш. Қойны толы жеміске, Көк майсалы егісте Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (<i>Жаз</i>)</p> <p>4.Дене шынықтыру</p> <p>Гантельдермен</p>	<p>жанын да оның бағасы көрсетілген.</p> <p>Тәрбиеші 10теңге деп жазылған карточканы іледі.Балалардың міндеті-10 теңгеге қандай заттар сатып алуға болатынын анықтау.Мысалы:бағасы 6 теңге қызыл қарындаш пен 4 теңге тұратын бетбелгі.Әрбір дұрыс жауап үшін тәрбиеші фишка береді.Фишкасы ең көп ойыншы жеңеді.</p> <p>4.Музыка</p> <p>Музыка әлеміне саяхат. Музыка тыңдау.Қазақ халық аспаптары:домбыра менқобыз үнінің тембрлік ерекшеліктері мен,күй жанрымен,күйші-композиторлар шығармаларымен таныстыру.</p> <p>«Бақытты балалық шақ» («Мен бақытты баламын»</p>	<p><i>ааалжапқыш(а), тттышқан(т), сссазан(с), өөөшіргіш(ө), жжжжұлдыз(ж), жжжжастық(ж), ддддиректор(д), жжжжарық(ж), шшшшұлық(ш), мммектен(м), ууууыз(у), ттттиін(т), ққққолишатыр(қ), ббббақа(б), ииит(и), т.б</i></p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Жуан дауысты дыбысты тап»</p> <p>Балалар, мен сендерге сөздерді айтамын, сендер жуан дауысты дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, бір рет шапалақ ұрындар.Мысалы: <i>гүл, жүзім, алма, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс, оқтау, аққу, әтеш, тауық, Ұлжан, көбелек, ымырт, Алтамыс, айна, етік, қарлығаш, ұлу, жүген, түйе, ұста, ожау,</i></p>
---	---	--	--	--

<p>(түлкі), сүйкімді ... (мысық), пысық ... (қыз), ұзын ... (бала), ақылды ... (қыз), момын ... (қой), ұзын ... (моншақ), сары ... (шаш), дәмді ... (шай), тәтті ... (торт), жасыл ... (қияр), ұзын (бантик)</p> <p>Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жина, тез жина»</p> <p>Мен сендерге дыбыстарды айтамын, сендер алақанда рыңды біріктіріп, кесе жасап дыбыстарды жинап отырың дар. Дыбыстар қалай айтыл ды, солай жиналуы керек, олар дың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмай ды. Сендер сөзді дұрыс жина сандар, сол сөздің суреті тақта дан ашылады. Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «ә.н.ш.і.», - «м.а.л.», - «ж.е.л.»</p>	<p>ық. Практикалық жұмыс. Жі ппен. Қисық, түзу. Екі нүкте арқы лы түзу жүргізу. Кесіндінің пайда болуы практикада көр сету. Геометриялық фигура лар. Тікбұрыш. шаршы салыс тыру. Жазықтықтың шеңбер мен шектелген бөлігі бола ды. Құрастыру жұмысы. Үй шіктерден шаршыны тапқы зу. Текшенің әрбір қабырға сы өзара 4 кесіндіден тұра ды. Текшенің беттері шаршы лардан тұрады. Текшенің неше беті бар екенін өздері табады. Текшені жазу прак тикада. Дөңгелек-</p>	<p>жаттығулар орындау. Спорттық жаттығу лар. Сауықтыру- шынықтыру шаралары. «Бастарын ию» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 – басын артқа шалқайту; 4 – б.қ. – 6 рет. «Гантель жоғарыда» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген, қолдарында гантельдер ұсталған, 1 – қолдарын екі жанына түзеп, айналдырып, жоғары көтеру; 2 – б.қ. – 6 рет. «Гантельдер иықта» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы гантельдер екі жанына төмен түсірілген; 1 – қолдарын шынтақтан бұғу, гантельдерді иықтарына әкелу; 2 – б.қ. – 6 рет. «Еңкею» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; 1 – алдыға еңкейіп, гантельдерді</p>	<p>CD) балалар музыка залына кіріп, осы музыка әуенімен қимылдарын жасайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Полька» (М. Красев). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру. Балаларға интерактивті тақтадан Алматы қаласын дағы Абай атындағы Опера және балет театрының ғима ратын көрсетіп, ондағы әртіс тердің суреттерімен таныс тыру, балаларға бұл өнердің ең биік шыңы екенін айтып түсіндіру. Музыка тыңдау: «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е.Брусиловский). Балаларға опера туралы мағлұмат беру.</p>	<p>тамаша, алмұрт, ірімшік, сытырғыш, Олжас, жылан, отын, алақан т.б.</p> <p>3. Қоршаған ортамен танысу Қауіпсіздік ережелері. Жол қозғалысының қара пайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велоси педшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. Жағдаятты шешу: «Қайсар бүгін үйден шығып, футбол ойнағысы келді, бірақ аулада ешкім болмады, Қайсар допты лақтырып жіберді, ол жолға қарай домалап кетті. Өткен-кеткендер Қайсарға ұрыса бастады, бірақ Қайсар таңғалды, өйткені ол үлкендердің неге ұрысқанын түсінбе ді». Балалар тәрбиешімен бірге</p>
---	---	--	---	--

<p>- «б.а.қ.а.», - «б.а.л.а.п.а.н.», - «с.э.б.і.з.», - «а.л.м.а.», - «а.р.б.а.», - «ж.ү.р.е.к.», - «д.э.р.і.».</p> <p>3.Музыка Ән салып,би билейміз. Музыка тыңдау.Қазақ халық аспаптары:домбыра менқобыз үнінің тембрлік ерекшеліктері мен,күй жанрымен,күйші-ком позиторлар шығармаларымен таныстыру.Балалар көңілді музыка әуенімен шеңбербойы мен жүріп, қоянша секіріп, құстай ұшып, аюдай қорбаң дап, қасқырдай ырылдап жүреді.Музыка ауысқанда өз беттерінше жаңа әуенге ілесіп қимылдар жасайды.Домбырам күмбірлеп, күй шерте аламын, Бұрала би билеп, сурет те саламын, –деп, «Біз өнерпаз баламыз» атты шағын</p>	<p>тұйықталған қисық сызықпен шекте летін фигура.Шаршы-тұйық талған төрт бірдей сынық сызықпен шектелетінфигура Текше-өзара тең алты текше ден тұратын дене.Практика лық жұмыс.Салыстыру.Үлгі бойынша сызу жұмыстары.</p> <p>4.Шығармашылық іс-әрекет Көбелектер. Құрастыру:Ойынға қажетті құрылысты ойдан құрастыру,жұмысты бірге келісіп орындау,дайын құрылыспен ойнап,ұжыммен біргежұмыс істеуді үйрету. Сурет салу:Сюжеттік сурет терді салу,ұжымдық жұмыс тарды орындап,ойдан</p>	<p>еденге қою; 2 – б.қ.; 3 – еңкейіп, гантельдерді алу; 4 – б.қ. – 6 рет. «Секіру» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; 1–8 бір аяқпен секіру. «Бастарын ию» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 – басын артқа шалқайту; 4 – б.қ. – 6 рет. «Гантель жоғарыда» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген, қолдарында гантельдер ұсталған, 1 – қолдарын екі жанына түзеп, айналдырып, жоғары көтеру; 2 – б.қ. – 6 рет. «Гантельдер иықта» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы гантельдер екі жанына төмен түсірілген;1 – қолдарын шынтақтан бұғу, гантельдерді иықтарына әкелу; 2 – б.қ. – 6 рет. «Еңкею»</p>	<p>Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев). Әнді көңілді, сөздерін таза, анық айтуға көңіл бөлу. Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан).Биді әрі қарай жалғастырып, бірдей қимыл жасауға ұмтылдыру. Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин). Ойынды еске түсіріп, үйшікте тұратындар біртіндеп өз музыкалары естілгенде шығып, өздеріне тән қимылдарын жасайды. Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер). Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды.</p>	<p>жол жағдайынталдай ды, қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді. Қайсар содан кейін көшені кесіп өткісі келді, бірақ мәшине лардың тежегіштерішиқыл дап, жүргізушілерҚайсарға айғайлай бастады. Олар неге айғайлады? Қайсар түсінбеді. Кәне, Қайсарға түсіндірейік. Балалар көшеден қалай дұрыс өту керектігін түсіндіреді. «Ұшқырлар мен тапқырлар» ойыны. Біздің топта кім ең ұшқыр ойлы және тез тапқыр екенін білгім келеді. Мен сендерге сұрақтар қоямын, кім дұрыс жауап айтса, қолын көтереді. Хормен берілген жауап қабылдан байды. Кім дұрыс жауап берсе, жұлдызша алады.</p>
--	--	--	---	--

<p>концерт ұйымдастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай). Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру. Музыка тыңдау: «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев). Музыка тыңдап, сипаты туралы сұрау. <i>Ән айту:</i> «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева). Балалармен әннің көңіл күйін анықтау, сипатына көңіл бөлу. Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан). Балаларға бидің қимылдарын көрсету, өз беттерінше жасатып үйрету, әуенге қосылып 1-2 қимылдарын үйрену. Ойындар, хороводтар: «Соқыртеке» (Е.Хасанғалиев). Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер</p>	<p>сурет салуды үйрету. Мүсіндеу: Заттардың белгілерін көрсете білу, салыстырмалы көлемдерін сақтау. Жапсыру: Дайын үлгілермен жұмыс істеуді үйрету, заттарды безендіру. А. Сәрсеновтің «Көбелек» өлеңін оқып беру. Мен тимеймін, жасқанба, Дос болайық, көбелек. Жайнап тұрған бакшамда, Гүлдерімді көре кет. Тұтқиылдан састыра, Жаңбыр жауса себелеп. Тақиямның астына, Тығыла ғой, көбелек. Өлең не туралы? Слайдтан түрлі көбелектердің суреттері көрсетіледі. Тәрбиеші: Балалар, серуен кезінде қандай көбелектерді көріп едіңдер, еске түсіріңдерші? Бүгін</p>	<p>Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; 1 – алдыға еңкейіп, гантельдерді еденге қою; 2 – б.қ.; 3 – еңкейіп, гантельдерді алу; 4 – б.қ. – 6 рет. «Секіру» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; 1–8 бір аяқпен секіру. «Қарлығаш» ойыны Залда ойыншылар саны бойынша шеңберлер қойылады, олар – қарлығаштардың ұялары. Қарлығаштар болып ойнайтын ойыншылар залды шарлап жүгіріп, қанаттарын қағып жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» пәрмені бойынша олар тез орын алуға тырысуы керек. «Қасқырға қақпан» ойыны Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Үлкен тобы – «қақпан», кіші тобы –</p>			<p>Ойын соңында жұлдызшаларды санап, жеңімпазды анықтаймыз. Кімде жұлдызша көп болса, сол – жеңімпаз. Автокөліктің қанша дөңгелегі бар? (Төрт). Жаяу жолда кім жүреді? (Жаяу жүргінші). Көлікті кім басқарады? (Жүргізуші). Екі жолдың қиылысы қалай аталады? (Жол қиылысы). Жолдың жүріс бөлігі қай жақтан басталады? (Оң жақтан). Жаяу жүргінші немесе жүргізуші жол ережесін бұзса не болуы мүмкін? (Апат немесе жол-көлік оқиғасы). Бағдаршамның үстіңгі шамы қандай? (Қызыл). Жаяу жүргіншілер өткеліндегі жолақтар қандай</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада – «соқыртеке». Балалар шеңбер мен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке» айтады. 2-шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып қалмас үшін жан-жаққа жүгіреді. "Соқыртеке" біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 4-шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала "соқыртеке" болады. Егер де ұстай алмаса, әннің 2-шумағын айтып, қайта дан "соқыртеке" болып қалады.</p> <p><i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Атқа мініп шабамыз» (В.</p>	<p>барлығымыз бірігіп көбелектер әлемін жасауға келісесіңдер ме? Үлестірмелі материалда әдемі сюжетті суретке бала лардың назарын аудару. Жапсыру тәсілдерін түсіндіру. Қызыл, сары, қызғылт сары түсті көбелектерді көрсетілген сызық бойымен, екіге бүктеу тәсілін пайдаланып қиямыз. Ол үшін 3 топқа бөлінеміз. 1-топ қызыл көбелекті, 2-топ сары көбелекті, 3-топ қызғылт сары көбелекті қияды. Енді әртүрлі түстегі дөңгелектерді қатпарланған қағаздан бір дей пішіндер қиып аламыз. Балалар, қанша үлкен дөңгелек, қанша кішкене дөңгелек бар? Әр топ қиып алған көбелектерді ватманға жапсырады, түрлі түсті дөңгелектермен</p>	<p>«қасқырлар». «Қақпан» болып тұрғандар бір-бірінің қолдарынан ұстап, тізбек құрып тұрады. Ал «қасқыр» тобындағылар арғы беттегі «қораға» еңбектеп, өтіп кетуге тырысады. Қасқырлар осылай өтіп жатқан кезде бастаушының «Кәне, кәне, халайық, Қасқыр қақпан құрайық. Кәне қақпан берік бол, Қасқыр, қасқыр, келіп көр» деген белгісімен көтерілген қолдар төмен түсіріледі. Ойыншылар жүреле рінен отыра қалады. Сөйтіп «қақпан» жабылады. Іште қалғандар «қақпан» тобына қосылады да, «қасқырлар» азая береді. Ойын қайталанып жалғаса береді.</p>		<p>жануарды еске түсіреді? (Зебра/алаша атты еске түсіреді). Жаяу жүргінші жер астыөткелі не қалай түсе алады? (Баспалдақпен). Егер жаяу жол болмаса, жаяу жүргінші қалай қозғалады? (Сол жақтан, қозғалысқа қарсы). Қандай мәшинелер арнайы дыбыстық және жарық сигналдарымен жабдықталған? «Жедел жәрдем», өрт сөндіру және полиция мәшинелері Қауіп төнбеу үшін, қай жерде ойнау керек? (Аулада, балалар алаңында). Жол белгілерін есіңе сақта. Бос торкөзге тиісті жол белгісін орналастыр. Себебін түсіндір. Суретке қара. Қай баланың іс-әрекеті дұрыс? Қорша. Жеке жұмыс жүргізу.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p>
--	--	---	---	--	--

	<p>Агафонников.Балаларда н музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды.Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды.</p> <p>4.Дене шынықтыру Таспамен орындалатын жаттығулар.Спорттық жаттығулар.Сауықтыру-шынықтыру шаралары. №1 жаттығулар кешені «Бастарын ию» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 – басын артқа шалқайту; 4 – б.қ. – 8 рет. «Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру» Б.қ. – негізгі тұрыс, таспаны төмен ұстау. 1– оң аяқ басына көтеріліп, таспаны жоғары көтеру; 2 – б.қ.қ.; 3 – сол аяқпен сол қимылдарды орындау (8 рет).</p>	<p>канаттарын әсемдейді. Көбелектің мұртын қара түсті фломастермен сызып, бояйды. Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. Балалар шығрмашылығы</p>			<p>Акробатика элементтері бар жаттығулар. Спорттық жаттығулар.Сауықтыру у-шынықтыру шаралары. «Алдыға кадам аттау, қолдарын екі жаққа созу» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – оң жағына қарай кадам аттау, қолдарын екі жаққа созу; 2 – бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (8 рет) «Бұрыш» Б.қ. – артына қолдарымен тіреліп, еденге отыру; 1– аяқтарын 45°бұрыш жасап көтеріп, ұстап тұру (8-ге дейін санағанша); бастапқы қалыпқа келу (5 рет қайталау). «Қолдарын алдына кеуде тұсына ұстау» Б.қ. – негізгі тұрыс,</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>«Күн» Б.қ. - түзу тұру, қолдарында таспа, төменде. 1 – 4 – қолдарын параллель ұстап, оң жаққа қарай айналдыру; 5 – 8 сол жаққа. 4 рет.</p> <p>«Бұлақ» Б.қ. – түзу тұру, қолдарында таспа, төменде; 1 – қолдарын алдыға қарай түзеп, созу; 2 – 8 қолдарын алдыда ұстап, жоғары-төмен қозғалту, 9-10 – б.қ. 4 рет.</p> <p>«Еңкею» Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұру, таспа ұстаған қолдары төменде. 1-2 – алдыға еңкею, таспаларды жоғары көтеру, артқа шалқаю; 3-4 – б.қ. (5-6 рет).</p> <p>«Бесік» Б.қ. – жерде жатып, таспаларды алдыға созу, 1 – шалқайып, аяқ-қолдарын көтеру, 2 – б.қ. 8 рет.</p> <p>«Секіру».</p>				<p>қолдары екі жанына төмен түсірілген, аяқтары иық еніндей қойылған.</p> <p>1 – қолдарын кеудесінде бүгіп ұстау; 2 – оңға бұрылу, қолдарын екі жаққа жазу; 3 – қолдарын кеудесінде ұстау; 4 – б.қ. Сол жағына осы қимылдарды қайталау (8 рет)</p> <p>«Қолдары тізеде» Б.қ. – аяқтары параллель, қолдары дене бойымен төмен түскен. 1 – қолдарын екі жаққа жазу; 2 – оң аяғын бұгу, қолдарын тізесіне қою; 3 – аяғын түсіру, қолдарын қайта екі жаққа жазу. Сол аяғымен сол қимылдарды қайталау (9 рет).</p> <p>«Қарлығаш» Б.қ. – тұру. 1-4 – оң аяғымен тұру, денені алдыға еңкею, оң аяғын түзеп жоғары көтеру (8 рет).</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>Б.қ. – алдыға-артқа секіру 8 рет.</p> <p>«Қасқыр мен лақтар» Алдымен «қасқыр» болып ойнайтын ойыншы таңдалады. Қалған ойыншылар «лақтар» болып ойнайды. Лақтар залдың бір шетінде орналасады, ал залдың ортасында қасқыр орналасады. Ойнаушылар үйлерінде тұрып: «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке лақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп» – деген сөздерден кейін дүрсілдей жүгіріп «қасқырлар» жаққа беттейді. Оларды алаңның ортасында тұрған 2-3 қасқыр қуып береді. Қолға түскендер ойыннан шығып қалып келесі кіреді. Қасқырлар ұсталмаған балалардан сайланады. Осылайша ойын жалғасады.</p>				<p>«Қорапша» Б.қ. – еденге етпетінен жатып, 1 – 4 – аяқтарын жоғары басына тигенше көтеру – 6 рет «Көпір» Б.қ. — жерде жату, қолдарымен басынан асырып, еденге тірелу. Қол-аяғына тіреліп, денесін жерден көтеру – 5 рет «Соқыртеке» ойыны Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене турады да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыртеке – сол. Қалған ойыншылар соқыртекені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашыпжуреді. Ал соқыртеке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті. Егер ол ұстаған кісі ні таныса, оның көзін байлап, соңы соқыртеке жасайды. Өйтпеген</p>
--	---	--	--	--	--

					жағдайда соқыртеке ойыны әрі қарай жалғаса береді.
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс қою және мұқият бүктеу; түрлі сыдырмаларды қолдану қабілетін бекіту. Сыдырманы саламыз Сенің киімінде: Түйме мен ілгекті, Түрлі батырманы. (Сөйлеуді дамыту)				
Серуен	Сирень бұталарын бақылау Мақсаты: сирень бұтағы мен жапырағынан ажырату дағдысын бекіту. Еңбек әрекеті: ауладан бұтақ жинау Мақсаты: ересектерге көмектесуге ынтаны тәрбиелеу. «Ұшады – ұшпайды» дидактикалық ойыны Мақсаты: аңдардың қозғалыс жолы туралы түсінікті нақтылау; зейінін дамыту. «Ұшақ» қимылды ойын Мақсаты: кеңістікте жылдам жүру, жүгіру қабілеттерін дамыту. Шығарылатын	Бақбақты қарау Мақсаты: бақбақ құрылысы туралы білімді бекіту; өсімдіктің өсу және даму реттілігі туралы түсінік; байқампаздық, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Еңбек қызметі: жаппаны сыпыру Мақсаты: ересектерге көмектесуге деген ынтаны тәрбиелеу. «Нысанаға тигіз» қимылды ойыны Мақсаты: нысанаға лақтыруды дамыту және жетілдіру. Шығарылатын материалы бар ойындар (қалақша, шелек,	Құстардың келуін бақылау Мақсаты: қоныс аударатын құстар туралы түсінікті кеңейту; жиі кездесетін құстардың атын белгілеу, олардың ерекшеліктері. Еңбек қызметі: алаңдағы гүлдерді суару Мақсаты: ересектерге көмектесуге деген құштарлықты тәрбиелеу. «Сипаттамасы бойынша тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды суреттеу арқылы ағаш пен бұтаны тануға үйрету; зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. «1, 2, 3, өз ағашыңа жүгір» қимылды ойыны	Жүргіншілерді бақылау Мақсаты: себепті-байланысты белгілей білуді бекіту, ауа райының өзгеруіне байланысты адамдардың киімі де өзгертінді туралы қорытынды жасау. Еңбек қызметі: жаппаны сыпыру Мақсаты: ересектерге көмектесуге деген ынтаны тәрбиелеу. «Кім қалай дыбыстайды» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың құс дауысын салу қабілетін бекіту; зейінін дамыту, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Жолды бақылау Мақсаты: көлік, ЖҚЕ туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: учаскедегі гүлдерді суару Мақсаты: ересектерге көмектесуге деген ынтаны тәрбиелеу. «Жүйекте, ағашта не өседі» дидактикалық ойын Мақсаты: жеміс-көкөністі өсу орнына қарай ажырата білуге жаттықтыру. «Күн-түн» қимылды ойыны Мақсаты: уақытты бағдарлау, реакция жылдамдығын, ептілігін дамыту.

	<p>материалы бар ойындар (күрек, доп, пішіндер, шелек). (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>қарындаш (құмға сурет салуға арналған). (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>Мақсаты: реакция жылдамдығын, аулада шарлау қабілетін дамытуды жалғастыру. Шығарылатын материалы бар ойындар (доп, кегль). (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>«Ұшты-Ұшты» қимылды ойыны Мақсаты: зейінін, реакция жылдамдығын дамыту. Шығарылатын материалмен ойындар (күрек, доп, пішіндер, шелек). (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>Шығарылатын материалмен ойындар (қалақша, шелек, қарындаш) құмға сурет алу үшін. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)</p>
--	--	--	--	--	--

ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: Б.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ

Топ: Мектепалды даярлық

Топ жетекшісі: Есенкелді Қ.Е

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 20.05–24.05

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.05	Сейсенбі 21.05	Сәрсенбі 22.05	Бейсенбі 23.05	Жұма 24.05
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жеке әңгімелесу, қарым-қатынасқа арналған ойындар және балаларда жақсы көңіл-күй туғызу. Достық атмосферасын құру				
	«Жаңа күн» әңгімесі Мақсаты: балаларда жақсы көңіл-күйін қалыптастыру. Көркемсөз (Сөйлеуді дамыту)	«Достық» ойыны Мақсаты: балалар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру, үлкенге құрмет көрсету. Тренинг ойыны: «Мектеп дегеніміз не?» (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)	«Таң басталады» ойын жаттығуы Мақсаты: қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңу. «Отбасы» саусақ ойыны Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)	Психогимнастика «Шуақты күн» Мақсаты: бұлшықетті босаңсыту. Саусақ гимнастикасы «Саусақтар» Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын, сөйлеу, санауды дамыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)	«Жылулық сыйла» тренингі Мақсаты: балалардың бір-бірімен, ересектермен қарым-қатынасындағы қиындықтарды жеңу. «Қоңырау» ойын-тренингі Мақсаты: есту күйін дамыту, шырғұды жеңілдету. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың көңіл-күйі, жазғы демалыс жоспарлары туралы әңгімелесу. Жеке консультация				
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	«Шырша» дидактикалық ойыны Мақсаты: биіктікті (биіктік параметрінің бірі) анықтау үшін	«Кім үлкен» дидактикалық ойыны Мақсаты: әр түрлі заттардың бірдей санын көру және сөйлеуде	«Сынық баспалдақ» дидактикалық ойыны Мақсаты: құндылықтың өсуінің біркелкілігіндегі бұзушылықты байқап,	«Кім дұрыс суретті таңдайды» дидактикалық ойыны Мақсаты: «жиһаз», «киім», «аяқ киім»,	«Жұптас суретті тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: геометриялық фигуралардан құралған

<p>бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау)</p>	<p>өлшемді қолдану қабілетін жетілдіру. (Математика + қоршаған ортамен таныстыру) «Қалайсың?» қимылды ойын. Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалысын дұрыс сипаттау және бір уақытта айту қабілетін, ақыл-ой қабілеттерін, қимылды үйлестіруді жетілдіру. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту) «Сурет салу» тапсырмасы Мақсаты: бұрыннан бар дағдыларға сүйене отырып, өз бетінше жаңа бейне жасау қабілетін бекіту. (Сурет салу + қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>рефлексия жасау қабілетін жетілдіру: 5, 6 және т.б. (математика + сөйлеуді дамыту) «Кім кетті?» қимылды ойын. Мақсаты: зейінділік, шапшаң тапқырлық, жетіспейтінді тез таба білу қабілетін арттыру. (Дене шынықтыру + математика) «Ертегілер патшалығы» ойыны. Мақсаты: ертегі кейіпкерінің бейнелі мазмұнын көру қабілетін жетілдіру, оның кейіпкерін ұжымдық сюжетті-рөлдік ойында бейнелеу. (Сөйлеуді дамыту+көркем әдебиет)</p>	<p>атай білуді жетілдіру. (Математика + сөйлеуді дамыту) «Суық-ыстық» қимылды ойын Мақсаты: есту қасиеттерін, дене қасиеттерін жетілдіру. (Дене шынықтыру + математика) «Қиялшылар» ойыны Мақсаты: қиялды, бейнелі ойлауды жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту+көркем әдебиет)</p>	<p>«жеміс» деген жалпы ұғымды біріктіре отырып, берілген суреттер санын таңдау қабілетін жетілдіру. (Математика + сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру) «Айырмашылықты тап» қимылды ойын Мақсаты: зейінді, есте сақтауды, сигнал бойынша әрекет ету қабілетін арттыру. (Дене шынықтыру + математика) Түпкі ой бойынша мүсіндеу Мақсаты: балалардың қиялын, өз жұмысының мазмұнын шығаруға дағдыландыру; алған білімін өз бетінше қолдануға жаттықтыру. (Сөйлеуді дамыту+мүсіндеу)</p>	<p>өрнекті сипаттау арқылы тану қабілетін жетілдіру. (Математика + сөйлеуді дамыту) «Бәрі қалай аяқталды» қимылды ойын Мақсаты: есте сақтау, ақыл-ой қабілеттерін арттыру; баланың сөздік қорын кеңейту. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту) «Алақанға сызып, тірілт» ойын Мақсаты: объектінің схемалық кескіні негізінде қиялда бейнелер жасауға ықпал ету. (Сурет салу + математика)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жаттығулар кешені</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Мен мектеп туралы не білемін?» әңгімелесу Мақсаты: алған білімдерін тиянақтау, диалог жүргізе білу. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)</p>	<p>«Мамырда не болады?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың көктемгі табиғат құбылыстары туралы түсініктерін жаңарту; осы тақырып бойынша сөздік қорын белсендіру және</p>	<p>«Дорба» ойын жаттығуы Мақсаты: қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. «Ойлан тап» ойын жаттығуы Мақсаты: санауға жаттығу, жазықтықта бағдарлау.</p>	<p>«Жұмбақтар елінде» Мақсаты: логикалық ойлауды, қиялды дамыту. «Үшінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: ойлауды, көрнекі қабылдауды дамыту.</p>	<p>Дидактикалық ойын «Керісінше айт» Мақсаты: зейінді, реакцияны дамытуға жаттығу. (Сөйлеуді дамыту+математика)</p>

		толықтыру. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен таныстыру)	(Сөйлеуді дамыту + математика)	(Сөйлеуді дамыту + математика)	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>1.Қоршаған ортамен танысу Жаяу жүргінші ережелері. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. Балалар, трамвай аялдама, автобус аялдмасы, жаяу жүргіншілер жолы, велосипед жолы белгілерін білу</p> <p>Ойын: «Үш түс – үш қозғалыс» Тәрбиеші бағдаршамның үш түсіне сәйкес қимылдар жасайды. Қызыл – қолын жоғары көтереді, сары – солға бұрылады, жасыл – қолдарын төмен түсіреді. Балалар тәрбиешінің қимыл-қозғалысына бай</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Біз мектепке барамыз. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттаудан заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Армысың, шапағатты Күніміз! Армысың, мейірімді, Жеріміз! Армысың сүйікті балабақшам! Армысың, бірге ойнайтын достарым! Балалар, сендер мектепке баруға дайынсыңдарма? Мектепке барғанда сендерді кім деп атайды? Мектепке бару сендерге не қажет? Дәптер, кітап қаламсап, қарындаш, сыз</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Біз нені үйрендік, нені білдік? Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буын дарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға үйрету. «Артығын тап» ойыны. Кесе, тәрелке, қазан, қасық, асық. (асық) Жылқы, қой, қозы, түйе, бие, шие. (шие) Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус) Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (жүзім) Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе) «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болып бөлінеді? Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз? Дауысты дыбыстарды қандай түспен</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Жаз. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттаудан заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Балалармен саяхатқа шығу. Саяхатқа немен шығамыз, қандай көлік түрлерін білесіңдер? Тәрбиеші саяхатқа пойызбен шығатындарын айтады. Ол үшін пойыздың паравозын жүргізетін машинист тағайын дауымыз керек. Кәне, сендердің араларыңда кімнің бойы ұзын? Ұнтаспадан пойыздың дыбысы мен жүрісі естіледі. Балалар, біз жолда қарап отырмай, терезеден көргенімізді айта</p>	<p>1. Көркем әдебиет Балалар күні. Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Кел, балалар, ойын ойнайық! Бақшамызда балаларды қорғау күнін бірге тойлайық Кел, балалар, Ән де салайық. Балаларды қорғау күнін Қуанышпен қарсы алайық! 1-бала. Балалардың бақшасында бүгін той-Балаларды қорғау күні біліп қой! Тақпақайтып, кезектесіп, бір-бірлеп, Кел, қосылып ән шырқайық, би билеп. 2-бала. Алақай-ау, алақай! Ән шырқайық, балақай! Қызарғанша, алақан, Қол соғайық, балақан! 3-бала. Талшыбықтай бұралған, Қазағымның қыздары-ай. Сүйсіндірген</p>

